

Қаз
М 37

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

Мәшһүр Жүсіп

Шығармалары. 16 том

Павлодар, 2013

Қаз

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-4

М 37

Редакциялық алқа:

Арын Е.М., Әмірбаев С.М. (бас редактор), Қадысова Р.Ж., Қирабаев С.,
Құсайынов А., Мәшһүр-Жүсіп Қ.П., Арин Р.С.,
Қасқабасов С.А., Жүсіпов Н.Қ. (жауапты редактор),
Әбусейітова М.Қ., Негимов С., Дәуітов С.,
Қамзабекұлы Д., Құдабаев А.Ж., Тұрышев А.,
Жүсіпов Е.К. (жауапты редактордың орынбасары), Жүсіпов Е.Қ.

Рецензенттер:

А.С. Еспенбетов – фил. ғыл. докторы, профессор;
Д. Ысқақұлы – фил. ғыл. докторы, профессор.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

М 37 Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. –
Павлодар: ЭКО, 2013.

ISBN 978-601-284-056-8

16-том. – 2013. – 360 б.

ISBN 978-601-284-078-0

Он алтыншы томда Мәшһүр Жүсіптің әдебиет, тарих, ғылымның басқа да түрлі салалары туралы айтқандары кезінде Мәшһүр Жүсіп атқосшысы болып, оның шығармаларын сақтап, жинап, көшірумен айналысқан Иманғали Маненов (1903-1993) және басқа да адамдар жазбалары бойынша берілді. 1-10 томдарда Мәшһүр Жүсіп еңбектері тақырып, сала, жанр т.с.с. бойынша жіктеліп беріліп келсе, 11-13 томдарда және осы 16-томда түпнұсқа тәртібін сақтап жариялау, яғни тақырып т.с.с. тұрғыдан жіктемей, қолжазбаның түптелу, сақталу реті бойынша бірінен соң бірін қалдырмай ұсыну жүзеге асты.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-4

Араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктер беріп, құрастырып, баспаға кітапты әзірлеген: ф.ғ.д. проф. Н.Қ. Жүсіпов, т.ғ.д. проф. Л.Қ. Жүсіпова.

ISBN 978-601-284-078-0 (Т.16)

ISBN 978-601-284-056-8 (ортқак)

©Мәшһүр Ж.К., 2013

©«ЭКО» ЖШС, 2013

Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (үшінші нұсқа)

Шоң би ғұмырының ақырына жақындаған кезінде Қуандыққа бір асқа барған. Сонда Жананның Қарала атын асқа қосуға алып барған. Қаржас – Жаманқара деген балуанды алып барған – балуан бәйгесіне түсіруге. Ақын Сақауды алып барған:

– Осы жолғы олжаң менікі болсын. Бағымды сынайын. Өзің менен «Қыздың қалың малын» алсаң да, қолың қағусыз болсын! – депті.

Жаңабатыр баласы «қаһарлы Жанақты» алып барған: «Қарала аттың алдына түскен ат болса, аттырамын!» – деп. Бұл Жанақ би: «Аттым!» – десе, адам да болса, мал да болса, мұрттай ұшады екен. Сол уақыттағылар: «Атақты доғал оқ!» – дейді екен.

Ас берген ауылдың қарасы көрінгенде, бір Амантай деген төбенің басына шығып тұрып, Шоң би қарақшыны осы төбенің басына тіктіріп:

– Атты пәлен жерден айдатпасам, маған серт! Сонда келмесең, Қарала ат, саған серт! Енді мұнан былай аға баласы Қуандықтың асына Шоңның келуі де екіталай. Мұнан кейін бәйгенің алдынан, Қарала ат, сенің келуің де екіталай-ды. 64[те] мен бармын да, 24[те] сен барсың. Қарала ат екеуміздің ақыр-тақырымыз-осы! – депті.

Осыны айтып, атымен серттесіп, Шоң би ас берген елдің асқа тіккен үйіне барып түсінті де, ақын Сақауға айтыпты:

– Сен алдымен мына Шонты жанға өлең айтып, басындағы тақиясын алып ки, ырым болсын! Сонан соң бар да, Саржан төренің алдына барып, өлең айт! Онан соң «Отебай жындыға» барып, соның алдына өлең айт – басындағы сәукелесін сұрап. Басқа не нәрсе берсе де алма. Және сәукелесін бере қалса, алды-артыңа қарамастан, етегіңе орап алып, ешкімге көрсетпей, ал да қаш! Елі білсе, тартып алып қояды, – деп, батасын беріп жөнелтіпті.

Саржан төре өлеңшінің өлеңін керек қылмайды екен, және алдына өлең айттырмайды екен. Бұл Сақау ақын Саржан төренің алдына кіріп барып, өлеңді қоя беріпті. Сонда Сақаудың Саржан төреге айтқан өлеңі:

Құдай артық жаратқан тілегінді,
Гауһар тастан жаратқан жүрегінді.
Бір тартқанда өткізген жеті шоттан,
Бақытына сай қылған білегінді, – деген екен.

Сонда Саржан төре:

– Пірің аузыңа сөз салып тұрғанның өзі екенсің! Бар, мынаған алты алабас атанның үстіне алты дүрия шапан жауып алып келіп беріндер! Ақын, сен басқа өлең айтатын жеріңе барып, өлеңінді айта бер. Олжаңнан қалма! – депті.

Сонан соң Қуандықта «Өтебай жынды» атанған бір сал бар екен. Жүз құлынды биенің құнына бір сәукеле жасатып, сол асқа келгенінде басына киіп келген екен. Өзі бір үйде жалғыз жатып, басында – сәукелесі, аяқ жағына айнасын қойып, айнаға қарап, өзіне-өзі ернін шығарып, аузын осыртады дейді:

– Бар түрің, осы ма бар болғаның? – деп.

Сөйтпін жатқанда, Сақау ақын кіріп барып, өленді желдей есіп, гүлетін айта бастапты. Әр түрлі өлеңмен мақтап айтқан соң, Өтебай жынды шыдап отыра алмай:

– Айғыр үйірі қысырақ ал! – депті.

Сонда Сақау ақын:

– Басындағы сәукелеңнен басқаны алмаймын, – деп, өлеңмен айтып болмаған соң, ақырында басындағы сәукелесін жұлып алып:

– Мә, сен-ақ алшы! Бұл итті қанша бейнетпен істетсем де, өзіме де жараспай жатыр еді, – деп, басынан алып, лақтырып тастай береді.

Сонан соң сәукелені ала жөнеліп, адамға көрсетпей, Шоңға алып келген соң, Шоң:

– Мана басынан тақиясын алып киіп едің ғой! Мұны Шонты жанға байла! сегіз ұлдан соң көрген жалғыз қызын ұзатушы еді. Мұны соған істесін, – деп, Шонтыға беріпті.

Міне, бұрынғылардың адамының дүние бетіне қарамайтын ақжүректігі, жомарттығын сонан байқа. Мірдін құнына тұрарлық нәрсені қолдан... киген Өтебай жынды қалай қиып берді? Өнермен алып, ақын қалай қиып берді? Оны бұйырып жіберіп отырған Шоң би қалай қиып берді?! Бәрінің көзінше сондай қызықты дүниенің құны бір: пышақ та бір, қамшы да бір, – сондай біреу алып, біреу беруге қиналмайтын жеңіл-желпі нәрсе сықылды болды. Ойлап тұрсаң,

солардың бәрі де жомарт, дүние бетіне қарамайтын ажзүректігі байқалады. Кім дүниені керек қылмаса, сол әулие!

Сол аста алған ат пен шапанның есебі жоқ. Астан қайтып, айдалаға түсіп, Қарала ат пен Сақаудың олжасын үлеске салғанда, Сақау ақынның тапқан олжасы Қарала аттың бәйгесінен он есе асып кетіпті. «Жүйрік ат, шешен жігіт – көптің несібесі, көпке олжа салады» – деген – осы.

Қуандық, Сүйіндік, Қаракесек, Қанжығалы ортасында ас берілсе, Шоң биге келіп: «Қай жерге қарақшыны тігеміз? Атты қай-қай жерден айдатамыз?» – деп, ақылдасады екен. Бұл күнде тап осы астың тұсында Қоңырқұлжа төренің аға сұлтан болып тұрған күні екен, «Әбілқайыр, Қоңырдың заманы» екен. Шоңға келмей, өз бетімен билеп: «Атшабар, атшабар!» – деп, қарақшыны бір төлеңгіті ұстап шығып кетінті дейді... Шоң би ашуланып, атқа мінбей, жатып алды дейді. Сонда Шоң:

– Бұл аста Қаз дауысты Қазыбек бидің ұрпағынан адам бар ма? – деп сұраған екен.

Сонда біреу тұрып:

– Алшынбай бар, – депті.

Алшынбай да: «Атшабар» – лап, қарақшысын ала жөнелгенде, аттарына мініп жатқан о[р]ыннан шығып кеткен екен.

Сонда Шоң би Алшынбайға кісі салды дейді:

– Айыркүзек есінде бар ма? – деп.

Ол сөздің мәнісі – Тіленші өлгенде, Шоң бата қыла барған екен. Сонда бір күн, бір түн қона жатып, ертеңінде қайтқанда, Алшынбай Шоң биді ауылынан ертіп шығарып салу үшін, Айыркүзекке шейін бірге келіп, аттан түсіп тұрып, амандасып, Шоң биге:

– Ағаңыздың орнына келдіңіз, бір күн, бір түн жаттыңыз. Мен сіздің алдыңызда жұлдыздай ағып сөйледім де отырдым, бір қақпадыңыз. Менің сөзімнің бәрі оң бола берді ме? Жоқ, болмаса, «Ақымақ қылып, лақтырып жіберейін!» – деп, жорта қақпадыңыз ба? – деп сұрағанда, сонда Шоң айтқан екен:

– «Сенің сөзіңнің анадай жерінде анадай оғашы (ағаты) бар еді, мынадай жерінде мынадай сөкеті бар еді» – [деп], көпшіліктің алдында мен сенің сөзіңді қақпаған себебім: «Шоң бидің алдында Алшынбай бір күн, бір түн сөйлегенде, «Қарадан хан болған Шоң би де

дәнеме дей алмады» – деп, қалың Бошанның баласы сүттей ұйып, аузына қарап қалсын!» – деп, жорта қақпадым, – дегенінде, Алшынбай жылап қоя берген екен.

Сонда Алшынбайға Шоң би айтқан екен:

– Мына тұрған Айыркүзекті ұмытпасаң, мұның есесін бір қайырарсың! – деген екен.

«Айыркүзек есінде бар ма?» – дегені сол екен. Сонда жіберген кісіден:

Би қайда? – деп сұрайды.

Сонда:

– Би әлі атқа мінген жоқ, – дейді.

– Ендеше би атқа мінбесе, бізге әлі мұнда не бар? – деп, «Қарқабат-тап!» – ұранын шақырып, Қаракесектің баласын ертіп алып, Алшынбай да қайта келіп, жатып алды дейді.

Сонан соң төрелер біраз кісімен үркердей ғана болып қалған соң, Шоң биді жаңа ғана керек қылып:

– Біз білмедік, «Атты қай жерден жібереді, қарақшыны қай жерден тіктіреді? Шоң би өзі білсін! – деп, Шоңға кісі салыпты.

Сонда Шоң би төрелердің жіберген кісісіне айтыпты:

– Біздің еліміз болса алыс, жеріміз қашық. Атымыз мойыны қатып, шаршап келді. Менің бүгін ат шаптыруға уақытым жоқ. Бұл ат ертең тұрып, бүрсігүні шабылсын! – дейді.

Амалы бар ма, бұл кісісіз ат шабылмайтын болған соң, Қуандық баласы қайтадан мал сойып, саба жиып, жаңадан ас берді дейді.

Міне, Шоңның төреден және қарадан көзге көрсете асқан жері – осы.

Шоңның айтқан күні болды. Амантайдың басында қарақшысын тіктірді, көңілге алған жерінен атты айдатты. Қарала атқа айтқан сертіне жетті, балуанын шығарды.

Бұл Жаманқара деген «балуан күреске» түсеріндегі әдеті: «Менің жылқы жыным бар!» – деп, өзін біреуге жетектетіп, және бір бозбалаға – қолына құрық беріп: «Құрайт, құрайт!» – деп, құрықтың астына алады екен. Сөйтіп күреске түскенде, күрескен кісісінің ортан жілігін үзіп жібереді екен. Қуандықтың асында Қоңыр төренің балуанының ортан жілігін үзіп, жығып, балуан бәйгесін алды.

Енді аттың келуіне қарап тұрысты. Аттың шаңы шықты. Шан ішінде екі ат корінді. Өзгесі кейін қалыпты. Бір екі қара келеді. Біреуі – Қарала, оның алдында бір жалғыз қара келеді. Бұл келе жатқан Қоңыр төренің аты екен. Үстіне мінген баласы Алтай – Мұрат – Аманкелді деген бала екен.

Шоң би қасында отырған Жанаққа:

– Ат мынаны! – дегенде, Жанақ:

– Аттым! – депті.

Сонда зырқырап келе жатқан аты мұрттай ұшты. Қайта тұрғызып еді, ат аяғын бір басуға жарамай, аяғын көтеріп тұрды да, қалды. Қарала ат демін басып, терін кептіріп болған шамада өзге ат жалғыздап-жалғыздап келді.

Қуандық кісі[сі] мен төрелер:

– Мына Қарала атты жолдан қостыңдар, жерінен шапқан жоқ. Бәйге бермейміз, қайта шаптырамыз! – десті.

Сонда Шоң би ат үстінде тұрып, бармағымен маңдайын тіреп, көзін жұмып біраз тұрып, басын көтеріп, сөйледі дейді:

– Жуан қоныш, делегей етек Қуандықтың баласы, қазірде сенің көптігінде сөз жоқ, ақылыңның жоқтығына да сөз жоқ. Қоңыр төренің шашпауын көтеріп, айтағына еріп тұрсың. Атым жерінен шауып, жалғыз қара болып, талассыз келді. Бәйгемді бер! Егер қайта шаптырсаң, тағы бір атым мұның соңынан құйрық тістесіп келеді. Екі аттың бәйгесін бересің! Мен күнқақты болып, далада бұл жерде тұрмаймын. Алдажұман байдың ауылына барып түсемін. Екі аттың бәйгесін сол жерге алып келіп бересіңдер! – деп, атты қайта айдатып жіберіп, өзі Жұман байдың ауылына келіп түсіп жатып алды.

Жұман байдың үйіне Шоң келердің алдында Абайылда (Абай-ділда) хан түсіп, оған бір ат, жеті еркек қой сойып, күткен екен. Шоң биге де бір ат, жеті еркек қой сойып, күтті дейді.

Бидің айтқанындай, қарала ат тағы алдында келіп, оның соңынан Айдабол – Қаржастың және бір аты құйрық тістесе жалғасқан бойымен келін, екі аттың бәйгесін шып-шырғасын шығармай, Жұман байдың ауылында жатқан Шоң биге алып келіп берді дейді.

Сол аста Тоқа – Сапақбай бар екен. Атты айдатып жіберіп, жұрт екі жар болып, төбенің басына түскен жерде Сапақбай Шоңның

қасына отырып қалған екен. Қуандықтың ел адамдары Сапаққа өкпелеп айтқаны:

– Шоң Сүйіндіктің құты еді, сен Қуандықтың құты едің. Жұрт екі жар болғанда, өзіміздің ішімізге түспей, Шонның қасында отырып неге қалдың? Бәйгенің бәрін сыпырып алып кетті. Сен ортамызда болғанда, тақа мұндай «Айға бата оқып» калмайтын едік, – депті.

Сонда Сапақ айтты дейді:

– Осы шіркіндердің ақылы қайда кеткен? «Мен Шонның қасына түсейін!» – деп, түстім бе? Амалсыз түстім. Шоң деген кісінің – алды жарық, арты қараңғы екен. Шоңнан айрылсам, адасып кететұғын болдым. «Пәленшенің асында Сапақ адасып кетінті!» – деген жақсы ат па? Менен көрмендер, алдын жарық қылып, артын қараңғы қылып, аса бақыты зор қылып жаратқан Құдайдан көріндер! – депті.

Қайыр, сонымен сол асы тарқады. Астан қайтып келе жатқанда, Алтай – Тоқа (Тома) – Үшқозының ауылына келіп, Телқозының үйіне түсіпті. Сонда Телқозының бәйбішесі қымыз құйып беріп отырып, Шоң бидің тұлғасына көзі түсумен бойы иген екен. Сонан соң өзінің ерін көрмей, екіқабат болып, бір ұл тауып, атын «Шоң» қойған екен.

«Кешегі жаңада (жалхада) өткен – Тоқа – Шоң болыс – сол» – дейді.

Мұның қысына Шоң би өліп, жазына ас бергенде, Қарала ат айдалада қалыпты. Батыр-Бәрменнің «Алакөз», «Көсеу» – деген екі аты жалғасқан бойымен зырлап алдында келіпті. Бұрын Қарала атты Шоңның аруағы басты, сүйреп келтіріп жүргенін бұл Барменбай да ішінен түйіп жүреді екен. Шоңның асына ат қоса келгенде, Барменбай естіп айтқан екен:

– Енді, Қарала ат, саған бәйгенің алды түгіл қа... мның қақ басы да жоқ! – деп.

Айтқанындай, өлген Шоң мен Қарала аттың абыройы бірге алынды. Жүйрік ат, шешен жігіт – ел бағына қарай тумайды, ер бағына қарай туады екен! Сол замандағы малдың дүлділі, адамның бұлбұлы Шоң бидің бағына қарай бола берген екен.

Шоң бидің қар кетуіне орай айтқаны

Бір жылы қыс күнінде жел көп болып, боран қатты болып, Сүйіндіктен жеті жүз жылқы ығып, Ертіске түсін, әркім олжалап кеткен соң, соны даулап, Шоң би, Торайғыр би барғанда, бес жүзін алып, екі жүзі қалып бара жатқан соң: «Мына қалған екі жүз жылқымызды түгелдеп алып бер!» – деп, Тастен (Тәтін) төренің үйіне келін жатып алды дейді.

Сонда күннің бораны ашылмай, үсті-үстіне қар жауып, жел терісіне шығып, мал дауламақ түгіл, жолаушылар астына мінген бір-бір аттарының аман қалуына уайымдауда болысты дейді. Далаға жіберейін десе, іштен от кеткен жылқы баласы ұшып кететін. Шөп салып байлап қоярға – жолаушы түгіл тұрғын елдің өз малына шөп болмай: «Өлшеп салған асыңа – қонақ келсе, қатты көн» – дегендей, күйге ұшырады дейді.

Сонда Шоң би:

– Өзгесі тоқымын жапса да, киімін жапса да, далаға бақсын. Менің атыма шөп бер. Атым өліп қалса, басқа мал мені елге жеткізе алмайды, – депті.

Сонда Тастен төре айтыпты:

– Сенің атыңа шөп жоқ. Өзің боранды, суықты ала келдің, – деді. – Би, сіз есеп айтады деуші еді. Сол есебіңнің пайдасын қайда көреміз? Өзің есебіңді айт та, қарды кетір, қалған екі жүз жылқыңды «суын сүт» қылып, алып берейін. Егер есебің дәнемеге келмесе, бұл қарды кетіре алмасаң, өзі жұтап жатқан елдің құр (қыр) жанын тесіп аласың ба?! Атыңды мұнда өлтіргенше, жаяулап-жалпылап жолда өлтір – әрі бізді, әрі өзінді жұтатпай, – депті.

Сонда Шоң би бармағымен мандайын тіреп, біраз отырып көзін жұмып, әрі-бері отырды да, біраздан соң көзін ашып, басын көтерін алып көлденеңдеп, ырғалып қойды-дағы:

– Күн қай уақыт болды екен? – деді.

Отырған жұрт:

– Бесін уақыты шығар, түс ауған шығар, – деді.

– Олай болса, күн қанша бораса, борай берсін! Құдайдың боратып қойған күнін мен тоқтата аламын ба? Құдай біледі, Құдай біледі, Құдай біледі! – деп үш айтты. – Ертең «Желдің түбі – жи-

кен казық» – деген жел шығады. Ол жел шықса, бұлт бүгінгі тұрған орнынан қозғалады. «Келін қара» – деген бұлт шығады. Ол бұлт шықса, қардың буын-буынын бусантады. Күн алтын көрігін қолға алады. Бүгін бесінді қояйын, ертең бесінде үйіңнің ту сыртындағы үйенкі ағашқа бір ақбас күшіген қалай келіп қонбас екен?! Егер де ол келіп қонса, бесіннен төмен, намаздыгерден жоғары есігіннің алдындағы татыр – оған екі сарыала қаз қалай келіп қонбайды?! Бұл айтылғандар бола қалса, ертең тұрып, бүрсігүні насыбайға саларлық қар қала қоймас. Қар керек болса, төрем, ертеңнен қалмай, ойып, жиып алып қал! Иншалла, бүрсігүні Құдайдың жаратқан даласынан емге қар таба алмайсың! – депті.

Сонда өзінің інісі Торайғыр жағасын ұстап:

– Астапыралла, тәубе! Қарап отырып, діннен шықты-ау! – деп, шыдай алмай, киімін жамылып, далаға шығып кетті дейді.

– Жай отырмай, аузына келгенін шатып, көрінбеген жоқ іске билік қылып, өзінен-өзі әуре болып отырғанын! – деп, Тастен төре де сықақ қылып күлін:

– Алдына жүгініске келген қазақтың екі даугері емес, Құдайдың күні бұл билігіңе көне қойса игі еді. Жарайды, биім, екі қолыңды мұрныңа тығып қайттың. Бір күн, жарым күнде ашылатын, қар кететін күннің түрі мұндай бола ма?! – деп, бұл айтқан сөзге сонда отырған жаннан бір жан құлағын салмады дейді.

Тысқа шығып, кіргеннен дамыл – дамыл сұрайды:

– Күн қалай? – деп.

– Боран соғып тұр, – дейді.

Онда Тастен төре.

– «Қар кетіп жатыр» – деп айтады, – деп, қарқ-қарқ күліп, қуана береді дейді.

Құданың күдіреті: бүгін бесіннен соққан жел айнымастан ертең бесінге [шейін] соқты дейді. Дәл бесін болды-ау деген мезгілде үскіріп тұрған желдің де түрі бұзылды, көкте қабат-қабат алып тұрған бұлттың да түрі бұзылды. Қарды бір жағынан жел жеді, бір жағынан бұлт жеді, бір жағынан күннің көзі жеді. Үш жақтаған соң, не жаны қалсын?! Жерде жатқан қар суға түскен қанттай іріп-шіріп, ақбас күшіген үйеңкінің басына келін қонып, шақырып отырғанын Шоң бидің айтқан сөзің естіген адамдардың бәрінің де көзі көрді.

Бесін мен намаздығырдің арасында қар ери бастады. Шоң бидің айтқаны айтқанындай болып, есіктің алдындағы татырауынға сиыр су ішерліктей болып, су жиылып, екі сарала қаз келіп, шалшық суға қонып: «сыр-сыр» – деп шақырып отырғанын көпшілік жұрт көзімен көрді. Жұрт жағасын ұстап, бұрынғы кінәны былай қойып, Шоң бидің сыртынан айтқан қиянаттарына тәубе қылып, ол күн өтіп, келер күні таң атса, орнынан тұрып, тысқа шыққан жан қара жерді басыпты. Сол айтылған күнінде жерде насыбайға саларлық қар қалмапты.

Тастен төре Шоң биге Құдайдың берген бағына ықырар (тығырар) болып, осы сөзді жұртына жайып, жұртын жинап алып, қалған екі жүз жылқысын «суын-сүт» қылып алып беріп қайырған екен. Едігенің баласы: Шоң би, Торайғыр би.

Мәшһүр-Жүсіптің «Нәпсінің айдауында» өлеңі

Және бір сөз келген қиын, тардан,
Сөз сұраған Жебірейіл пайғамбардан.
– Не нәрсе? – деп сұрады, білу үшін,
– Құтқаратын пендені қиын, тардан?

– Қалдырмастан сөйлейін сөзден шартық,
Ар жағында көзі мол, емес тартық.
Кім де кім жаратушы бір Алладан
Қорқынышы күннен-күнге болса артық.

Нәпсісін өзі билеп, жерді басса,
Отқа түсірер орыннан аулақ қашса,
Жұрт көзінше Құдайдан қорықса қандай,
Оңашада қорқынышы онан да асса!

Елең-селең қылмаса қарын тоқтық,
Отыңдық, болмаймысың, болса оқтық?!
Құдай үшін қолы ашық, болса мырза,
Бірдей болса көңіліне барлық, жоқтық.

Ашуланып, ажары бұзылмаса,
Елермесе, есіріп, шатлық асса.

Мақтау, боқтау – бәріне бірдей шыдап,
Ашуынан сақтанып тұрса оңаша.

Тамам болып мұнымен бұл сөз тынды,
Өтіріктен өтіп ап, таптық шынды.
Бұ-дағы ойдағы өз сөзін сұрау үшін,
Ғазірейіл даярланды періште енді.

«Әркім өзі білдім!» – деп, қылар бір іс,
Қайсысы оң, қайсысы келер теріс.
Біліп қылар пенденің бір ісі жоқ,
Бұл жалғанның ісі де жанжал, керіс.

Жүзіңізді көрген соң, қалдық тойып,
Аузыңыздан не шықса, құлақ қойып.
Қандай нәрсе айтыңыз әшкере ғып,
Білінбестен пендені кетер жойып.

Пайғамбар айтты:

– Рас, білу қиын,
Наданлар өз басының білмес сыйын.
Пайда менен залалдың білмей парқын,
Басын қосар бір араға қылып жиын.

Пір болып, басшы болып бастаса жол,
Пір тұтып, берсе тегіс жұрт оған қол.
Болғанмен жұртқа кепіл, жұмысы жоқ,
Бір адал болып, [тапсырып] қол.

Соңынан ерсе жұрттың кәрі-жасы,
Әр жерде болып даяр алдында асы.
Жұрт қамын ойлауменен ісі болмай,
Нәпсінің айдауында болып басы.

Хақ жолдан адасқанға – нәпсі қалып,
Әйтеуір бірі жеңді барып-барып.
Иненің жасуындай қасиет жоқ,
Жоғалар өз-өзінен, өзін алып.

Өзелден Тәңірім қылса, бар ма шараң,
Не пайда бар болғанмен мың сан қараң?!
Бас жоятын пәленің қақ маңдайы –
Бай болып, дәулеті мол, болса сараң!

Пайғамбар қиын сөздің кілтін ашты,
Шат болып, періштелер таңырқасты.
Сөзінің Мұхаммедтің шындығына
Құдайым өзі Құдірет мөріп басты.

Дарыған Құдірет қолы бармағына,
Ілінген дүрдің тасы қармағына.
Шешуі осы сөздің себеп болған –
Миғражға хақ расулдің бармағына!

Қырық түрлі себеп жазған «Сияр Шәріп»,
Аралап оқып бәрін, көрген – кәріп.
Өзімнің ұстағаным осы болды,
[«Сияр-Шәріп»] нұсқасынан жазып алып.

Көрінген сонда түгел көзге түсін,
Таласқан періштелер сөзін шешіп.
«Сөз қылып барды-жоқты шата берген –
Демендер – әуре жан ғой Мәшһүр-Жүсіп!»

Қарық болып, мен күнәға бата-бата,
Көп қылды, өтірік мақтап, жұрт миқата.
Аламын білместікті мойныма мен –
Сөзімде білмей айтқан болса қате.

Мәшһүр-Жүсіп сыны

«Алтын-күмісті арба-арба, дорба-дорба қылып жинаған байлар,
Құдай жолына шашпасаңдар да, өздеріңді азапқа сала[р] күнде бо-
лар зор қаттысы сендегі!» – деп. «Сол күнде алтын-күмісті быжыл-
датып қыздырып, кедейлерді жек көріп, тыржитқан маңдайларың
осы ғой!» – деп, маңдайларыңа басады. «Кедейлерге ашық қылмаған
алақандарың осы ғой!» – деп, алақандарыңа басады. «Кедейлерді

жек көріп, сырт беріп, теріс караған арқаларын осы ғой!» – деп, арқаларыңа басады. «Өздеріңнің: «Өзімізге керек!» – деп, не Құдай жолына, не ішіп-жеуге, не болмаса кәріп-касеге, кем-кетікке беруге кимаған дүниелеріңнің қызығын көріңдер!» – деп.

Ал казактың бұрынғы орысқа қарамай, өз еркімен жүрген заманы – кешегі Арқаның ескек желі[мен] желпілдеген Абылайдың ала туының астында жүрген, жиылған жер қайысқан кол қайда?! Оның орнына бұл күнде күңгірт пішінді, қоңыр, момын қайыршының қабының түбінде қалған ұшынған сорпа, қағынған ет сықылды [болды].

Хұсайынның тапқырлығы

Айдабол-Төлебай-Хұсайын Боштаев «Қарабөрік» – деген оязбен ұстасып, қағаздасып, ақырында Хұсайынға сый ауып: «Ұсталсын!» – деген публик жасап, сонан соң Хұсайын ізденуге Омбы, Семей, Кереку сияқты үлкен қалаларға кіре алмай, «Семейден [генерал] («жандарал») келеді!» – дегенді естіп, жандаралдың жолын тосыпты арыз айту үшін. Жандаралдың семіз қатыны бар екен, қатыны байына еркелеп отырады. Сонда жандарал:

– Қазақтың қатыны еріне еркелей ме? – деп сұрапты.

Сонда Хұсайын айтқан екен:

Қазақта бір мақал бар: «Бір шайнасаң, май шайна, шылқылдасын аузыңда. // Қатын алсаң, семіз ал, былқылдасын қойныңда!» – деген екен. Сонда осы сөзі[не] риза болып, «ісінен» құтқарып жіберген [екен].

Пайғамбарлар туралы

Адам ғалайссалам өтер уағында баласы Шишке бес түрлі өсиет тапсырған:

– Жә, Шиш, сен осы тапсырған бес өсиетім – бірін ғамал (амал) қыл, – деді. – һәм балаңа өсиет қыл: 1. Дүниеге көңіл бағлама [байлама]. Мен: «Жұмаққа» көңіл бағладым, [басқаны] машақат көрдім. 2. Өр істің ақырын ойла! Мен ісімнің ақырын ойламағандықтан, бұ халге кіріптар болдым. 3. Қатын сөзіне ерме, тілін алма. Мен «Қатын

тілін аламын!» – деп, әр түрлі машақатқа түстім. 4. Әр істі кеңес ет. Егер мен бидай асарда періштелерге кеңессем, бұ пәлеге түспес едім. 5. Әр істі істемекші болсаң, ішің пысса (піссе) ол істі істеме. Мен, бидай ағашына қатын барғанда, көңілім әр тарапқа түсті, ішім пысты, бидай асадым, жұмақтан шықтым.

Анден (онан) соң Хақ тағала Хауа анаға:

– Жә, Хауа, қайдасың? – [деді].

Сонда Хауадан бір қайғылы дауыс келді:

– Иа, Раббым, жалаңашпын! Ғауар етімді жабар еш нәрсем жоқ.

Хақ тағала айтты:

– Қате қылдың, сол себепті жалаңаш болдың. Не үшін Адамның бұл пәлеге кіруіне себеп болдың? Оны да қайғылы жалаңаш қылдың! – деді.

Хауа айтты:

– Иа, Раббым, мақұлықтардан ешкім сенің есіміңді бірлан жалған айтар деп білмедім.

Алладан жауап келді:

– Ай, Хауа, жұмағымнан шық! Сені он бес пәле (бала) – бірін мөйтiк қылдым. Бұл күнәнның сұмдығынан – тақса (тақпа) мәткеңе қызларың мүбтiк болсын! Әуелi хайыз напас қаны қызларыңа аманат етшi: тоғыз ай бала көтерсiн! Үшiншi пәле – таяуда өлiм ашуын тартсын! Төртiншi – әдет (ғұдат) михнатын шексiн! Бесiншi – ерлердiң хүкiмiнде болсын! Алтыншы – талақ қылмақ – ерлерiнiң қолында болсын! Жетiншi – мирастан кем болсын! Сегiзiншi – куәлiктен кем болсын! Тоғызыншы – ақылдан кем болсын! Оныншы – дөтте кем болсын! Он бiрiншi – сәлемде ғарам болсын. Он екiншi – жұма, жамағат намазынан ғырумлық дауа. Он үшiншi – пайғамбарлықтан – ғырумилық. Он төртiншi – патшалықтан – ғырым. Он бесiншi – мiшiркелер бiрле соғыс қылмақта ғарам. «Ғарамға қардылыштан басқа сақар харам болмақ.

...Бұл айтылған жетi нәрсе – жерлер, көклер қаны болғанда да, қаны болмас. Құдай тағала өзi бiлген орнына қойып: «Бұларды сақта!» – демек. Рау тiллер, раубат қыларлар – адыр бес ғалия – эссалам алпыс бес жандар оха асмылы қатын алды. Одан дүниеге бiр ер бала келдi, атын «Мытушахы» қойды. «Мытушахы» мағынасы – шат. О[л] харам мағынасында хазiрет Ғұмар Мұстафа салиалла

ғалияөссаламның түрі Мытушахыға көшті. Мытушахы жүз сексен жасында ғараб (араб) асылы бір қатын алды. Одан бір ер бала туды, атын Ламак деп қойды. «Ламак» деген сөз – «Ұлық» мағынасында пайғамбар түрлемекке көшті.

Мытушахы 969 жасында қайтыс болды. Ламак 82 жасында асмылы қатын алды. Онан (анден) Туах ғалайссалам дүниеге келді.

Нух ғалайссалам барлық жердің жүзін үш баласына бөліп берді. Шам (Сам) шаһарын – Ғарақ, сахараларын – Харасан, Тарыс жұрттарын күнбатыстағы һиндстан-Хибаш, Зеңлер жұртын Хамға берді. Шынмашын, Түркістанды Жапашқа (Иапаске) берді. Ал, Ғараб, Рум – о[л] тарастар һәм жердің орталығындағы болған халықтар – Самның нәсілінен тараған халық. Түрік, Қоқан, Мажух, Қытай-Жапаштан (Бақастан) тараған халық. Ал, барша қара халық: һинді, Зеңгі, Хабыш, Судан халқы – Хам нәсілінен тараған халық. Сам – Нух пайғамбарұлы (күннен) кейін Табыс есімлі қатын алды, жұрт асқан көркем еді. Табыс зәмік болды да, дүниеге бір ер бала келді, атын «Арабхашида» – қойды.

Сам 500 жыл ғұмыр сүрді, ақыретке көшті. Арабхашида [қатыны] – Маржана есімлі қатын еді. Пайғамбар нұры Маржанаға көшті. Маржанадан бір бала дүниеге келді. Нұр балаға көшті. Баланың атын һуд қойды. Ғибраты – тілінде, Ғабді жағына «Ғибадат қылушы» мағынасында. Бес пайғамбар Ғарабтан келмек дүр: 1. һуд. 2. Салых. 3. Шұғайып. 4. Смағұл. 5. Мұхаммед мұстафа салиалла ғалияөссалам.

Ибраһимнің әкесі – Азар, Ламактің әкесі – Матушах. Азардың әкесі – Тахор. Матушахтың әкесі – Ыдырыс. Тахордың әкесі – Саруғы пайғамбар. Саруғының әкесі – Арғу, Арғудың әкесі – Талғы. Талғының әкесі – Ғабыр, Ғабырдың әкесі – Шалхы. Шалхының әкесі – Арабхашида. Арабхашиданың әкесі – Сам, Самның әкесі – Нух, Нухтың әкесі – Оман.

Айып (Аюб) ғалайссаламның әкесі – Мағсұн, Мағсұнның әкесі – Руха. Руханың әкесі – Рум, Румның әкесі – Ғафу. Ғафудың әкесі – Атжақ.

Айыптың шешесі – Луттың қызы, қатыны – Жүсіп пайғамбардың нәсілінен, аты Рахима еді. Шұғайыптың атасы – Масхок.

Масхоқтың әкесі – Сынақ. Сынақтың әкесі – Сайыт. Сайыттың әкесі – Мәдін (Мәди). Мәдін әкесі – Ибраһим.

Мұса пайғамбардың әкесі – Ғымыран. Ғымыран әкесі – Басмор (Иасмор). Басмор әкесі – Риан, Риан әкесі – Лауба. Лаубаның әкесі – Жақып (Иақұп) пайғамбар.

Мұса мен һарон бір туысқан, анасының [аты] – Алуха еді. Сандықіштің аты – Хызқал еді. «Азнакүндідің» мағынасы – сенбі күнін айтады.

Хызыр ғалайссаламның аты – «Балия» еді, әкесінің аты – Малкен еді. Әмбе Балияны «Хызыр» – деп атады. Әр басқан ізі көгеріп, жасылдап қалған себепті және дүниенің ақырына дейін ауырмай ғұмыр сүргені үшін.

Байтол мұхаддаста Мата есімлі (асы майлы) ғайды бар еді. Осы Матаның бір баласы болды, аты – Жүніс еді.

Жүніс пайғамбардың [баласы]: 1. Сана. 2. Сакуан. Жүніске бірінші кез болған ғабдінің аты – Ғанман. [Екінші] ғабдінің аты – Ғымады. Үшіншісі – Салих. Төртіншісі – Ғафу. Ал рахман – барлық пірлердің ол күні Имал, Асмилы, Ғабді, Әді ғалейһиәссаламнан ілгері... еді. 4 жыл мұнда ғибадат қылды.

Ысхақ ғалайссалам балиғы болды. Батыл есімлігінің – Рабтыға есімлі қызына кәхім қылды. Рабтығыдан егіз бала туды: бірінің атын Ғайса қойды, бірінің атын Жақып қойды.

Ысхақ пайғамбар туған күні Ибраһим пайғамбар тізесіне (тырасына) келді. Сонда Ибраһим:

– Аллаһи, бұл не нәрсеге ишарат?! – деп, мінажат қылды.

Хақ тағаладан нада келді:

Ұлың Ысхақтың нәсілінен дүние жүзіне мың пайғамбар келеді, – деді.

Сонда Ибраһим:

– Бұл ұғлына Ысхақ мәбту кереметті бердің, Смағұлға (Ысмағұлға) не керемет бердің? – деді.

Хақ тағала айтты:

— Ол Қайығров
атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсембаев
атындағы ғылыми
КІТАПХАНАСЫ

– Смағұлға хабибім Мұхаммедтің нұрын бердім. Хабибім Мұхаммед оның нәсілінен дүниеге келер. Оған хабибім Мұхаммед болмаса, сені, һәм Ысхақты жаратпас едім. Оның құрметіне барша ғаламды жараттым! – деді.

Сара анамыз 120 жасында дүниеден қайтты. Сонан соң Ибраһим пайғамбар Баштура – есімлі қызы Қатураны алды. Онан алты ұл туды: 1. Бакшан. 2. Башпық. 3. Зәмірмәдін. 4. Мадиян. 5. Башуха. 6. Уасаға.

Қазақ шежіресі (оныншы нұсқа)

Үш жүздің аталары

Қазақтың үш жүзге бөлінген жері және аталарының аты. Бірінші – Ақарыс, екінші – Жанарыс, үшінші – Бекарыс, – осы үш жүздің баласы осы үшеуінен тарайды. Ақарыстан – Ұлы жүз, Жанарыстан – Орта жүз, Бекарыстан – Кіші жүз. Жанарыс баладан зарығып, қатыны да, өзі де баладан күдер үзеңкіреп бара жатқан кезінде Жанарыстың үйіне: «Құдайы мейманбыз!» – деп, алты қожа келіп қонышты.

Сонда Жанарыс қуанып, алты қожаны алты үйге кіргізіп, алтауына алты кой сойып, құрмет қылған екен. Сонда қожалар әбден разы (риза) болып, Жанарысқа батасын беріп:

– Сен мұнан былай алты баланың атасы боларсың! Сол туған балаларыңа осы алтауымыздың атымызды қой! – деп, қожалар батасын берген екен: 1. Қарақожа, 2. Ақтамберді қожа, 3. Дарақожа, 4. Момынқожа, 5. Смағұлқожа, 6. Қосымқожа.

Сонан соң Жанарыстан алты ұл туып, туған балаларына алты қожаның атын қойған екен. Бәйбішесінен төрт ұл туды: 1. Қарақожа, 2. Ақтамберді қожа, 3. Дарақожа, 4. Момынқожа. Тоқалдан: 1. Смағұлқожа, 2. Қосымқожа. Қарақожадан Арғын туды, Ақтамберді қожадан Қыпшақ туды. Дарақожадан Қоңырат, Момынқожадан – Найман туды. Смағұлқожадан Уақ туады, Қосымқожадан Керей туады. Тарақты – қыздан туған жиен.

Орта жүздің «Жеті арыс» – деп атайтын жеті арысы – осылар. «Тарақты» – Арғынның апасынан (әпкесінен) туған бала екен» – дейді. Оң жақта отырып, қыз күнінде бір төремен ойнап-күліп жүріп, қыз буаз болып, бала тауып[ты].

– Бұл бала кімнен пайда болды? – деп сұрағандарға ұялып, үндей алмай, шашын тарай беріпті. Сонан соң туған баланың атын «Тарақты» қойыпты.

Бұл Тарақтының Арғынның баласына «Ноқта ағасы» болатын да жері бар: Себебі Арғынның апасынан туған себебінен. «Төре жоқта Тарақты төре болуға жарайтын» – да жері бар. Оның себебі – ойнас болып, тапса да, әкесі төре болғандықтан.

Арғын бабамыздың бәйбішесінің аты – Аруғұл. Мұнан екі ұл туды: Құтан, Бұтан. Бұтан қыршын жас күнінде өліп, онан нәсіл тұқым қалған жоқ. Құтаннан Мейрам сопы жалғыз туған. Бұл туралы бұрынғы ақындардан қалған бір ауыз өлең бар:

Сұрасаң, арғы атамды, ер Құтан-ды,
Сұлтанбек әзізден ол бата алды.
Мейрам-ұлы, Қарашаш деген бір қыз туып,
Қуандық, Сүйіндік болып сонда аталды, –

деген сөзін дәлел қыламыз.

Және Көтеш ақыннан Уақ-Жаркын би сұраған екен:

– Бұл ақындық ата-бабаңызда бар ма, жоқ, нағашы тегіңізде бар ма? – деп.

Сонда Көтеш ақын айтқан бір ауыз өлең:

Қазақта Арғын аға болған зерек,
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Бізлердің түп атамыз – ақын Құтан,
Өзгеден өлеңге ұста болса керек.

Бұқарекен айтты деген сөз бар:

Бәрімізді сұрасаң,
Құтан байдың баласы.
Қарақожа бас болып,
Қабыл болған тәубесі, – деген.

Арғын бабамыздың екінші қатынының аты – Момын екен. Бұл әйелінен бес еркек бала туған: Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы.

Ақсопыдан екі бала туды: біріншісі – «Толыбай» ұранды Қанжығалы, екіншісі – «Маябоз» ұранды Тобықты.

Қарасопыдан екі бала туды: біріншісі – «Қарағай» ұранды Қарауыл, екіншісі – «Барлыбай» ұранды Бәсентиін. Сарысопыдан екі бала туды: біріншісі – «Ұшпай» (Өшбай) ұранды Атығай, екіншісі – «12 атаның ұлы Дәуіт». Арық сопыдан (соптан), Нәдір сопыдан үрім-бұтақ, жұрағат қалған жоқ.

Арғын бабамыздың (бір) жүз алты [106] жасқа келгенде, алған тоқалының аты Айнакөз екен. Онан бір еркек бала туған екен, атын «Тәнбісопы» – деп қойған. Тәнбісопыдан екі ұл туды. Біріншісі – Үсенбай, екіншісі – Елемес. Үсенбайдан бір бала туды, атын Қарамерген қойды. Қарамергеннен Байташ туды. Ауыл тілінде әңгіме болған: «Байташтың есепшісі-ай!» – деп. Сол Байташ – осы. «Ақтас жуғышы, Байташы тағыншы, «Шары жегім, шақшақ» – десе, білмейтін жан жоқ.

«Қараман, Төлеке, Қырықмылтық» – дегендер де бар. Бұлар Орынбор жақта алты болыстан астам ел. Бұларды «Тоқал Арғын» – деп атайды.

«Елеместен туған үрім-бұтағының тарауы және мұнан қандай батыр жақсы бала туады?!» – соны таратады.

Елеместен Ерман туды. Ерманнан екі бала туды: біріншісі: Шағыр, екіншісі – Бөлтірік. Шағырдан бес бала туды: Ақай, Жолдыбай, Тағыншы, Аманжол, Сомжүрек.

Аманжолдан бір бала туды, атын «Көшей» – деп қойды. Бұдан туған бала – Көшейден – Шақшақ батыр. Шақшақтан – Қошқар, Қошқарұлы Жәнібек батыр. Жәнібектен – Дәуітбай, Дәуітбайдан – Мұса батыр. Мұнан кейінгілері: Бірімжан, Қазыбек. Бірімжаннан: Тұрғанбек, Дәуренбек, мұнан туған – Ғазымбек. Бөлтіріктен туған: Сырлыбай, Сары.

Осы «Тоқал Арғыннан» шыққан бірінші – Қошқарұлы Жәнібек. Өр Жәнібек беті қайтпайтын, мойыны бұрылмайтын жан болыпты. Екінші – «Қара балуан Жәнібек».

Мейрам тарауы

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Л.Ж.] Мейрам сопының бәйбішесінің аты – Нұрфая. Қайын атасы – Кіші жүз: Алшын – Құдасбайдың қызы екен. Нұрфаяны қыс ішінде ұзатып алып қайтқан екен. Шешесі бір жыл бұрын өлін, жеңгесінің қолында болған екен. Кіші жеңгесі: «Бикештің шешесінің жоқтығын білдірмеймін, өзім ертіп, апарып салып қайтамын» – деп, жеңгесі өзі еріп шығыпты. Және «жетімдікке» бір қыз қосып беріпті. Көш ілгері кетіпті де, күйеу жігіт кейін қалып, көштің ізімен келе жатса, көштегі үш әйел бір жерге отырып сиген екен. Қараса, біреуінің сідігі тоңды қарыс айырып жіберіпті. Түнде қонған жерде жатқан соң, Мейрам әйелі Нұрфаядан сұраса:

– Ол Қарқабат, – депті. – Отыра қалып дүрілдеткенде, қасындағы өзіміз де шошып қаламыз, аттар да үркеді, – депті.

Бұлар елге келіп орныққан соң, екі елдің арасы жаугершілік болып, қатынасуға болмай, Нұрфаяның жеңгесі қайта алмайтын болыпты. Сонан кейін Нұрфая:

– Мына ағайдың төсі тиген жеңгемді, басқаға қимаймын, өзің ал! – деп, жеңгесін Мейрамның өзіне қосыпты. – Мына күнді де өзің ал! Мұның жатыны асыл: өсейін-өнейін деп тұр. Бір жұрттан келген үш әйел бір жерде болайық, – деп, оны да алғызыпты.

Нұрфаядан: Қуандық, Сүйіндік туады, жеңгесінен – Бегендік пен Шегендік туады. Қарқабаттан Болатқожа туады. Сөйтіп өсіп-өніп: «Бес Мейрам» аталған екен. Сүйіндіктің қайынатасы – Ұлы жүз – Үйсін – Өгіз бидің қызы екен. Бұл қызды да жеңгесі ертіп келіп, еліне қайта алмай қалып, Сүйіндіктің қолында отырып қалған екен. Мейрам сопы өлгеннен кейін, Нұрфая бәйбіше болып отырып қалыпты. Қара мал еншілері бөлек екен де, жылқы еншілері бірге екен.

Сонда Қуандық жылқы еншісін бөлек алуға келгенде, Сүйіндікке айтыпты:

– Мен өзім – бір сыбаға бөліп аламын, мына алты балам – алты сыбаға алады. Өзге мына қара шаңырақтағыларың бір сыбаға боласыңдар! – деп дау қылыпты.

Сүйіндік Болатқожаны оңаша шығарып алып:

– Мына Қуандық алты баласын арқа тұтып, маған көптік қылды. Сен маған жақтасып, жасаққа шықсаң, қалай болады?! Сен маған болыссаң, мен артық мал бергім келмейді, – депті.

Сонда Болатқожа Сүйіндіктің қолындағы жеңгесін сұрапты. Сонда Сүйіндік айтыпты:

– Өзің «Қыз аламын!» – демесең, мен сенен бір таңбалы байталды аяймын ба? «Аламын» – десең, ал, – депті.

Жеңгесін беріп, Болатқожаны ертіп алып, Қуандыққа жасаққа шығыпты. Қуандықтың ең кіші баласы Сүйіндік шамалас екен. Қуандық алты баласын ертіп алып, жасаққа келгенде, Болатқожаның қылған ісі – жерден алты томар шымды қолымен жұлып алып, Қуандықтың алты баласын алты шыммен ұрып жығып, Қуандықтың өзіне келіп айтқан екен:

– Сөзге көніп, түзулікке келесің бе? Жоқ, болмаса, мына балаларыңның қасына қосайын ба? – деген соң, Қуандық:

– Сен бәрімізден кіші босаң да, сенің ырқыңа көнбеске болмады. Бұрынғылардың айтқан сөзі бар еді: «Қой асығы демендер, қолайыңа жақса, сақа қой, // Жасы кіші демендер, ақылы асса, аға қой!» – деген. Енді мен аға емеспін, сен ағасың. Жылқыны қалай бөлсең де, билігін саған бердім! – дегенде, Болатқожа айтыпты:

– Мына жақтан жылқының ортасынан қақ жарып жүріп, екіге бөлемін. Таңдаған жағын сен ал! Сен аға едің, қалған жағы Сүйіндікке қалсын. Мен еншіні Сүйіндіктен аламын! – деп, жылқыны қақ бөліпті. «Алты балам алты сыбаға, өзім бір сыбаға аламын!» – деген Қуандық жанымен қайғы болып:

– Құп болады! – деп, Болатқожадан қорыққаннан, жылқының жартысын алып қайтқан екен.

Қуандықтың алты баласын шыммен ұрып жыққаннан кейін: «Кесекпен ұрғанды шығарды, енді мұның аты «Қаракесек» болсын деп, сонан кейін Болатқожа аты қалып, «Қаракесек» – деген аты жайылып кеткен екен.

Нұрфая бәйбіше: Бегендікті, Шегендікті, Сүйіндікті және «Олжакелді» – деген асыранды бала, – осы төртеуін де өз қолынан

үйлендіріп, енші бөлін беріп, сол төртеуін «Төртуыл» [Төрт ауыл] атандырған. Бегендігі – «Қозған», Шегендігі – «Қақсал», Олжакелдісі – «Қаржас»: туысы басқа болса да «Төртуыл!» – дегенде, қосыла кетеді.

Бегендік өлгенде, бір бала қалған: аты – Оразкелді. Бегендіктің қатынын Сүйіндік алып, онан бір ұл туып, атын «Суғыншы» қойыпты. Оразкелді, Суғыншы, – екеуі де Сүйіндіктің баласы болып, сонан Оразкелдіге қатын алып беріп, енші беріп, өз алдына ауыл қылып шығарған Сүйіндік екен. Оразкелдіден екі бала туады: біріншісі – Тәңірберді, екіншісі – Сәрік. Тәңірбердіден үш бала туады: біріншісі – Ораз, екіншісі – Малқар, үшіншісі – Жұлым сопы.

Сәріктен екі бала туды: біріншісі – Қожамберді, екіншісі – Тоқтас.

[Сәрікұлы] Қожамбердіден үш бала туды: біріншісі – Байназар, екіншісі – Есназар, үшіншісі – Қозыбақ. Тоқтас екі қатын алған екен. Бәйбішесінен – Есілдің бойындағы «Қара Қозған». Тоқалдың аты «Сарықыз» екен, онан туғандар «Сары Қозған» – атанады. «Қозған» деген кісі [аты емес] бір жерде отырмай, қозғала берген соң, «Қозған» қойған. «Қақсал» деген де кісі аты емес: қақсай бергендіктен, «Қақсал» қойған.

Сүйіндік пен Қуандық екеуі енші алысқанда, Нұрфаяның қолындағы асыранды бала Олжакелдіні Қуандық: «Мен аламын!» – деп, Сүйіндік: «Бермеймін!» – деп, екеуі таласып, сонан асық қаржасып, асықтың қаржуы Сүйіндікке түсіп, Сүйіндік алған. Сонан «Олжакелді» аты қалып, «Қаржас» атанған.

Сүйіндіктен бір бала туды, атын «Суғыншы» [қойды]. Суғыншыдан екі бала туды. Біріншісі – Шуманақ, екіншісі – Мәжік. Мәжіктен екі бала туды: біріншісі – Малай, екіншісі – Жәдігер. Малайдан төрт бала туды: біріншісі – Қатке, екіншісі – Дәулет,

үшіншісі – Жәнібек, төртіншісі – Тінібек. Жәдігерден үш бала туды: біріншісі – Бәйтiк, екіншісі – Сақан, үшіншісі – Сары.

Бұл Малай, Жәдігер өзге Төртуылдан аз болғандықтан, күні бүгінге шейін «Төртуыл» атанды.

Құлболдымен бірге туысқан Жанболды аз болғандықтан, бүгінге шейін «Жанболды» атымен аталып келеді, өсін-өнбегендіктен.

Шуманақтан үш бала туды: біріншісі – Жанболды, екіншісі – Құлболды, үшіншісі – Жолболды.

Бұрынғы ақындардан қалған бір ауыз өлен:

Мәжікпен бір туысқан ер Шуманақ,
Қойыпты Құлболдыны құдай қалап.
Айдабол он үшінде ел ұстаған,
Бақ берген, Алла өзіне, таудай талап.

Құлболдының бәйбішесінің аты – Мақпал екен. Мақпал бәйбішеден үш ұл туды: біріншісі – Күлік, екіншісі – Тұлпар, үшіншісі – Айдабол.

Айдабол 13 жасында ердің құнына билік айтып, «би» атын алған екен. Ол замандарда Арғын Сырдарияның күнбатыс жағын мекен қылып жүреді екен. Бір замандарда Арғындар Сыр дариясынан өтіп, Қаратауды жайламақшы болыпты. Мұны Қаратауды мекен қылып жүрген карақалпақ пен Алшындар естіп: «Арғын бұл жаққа келіп, қоныс қылса, бізге таң атырмайды, күн шығармайды! Сондықтан Құлболдының көшін өткелден өткізбелік!» – деп, өткелдің екі жағын көп кісілері келіп қамалап тұра қалыпты. Сонда Айдабол жалғыз өзі келіп, өткелді қамап алып: «Өткізбейміз» – деп тұрғандарды ұрып жығып, қалғандары қашып кетіп, елінің жиырма шамалы басты адамдары келіп тұрыпты. Сырдарияның өткелінен мал аяқтап өте алмайды екен. Сонда Мақпал бәйбішенің астында торы жорға аты бар, жүк артқан сексен нарды жетелеп, судан өтерінде қара суға манан жамшының етегін түріп алып, іркілместен аты үркектей қайқаңдап,

нарлары да шегініп калмай, қаздарша байпаңдап, өткелден өте шығыпты. Өткелдің ар жағында: «Қалай өтер екен?» – деп, тұрған [нелер] ел, адам бар, нелер жақсы бәйбішелері бар, дәнеңе дей алмай:

– Пай, пай, бәйбішенің бөксесін-ай! – депті.

Сонда Мақпал бәйбіше айтқан екен:

– Күлсеңдер, күлерсің! Күндердің күнінде күлкіңді тыя алмай жүрерсің! «Бұл қай бөксе? – дейсің, – Айдабол шыққан бөксе! Артын болса, Айдаболдай ұл тап!» – деп, бөксесін қаққан екен.

... Ол күнде Жолболды емшекте қалған бала екен. Жолбикені Қаржас алып, Жолболды шешесінің құшағында кетіп, бала ер жеткен соң, Жолболдыға қатын алып беріп, енші берген – Қаржас. Артынан өз қолы өз аузына жеткен соң, Құлболдының балаларын тауыпты. Біреу Құлболдының балаларынан зорлық көретін болса, Қаржаспен ыңғайласа бастайтын болды. «Жолбикелегенде», Қаржасқа қосылып кететін болыпты.

Бұл Жолболдыдан Орманшы деген ел өсіп-өнген.

Арғын-Сүйіндік-Қаржас шежіресі

Қаржастан 2 бала туды: Құлыке, Бегім. Бегімнен 2 бала туады:

1. Алтынторы, 2. Сатылған. Құлыкеден 2 бала туады: 1. Әлмәмбет, 2. Анай. Әлмәмбеттен 3 бала туады: 1. Ақша, 2. Байболат, 3. Иабас (Бабас). Анайдан: бірінші қатынынан-Нияз, екінші қатыны қалмақ қызынан – Жәдігер, Аяқ, Сәлден; күнінен – Құл туды. [Анайдың] ең кіші қатынынан – Мырзақұл, Құдайқұл туды. Мырзақұлдан – Ақмырза, Сәти туады.

Айдаболдың бәйбішесінен екі бала туды: біріншісі – Малқозы, екіншісі – Жанқозы.

Айдаболдың екінші қатынынан үш бала туды: біріншісі – Қарақозы, екіншісі – Аққозы, үшіншісі – Бозқозы.

Айдаболдың үшінші қатынынан үш бала туды: біріншісі – Тайкелтір, екіншісі – Қошетер, үшіншісі – Қожакелді.

Күліктен төрт бала туған: 1. Тілеуімбет, 2. Наурыз, 3. Ақыл, 4. Сексен.

Наурыздан төрт бала туды: 1. Ақай, 2. Төкей, 3. Шобалай, 4. Шобай.

[Ескерту: Түпнұсқада, яғни Мәшһүр-Жүсін қолымен жазылған нұсқада (1177 – напка, 313 б.) «Ырсымбек, Мәмек» аттары қоса берілгенін еске саламыз. Л.Ж.].

Ақайдан екі бала туады: 1. Санмырза, 2. Бекмырза. Санмырзадан бес бала туады: 1. Байғана, 2. Тайғана, 3. Айғана, 4. Мешітбай, 5. Сегізбай.

Мешітбайдан бес бала туады: 1. Әлдебек, 2. Бүйен, 3. Көтен, 4. Қаракөбен, 5. Шалақазақ.

Әлдебектен екі бала туады: 1. Ақылбек, 2. Әкімбек. Әкімбектен Қабылбек.

Көтеннен екі бала туды: 1. Мырзабек, 2. Найзабек. Мырзабектен бір бала туды – Қакабай.

Қабылбектен төрт бала туды: 1. Имаш, 2. Қабыз (Табыз), 3. Ғабит, 4. Сәбит.

Имаштан-Айыршат (Асыршат). Айыршаттан: 1. Балташ, 2. Сәулет, 3. Әмен.

Қабыздан – Нұриден [туды]. Ғабиттен екі бала туды: 1. Бестөк, 2. Мәліс (Мелс).

Қакабайдан төрт бала туды: 1. Ағыбай, 2. Смағұл.

[Айдабол –] Жанқозыдан үш бала туды: 1. Лабақ, 2. Төлебай, 3. Қосқұлак. Лабақтан екі бала туды: 1. Мамыт, 2. Көсте.

Төлебайдың бәйбішесінен: 1. Едіге, 2. Еламан, тоқалынан – 1. Елкелді, 2. Малкелді, 3. Жылкелді.

Қосқұлақтан екі бала туды: 1. Жуан, 2. Ысқақ. Бұдан – Шөкебай.

Мамыттың бәйбішесінен тоғыз бала туды, тоқалынан төрт бала туды. Бәйбішесінен туған балалары: 1. Боғас, 2. Орман, 3. Бал, 4. Құлты (Құлық). 5. Жантөл, 6. Ақтөл, 7. Байтөл, 8. Батыр, 9. Бармен. Тоқалынан: 1. Көшубай, 2. Сасықбай, 3. Сазанбай, 4. Мүлікбай.

Боғастан екі бала туды: 1. Сары, 2. Төлеш. Балдан үш бала туды: 1. Қаш (Қаныш), 2. Жақсыбай, 3. Қылышбай.

Орманнан екі бала туды: 1. Құлатай, 2. Құлақұнан.

Құлтыдан екі бала туды: 1. Байменде, 2. Тайменде.

Жантөлден екі бала: 1. Қанбаба, 2. Танай.

Ақтөлден екі бала: 1. Ақпан, 2. Ары (Ари).

Байтөлден бес бала туды: 1. Мырзабек, 2. Рыстембек, 3. Бекарыстан, 4. Шалеке, 5. Тұрымтай.

Батырдан – бәйбішесінен екі бала туды: 1. Бейсен, 2. Малдыбай; тоқалынан үш бала туды: 1. Ақсары, 2. Байұзақ, 3. Жұман.

Барменнің бәйбішесінен төрт бала туды: 1. Қареке, 2. Пак, 3. Азан, 4. Сарыбай; тоқалынан: 1. Төбет, 2. Байеке.

Мамыттың тоқалынан төрт баланың балалары, Кешубайдан: Сәулебай, Байеке.

Сасықбайдан екі бала туды: 1. Сағыр, 2. Жекей. Сағырдан: 1. Нүку, 2. Даугөй.

Мүлікбайдан үш бала туды: 1. Таласбай, 2. Түлкібай, 3. Тұта.

Боғастың үлкен баласы – Сарыдан: 1. Еркебай, 2. Шайым. [Боғастың] інісі Төлештен үш бала туды: 1. Тілек, 2. Тайбақ, 3. Шакет (Шикөт).

Орманшының үлкен баласы – Құлақұнаннан туған: 1. Маңтай, 2. Мұқан. Балдан үш бала туды: 1. Қаш (Қаныш), 2. Қылшабай. Құлатайдан Жүніс туды. Балдың үлкен баласы Таштен туған: 1. Ибрай, 2. Жүніс, 3. Бікір, 4. Қымет, 5. Жакей. Екінші баласы Қылышбайдан Маден туды. Маденнен-Қарғабай, бұдан – Сатыпалды.

Үшінші баласы Жаксыбайдан Күзей туды, бұдан туған бала – Секей. Құлтының баласы Тайменде[де]н: 1. Ибрай, 2. Албесі. Баймендесінен тұқым жоқ.

Жантөлінің (Жантелдің) үлкен баласы Қанбабадан: 1. Сәрсембет, 2. Бейсембет.

Қанбабаның інісі Татайдан – Баубек, Баубектен – Ахмет, бұдан [Ахметтен] – Әміре. Сәрсенбеттен – Омарбек, бұдан – Айтжан, мұнан –

Әукебай. Бейсенбеттен – Жұмаш, бұдан – Жапарғалы. Ақтөлден (Ақтеліден) қазір тұқым жоқ.

Байтелінін (Байтөлдін) үлкен баласы Мырзабектен-Қарсақбай, бұдан туған: 1. Жәнібек, 2. Шыныбек, 3. Құлыбек, 4. Нөкербек (Төгербек). Мырзабектің тоқалынан туған: 1. Айтаң, 2. Иман (Айман), 3. Тіке. Жәнібектен: 1. Байылда, 2. Бақыр. Бақырдан – Смағұл, бұдан туға[н]: Сұлтан, Оспан.

Шыныбектен: 1. Сыздық, 2. Белгібай; тоқалынан – Садуақас. Құлыбектен – Садарбек (Астарбек). Нөкербектен: 1. Алайдар, 2. Жаналы (Жанәлі), 3. Кәрібай.

Айтаннан – Таскенші, Базаршы. Иманнан (Айманнан) тұқым жоқ. Тікеден (Тікуден): 1. Дүйсенбай, 2. Сембай. Дүйсембайдан – Тұяқбай.

Бекарыстаннан: Қойқара, Байқара. Тойқара (Қойқара) – бұдан тұқым жоқ. Арыстанбектен (Рүстембектен) – Тікембай, бұдан – Оразбек, одан – Жұмағазиз, осыдан тұқым жоқ. Шалекенің [Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Байтөл – Шалеке – Л.Ж.] бәйбішесінен: 1. Шәуен, 2. Дулан, 3. Жүзбас, 4. Мыңбас. Шәуеннен: 1. Топбасы, 2. Көпбасы. Топбасыдан: 1. Аубалы, 2. Айрақмет, 3. Ахмет, 4. Құрман, 5. Мақан, 6. Асқар. Аубалыдан – Жарғақ. Айрақметтен: Мылтықбай, Кенжебек. Ахметтен – Жиынәлі. Құрманнан: Дабыл, Асқар. Мақаннан тұқым жоқ.

Көпбасыдан [Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Байтөл – Шалеке – Шәуен – Көпбасы – Л.Ж.] – Садуақас, бұдан бала бар-жоғын білмеймін. Дуланнан [Айдабол – Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Байтөл – Шалеке – Дулан – Л.Ж.] – бәйбішеден туған – Түсіпбай, мұнан туған: 1. Бекмағамбет, 2. Шабақ. Бекмағамбеттен: 1. Әбушақыма, 2. Бегендік. Шабақтан-Төлеу (Толу). Дуланның тоқалынан: 1. Бесрахман, 2. Есентай. Бұдан – қыз болмаса, ер бала жоқ.

Жүзбастан [Айдабол – Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Байтөл – Шалеке – Жүзбас – Л.Ж.] – Алакөз, Мақаш. Алакөзден-Ақмырза, бұдан – Адамбай. Мақаштан – 1. Мұқан, 2. Ақыш. Ақыштан – Арыстан.

Мыңбастан [Айдабол – Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Байтөл – Шалеке – Мыңбас – Л.Ж.]: 1. Жәмік, 2. Отызбай, 3. Әбілда; [екінші] тоқалдан: Кәрім, үшінші тоқалдан: Қадір, Хазыр. Бұлардан тұқым жоқ.

Шалекенің тоқалынан: Битақай, бұдан туған: 1. Оспан, 2. Омар. Оспаннан – Мұқан, Мұқаннан-Қыдызбай. Оспанның тоқалынан туған: 1. Шағыр, 2. Қоңыр. Омардан туған: 1. Қанафия, 2. Сұлтан. Қанафиядан туған: 1. Қыдыралы, 2. Жұмағалы.

Едігеден [Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Едіге – Л.Ж.] бес бала туды: 1. Шоң, 2. Қикара, 3. Серман, 4. Қосдәулет («Бұржық» деген тоқалдан), 5. Торайғыр.

Еламанның [Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Л.Ж.] бәйбішесінен бес бала туды: 1. Жәуке, 2. Көрпебай, 3. Текебай, 4. Тұрсынбай, 5. Шонты. Еламанның тоқалынан туған бала: 1. Атан, 2. Бұтан, 3. Нұралы (Тұралы), 4. Жауқашар, 5. («Мендібике» деген әйелі-қарақалпақтың қызы екен) [одан] – Бақсыбай, 6. Ақанай.

Атан [Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Атан – Л.Ж.] өлген соң, әйелін Жәуке [ол да Еламан баласы] алып, онан Өтеміс туған. Өтемістен – Белгібай туған, мұнан – Ахметбек туған.

Жәукеден-Ниязбақы, бұдан: 1. Керім, 2. Түсіпбек. Жәукенің екінші баласы – Аңғай, бұдан: 1. Қара, 2. Әлжан, 3. Баймағамбет. Жәукенің үшінші баласы – Үшбас, бұдан: Көбей, Текебай, Есентай, Тақырбас, Темірбай.

Көрпебайдан – Жолдықұл, бұдан – Жүніс, мұнан: 1. Иіс, 2. Айжан, 3. Шайхы.

Естайдың бәйбішесінен: 1. Жүніс, 2. Ахмет, 3. Мақы. Иістен-Қарабас, Қасен. Мақыдан – Пысықет, Шаймерден. Көрпебайдан-Темірбай, бұдан: 1. Аманбай, одан: Шұғайып, Кәдір. Асылбек[тен] тұқым жоқ. Әлжаппар (Әлжан) – бұдан – Садуақас.

Тұрсынбайдан: [Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ – Құлболды – Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Тұрсынбай – Л.Ж.] 1. Бәзіл, 2. Боштай (бұл екеуі бәйбішеден туған), 3. Құдияр. Тұрсынбайдың Айдай деген тоқалынан үш бала туды: 1. Қылжырбай (Құлжырбай), 2. Шоқбай, 3. Тасыбек (Тайбек). Тұрсынбайдың Қосаяқ деген тоқалынан Байтен туды.

[Тұрсынбайұлы] Бәзілдің бәйбішесінен төрт бала туды: 1. Әйтен, 2. Шегебай, 3. Байменкөт, 4. Досқара. [Бәзілұлы] Әйтеннен: Әбіш, Асқар. [Бәзілұлы] Шегебайдан: Ілияс, Баязит. [Бәзілұлы] Байменкөттің бәйбішесінен: Ысмайыл, Нүсір, тоқалынан: Шөкі, Қоқыш; үшінші әйелінен: Шәкен, Сыздық.

Бәзілдің [бірінші] тоқалынан – Есмағамбет, екінші тоқалынан: Исабек, Мұсабек, (Сабыр).

[Тұрсынбайұлы] Боштайдан: 1. Хұсайын, 2. Сүлеймен. [Боштайұлы] Хұсайыннан: 1. Жұпар, 2. Мәлік, 3. Әбужүсіп. Сүлейменнің [Тұрсынбай – Боштай – Сүлеймен – Л.Ж.] үлкен катынынан: Шұғайып, Айып (Аюб). Шұғайыптан – Қызойна; тоқалынан: Арынғазы, Нұрғазы. [Тұрсынбай – Боштай – Сүлеймен – Шұғайып – Нұрғазы – Л.Ж.] Нұрғазыдан – Молдахмет.

[Тұрсынбай – Боштай – Хұсайын – Жұпар – Л.Ж.] Жұпардан – Мұқыш, бұдан – Рақымтай, тоқалынан – Асғат (Асқат). [Хұсайынұлы] Мәліктен – Қали, Қалидан: Отанбек, Серікбек. [Хұсайынұлы] Әбужүсіптен – Зайт (Зайд), бұдан: Әбіраш, (Қаржас). [Тұрсынбайұлы] Қылжырбайдан – Дүржан, бұдан – Әбдіразақ, мұнан: Әбдірахман, Әбдікәрім, Алдажар, Мұхаммеджар. [Тұрсынбай – Қылжырбай – Дүржан – Әбдіразақ – Әбдірахман – Л.Ж.] Әбдірахманнан – Талғатбек. [Тұрсынбайұлы] Шоқбайдан – Ысқақ, Әжікей, Әбсаттар, Әбдікадыр. [Тұрсынбай – Шоқбай – Ысқақ – Л.Ж.] Ысқақтан – Нағыман, бұдан – Әбілқас, Назым. [Шоқбайұлы] Әжікейден – Қамит. [Шоқбайұлы] Әбдікадырдан – Мұқыш. [Тұрсынбайұлы] Тасыбектен – Қазықан, Әмірқан, Мәнен, Махмет. Қазықаннан – Шайхы. Мәненнен – Асманғалы, Мәуліт. Махметтен – Қасен.

[Тұрсынбайұлы] Байтеннен – Уайыс, Мәлібек (Малыбек), Мұрсал. Уайыстан – Кәрібай, Мәлібектен – Тоқан, Қасыр. Мұрсалдан – Әбіш, мұнан – Ақылбек.

Тұрсынбайдың бәйбішесінен туған кенжесі – Құдияр, мұнан туған: 1. Кепешбай, 2. Мұсабай, 3. Исабай, 4. Қартбай, 5. Ыбырай (Ибрай). Кепешбайдан – Ыдырыс, Әбілда. Ыдырыстан – Тәш, бұдан – Қайырбек. Мұсабайдан – Мұсайып (Мүсәйіп), Ахмет, Түлкі, Машрап. [Машраптан] – Кәрібай, Құрманғали. Кәрібайдан – Жұқаш, Бүркіт, Әйнеш. Исабайдан [Тұрсынбай – Құдияр – Исабай – Л.Ж.] – Жақыш, Садық. [Құдиярұлы] Қартбайдан: Мұқан, Омарқас, Әбілқас. [Құдиярұлы] Ыбырайдан – Лұқпан, бұдан – Боранбай.

Шонтыдан [Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Шонты – Л.Ж.] Айтбақы, Байбақы, Жанбақы. [Айтбақыұлы] Дүрманнан – Әміре, бұдан – Аспандияр. [Шонтыұлы] Байбақыдан – Құлмағанбет,

бұдан – Жәми, Макар. Макардан – Әмір, Қазкен. [Шонтыұлы] Жанбақыдан – Әлдекей, бұдан – Біләл, Біләлдан-Зайынкен (Зайныкен).

Безілдің тоқалынан туған – Есмағамбет, бұдан: Ахмет, Түсіп (Жүсіп). Ахметтен – Қожақым (Қожахмет), Баймұқан, Нұртай. Түсіптен (Жүсіптен) – Жалел. Қожақымнан-Шалабай.

Барменнің [Айдабол – Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Бармен – Л.Ж.] үлкен баласы Қарткүннен (Қарыкеннен) үш бала туды: 1. Койжан, 2. Таштай, 3. Тасмағамбет. Қойжаннан: 1. Еділ, 2. Жәкен. Еділден-Түсіп. Таштайдан – Мақым, мұнан – Айтқожа. Тасмағамбеттен – Достай, бұдан – Қазанбай, Асмәмбет – Сүлеймен.

Барменнің екінші баласы Пактен: Махамбет, мұнан: 1. Нұрпейіс, 2. Көкі (Кекі). Бұдан – Жалел. Көкіннің тоқалынан туған – Сұлтан. Барменнің үшінші баласы – Азан, мұнан: 1. Тайған, 2. Тәжік. Барменнің кенжесі Сарыбайдан: 1. Әбдірахман, 2. Бектас, 3. Әли, 4. Жасылқұс (Жасылғош), 5. Тақа. Бұдан: 1. Қабажан, 2. Әбілтай. [Айдабол – Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Бармен – Сарыбай – Әбдірахман – Л.Ж.] Әбдірахманнан – Сматай (Асматай), бұдан туған Бектастан-Сейіт, бұдан – Аманкелді. Бектастың Ыбырай деген баласынан туған – Ғайніл.

Сарыбайдың тоқалынан екі бала туды: 1. Жаманбала, 2. Кубайыс.

Боғастың [Айдабол – Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Боғас – Л.Ж.] баласы Еркебайдан: 1. Алмаған, 2. Мағзұм. Төлештің [Айдабол-Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Боғас – Төлеш – Л.Ж.] Шібікөтінен (Шикөтіпен): – Түсіпбек, бұдан туған – Дауылбек. (Боғасұлы) Еркебайдың бәйбішесінен туған – Әбен, бұдан – Рамазан, Салыкей (Сәлікей).

Сағырдың [Айдабол – Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Сасықбай – Сағыр – Л.Ж.] баласы Түгелден: 1. Айтжан, 2. Ашырап, 3. Әкімжан. Ашыраптан – Асырақымтай. Әкімжаннан туған: 1. Әсетхан, 2. Сайлау.

Даңгөйден [Айдабол – Жанқозы – Лабақ – Мамыт – Сасықбай – Сағыр – Даңгөй – Л.Ж.]: 1. Ыдырыс, 2. Құрманғали, 3. Иманғали. Кәрібайдан – Шайхы.

Құлболдының қарашаңырағы – Мамыттың кенжесі Барменде болып, сонан Барменнің кенжесі Сарыбайда болған. Кеше Мұса,

Секербайдың заманындағы ат [ы] атанған жақсылар сол үйді «Құлболдының қарашанырағы» – десіп айтушы еді.

Көрпелбайдан [Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Көрпелбай – Л.Ж.] үш бала туған: 1. Темірбай, 2. Естай, 3. Тақырбас. Темірбайдан үш бала туды: 1. Аманбай, 2. Асылбек, 3. Әлжапар. Бұдан – Садуақас. Аманбайдан: Шұғайып, Қадыр. Асылбектен бала жоқ.

[Көрпелбайұлы] Естайдан: 1. Жүніс, 2. Ахмет, 3. Мақы. Естайдың тоқалынан: – Амантай, бұдан – Алтай туды. Жүністен [Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Көрпелбай – Естай – Жүніс – Л.Ж.] 1. Әбіш, 2. Айжан (Айхан), 3. Шайхы. Әбіштен Қасен туды. [Естайұлы] Ахметтен үш бала туды: 1. Жұмабай, 2. Әділ, 3. Әділбек. [Естайұлы] Мақыдан: Пысыкет, Шаймерден.

Тақырбастан [Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Көрпелбай – Тақырбас – Л.Ж.] үш бала туды: 1. Қожамбет, 2. Жақып (бұдан бала жоқ), 3. Ержан. Бұдан – Сыздық. Қожамбеттен: 1. Бікір, 2. Оспан.

Текебайдан [Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Текебай – Л.Ж.] үш бала туды: 1. Шөден, 2. Темешбай, 3. Асан. Шөденнен – Қосшығұл, бұда[н] Ысқақ туды. Ысқақтан: Нарбота, Ақбота, Ақтайлақ. Темешбайдан Қасен туды. Асаннан Мұқан туды.

Еламанның [Айдабол – Жанқозы – Төлебай – Еламан – Л.Ж.] кіші қатынынан алты бала туды: 1. Жауқашар, 2. Бұтан, 3. Отан, 4. Ақанай, 5. Бақыбай, 6. Тұралы.

[Еламанұлы] Жауқашардан бес бала туды: 1. Бозбай, 2. Түйеші, 3. Тауасар, 4. Тасай, 5. Шаумен. [Жауқашарұлы] Бозбайдан алты бала туды: 1. Қожақан, [одан] Түсіпбек туды. 2. Жұқаш (Жұқай), бұдан: Ыбырай, Қасым, Түтеп. 3. Шақа. Бұдан – Төсжан (Төшжан), 4. Алдақай, 5. Шуатай. [Онан] үш бала: Әбілда, Мақаш, Қаймақ. 6. Дүйсембай. Бұдан – Ахыс, Ахыстан – Әукен (Әбжан, Қасен).

Дүйсембайдың екінші баласы – Сымайыл. Бұда[н] Сыздық туды. Құсан туды.

[Жауқашарұлы] Түйешіден алты бала туды: 1. Базарбай, 2. Кәткей, 3. Бисақай, 4. Жұмақа, 5. Омар, 6. (тоқалдан) Салықшы. [Базарбайдан] – Жамақай, [Кәткейден]: Қалмағамбет, Құлмағамбет. [Бисақайдан]: Бышай, Ахмет, Ағыбай. [Еламанұлы Жауқашар баласы] Тауасардан екі бала. 1. Шакөт, 2. Жалтен. Бұдан – Жақсыбай, ода[н]: Әшім, Қасым.

[Тауасарұлы] Шақөтттен: Ахмет, Әбіш, Сүлеймен, Қирық, Қанакпа, Сағынбек.

[Еламан ұлы, Жаукашар баласы] Тасайдан: 1. Тасыбек, 2. Жаңбыршы...

Мақал-мәтел, қанатты сөздер

1. Судан өткенше: «Қызымды беремін!» – дейді, // Судан өтіп алған соң: «Өзіңнің айтып жүргенің не?» – дейді.
2. Жақсыға мал не керек: Кімде мал болса, сол мал-жақсынiкі.
3. Өзі жақсы кісіге – бар дүние сонікі, // Өзі жаман болғанның – бар дүниесі біреудікі.
4. Ит тойса да, тоймаса да жалаңдайды.
5. Тайдың жорғасы – Сатсаң, түйе болады.
Жігіттің жорғасы –
Еліне ие болады.
6. Түсі игіден түңілме.
7. Қартайғаныңды құрдасыннан білесің,
Кемігеніңді құдаңнан білесің.
8. Еркек семіз болса, елдің құты,
Қатын семіз болса, үйдің жұты.
9. Өспейтін елдің жігіті –
Топ ішінде құрдасын: [«Қатыным!» – деп] ойнайды.
Өсетін елдің жігіті –
Топ ішінде құрдасын: «Батырым!» – деп ойнайды.
10. Оңар елдің белгісі:
Ақсақалы – үлгісі.
Оңбас елдің белгісі:
Ақсақалы – күлкісі.
11. Кері кеткеннің саяғы –
Далада жүріп тебіседі.
12. Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар.
13. Кедей елдің көшбасшысы көп болады,
Кері кеткен елдің кеңесі көп болады.

14. Төлеңгіті билеген төре оңбайды,
Қатыны билеген ер оңбайды,
Бұралқысы билеген ел оңбайды.
15. Тау белгісі – тас болар,
Бай белгісі – ас болар
16. Төренің жаманы – төлеңгітімен қас болар.
Баланың ең жаманы – әкесін өлтіргенмен дос болар!
Құдайдың жаратқан ең жаман адамы –
Қатынының ойнас байымен дос болар.
Бұзылар елдің белгісі –
Бұратарасы бас болар!
17. Асығып басқан –
Шайтанның ойнағын басады.
Аңдып басқан –
Қызырдың ізін басады.
18. Бір бала бар – әкеден өте туған,
Бір бала бар – әкеге жете туған.
Бір бала бар – көтінен кейін кете туған.
19. Ауру кісі күлкі сүймейді,
Ит жүйрігін түлкі сүймейді.
Желіні сау қой қосақтауды сүймейді.
20. Көсеуің ұзын болса, қолың күймейді,
Ағайын-туыс көп болса, адам тимейді.
21. Мырзалық-қонаққа пайда, малға қас,
Батырлық-жолдасқа пайда, жанға қас.
Өтірік сөз – дауға пайда, иманға қас,
Өткір пышақ – қолға пайда, қанға қас.
22. Бидің үйі – құр даурық,
Ұстаның үйі – құр шық-шық.
23. Ұры байымас,
Сұқ семірмес.
24. Алғыс түбі – ақ май,
Қарғыс түбі – қара қан.
25. Боларыңда болып өт,
Бозжорға аттай желіп өт.
Болмасыңды білген соң,

- Болған ердің қосын жек.
Өзін адам болған соң,
Аудара тастап, қалай кетсең, солай кет!
26. Бай болсаң, торғын орамалмен бетіңді сүрт,
Жарлы болсаң, жаныңменен көтіңді сүрт!
27. Бай болсаң, жаның бір-алтын:
Қанша сыйласаң, сыйлауыңа тұрады.
Жарлы болсаң, жан бір – күдері:
Қанша қинасаң, үзілмейді, қинауыңа тұрады.
28. Атасы тегін малдан жаныңды аяма.
29. Әркімдікі – өзіне
Ай көрінер – көзіне.
30. Жарлыға жарты қарсақ пайда, бүтін қарсақ қайда?
Қаратаудағы елдің қатын-баласына шейін – қылғаны пайда,
Бұл шіркіннің байығаны қайда?!31. Пайданы басыңа қыл,
Басыңнан асса, досыңа қыл.
32. Панасыз болса, сайдан без,
Пайдасыз болса, байдан без.
33. Жат кісі ауыл үй болмай, сыр білмейді,
Ақ кісі мал төлемейді.
Бала ойнамай, күн көрмейді.
34. Сиыр жаланбай, күн көрмейді.
35. Ойнамаса, бала бола ма,
Жаланбаса, сиыр бола ма?!36. Біреуге – пышақ,
Екеуге – таяқ.
37. Тоң айырған май жейді,
Дос айырған боқ жейді.
38. Аз ғана елге жасауыл болма,
Аз асқа бөгеуіл болма.
39. Сабасына қарай – піспегі,
Мұртына қарай – іскегі.
40. Есегіне қарай – тұсауы,
Қобызына қарай – күйлері,
Көрпесіне қарай көсілу керек.

41. Жорға мінген жолдасынан айырылады,
Қатыны сұлу құрдасынан айырылады,
Құдай ұрған құдасынан айырылады.

42. Күшті елдің боғын жеген ит құтырады.

43. Қатын алдың, кемеге міндің.

Балалы болдың, қарқ олжаға баттың.

44. Досыңның үйінде шашыңды алдыр,

Дұшпаныңның үйінде тырнағыңды алдыр.

45. Дәмге – ниет, дидарға – нимат.

46. Байдың төсегі – темір іс,

Кедейдің төсегі – кара кіс.

Байдың мамық төсегі – темір іс[тік] сықылды болып,

Жамбасына батып, ұйықтатпайды, не үшін?

Есі-дерті малының қамын ойлағандықтан, ала сәуледен алас ұрып тұра келеді (түрегеледі). Кедейдің жаман құрым кигізі бала кістен жұмсақ болғандықтан, шаршы түске дейін шіреніп ұйықтайды. «Балакіс», «ақкіс», «каракіс» – деген тышқанның бір атасының ұлы. Соның ішінде қаракістің жүні жұмсақ болады. Бұрынғы замандарда патшаның баласын қаракістің терісіне бөлейді екен: «Жұмсақ болады» – деп.

Ителгінің қуғанынан қорқып қашқан дуадақ: «Былғаймын!» – деп саңғиды. Дәнемені білмейтін надандар жұмбақтың шешуін білмей, қаңғиды.

47. Өлушінің ажалы кейін болса,

Өлтірушінің қолы жетпейді.

48. Білген білгенін істер,

Білмеген бармағын тістер.

49. Дарияға түкірме, сусының құриды,

Дәруішке тіл тигізбе, тұқымың құриды.

50. Туысы бір болса да,

Ерден ердің ісі артық.

Формысы жоқ күмістен

Сұлулап соққан мыс артық.

Абылай өкініші

Бір шеті – Атбасар, бір шеті – Ақмола, – осы екеуінің арасында «Тоғанастың тоқсан екі көлі» бар. Абылай ханның заманындағы қария – тоқсан екі [жас] жасаған – Қаржас ішінде: Алтынторы – Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған. Заманындағы адамдар бұл кісіні «Көмекей әулие» – дейді екен. Көмекейі бүлкілдеп, қатты дауысы жоқ, сөйлейді де отырады екен. Қара сөзді тақпақтап, үйлестіріп-үйлестіріп, ұнастырып айтады екен. Абылай хан өтейін деп жатқанда, айтқан екен:

Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,

Қалынсыз қатын құштырған, ханым-ай,

Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,

Сонда қалар ма екен жаның-ай! – дегенде, сонда Абылай айтқан екен:

– Мақтамаңыз! Мақтағаныңызбен мен де «Абылай» деген даңқыма лайықты іс істей алмадым. Қазақтың басын орнықты жұрт қылып, шаһарлы жұрт қылып кетпедім. Көңілімдегі арманым – осы! – деген екен.

Көтеш пен Күмпейе айтысы (екінші нұсқа)

Үйсіндердің бір үлкен тойы болып, сол астарына Арғыннан да кісі шақырып, Арғын елі бір жұртаңқырап қалып, нашарлау ат мініп, аттарының құйрығы шолақтау екен. Үйсіндердің бай болып тұрған кезі болса керек. Көтеш ақынның жасы – балалау кезі болса керек. Тойда Арғыннан келгендердің өлең айтатыны бола қоймапты. Сонда Үйсіндер күліп, келемеж қылып:

– «Әу!» – деп үретін иттеріңді де ертіп шықпаған екенсіңдер! – депті.

Сонда Үйсіннің Күмпейе (Күмісла) деген ақын қызының айтқан өлеңі:

Жеңгелікке жүреді екі қатын,

Сақтап жүрмін Алланың аманатын.

Арғындардың жігіті алдап отыр,
Шолтаң-шолтаң еткізіп шолақ атын.
Сонда Көтеш ақын айтқан екен:

Женгелікке жүреді екі зайып,
Өлең сөзді айтамын жұртқа жайып.
Ат шолағын, құдаша, қылсаң айып,
Біту шолақ нәрсенің бәрі де айып, – дегенде, Күмпейе
(Күмісла) еш нәрсе дей алмай отырып қалған екен. Көтеш ақынның
ең алғаш аты шығып, өлең айтқан жері осы екен.

Бұхар, Самарқанды қазақ шапқанда (екінші нұсқа)

Бұхар мен Самарқанды қазақ шапқанда, Айдабол би Баян деген баланы және Көшен деген баланы, – екеуін олжалап алып келген екен. Сол екі баланы Айдабол бала қылып, өз қолына ұстап, шаруасына бас-көз қылып жүріпті. Ол кездегі елдің сауда-саттық қылатын жері Бұхар екен. Айдабол Баян деген баланы Бұхарға мал айдатып жіберінті: «Қала шығып кел!» – деп. Баян Бұхарға барып, малын сатып, мұбазарын (мал базарын) базарлап жүргенде, шешесі мен інісі көшеде қайыр сұрап, қаңғырып жүргенін көріпті. Елге келген соң, Баян Айдабол биге айтыпты:

– Шешем мен інім Бұхардың көшесінде қайыр сұрап жүр екен. Алып келуге сізден бата алмадым, – депті. Сонда Айдабол Баянға айтыпты:

– Ай, балам-ай, балалық қылған екенсің. Шешең мен ініңді алып келсең, шешеңді мен алсам, сендерді менің балам демей ме?! Бөтендіктерің бола ма? Сен әдейі барып алып кел! – деп, Баянды жіберіп, шешесі мен інісін алғызып, шешесін Айдабол өз[і] қатын қылып алып, балаларына қатын әперіп, еншілерін беріп, үшеуін де ел қылып шығарған екен.

Осы күнгі Жанқозының ішінде Бая[н] деген бір табы бар. Солар осы үш баладан өсіп-өнген. Соның тұқымдарынан – Жұманияз, бұдан – Әшім.

Насихат толғауы

[Еңселі] қорған мәнісін
Қазақ білмес, сарт білер.
Төс айылдың батқанын
Иесі білмес, ат білер.
Шөл екенін құланың
Ешкім білмес, Хақ білер!

Пұл жіберсең базарға,
Сатушы білмес, нарық білер.

Атқа мінер ер жігіт
Батырлық білмес, бақ білер.
Кімнің жақсы-жаманын
Жаратушы Хақ білер!
Құба жонды сел алса,
Су жұқпайды жүніне –
Қоңыр қаздың құсынан.

Ақымаққа айтқан сыр –
Құлағының [өтпес] тысынан.

Бай болмаған бай болса,
Жайламаған сай қалмас.
Би болмаған би болса,
Сөйлемеген сөз қалмас.

Бірінші тілеу тілеңіз –
Бір құдайға жазбасқа!
Екінші тілеу тілеңіз –
Адам тіліне азбасқа!
Үшінші тілеу тілеңіз –
Пәлеге нақақ күймеске!
Төртінші тілеу тілеңіз –
Білімсіз, таққа мінбеске!
Бесінші тілеу тілеңіз –
Қатардан кейін қалмасқа!

Алтыншы тілеу тілеңіз –
Ақымақтың тілін алмасқа!
Жетінші тілеу тілеңіз –
Атадан алтау туғыз[ғ]ан –
Жалғызға жапа салмасқа!

Қоян жүйрік, желіс жоқ,
Түлкі жүйрік, дыбыс жоқ,
Қасқыр жүйрік, аяу жоқ,
Байтал жүйрік, нарқы жоқ,
Қатын шешен, ақыл жоқ.
Күннің беті қызыл, шыны жоқ,
Құлдың мойыны жуан, күші жоқ.
Жаманның құлақ-мұрнын кесіп алсаң да,
Ар, намыспен ісі жоқ.

Қайырлы байдың белгісі –
Шалқып жатқан көлмен тең.
Қайырсыз байдың белгісі –
Бетпақ дала шөлмен тең.

Қас жақсының белгісі –
Қазыналы қара жолмен тең.
Қас жаманның белгісі –
Асуы жоқ белмен тең.

Жаман болса ұл балаң,
От та болса, құлмен тең.
Жақсы болса қыз бала,
Арыстан туған ұлмен тең.

Жаман болса қатының –
Үй ішінен ду кетпес,
Үй артынан шу кетпес,
Қаңтарда қатқан мұзбен тең.

Биік тауға жарасар –
Басындағы обасы.
Өзен суға жарасар

Жағалай біткен қоғасы.
Аксақалға жарасар
Аузындағы тәубесі.
Бәйбішеге жарасар
Орындықты сабасы.
Келіншекке жарасар
Бесіктегі баласы.
Балалыққа жарасар
Еркелеткен анасы.

Қазақ түбі (үшінші нұсқа)

Қазақ жұртында ауызда сөйленіп жүрген бір сөз бар: «Кеше Ала[ш] Алаш болғанда, Алаша хан болғанда» – десіп келеді. Оның мәнісі Бұхара хандарынан хан – «қазақ ханы» боп тұрғанда, бәйбішесінен бала болмапты. Қызылбасты шауып, соның ханының қызын олжалап алып келіп, аяғын салған екен. «Аяқ салды» – деген сөз некесіз (нехақсыз) алғанды айтса керек. Сол қыздан бір ер бала туыпты: өзі сауысқанның аласындай ала туыпты. Бәйбіше ханға айтты:

– Бұл бала өскенде, жұртыңды ала қылып, өзіне жау қылады. Мұнан осы күнде құтыл! – депті.

Хан бәйбішесінің тіліменен қырық жігітті шақырып алып, арымас ат, тозбас тон, таусылмас азық беріп:

– Осы баланы менің хүкіметім жүрмейтін жерге алып барып, сақтап ұстандар. Бұл Бұхараны бұл бала да көрмесін, сенде[р] [де] көрмендер! – деп, жер аударып[ты]. Сол 40 жігіт жалати алып, Сырдариядан өтіп, Алатау, Қаратаудың аралық жеріндегі[ні] жайлап, көшіп жүрген жұрттың ортасына келіп, бір жайды мекен қылып, баланы асырап, өстіріп, бала он екі жасқа жеткен соң, қырық жігіт – пен баланың ісі болмай, баламен қырық жігіттің ісі болмай, бет-бетімен кетіпті. Сол заманда ол жерлер[де]: Қоқан, Қоғам, Құндыгер, Қожан деген төрт атаның ұлы – ел бар екен. Сол елде сонда «Түгел сөздің түбі бір, // Түп атасы – Майқы би» – деген биі бар екен. Ол Майқы

бидің Үйсін деген баласы ит жүгіртін, құс салып жүрін, он екі жасар балаға кез болыпты. Бала бұл Үйсінге тіл қатып сөйлеспепті. Тілі жоқ мылқау кісідей бедірейгеннен бедірейіп отырып қала беріпті. Кеш болып, қас қарайып, Үйсін батыр ауылына қайтып, әкесі Майқы биге айта келіпті:

– Даладан бүгін бір ағаштың түбінде отырған бір бала көрдім. Айлары аш беліне түседі. «Ай дейін десем, аузы бар, // Күн дейін десем, көзі бар». Бір қасық сумен жұтып жібергендей. Бірақ не керек: тілі жоқ екен, құлағы да естімесе керек. Егер тілі мен құлағы болғанда, дүниеде ешкімнің қолына түспейтін «Ексе, бітпестің» өзі екен! – деді.

Майқы би аяғы ақсақ – арбамен жүретін кісі екен.

– Ертең мені арбаға салып, алып барыңдаршы, көрейін, – депті.

Ертең таң атқасын, Майқы биді арбаға мінгізіп, баланың отырған жеріне алып барған екен.

Бала ұшып тұра келіп:

– Әлсалам салейкум, тамам ханның [қ]азығы, бұқара жұрттың шірімейтін, азбайтын, таусылмайтын азығы! – деді.

Онда Майқы би:

– Уағайлейкум әссалам, құрсақта жатып, несібесін алыстан тілеп, туған балам! Болайын деп тұр екенсің, болатын жеріне жете алмай тұр екенсің! Кел, балам, қасыма мін! – деп, баланың маңдайынан тәуеп қылып, арбасына мінгізіп, ауылына алып келіп, қой сойып, асықты жілік ұстатып, ол күн мейман қылып, ертең таң атқан соң, баласы Үйсінді шақыртып алып, жүз жігіт жолдас қосып:

– Мына баланы алдарыңа салып, ту қылып ұстап, жаға қылып бастарыңа шаншып, Қаратаудан әрмен (арман) қарап асыңдар. Шу деген, Сарысу деген екі өзен бар. Соны кесе көлденең басыңдар! Ұлытау, Кішітау деген тау бар. Оның о жақ, бұ жағында қарақалмақ-Қатысыбан деген жау бар. Есіл, Нұра деген екі өзеннің арасында «Тоғанас» – деген тоқсан екі көлі бар. Оның бірінде «Он сан ноғай Ормамбет (Өрмәмбет)» елі бар. Сол екі жұрттың аралық жерінен килігіп, «Тас (тәйкі) түссе, таңдайдан; // Алшы түссе, маңдайдан» – үш жылғаша бақ-талайыңды байқандар! – депті, бата беріп аттандырыпты.

Бұлар сол жүргеннен жүріп, Қаракенгір, Сарыкенгір, Жездікенгір, – үш Кенгірдің бойына келіп: «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» – үш жылдың ішінде алдарына мал салып, үстіне үй тігіп, өзалдына бір жұрт болды дейді. Сонан соң Майқы би Ақжол дегенді жүз жігітке бас қылып: «Соларға барып қосыл!» – деп, жіберді. Олар да келіп, бұларға қосылып, оның артынан жүз жігітке бас қылып, Алшын дегенді жіберді. Олар да келіп, бұларға қосылды.

Баяғы Бұхарадан шыққан қырық жігіт – олар да іздеп тапты. Өз жұртына өкпелеген, онан қашқан, мұнан қашқан, – бәрі бұларға қосылды. Келін тығылып, өзалдына жұрт болды дейді. «Кел енді ортамыздан хан сайлайық!» – деп, алашаға салып, баяғы ала баланы хан көтеріп, «Алаша хан» – деп ат қойыпты, «Алаш» – деп, өздеріне ұран қойды дейді. «Жауға шапқанда, «Алаш!» – деп шабайық! Жүз кісіміз екенін сонан білейік! – десіп, әуелгі келген «Ұлы жүз – Үйсін» – атанды. Ортадағы келген – «Орта жүз» – атанды. Соңғы келген «Кіші жүз» атанды. «Үш жүздің баласы қазақ» – атанды. Әр руга таңба үлестірді. Сол таңбаларды бір тасқа басып: «[Дау] болса, сонан қарасайық!» – десіп, үш жүздің баласы – қазақтың таңбасы сол тасқа [басылды]. Бұл күнде ол жерді «Таңбалы Нұра» – дейді. Қазақ атында болған жұрт Алаша ханның аузына қарап, үш Кенгірдің бойын жайлап, қыстап жүрді дейді.

Алаша ханның Жошыхан деген жалғыз баласы болыпты. Құлан қуамын деп, бала астындағы аты желігіп, құланның әңгісіне елігіп, еріп, қазасы сонан болып, бала аттан жығылып, құлан теуіп өлтіріпті. «Бұйырсынды Ақтан келтірді!» – дейтін сөз сонан қалған.

Жалғыз баласы өлген соң: «Төрт аяқты хайуан мал баласынан, анасынан айырылып, мендей зарлап қалсы[н]! Хайуан менімен қосылып аза тұтсын!» – деп, бір-біріне жамыратпай, сегіз күн, сегіз түн ас-су ішпей, теріс қарап жатып алды дейді.

Сонда ханның ханымы келіп:

– Тақсыр, есік алдында екі даугер арызкой келіп тұр – деді дейді.

Хан:

– Не дауы бар екен? – дейді.

Сонда ханым айтты:

– Бір кісі біреуге ат басындай алтын аманат қойған екен. Сол аманатын келіп сұраса, сақтаған кісі: «Қолым үйреніп, көзім меншіктеп,

бауыр басып, өзімдікі есепті болып кетті. Енді саған бермеймін!» – дейді екен. Алтын иесі: «Аманатымды алмай кетпеймін!» – дейді екен. Дау-жанжалдары осы екен, – дейді.

Хан жарлық қылды:

– Берсін, былшылдамасын! «Аманатты сақтар болар, // Иесі келсе, бас бұрмай, пәлен демей, берер болар!» Біреудің аманатында не ақысы бар екен?! – деді.

Ханым:

– Төреңізге құлдық, таксыр, бұл бала Құдайдың аманаты емес пе еді?! Сіз бен бізге аманатты біраз күн сақтатты. Керек болды, аманатын өзі алды. «Аманатыңызды неге аласыз?» – дауыңыз емес пе бұл қылып жатқаныңыз?! – дегенде, хан басын көтеріп алды:

– Менікі қате екен, Құдай өзі пұлсыз, сатусыз берді, құнсыз алды, не шара?! Оған менің қарсылық қылуым жарамайды. Жамыратсын мал біткенді! – дегенде, тамам малдың жас төлі енесіне табысқанда, бір бозінген жеріп, ботасын ал[ма]ды дейді.

Сонда :

– Бір бота енесін еме алмай кетсе, обалына мен қалдым – деп, – Осы інгенге ботасын жаңытып, ботасын алғызған екен. «Бозінген» күйі деп, қазақ домбырашылары күй тартушы еді. Сонда сол інген жайында тартылатын күй екен.

Хан сонан соң жұртқа сауын айтып, ат жаратты:

– Пәлен айдың күні аңға шығамыз, дүниеде құланның тұқымын қоймаймыз. Құлан қууға ат жаратсын! – деп.

Айтқан күшінде өзіне ел-жұрттың бірі қалмай, сығай мен сығай қалған. Көрінген құланды қудырып, ұрып жыға берген. Көрінген құланнан бес құлан құтылып шығып, қамысына кіріп кетті. Сонан сол жар «Бес құлан» [аталды].

Халық өлеңі

Атаң болса анаң мен –
Қоршап тұрған қорғаның.
Жақсы болса келінің –
О да бір үлкен[і] олжаның.

Жаман болса келінің,
Көрген күнің түнмен тең.
Ақымак бала алдында
Көрініп жүрген жынмен тең.

Дос-жарларың кадірлес –
Көзің менен құлағың.
Жақсы болса алғаның –
Барлық сәуле шырағың.
Байлауында тұрмыстың
Жақсы коныс тұрағың.

Ағаң болса ақылды –
Арқа сүйеу кереген.
Інің болса жанашыр –
Семсер ілген білегің.
Ақылды туған ұл мен қыз –
Өкпе, бауыр, жүрегін.

Жақсы қайын жігітке –
Жақсылығы туыстай.
Жақсы құдаң бар болса,
Сыйла[са]сың суытпай.

Жақсы бөлең мен бажаң –
Бір дем алыс, тыныстай.
Апа-жездең бар болса,
Еркелетер ұрыспай.

Жаман туыс бір масыл –
Арқалаған құммен тең.
Жақсылығың істеген –
Елекке қосқан сумен тең.

Кекесіні келіннің –
Езіп құйған умен тең.
Көңілсіз берген тамағы
Құм аралас күлмен тең.

Өз балаңнан кем болмас,
Жақсы болса күйеуің.

Шаршағанда, шалдығып,
Нағашың – бір сүйеуің.

Адал туған жиенің –
Жұлындағысы жүйенің (жояның).
Арамза болсаң, аулақ кет,
Маңайыма келмей біреуің!

Жан тартпаймын, жақындап,
Жақсы көріп біреуін.
Безу қиын «Жаман!» – деп,
Өзің туған шешеннен.

Үй тұрмысы келіссіз
Қынжыласыз дегенмен.
Аялап бақ, қайтесің,
Сол шешеннен тудың сен.

Жаман әке – жыртық қос,
Ықтығы жоқ паналар.
Көмегі жоқ әкеден
Көрші жақсы паналар.
Асырап, сақта әр уақта
Жаман ат саған жамалар.

Қадірлесен, ұзын-ды –
Өз алтының өзіңе.
Тойғаныңша қарап қал,
Сағынбастай жүзіңе.

Көрінбеске оңай ғой,
Кездесе тақты кезіңе.
Зар жыларсың бір күнде,
Басқан оның ізіңе.

Ақ дененің қадірін –
Жарлы болсаң, білерсің.
Бостандық[тың] қадірін
Сырқау болсаң, білерсің.
Ағайынның қадірін –
Қазалы болсаң, білерсің!

«Қырық парыз» мәнісі

Сауал:

– Кәнірмісің, мұсылманбысың?

– Мұсылманмын.

– Сенің мұсылмандығыңа менің шәгім бар.

– Сенің шәгің болса, менің шаһыдым бар.

– Шаһыдың не дүр?

– Шаһыдан Ла-ила-Алла! Уа шаһыдан Мұхаммед ғабду ер...

– Қашаннан бері мұсылмансың?

– Әлмисактан бері мұсылманмын.

– Әлмисак мағынасы не дүр?

– Әлмисак һәм әлһид әлімсақ. Лаһыстап хытлап өл дүр. Кісім – пір, өр деген – ғалам. Барша адамдардың жанларынан су әл қылдыс кім алысты бір білуім, яғни сымаши мытму.

– Сізлердің халқыңыз, бізлердің аруақтарымыз қылу белі жақсы (иғты). Бізлердің жанларымыз айттылар бұл! Сан, сан айтуымыз, үйреткеніміз: «Халық, келші, оразақ (ырзық) келсін, яғни барша нәрсені жаратушы, барша тірікке ризық беруші не қылмақ? Бірла мұсылман сен иман келтірмек, ила «мұсылман мен иман» – деп, не сөзді ұнатар? Саны, ай, түрлер[і]?

– Иман екі үркін дүр. Ақыр әр үн біл, ли санын ұтыстық. Үн...

«Қырық парыз» баяны

– Егер су әли ойласа, кім (кісім) мүмин болған адамның зумма-сында неше парыз бар дүр?!

– Қырық парыз бар дүр.

Және сауал:

– Иід (айд) ойласа, кім ол парызларын тағырыпқа (тақырыпқа) баян айла?

– Ол қырық парыздың бесеуі – исламда дүр, жетісі [жетеуі] – иманда дүр. Он екісі – намазда дүр. Үшісі [үшеуі] – ғұсылда дүр. Төртісі [төртеуі] – таһаратта [дәретте] дүр, төртісі [төртеуі] – таямда дүр. Екісі [екеуі] – мірия лымғыроп ила наһи ғана алманырда

(ламаңырда) дүр. Екісі – хапизі (хасизі) сыла напаста дүр. Бірі – ғылым істемекте дүр. Және сауал айдүрлерсе [айтылса]:

– Ол бес парыз исламда дүр. Не іслер дүр?

– Әуелі иманын жақсы білмек. Екінші – бес уақыт намаз оқымақ. Үшінші – ораза тұтпақ. Төртінші – зекет бермек. Бесінші – қажы қылмақ.

Және сауал идүрларса [айтылса], ол жеті парыз иманда дүр. Не іслер дүр?

– Әуелі – Алла тағалаға нанбақ (инанбақ). Екінші – періштелерге нанбақ. Үшінші – кітаптарға нанбақ. Төртіншісі – пайғамбарларға нанбақ. Бесінші – ақырет күніне инанбақ [иланбақ-нанбақ]. Алтыншы: «Ізгілік – жауыздықты[ң] тағдырын Алла тағаладан!» – деп білмек, біліп нанбақ (инанбақ). Жетінші – көрден қайта тірілмегіне инанбақ.

Және сауал, әл идірлер сауал:

– Он екі парыз намазда дүр, нешелер дүр?

– Алтысы-сында дүр, алтысы шында дүр.

– Мәулітінде болған алты парыз нелер дүр?

– 1. Пәк су болмақ. 2. Пәк орын. 3. Пәк түн болмақ. 4. Уақыт білмек. 5. Құбыла танымақ. 6. Ниет қылмақ.

– Әмме ол ішінде болған алты парыз нелер дүр?

– 1. Тәкпір тынхырыма. 2. Қиям[ет]. 3. Қасірет. 4. Рікұғы. 5. Сәжде. 6. Қысырай ақыр, Құдай тышһир.

Және сауал, айдүрлар сауал:

– Үш парыз ғұслада дүр – не іслер дүр?

– 1. Әуелі ағызына (ауызына) су алмақ. 2. Мұрнына су алмақ. 3. барша тәніне су ер [і]штірмек.

Және сауал, айдүрлар сауал:

– Төрт парыз таһаратта дүр, не іслер дүр?

– 1. Әуелі жүзін жумақ, маңдай текіресінен иек астынаша [астына шейін] бірінші құлақ жұмсағынан, екінші құлақ жұмсағынаша [жұмсағына шейін]. 2. Екінші – екі қолын жумақ. – Тірсеклерге шей[ін]. 3. Үшінші – басының төрттен біріне мәсих қылмақ. 4. Төртінші – екі аяғын жумақ – тобықларғаша [тобықларға шейін].

Және сауал, сөйлер сауал:

– Төрт парыз тауымда (тасымда) дүр не ашылар дүр?

– Әуелі – ниет қылмақ, екінші – таза жүрмек, жынысын қас та қылмақ. Үшінші – екі қолын ұрмақ, жүзіне мысых (мәсих) қылмақ үшін. Төртінші – екі қолын ұрмақ, білеклеріне мысых қылмақ үшін.

Және сауал айдүрлар

Сауал:

Екі парыз (қарыз) мыриялымғыр оны айнала (айлана) ғиғаныл маңкөрте дүр не ашылар дүр?

– Әуелі ізгілікке бұйырмақ, екінші жауызлықтан қайтармақ. Және сауал айдүрлар. Сауал:

– Екі парыз хайыз (қайыр) айнала – паста дүр. Не ашлар (істер) дүр?

– Әуелі хайыз қылумен білмек. Хүкімлері әсле екінші нақасы (напасы) ғылымын білмеклері іслеу. Және сауал айдүрлар:

– Сабыр, парыз ғылымы істемекте дүр. Енді айқардашлай біліңдер. Уаға нулыңлар, үшбу қырық парыз баянланды. Барлық мүмин мүмина кім саналар? Өз арына лазым дүр. Жат (хат) білмек, біліп амал (ғамал) қылмақ. Оның үшін әркімге әр ғамал парыз дүр. Ғылым һәм парыз дүр. Әр амал уәжіп дүр. Ғылым һәм уәжіп дүр: шамасынан келгенін шауырына келтіріп, ғамал (амал) қыл, салар сауабы артық дүр.

(Үшбу қырық парызды – [19]51 жылы, 28 октябрь күні көшірін жазушы – Ақыш Мақашұлы. Оқығандар біз кәріпке дұға қылыңызлар. Тамам).

Пайғамбарлар туралы

Тарихларда айтады: Хазірет ғалайссаламның тұлпар[ы] Найын патшаның анасымен бірге туысқан сінлісі екен.

Зұрқарнайын патша өзінің досы – періштесіне айтты:

– Мен ұзын ғұмыр тілеймін. Себебі Алла тағалаға ғибадат құлшылық қылмақ үшін, – деді.

Сонда періште айтты:

– Егер ұзын ғұмыр тілейтін болсан, жер жүзінде түн бағында қараңғылықта бір шешма бар. Сол шешманың суын ішкен кісі ақыр заманға дейін ғұмыр сүрер, – деді.

Зұрқарнайын зұлмат жағын қараңғылыққа барып, ғайыл, хаят жағын, тіріклік шешмасын іздеді. Әмме Зұрқарнайынға несіп болмады, Хазірет ғалайссаламға несіп болды. Сол шешмада[н] ішіп, ақыр заманға дейін өлмейтін болды. Ілияс ғалияэссалам дайым ғибадат қылар еді. Бір күні Ғазірейіл ғалияэссалам жанын алуға келді. Ерса Ілияс ғалияэссалам қатты жылады.

Ғазірейіл ғалияэссалам айтты:

– Ай, Ілияс, Алла тәбәрік тағалаға баруға жылайсың ба? – деді.

Ілияс ғалияэссалам айтты:

– Жок, Лағын, өлсем, тағат, ғибадаттан мақрұм боламын. Менен басқалар ғибадат қылар, – деді.

Һәман сол сағат Хақ сұбхана тағала Ғазірейілге хытып қылды:

– Құлым Ілияс дұрыс айтар (істер): ол нәпсі рызлығы (ризалығы) үшін жыламас, мен оған ұзын ғұмыр бердім! – деді. Ғазірейіл ғалияэссалам ғайып болды.

Зікірия пайғамбардың баласы – Жақия пайғамбар Жағыны айтар: Алла тәбәрік тағала пайғамбарымыз Мұхаммед мұстафа салиолла ғалияэссаламға хабар беріп, сол замандағы ғымыранның қатыны айтты:

– Иа Раб[бым] (иа рыб), хақы қаттамен құрсағымда болған баланы азат қылдым. Ол баланы қабыл қыл! Хақиқатта сен сөзімді естушісің, ниетімді білушісің!

Хақ тағала:

– Ғымыран қатыны! – деп, зікір қылды.

Бұл Ғымыран Мұса ғалайссаламның әкесі Ғымыран емес. Ол Ғымыран – Башүрұғлы еді. Бұл Ғымыран – Масанұғлы еді.

Ғабдолла ибн Ғаббас рызаллағына айтар еді:

Мұса ғалайссаламның әкесі Ғымыран мен бұл Ғымыранның арасы 1800 жыл өтті.

Және Мұса ғалайссаламның әкесі Ғымыран мүшірік еді, бұл Ғымыран мүмин еді. Рауаят дүр: Ғымыранның қатынының есімі Хана еді. Хана қартайып, бала табатын жасынан өткен еді. Күнлерде бір күні Хана есігінің алдындағы бір ағаштың көлеңкесінде отыр еді. Ағаштың басына ұя салып, балапанына жем тасып, беріп жүрген бір құсты көріп, Хана бала тілеп, зарлық қылды. Анден (сонан) кейін бойына бала бітті. Және айтты:

– Егер балам болса, нәзір қылдым! Бетәлмұқадастың қызметі үшін, ол баланы азат қылдым! Бетәлмұқадасқа қызмет қылсын! – деді.

Ол уақытта баланы Бетәлмұқадасқа тапсырмақ мағмұр еді. Баланы тусымен, ешбіреу іздестірместен, құндақтап алсымен, Бетәлмұқадаста қызмет қылушы ғалымдар алып, тәрбие қылып, күтуші еді. Қызмет қылуға жарай бастағанда, Бетәлмұқадастың ішін сыпырып, кеш болғанда, шамын жағып, оқу жасына келген соң, ондағы ғалымдар таурат ғылымынан оқытып, ғылым үйретер еді. Балығы болғаннан соң, тәрбиеде болған балалардың өздеріне таңдатушы еді:

– Бетәлмұқадаста тұрасың ба? Жоқ, басқаша өз тұсында қызметке шығасың ба? – деп, тілесе, Бетәлмұқадаста тұрар еді. Тілемесе, өз бетінше шығар еді....

Хақ тағала әуез қылды:

– Жақау қайдасың? – деді.

Сонда Жа[қа]у анадан бір қай Ғали досы келді:

– Бар ісім жалаңашпын: ғауратымды жабарға еш нәрсем жоқ, – деді.

Хақ тағала айтты:

– Қате қылдың: сол себепті жалаңаш болдың. Ту[у] үшін адамды бұл пәлеге кіруіне себеп болдың. Оны да қайғылы жалаңаш қылдың! – деді.

Сонда Хауа ана айтты:

– Иа, Раббым, мақұлықтардан ешкім сенің әмимың бірле. «Жалған ант айтар!» – деп, ойламадым.

Алладан хат ап келді:

– Ай, Хауа, ұжмағымнан шық, сені 15 түрлі пәле бірлан мұқтила қылдым. Бұл күнәһиңның сұмдығы үшін де қияметкеше қызларың мұқтила болсын! – деді.

1. Хайыз танасы, қаны қызларыңа аманат.
2. Тоғыз ай бала көтеріп мехнат шексін.
3. Сол баланы табуда өлім мехнатын шексін!
4. Ғадет ғынатын шексін.
5. Ерлерінің хүкімінде болсын.
6. Талақ қылмақ ерінің хүкімінде болсын.

7. Мирастан кем болсын.
8. Күліктен (көліктен) кем болсын.
9. Ақылдан кем болсын.
10. Дінде кем болсын.
11. Сәлемде мақрұм болсын.
12. Жұма жамағат намазынан мақрұм болсын.
13. Пайғамбарлықтан мақрұм болсын.
14. Патшалықтан мақрұм қалсын.
15. Мүшіріклер, бірла соғыс қылмаққа мақрұм болсын! – деді.

Адам ғалиялсалам өтер уағында баласы Шишке бес түрлі өсиет тапсырған екен:

– Шиш, сен менің осы тапсырған бес өсиетім бірлан ғамал қыл! – деді. – Һәм және балаларыңа да осы менің өзіңе тапсырған бес өсиетімді сен де айт, өсиет қыл:

– Дүниеге көңіліңді қойма.

Мен жұмаққа (ұжмаққа) көңіл қойдым, ақырында машақат көрдім.

– Әр істің ақырын ойла. Мен ісімнің ақырын ойламағандықтан, бұл халға кіріптар болдым.

– Қатын тілін алма, сөзіне ерме. Мен қатын тілін аламын деп, әр түрлі машақатқа түстім.

– Әр істі істерінде кеңес ет. Мен бидайды асарда періштелерге кеңессем, бұл пәлеге түспес едім.

– Әр істі істемекші болсаң, бейсауыл істі істеме! Мен бидай ағашына жақындап барғанда, көңілім әр тарапқа көшті, ішім пысты, бидай асадым, жұмақтан шықтым, – деді...

... Алпыс бес жасында Аруха есімлі қатын алды. Одан дүниеге бір ер бала келді, атын Матушах қойды. «Матушах» мағынасы шатхирам мағынасында. Хазірет Мұхаммед мұстафа салиалла-ғалиялсаламның нұры Матушахқа көшті. Матушах жүз сексен (180) жасында Ғария есімлі қатын алды. Одан бір бала туды, атын Ламак қойды. «Ламак» – деген сөздің мағынасы – «ұлық» – деген мағынада. Бұлар[ды] пайғамбар нұрламаққа көшті.

Матушах 969 жасында қайтыс болды. Ламак 82 жасында Қайныш есімлі қатын алды. Онан Нух ғалайссалам туды.

Нухтан үш бала қалды: 1. Хам, 2. Жапаш, 3. Сам. Нух пайғамбар барлық жерді үш баласына бөліп берді. Шам шаһарын, Ғараб (араб) сахараларын, Харсан, Қарыс жұрттарын – Самға берді. Күн – батыстағы һүндістан, Хабыш, Зеңгілер жұртын – Хамға берді. Шын, Машын, Түркістанды – Жапашқа берді.

Ал, араб, рум, парсылар жердің орталығында болған халықтар-Самның нәсілінен тараған халық. Түрік, Қоқан, Жажұм, Мажұм, Қытай – Жапаштан тар[а]ған. Ал, қара халық: һүнді, зеңгі, хабыш, Судан халқы Хамның нәсілінен тараған.

Сам Нух пайғамбар өлген соң, Тайсы есімлі қатын алды. Тайсы – жұрт асқан көркем еді. Тайсы хамдік (хамла) болды: дүниеге бірер бала келді. Атын «Арабхадша» – қойды. Сам 500 жыл ғұмыр сүрді, ақыретке көшті. Арабхадша Маржана есімлі қатын алды. Пайғамбар нұры Маржанаға көшті. Маржанадан бір бала дүниеге келді, нұр балаға көшті, атын һуд қойды: «Ғибраты тілінде ғыбыды жағыны ғибадат қылушы» – демек мағынасында. Бес пайғамбар арабтан кел-мек дүр.

1. һуд

2. Салых

3. Шұғайып

4. Смағұл

5. Мұхаммед мұстафа салиалла ғалайссалам.

Ысқақ пайғамбардан Ғайсу туды. Ғайсудан Рум туды. Румнан Руха туды. Рухадан Мағсу ту[ды]. Иғқұп (Жақып) пайғамбардан Лаусия туды. Лаусиядан Риан туды. Рианнан Иасмұр туды. Иасмұрдан Ғымыран туды. Ғымыраннан: Мұса, һарон туды.

Хызыр (Қызыр) ғалияәссаламның аты Балия еді, әкесінің аты Мәләкән еді.

Асмамблияны «Хызыр» деп атады: әр басқан ізі көгеріп, жасылданып қалған себепті. Және дүниенің ақырына дейін ауырмай ғұмыр сүргені үшін, Хызыр мен Зұлқарнайынның шешесі бір туысқан еді.

Байтол Мұқадаста Мата есімлі бір ғыбды бар еді. Осы Матаның бір баласы болды, аты «Жүніс» еді. Жүніс пайғамбардың екі баласы болды: 1. Сана, 2. Шандан.

Жүніске бірінші кез болған ғыбдының аты – Ғамам еді. Екінші ғыбдының аты – Ғамад. Үшін[ші] ғыбды – Салих, төртінші ғыбды –

Ғабдірахман. Барлық пірлердің үлкені – Жамал есімлі ғыбды еді. Бұл Жамал Адам ғалайссаламнан бұрын дүниеге келді – (4000 жыл [бұрын]). Мұнда ғибадат қылды, асла [әсте] ғибадаттан бос болған жоқ.

– Қашан ақыр заманның пайғамбары заһыр болса, соған барғай! Аның (оның) шаригаты бірлан шағбат қылып, дүниеден өткей! – деді.

Жүністі жұтқан балықтың аты «Залуха» еді. Жүніс ғалайссаламның балықтың қарнында жатқанында атқан таспиғым бес. «...» – деп, таспих айтқан екен.

Лұқманның әкесі – Бағұр. Бағұрдың әкесі – Азар. Бұл Азардың шешесі Айып (Аюб) пайғамбардың қарындасынан туған жиені еді. Лұқман ғалайссаламның үш ұлы бар еді: 1. Анғам, 2. Ашкам, 3. Масан еді.

Смағұл пайғамбардың баласы – Қайдар. Мұның шешесінің аты – Ғалде (һалде) еді. Смағұл ғалайссалам өлген соң, Хайдар – Ысқақ пайғамбардың баласынан жүз қызын алды. Бірақ ешбірінен бала тумады. Ақырында Құдайға мінажат, зарлық қылып, жүз қойды құрбан қылып шалып, түсінде: «Ғазыра есімлі қатын ал!» – деп аян берді. Ғазыра арабтан банижыр ғалым Құблайыстың патшасының қызы еді. Хайдардың жүзінде Мұхаммед салиалла ғалайссаламның нұры болғандықтан, патшаның қызы болса да, неке қылынуын тіленіп, некахланған еді. Онан соң пайғамбардың нұры Ғазырға көшті. Ғазырдан бір ұл туды, атын Хамил қойды. Пайғамбардың нұры Хамилға көшті.

Лұт пайғамбар әкесі Ибраһим пайғамбардың әкесімен бірге туысқан екен...

Жиренше шешен әңгімелері

Ұста тұспалы және Жиренше (екінші нұсқа)

Өз Жәнібек алпыс уәзірімен бір жақтан келе жатса, бір ұста ағаш үй салып жатыр екен.

– Ұстам, күнде табатының не? – дейді.

Ұста:

– Күніме төрт алтын аламын, – дейді.

Хан:

– Осынша табыспен байымай жүрген не еткен қусың? – дейді.

Ұста:

– Тақсыр, табысымды төртке бөлемін. Бірін борышқа беремін, бірін қарызға беремін, бірін суға тастаймын. Бірі өзімнің қажетіме мүкі-тақы зорға жарайды. Енді неменемді жинап байыйын? – деді.

Өз Жәнібек қасындағыларынан сұрады:

– Мына ұстаның не айтқанына түсіндіңдер ме? – дейді.

– Жоқ! Жоқ! Сізден асып, біз не білеміз? – дейді.

– Енді осыны аттан түспей барып, Жиреншеден сұрайық: таратып, орнын тауып берсе, сонда да: «Өзгемізден соны артық көресің!» – деп, өкпелейсіңдер ме? – дейді.

– Жоқ, өкпелемейік, – дейді.

Жиренше шешенге келді:

– Шешен қайда? – десті.

– Үйдемін, тақсыр, – деп, жүгіріп шықты.

Хан:

– Біз бүгін үй салып жатқан ұстаға жолығып: «Ақыңа не ала-сың?» – деп едік. «Ақыма күніне төрт алтын аламын» – деді. «Мұнымен қалай байымай жүрсің?» – дегенімізде: – «Алғанымды төртке бөлемін. Бірін борышқа беремін, бірін – қарызға беремін, бірін суға тастаймын. Біреуін-ақ қажетіме ұстаймын» – дейді. Біз не дегеніне түсіне алмадық. Осының сөзін орындастырып берші! – дейді.

Жиренше:

– Таксыр, ол ұстаның кемпір-шал болған әке-шешесі бар екен. [Бұрын олар мұны] асырап, сақтады. Енді қартайған әке-шешесін асырап сақтау – бұған борыш. Әке-шешесіне ішкізіп-жегізгені – «борышқа бергені» – сол. Еркек балаларына ішкізіп-жегізгені – қарызға берген есепті. Бүгін бұл асыраса, ертең – мұнан дәрмен кеткенде, олар асырап-сақтауға борышты. Бой жеткен қыз жасап отыр екен. «Қызға істеген жасау суға тастағанмен бірдей». Солай болатындығы үшін бұрынғылар: «Қыз ұзатқан – қырғыз шапқан есепті» – деген екен.

Өтірік пен шынның арасы (екінші нұсқа)

Әз Жәнібек хан қырық уәзіріп жиып:

– Маған «Өтірік пен шынның арасы немен айырылады?» – соны тауып беріп, қалағандарыңды алыңдар. Болмаса, бастарыңды аламын, – депті. – Менің мақсатым сендерді өлтіру емес, сынау. «Қырық кісінің ақылы // Ханда болар, жар-жар!» – деп өлең айтады. Сендер ақылды болсаң, әрқайсыңнан бір ақыл, бір білім үйрену үшін, мен ақылды болмақпын. Сендерде ақыл жоқ болса, онда мен не болмақпын?! Ойланып, кеңесіп табуыңа бас-басыңа қырық күннен кеңшілік бердім, – деп, тарқатты дейді.

Сонда Жиреншенің жас бала күні екен. «Бас қосылған жерде не сөйленер екен?» – деп, тыншылыққа барған екен. Мұны естіп, қайтқан соң, Жиренше: «Біреу білмегенді біреу біледі. «Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі» – деген бар еді ғой. «Қыдырып көрейін» – деп, осыны іздеп, кезіп жүре беріпті. Қорғаны бар, қақпалы бір шаһарға кез келді. Кіріп келе жатса, «ер қаруы бес қару» бойында, найзасын жерге таянып, қақпаның ішкі (екі) жағында біреу тұр екен де, [оған] қақпадан кірген-шыққанның бәрі сәлем беріп, өте береді екен. Жиренше сәлем бермей, керек те қылмай, өте беріпті. Сонда шіренін тұрған мырза:

– Ай, қарсы алдыңда тұрған мені көрмей, сәлем бермей, қайда барасың?! – дейді.

Жиренше:

– Жауға найза тіреуге жайыңның жоктығын найзанды жерге тіреп тұрғаныңнан білдім. Біріміз атты, біріміз жаяу, сәлеміміз келісе ме? – деп, жүре жауап берді.

– Мырза, бұл шаһарды бұрын келіп көрмеген, мән-жайын естіп білмеген жан екенсің. Артыма мінгес, біздікіне мейман бол, – дейді.

Жиренше:

– Ат көтіне салып, ауылыңа алып баратын мен жаудан түскен, «басы шайыр, арты айыр» – олжаң емесің ғой! Жаяу-ақ барып қонайын. Жұр, үйіңе баста, – дейді.

Ол – атты, бұл – жаяу – үйіне ертіп келді, қонакүйіне кіргізді, артықша құрметтеді. Ас ішіп болған соң, мырза келіп:

– Қонағым, әңгіме айт, – дейді.

– Біріміз – бүтін, біріміз – жарты: әңгімеміз келісе ме? – дейді. Мырза ұялып, тұра жөнелінті. Сөйтсе, ол өзі сол шаһардың патшасының қызы екен. Әкесінен рұқсат алып: «Еркек киімін киінін, қақпаның алдында тұрып, келген-кеткенді сынаймын. Сыныма келген жанға тиемін» – деп, тұрған екен.

Жиренше ол мырзаның әйел екенін айтпай танып, сұрамай білген соң, ұялып, тұра жөнелгені сол екен. Таң атқан соң, әкесіне кісі салдырыпты: «Теңім кез келді. Мені осыған берсін!» – деп.

Әкесі мақұл көріп, қызын Жиреншеге некелеп қосыпты. Жиреншенің аяулы, данышпан қатыны осы екен. Жайланған соң, Жиренше:

– Қайтамын, – дейді.

– Сіз неге қайтасыз? Әкемнің менен басқа ұлы да, қызы да жоқ. Енді не іздейсіз? Әкем олай-былай болса, осы дәулетке кім ие болады? «Есіктен табылса, төрге озба» – деген бар емес пе?! – дейді.

Жиренше:

– Қайтатұғынымның мәнісі бар. Өз Жәнібек деген ханымыз қырық уәзіріне: «Өтірік пен шынның арасын айырып беріңдер!» – деп еді де, мен: «Соны білуші бар ма екен?» – деп, іздеп шығып едім, – деген соң, қатыны:

– Болмашы нәрсенің өзі керек қылып іздеушіге әлдеқандай қиындап кетеді екен-ау! – деп күліңгі. – Өтірік пен шынның арасы бір-ақ тұтам жер емес пе?! Бұрынғылар айтпаушы ма еді: «Өтіріктің түбі – бір-ақ тұтам» – деп. [Оның мәнісі]: құлақпен естіген өтірік

емес пе? Құлақ пен көздің арасы бір-ақ тұтам жер емес пе?! «Көзбен көрген – анық, // Құлақпен естіген – танық» демей ме, – дейді.

– Бәрекелді, іздеген жоғым табылды. Енді мен мұны барып, Әз Жәнібекке есіттірмесем, қырық уәзірін жоқ жерде өлтіріп тастайды ғой. Солардың ажалына ара тұрсам, тіршілігімнен зор пайда тапқаным ғой! – деп, ыңғайланғанын білген соң, қыз атасына кісі салдырыпты:

– Жатжұрттыққа жаралған әйел, міне! Күйеуім: «Ел жұртыма қайтамын!» – дейді. Мені қалдырмасын, ұзатсын! – деп.

Атасы қызының айтқанын мақұл көріп, қызын ұзатып, қырық уәзірін қосыпты:

– Қызымды берген күйеудің жері қандай, суы қандай екен? Алып барып, салып, көріп келіндер! – деп.

Бұл ханның елінен шыққан соң, Жиренше шешен:

– Мен ілгері ұзап барып, ел-жұрттың аман-жаманын білейін, – деп, жалғыз жүріп кетіп, еліне келсе, Әз Жәнібек дәл сол күні қырық уәзірін жиып:

– Таптыңдар ма? – деп сұрап, олар таба алмай, бәрін өлтіртейін деп тұрғанның үстіне тұра келіп:

– Тақсыр, бұларды өлтірмейтін болсаңыз, керек қылған сөзіңізді мен айтып берейін! – деп, үйренген сөзді бастан-аяқ түсіріп айтқан соң, хан риза болып:

– Маған уәзір болуға сен лайық екенсін! – деп, өзінен соңғы бір деген бас уәзір сайлап, көп сый беріпті.

Жиренше:

– Тақсыр, арыз, – депті.

– Айт, – депті.

– Мен сондай жат жұртқа барып, бір ханның қызын алып, ол хан қырық уәзірін қосып еді: «Алып барып, [шығарып] салып, жерсуын көріп қайтыңдар!» – деп. Олар жолда көшіп келе жатыр, мен сізді көрейін деп, озып келіп едім. Не ойменен қосқанын кім біледі? Достықпен қосқан болса, жолынан қалдырмайық. Дұшпандықпен қосқан болса, сыр алдырмайық. Жолаушыларды орта жолдан қайырып жіберсек екен! – деген соң, Әз Жәнібек хан қырық уәзірін қосып:

– Қазынадан көп сый апарып беріп, қонақтарын қайырыңдар! – деді.

Жириенше алдынан барып, ханның сыйларын бергеннен кейін, олар да: «Түзде бізді мынадай қылып жөнелтті. Үйіне барсақ, бұдан да артық сый көретін едік. Күйеуіміз бай, уәзір екен! – деп, риза болып қайтыпты.

Жириенше мен бөтен жұрт әйелі

Бір күні Жириенше бір жақтан келе жатса, бір бөтен көрмеген жұрттың бір кісісі – мұрыны бөздей (біздей), көзі тұздай, беті сойқы ұшыраса кетті. Жириенше кеміту үшін:

– Ей, сен мұрының бөздей, көзің тұздай, бетің қырдай – қай жұрттың сұмпайысың? – дейді.

Онда ол айтты:

– Мұрным бөздей болса, бөзбен тігіп, дүние жұмысының бәрі бүтінделеді. Көзім тұздай болса, дүниедегі тамақтың бәрінің дәмі тұзсыз дәнемеге тұрмайды. Бетім қырдай болса, қырға шықса, кімнің көңілі көтерілмейді?

Дәнеме тауып айта алмай ұялғандықтан, түсі жап-жаман болып, үйіне кіріп келгенде, қатыны ұшып тұра келіп (түрегеліп):

– Шешен, немене, біреудің тілі тиді ме? Біреудің үні тиді ме? – деген соң, көрген-білген, естігенін қатынына айтты.

– Уай, ол орыс жұртының жансызы екен, өзі әйел екен. Ұрғашысыз дүние дүние болып, орынға тұра ма? Ұрғашысыз еркектің күні – тұзсыз тамақ сықылды емес пе? «Ұрғашының үсті қырдың басы сықылды. Көңіл көтеретін онан артық не бар?» – дегені. «Еркектің қайраты қолында, әйелдікі – аузында» – деген[і] – аузын осыртқаны, әйел болғаны. Осы уақытта Әз Жәнібекке барып, аузын ашырмай, аяғын бастырмай отырған шығар. «Орыстың әйелі штан кимейді» – дейтін. Жылдам бара гөр: «Сені кетіп қалған шығар» – десем, әлі отырмысың? Көтіңді ашайын ба?» – де. Сасқанынан сөзге келмей, ұшып тұра келер, – дейді.

Жириенше Әз Жәнібектің ордасына кіріп барса, қатынының айтқанындай, ханды сөзден ұтып отыр екен. Кіріп барған Жириеншеге жалт қарағанда:

– Манағымысың, әлі мұнда отыр ма ең? Көтіңді ашайын ба? – дегенде, ұшып түрегелді дейді.

– Бұл жұрттың ақылы ханда екен. Хан ақылы қарашасында екен. Қарашасының ақылы қатында екен. Болмас, болмас! – деп, артына қарауға шамасы болмай жүре берінті.

Мәшһүр-Жүсіптің «Мифраж» дастаны (төртінші нұсқа)

... Алдымнан жетін келді бір келіншек [1]:

– Жібермес едік, дейді – сені білсек.

– Шаршайсың бұ жолыңнан, барма [2] – дейді.

Болмадым, тілін алып, мен еріншек.

Тыңдамай сөзін оның жүре бердім,

Алдымда Жебірейіл бар, соған ердім.

Бисмилланың мимінде кеш пе, ерте ме [3],

Алдына мешіт Акса жетіп келдім.

Пырақты байлай тастап, үйге кірдім,

Ішіпе Құдыс шәріп [4] сәлем бердім.

– Әлгі келе жатқанда, дауыстаған,

Оңымнан һәм сол менен ол кім? – дедім[5].

– Дауысқа оңнан келген[6] қылайын кеп,

Қолдады осы жолда Құдайың, – деп.

– Қарасың сен егер [7] де ол дауысқа

Қалады тамам үмбет насара [8] боп.

Дауысқа оңнан келген қайрылмадың,

Үмбеттен, бәрекелді, айрылмадың.

Қарасаң, үмбет жөһит болар еді,

Қайырылып, көңілін оның жай қымадың.

– Алдымнан келген қатын, ол кім? – дейді,

– Ол – дүние, бәрекелді, білдің, – дейді.

– Сөзіне алданбадың, ұйымадың,

Құп жақсы, бәрекелді, қылдың! – дейді.

Ап келді екі кесе маған шарап,
Шараптың біреуі – сүт, бірі – арақ,
Арақты ішпей, сүтті іштім сол арада,
Түсіне екеуінің қарап-қарап.

– Сүтті іштің, бәрекелді, тәуір танып,
Тозаққа күймес енді үмбет жанып.
Арақты ішсен, ғасы боп махшар күнде
Үмбетің жүрер еді назаланып [9].

Құдыста жан-жануар [10] бәрі келді,
Әнбия, мұрсалдардың жаны келді.
Бұ не түн, қыдыр түн бе, бір айт па,
Сәруары [11] екі дүние ханы келді.

Алдынан пайғамбардың шықты бәрі,
Бұрынғы өңшең өткен мұрсал наби.
Сол жерде екі ракағат намаз оқып,
Бәрінің тақсыр расул болды имамы.

Ол жерде сәлем берген [12] ислам мен дін,
Жеті көк жұмақ (ұжмақ), тамұк һәфт зәмин [13].
Харамнан ол Ақсаға барған жерін,
Нанбасаң, аятпенен көрсетейін.

... һәм Ақсадан жоғары алып кетті,
Соған шейін ол пырақ қызмет етті [14].
«Миғраж! – деген жарық нұр пайда болып,
Сонымен Мұхаммедті аспанға елітті.

Жебірейіл айғайлайды:

– Аш, – деп, – есік!
– Сені[мен] кім келді, – деп, серіктесіп?
– Мұхаммед келді, – дейді – бізбен бір[ге],
Сол жерде сәлем бердім, ашып есік.

– Мұстафа, үмбеті хақ, Мұхаммед,
Болайық, жазса Құдай, біздерде әдет (үміт),
Ашылды әуелгі есік аспан төрі [15],
Тұр екен Адам ата күтіп құрмет.

Сол жерде мен Адамға сәлем бердім,
Кісі екен ұзын бойлы, жүзі көркем [16],
– Ғаламнан асқан балам, қош келіпсіз [17], –
Токталмай [18], өтіп онан жүре бердім.

Екінші және жүрдік [19] бізлер көкке,
Тұр екен жақсы Ғайса сонда текке.
Үстіне Исафилдің [20] мініп алып,
Тағы да бет қойдық біз жөнелмекке.

Бесінші [төртінші] көкке тағы жетіп қалдық,
Тұр екен Иосиф (Жүсіп), Ыдырыс, хабар алдық.
Бесіншіде жолықтық біз һарұнға,
Алтыншыда Мұсаға және бардық.

Жылады бізді көріп Мұса нәби:
– Көрмей ме көзі сондай туса бәни?!
Соң қылып бәрімізден шығарса да,
Оң қылып, абзал қылған Тәңірім сені!

Мұхаммед, үмбетің көп, уайымың жоқ!
Мен айттым:

– Деме, тақсыр, бұлайша! – деп,
Үстіне Жебірейілдің мінгенімде,
Көріңді анық болып жетінші көк.

Есік ашты, мен барып [21] тура кірдім,
Нәби бар ол Ибраһимге сәлем бердім.
– Қош келдің, жаннат асқан [22] балам! – дейді.
Сиратул Мұнтаһаға [23] жетіп келдім.

Жемісі, жапырағы, – бәрі де зор,
Төрт өзен сонан аққан бір сағым [24] нұр.
Екеуі сарқырайды онан ағып,
Екеуі қалай аққан, білінбей тұр.

Сарқырап екі бұлақ ағады, біл,
Болғанда бір – Пырат, біреуі – Ніл.
Екеуі ол ұжмаққа барып құяр,
Болғанда бірі – Жайхун, біреуі – Сыр.

Болғанда Палак даһа [25], періште – құл,
Бәрі де қызметінде қусырған қол.
Сыдыраға [26] барған шақта келді төсек,
Өзі – алтын, түсі кызыл – сипаты бұл ...

Жебірейіл енді кейін қала берді,
Жүре алмасын мұнан әрі (арай) енді білді.
«Шын жаяу қалғаным ба?!» – дегенінде,
Сұнды иін, иінін тосып, ала берді.

Іінге қуанғаннан сонда міндім,
Жебірейіл кейін қалды, жаңа көрдім [27],
Алты жүз қанаты бар, бәрісі – зор (нұр),
Өзінің сипатын да сонда көрдім [28].

– Жебірейілден бөлек қалма, – дейді,
– Ай, тақсыр, бізді ауызға алма! – дейді.
– Қанатым күйер, мұнан артық жүрсем,
Бар, тақсыр, талабыңнан қалма, – дейді.

«Мен еліттім Мұхаммедті!» [29] – деген екен,
Құдайым сол ниетін білген екен.
Сол түнде хазірет расул пайғамбарым
Үстіне бес нәрсенің мінген екен.

Бірі – пырақ, біреуі – Миғраж нұры,
Біреуі – төрт періште: дүние гүлі.
Бірі – төсек, біреуі – жасыл иін,
Қонаққа осылайша барған жері.

Тамаша көп көргені жолда қалды,
Жүре алмай Жебірейіл онда қалды.
Ғаршы, Күрсі, Лаухидан лақазда өтіп [30],
Құданың құдіретіне жақын барды.

Әр жерде бас та қалды, аяқ қалды,
Бір жерде кебіс қалды, таяқ қалды.
Пердеден жетпіс қабат, тегіс [31] өтіп,
Құданың құдіретіне таяп барды.

Ғаламның он сегіз мың бәрін басты,
Неше мың мақамлардан жоғары асты.
Мысалы жайдың екі тұтқасындай,
Бәлки онан жақынырақ жақындасты.

Аят бар: «Сумма дана фатад Аллаһу,
Факан[а] каба хаусани һәм ауадна».
Неміз [бар] біздің мұнан әрі барар?
Кітаптан айтқан жерін тыңда, сана (шана).

Сол жолда бір жолбарыс көрген екен,
Қорыққаннан, сақинасын берген екен.
Жерлерге нехаяты аяқ басып,
Құдайдың қонақ үйіне келген екен.

Ішінде қонақүйдің шымылдық бар,
Жайылған түрлі-түрлі дастарқандар.
«Әт тахияту лиллаһи уас салауату уаят тайбат» [32],
– Деп хаққа сәлем берген, ай, жарандар!

Сәлемін алған құдай сонда тыңлап:
«Ассалему [33] ғалайкиһа [34], әл нәби!» – деп.
Тағы да Рахматулла [35] береке [іс]те,
Бәрі де болсын саған хисап[сыз] көп.

– Құдайдың бұл сәлемі қиын, – дейді.
– Алмайын өзім жалғыз мұны! – дейді.
– Алсалам Ғалнына, иа Раббым хақ,
Тағы да ізгі құлдарға болсын! – дейді.

– Жалғыздық, жалғыз Алла, саған жарар,
Пайғамбар екі құлды қосаққа алар.
«Ат қосақсыз жүгірмес» – деген мақал,
Шаһадат берген сонда періштелер...

Же[р] тағам, әзір қылып, қойған арнап,
Отырды сұнбай қолын, біраз барлап.
Ішінен шымылдықтың бір қол шығып,
Тағамды:

– Бисмилла! – деп, қойды жайлап.

Майсыз шам жарық болып, жағулы тұр,
Табакқа күміс қасық малулы тұр.
Манағы жолда қалған сакинасы
Қараса, әлгі колда салулы тұр.

Пайғамбар мұны көріп, ғажаптанған,
Әлгі қол тағам жейді дастарқаннан.
– Әмірді пенделерің алды ма құп,
Болды ма, иа болмаса, сөзің жалған?!

Пайғамбар сонда тиеп [не деп] жауап айтты:
– Келтірді пенделерің шаһадатты.
«Самиғна уа атағна» [36], – дейді бәрі
– Жарылқа күнәларын сен! – деп айтты.

– Раббана уа ла тахмил ғалайна асра[н][37],
Бұрынғы үмбетлердік қылмағыл сен!
Нәрсеге шама келмес һәм күштеме,
Қажет бір дәрғаһыңнан сұраймын мен.

Ғапу қыл, жарылқағыл күнәһымды,
Қабыл [қыл] дәрғаһыңда бұл ақылды (алһымны).
Тозақтың отын суыт үмбетіме,
Сақтадың нешік оттан Ибраһимді.

Топаннан Нух нәби[ге] бердің ныжат,
Қабыл қылса үмбетім, көп мінажат.
Үстінен қыл көпірдің кеме бергіл,
Өтегіл егер бізден болса қажет.

Көк кошқар Смағұлға құрбан бердің,
Жүністі үш зұлматтан халас қылдың.
Иүсіпке құдық ішін бостан қылып,
Ғайсаға «Інжіл» атты кітап бердің.

Мұсаға «Таурат» бердің, маған қайда?
Жел мен суды билеттін Сүлейменге.
Дәуітке «Забур» бердің – үлкен кітап,
Аюпқа сәлеметлік бердің пайда.

Адамға жаннат, ғылым, аят бердің,
Хызырға өлмес абхият бердің.
Не бердің маған сондай, иа, Илаһим [38]?
Қарным аш, құдіретіңе тоймай келдім.

– Адамға жаннат берсем, шығардым тез,
Бір ауыз үмбетіңе демеймін сөз.
Үмбетің кең дүниеде күнә қылса,
Кешіріп, біз жаннатқа кіргізерміз...

Көк қошқар Смағұлға берген болсам,
Мен оны құрбан беріп қойған болсам,
Жолында үмбетіңнің қада (пида) қылып,
Иһөд насараны құрбан қылсам.

Жиылар барша үмбетің жасыл туға [39],
Басшы боп қиямет күн қалың нуға.
Маңдайы тиген жерді көпір қылдым,
Үстінен тар сираттың жас пен қуға.

Жүністі халас қылсам үш зұлматтан,
Балық дария қараңғы түнде жатқан.
Үмбетіңді үш [жерде] сақтайын да,
Қабірде, қияметте һәм сираттан.

Қызырға берген болсам мәңгі суын,
Көтерер үмбетіңнің ол һәм туын.
Мұхаммед, үмбетің[е] махшар күні
Салсабил, ішкізейін, жұмақ суын.

Мұсамен сөйлесем, Тұр (Тор) тауында,
Сенімен сөйлестім Нұр тауында.
Таурат ахон (үшін) Аятіл күрсі бердім,
Оқыса, болар пайда көп қауымға

Файсаға «Інжіл» берсем, сенде жоқ па?!
Інжілден сүре ықыласы кем болып па?!
Дәуітке «Забур» берсем, саған «Ясин»,
Ясинге басқа кітап тең болып па ?!

... Не Інжіл, не Тәурат, Забурде жок,
Жын-пері Сүлейменге қараса көп.
Періште қызметіңе тұрмады ма,
Солардан калған-[а]қ па осал болып?!

– Иа, Раббы, ризамын бердің бәрін,
Атың бар: Ғафур, Рақым және Кәрім.
Болмаса бір өзіңнен жарылқасын,
Әйтеуір күнәсы көп пенделерің [40].

Арамыз алыстамас, жақындасар,
Құр қалмас арамызда кәріп-қасер.
Жаратқан, тамаша қыл, ғаламымды,
Болсын да бір аз ғана көңіл ашар.

Сол жерде Құдіретпен шын сөйлескен,
Құдайға онан [басқа] кім сөйлескен?!
Айтайын қайсыбіріп мен бейшара,
Тоғыз жүз және тоқсан мың [41] сөйлескен.

Қылады ал, тамаша Жаратқанын,
Қылар ма, сірә, екі оның айтқанын?!
Бәрі бірдей қағазға сыя бермес,
Тағы баян қылайын бір айтқанын.

– Ғарышта аяқ басып жүргенімде,
Алладан пырақ келіп, мінгенімде,
Кілтлі бір үй көрдім сондай үлкен,
Балқыды өне бойым көргенімде.

Сол үйдің іші де асыл, тысы да асыл,
Құбылып көрінеді[42] қызыл-жасыл.
Құданың еш мүлкіне кілт жоқ еді,
Бұл үйде болар ма екен мақсат хасыл?!

– Кілт болса, ашып ішін көрейін, – деп,
– Не барын тамаша етіп [43] білейін! – деп.
– Ла илаһа иа Алла, Мұхаммед – расул Алла! – десең,
[Ашылар, калиманы айтыңыз көп].

Есітіп бұл калиманы, аузыма алдым,
Ашылды, әлгі есікке көзім салдым [44].
Қарасам, үйдің іші – жейхун (жойқын) дария,
– Иа, Раббы, бұ қалай? – деп, ғажапландым.

Дүниеден үлкенлігі итміш (жетпіс) есе,
Қанарсын, ішсең сонан жалғыз кесе.
Құдайдың жарлығына мінкір с[а]лып [45],
Күнәкар болар, егер: «осал» – десе.

Ішінде сол дарияның жалғыз ағаш,
Жапырағы, бұтағы жоқ [46], жап-жалаңаш.
Басында сол ағаштың бір құс отыр,
Не торғай, не жарқанат, не қарлығаш.

Бітеді жусан жерге ащы созаң,
Торғайдың тұмсығында зарре [47] тозаң.
Дария үлкен бе, иа ағаш, иа құс зор ма,
Тозаң ба үлкен бе екен, хатқа сызам.

– Мұхаммед, не тамаша көрдің мұнан?
– Рахметім (рақметім) – дариямның мынау тұрған.
Дүние[де] тұр алды-арты жоқ жалғыз ағаш,
Барлығы үмбетімнің бір құс болған.

Оның барлық күнәсы тозаңдай-ды,
Әр нәрсе бұйырғаннан оза алмайды.
Қайсысы көп: рахмет көп пе, иа күнә ме,
Бұл жерде енді ақылшы сөз аңдайды.

Рахмет дария болғанда, дүние – ағаш,
Үмбет – бір құс мысалы тұрған жанас.
Бір зәредей қасында болса күнә,
Көрген соң көп рахметті, қарыным аш.

– Аңдағыл, иа Мұхаммед, мұны, – депті,
– Жаратқан бар мүлкімнен рахмет көп-ті.
«Ла илаһа, илла Алла!» – деген жанды
Ішіне жеті тозақ [48] салман! – депті.

– Бес намаз, ораза, зекет пен қажы,
Оқырсың өзін үшін нәпіл [49] намаз.
Ассалам: неше түрлі аят ахпар,
Үмбетке қалсын ғибрат, қағазға жаз.

Аралап сегіз пейіш, бәрін көрген,
Бәріне назар салмай, өте берген.
Хор қызы ғылман ұлдан [50] зейнетленін,
Әрқайсы неше түрлі түрге кірген.

Біріне хақ найғамбар көз салмайды,
Менсініп назарына бір алмайды.
– Бір арыз, тақсыр, сізге айталық біз,
Құдайым бақытымызды оңғармады.

Кеттіңіз бірімізге назар салмай,
Жақсы ма үмбеттерің әлдеқандай?!
Бізлерді біреуіне бағышлаңыз,
Біздер де қуанайық намард [51] қалмай.

Пайғамбар бір сағатта миғраж асқан,
Пырақ бар алты айшылық [52] жолды басқан.
Сиратіл[ге] барған шақта пайғамбарым,
Бір дауыс естілді тау мен тастан.

Көк күркіреп, жеті жер теңселді көп,
Аспанда періштелер шулаған кеп [53].
– Япыр-ай, жер жүзіне не болады?! – деп,
Шошыпты пайғамбарым:
– Немене?! [54] – деп.

Көңілде «Алла!» – деген – хошы деген,
Жебірейіл пайғамбарға хабар берген.
– Құптанның азаны үшін келді Біләл,
Дауысы кебісінің – осы! – деген.

... Көңіліне ол Біләлді сүйіп алған,
Бұ сөзім кітапта бар, емес жалған.
– Біләлге бағышладым сізлерді! – деп,
Хорларға пайғамбарым айта салған.

Сонда хорлар не дейді бұ қорлыққа:
– Атар таң, шығар күн жоқ біз мұңлыққа!
Қазанның күйесіндей Біләліңіз,
Қойсаңшы, онан басқа үмбет жоқ па?!

Пайғамбар тоқталмайды қыз сөзінен:
– Әркімнің, жаман болса, кінә өзінен.
Сыртынан билеп оны айта салдым,
Сұрайын мен Біләлдің дәл өзінен.

Ашылды сегіз пейіш аспан төрі,
Түсіпті Мұхаммедтің жерге нұры:
– Бір жұмыс саған орын даяр таптым,
Иа, Біләл, басың көтер, қара бері!

Алдайтын адамзатты қу тіл екен,
Белгісіз көрінбейтін [55] су түбі, – екен.
Құптанның жаңа азанын айтып болып,
Сол Біләл бата қылып отыр екен.

Қарады жоғарыға көзін ашып,
– Иа, Біләл, хор қызы тұр саған ғашық.
Қайтесің: аласың ба, қоясың ба?
Мен тұрмын сенің үшін саудаласып.
– Біткен жоқ [56], тақсыр, сөзің еркін, – депті,
– Хор қызы кімге, шіркін, дәрі! – депті.
– Оныма сахарадағы «Біреу» [57] – деген,
Алмаймын сегіз ұрмақ мүлкін! – депті.

– Жігіттер, бар ма жақсы бұл қалыпты?!
Есітіп хор қызлары ұялыпты.
Қиямет қайымғаша ғашық болып,
Таласып хор қыздары құр қалыпты.

Адам жоқ бұ дүниеде Біләлге тең,
Құдайдың күдіреті көп, рахметі кең.
Таласып қиямет күн хор қызлары [58],
Қылады сол қарасын бетіне мең.

Балшыкшы құс жаманы шағала-ды,
Баласын алам десе, сабалады [59].
Қарасын хор қызлары үлесін ап,
Сонан соң тақсыр Біләл ағарады.

Хор [қызы] болса, хақ қасында мал-мүлкі жоқ [60],
Сол Біләл жатпас еді ондай болып.
Байлықтан адам хаққа жағар болса,
Сол қарын кетпес еді солдап [сондай] болып.

Ғаламның он сегіз мың бәрін көрді,
Артық бақ Мұхаммедке тәңірім берді.
«Қапалы кәріптердің көңілі өссін!» – [деп],
Аз ғана Мәшһүр-Жүсіп інжу терді.

Баяғы Мунтаһаға келді қайтып,
Кебінің [61] көрген-білген бәріп айтып.
Рухы тұр [62] жетпіс перде ар жағында,
Мақамы өзге жаннан сондай артық.

Неше орын, неше жерді көріп барды,
Аз дәурен екі ортада сүріп барды.
Иіні екен Ғаушал ағзам хазіретінің
Әлгі иін сол мақамда тұрып қалды.

Мұхаммед, бұл өзіннің үмбетіңнен,
[Аты – Раушал] айрылмас сүннетіңнен
[Ш]ығады біраздан соң жұрттан асып,
Осының барып қалдың қызметімен.
(Аяғы жоқ).

Аллатану сабағы

– Алла тағаланы неше сипат ила танисың?

– Он сипат ила танимын. Бұл он сипаттың сегізі – шыбуты, екеуі – шіліби. Шыбуты сипатлар – Алла тағаланың затында бар сипатлар. Шіліби дегеніміз – Алла тағаланың затында жоқ сипатлар. Әуелі ол Алла тағаланың затында жоқ нәрселерінің жоқлығын ғытқа

(ағытқа) дейміз де, мыхкім тұтып, сонан соң бар болған сипатлардың барлығын дәлеллер бірлан шыбат (ашбат) қыламыз. «Алла тағала ғайыпнық санаттан пәк үмінззе өнеге пірлердің: ұлы (ұғлы) бар, қызы бар» – деген сөзлерінен пәк үмүнззе болардың бірі де Алла тағалада жоқ. Мұны «шіліби» – дейміз.

Хазірет Алла жаратқан шыбуты дүр-аның (оның) сегіз сипаты – сипат заты емес не? Ғырызаты, яғни Алла тағаланың затына шабыт болған сипатлары сегіз дүр. Ол затия сипатлары Алла тағаланың затымен бірге де емес, затынан басқа да емес. Мығһумасып мытхи болған нәрсені «ғиын» – дейді. Жашы заланғылақ болған нәрсені «ғиыр» – дейді. Мығһума, мытхи болмаған жыһытттан ғиын (ғайын) емес, «Лаһу» – дейміз. Жашы заланғылақ болмаған жыһиттан ғиыр емес, лағиыр емес.

Алла тағаланың шыбуты, сипаты «ғиын» да емес, «Ғырида лаһу лағир» – дейміз. Сені бұл сөзге түсіруге мына бір сөзді сөйлейік. Өзі төртінші қат көкте тұрып, осынша дүниені жарық қылып тұрған Күн қысқы үйдің терезесінен, жазғы үйдің түндігінен үйдің ішіне түсіп, алдымызда түсіп, орнап тұр. Осы алдымызда тұрған, анау көрініп тұрған күннен басқа ма, иа бірге ме? Егер басқа десен, терезені жаппа, түндікті жаппа. Онда бұл күн бұл үйдің ішінде бөлініп қалса керек. Егер бірге десен, бірге болған нәрсе айрылмайды, бөліне алмайды. Күннің өзі келіп, үйге кірмесе, онан бөлек бұл сәулесі үйдің ішіне кірмесе керек. Осы алдымызда тұрған күнді анау тұрған Күнмен бірге деп те, басқа деп те болмайды.

Алла тағаланың затымен бірге де болмаған, затынан басқа да болмаған затия шыбуты сипаты сегіз дүр. Әуел – хият, екінші – ғылым, үшінші – құдірет, төртінші – бысыр, бесінші – шымығ (сыпмығ), алтыншы – араде, жетінші – калам, сегізінші – тігуин (тәкуин), – жаратушы сипаты дүр.

Хият мағынасы – дайым тірік дүр. Ол Алла тағала әр кез аңан (оған) өлім жоқ дүр.

Тіріклік құдіреті бірлан бізлердей жан мен денеге мұқтаж емес.

Ғылым мағынасы – білгуші дүр. Ол Алла тағала ғылым бірлан. Ол ғылым өзі бір сипат дүр. Алла тағалада эзелден Алла тағаланың білімі (билігі) соңынан пайда болған емес. Біздердей астаздан (ұстаздан) оқып, ғақылмен, оймен білген емес.

Құдірет мағынасы – күші жеткуші (жетуші) дүр. Ол Алла тағала құдіреті бірлан. Ол құдірет бір сипаттар Алла тағалада әзелден – мейлі жеңіл болсын, мейлі ауыр болсын, бар. Және де кәдір дүр. Оның күш-қуаты адамлардың, басқа мақұлықтардың күш-қуатына ұқсамас. Бұлардай қолмен, аяқпен күш жиған емес.

Бысыр мағынасы – көргіш дүр. Ол Алла тағала әзелден барша нәрсені – көрінген болсын, мейлі көрінбеген болсын, бір-ақ [бірден] көрмек. Бізлердей көзбен емес, өзінің құдіретімен дүр.

Шымығ мағынасы – есіткіш дүр. Ол Алла тағала әзелден барша сөйлеген сөзлерді құдіреті бірлан: құпия болсын, мейлі әшкерә болсын, – бір-ақ [бірден] естімек. Бізлердей құлақпен емес, өзінің құдіретімен дүр.

Калам мағынасы – сөйлегіш дүр. Ол Алла тағала әзелден қадимден (қадимнен) Құдай тағаланың каламы соңынан пайда болған емес. Сөйлеген сөзі тілсіз, жақсыз, дауыссыз, әрібі (харпы) жоқ дүр. Бұларға біз мұқтаж. Құдай тағала ешбіріне мұқтаж емес.

Араде мағынасы – тілекші дүр. Ол Алла тағала әзелден барша дүние – ақыретте бар болған нәрселер – һәммасы болды Алла тағаланың тілемегі – бірлан. Не тілесе, оны қылар (қылұр) ешкімнен мәслихат, кеңес сұрамайды, ешкімнен қорықпайды. Алла тағаланың тілегені болды, тілемегені болмады. Тілемек бір сипатты – ол Аллада әзелден тігуин (тәкуин) мағынасы – Жаратушы ризық беруші (бергіш) дүр. Ол Алла тағаладан әзелден жаратты барша нәрселерді. Бұл дүниеде һәм ақыретте жанды-жансыз кашнақ мақұлықтарды, бізлерді, басқа мақұлықтарды жоқтан бар қылды. Бізлерге ғыыр мақұлықтарға әзелден ырзық берді. Дыхи (удхи) біздің пиғыл – әрекет мінезімізді әзелден хылық қылды. Ол пиғыл, мінезімізді, ту[у] себебін (сипабын) жазды, үкіммен (хүкіммен) жазбады. Ол Алла тағала жаратпақ (иратмақ) ризық бермек бір сипаты дүр. Алла тағалада әзелден мұнан (мұндан) басқа, бұған ұқсас болған нә[r]селер. Алла тағаланың пығылия сипатлары деп білеміз. Мәселе (мышла) біздерді, басқа мақұлықтарды жаратпақ. Адамларға, ғыыр мақұлықтарға ырзық бермек, бір нәрсені бар қылмақ, бір нәрсені жоқтан бар қылмақ. Әр нәрсені барлыққа келтірмек. Әр бар нәрсені жоқ қылмақ. Тіргізбек [тірілтнеқ], өлтірмек. Бұл пығылия сипатла-

ры дүр. Бұған ұқсас нәрселердің бәрі – сипаты пығылиядан дүр. Бұл сипатлардың бәр[і] – әзелден. Ешбіреуі соңынан пайда болған емес.

Бір есім, бір сипат Алла тағаланың әзелдегі есім, сипатларынан зайыл болмады. Келешекте зайыл болмас. Әлбетте дашма мүжу дүр. Ол Алла тағалаға не бір ат, не бір сипат соңынан пайда болмады. Ишла күші ол Алла тағала пиғылы – бірлан пиғыл. Өзі бір сипат дүр.

Алла тағалада әзелден ишла күші Алла тағала пиғыл[ы] – Алла тағаланың сипаты. Істелген (ишленген) іслерінің бәрі – мақұлық (мақұлдық). Бірақ Алла тағаланың пиғылы мақұлық емес. Және Құран каламалла мақұлық емес. Алла тағаланың сипатлары бәрін әзелден, соңынан пайда болған емес. Және де мақұлық емес. Егер бұл сипатларды, иа каламалланы «мақұлық» – десе, иа «соңынан пайда болған» – десе, иа бір кішкене ойланып тұрса, иа шек келтірсе, шүбәсыз (шүбхасыз), шексіз кәпір дүр. «Нығуз балламин залік хирайымды» пенделерге әрбір нәрсе, әрбір жеміслер уақиғы (уақығы) болса, Алла тағаланың тағдыры, арадесімен дүр, тағдырда жазылған дүр.

Ешбір нәрсе арада тағдырдан бөлек, тысқары емес. Ол мәселе – ауыртпақ, жандырмақ, ғарық болмақ, кетіrmек, жеткізбек, болдырмақ, қалдырмақ, жүргізбек, тұрғызбақ. Адамға қайғы, шатлық бермек – бәрі Алла тағала тағдыры арадесімен (әр әдісімен) дүр. Бірақ әр не іс болса, бір себеп илан дүр, еш себепсіз емес дүр.

Пенде жақсылық, жамандықтарды бір себеп илан өз пиғылынан табады. Иімді пенде кәсіп қылса, Алла тағала халық қылады. Пенде кәсіп қылмаса, Алла тағала халық қылмайды. Адам жақсылық, жамандықты өз мінезінен табады. Жаман мінезді тастап, жақсы мінез үйрену керек. Адам жаман болса, надан болса, Құдайдан көру жарамайды, өзінен көру керек.

Біздің қазақ халқы біреу жаман болса: «Қайтсін, Құдай сондай қылды» – деп, Құдайға жаманат қояды. Наданшылық, білместікпен: «Он сегіз мың ғаламға бірдей патша құдай біреуден қылдың» – деп, айтуға да, көңілмен ойлауға да жарамайды. Зиреке Алла тағала әр пиғылдарды бізден кеңес сұрап істемес. Оның пиғылында біздің іс болмаса керек. Не нәрсе көңілде ойланса, не нәрсе көзлерге көрінсе, бәрінен де Алла тағала пәк мінсіз дүр.

Алла тағаланы: «Мұндай ма екен?» – деп, көңілге ойлау, көзге ілу бек қате дүр. Ол Алла тағала көңіл мен көзге түскен нәрселердің ешбіріне ұқсамайды. Ол Алла тағала хакім (әкім), қадір дүр. Оның тілегенін, іслегенін, іслерін ешкім күші жетіп өзгерте алмас. Оның затына ешбір ғақылы – кісінің ойлағанмен, ақылы жетпес. Алла тағаланың затына періште, бұрынғы пайғамбарлар ойлап, ақылы жете алмалы-лар. Бірақ Алла тағаланың бұйырғанына мойын сұнды-лар. Ешбір оның затында пікір қылмады-лар. Ай, мұсылман қарындастар, Құдай тағаланың затына пікір қылмай, сипатларына пікір қылмай, бұйырған істерін қыл; бұйырмаған істерінен тыйыл. Бірақ Құдайдың жаратқан ғажайып нәрселерін пікір қылып, олардан карап, ойлап, ғибрат алсаң, ғибадаттан саналады.

Алла тағаланың заты, сипаты бақи дүр. Әсте пана болмас сипатларынан бірі – хиат бақи дүр. Ните кім ишан Аллажар айтады...

«Хиат үлгім – тірек дүр өзге болмас. Олар әр зи, нәпсі.

– Әр кез ол өлмес. Өзінің заты – дін хи дүр. Үшлі шет үлкен жысым ила, жаннан мінзе керек емес дүр. Құда[й]ға еш қиюшы ғана дүр. Барша ғаламнан ұшыл хи емес. Мұқтаж еш іске Хақ тағала жібермегіл!

Көңілі не сүйіп, бала егер мұндағы жабар өрісін көңіліне салар шайтан көңілге өзге жолды.

Мағынасы – дайым өзінің затымен тірік дүр. Оған әр кез өлім болмас. Барша жандарға сынат: жанды да, жансыз да ажал тауып, пәни болар. Ол Алла тағала тірлігімен бақи қалып, еш іске шүбә жоқ дүр. «Мұны біз (ге) қайдан білдік?» – десе, Хақ тағала «Калам шарипінде» хабар берді... Екінші сипаты – ғалым дүр. Алла тағала ғылымы бірлан, ғылым өзі бір сипаттар. Алла тағалада әзелден сопы Аллажар сипатының бірі дүр. Ғылым иаре ерер данайғын әшкерә. Халайық дін жеті ұлық дүр, иа кішік дүр, екі болып дүр. Әр не іс ие болғулық дүр. Көңілге келсе, қайсы (қай) хал еш (ісі) емес. Бұ шидә (шид) ғылымы дін һәмсе (һаммасы) дұрыс дүр, иа бұрыс дүр. Хиашырдан не киім тіксе: «Нікәныңғы зар дін». Мағынасы – білгіш дүр Алла тағала. Үлкен болсын, кіші болсын, жасырын болсын, мейлі әшкерә болсын, – Алла тағаланың білуіне бәрі бірдей. Біздердей өткен заманда болған уақиғаны [Алла] ұмытпайды. Келешек заманда болатын [істі] әзелден білді.

Мінеки, бір мысал сізлерге түсіруге. Бір құмырсқа, иа бір шыбынның қанаты, иа аяғы сынса, бір орында тұрып шірісе, білер Алла тағала – қай орында түсіп, шірігенін. Қиямет күні ұмытпастан ол шыбынның қанатын қайтадан орнына салар. Кім-кімге, әр мақұлық – бәріне сондай қылып, қиямет күнде тіргізер (тірілтер). Бір адамның көңілі не жақсы ой, не жаман ой түссе, ол пікірлерді Алла тағала әзелден білер. Екі иығында тұрған періштелер олар ойлаған ойды білмеслер, тілден садыр болған сөздерді жазарлар. Егер біреудің көңіліне жауыз пікірлер түссе, тоғыз тәпсима (тіпсима) айтып, үш мәртебе құлһуалланы оқып, сол жағына түкіріп тастау керек. Құдайға сыйынып, жәрдем тілеу керек. Ай, мұсылман бауырларым, жауыз тілден, жауыз пікірлерден сақланыңызлар! ... Үшінші қадір дүр. Ол Алла құдіреті бірлан – құдірет. Өзі бір сипат дүр. Алла тағалада әзелден. Хазірет Аллажар айтады: «Білер әркімде болса, мағрипат дін. Бірі құдірет ирір сегіз сипаттан. Нәпсілік, иа нәисісіз дана бұл не? Кім екі жиһанда болса, мұжид зарар дүр... Жақын білік-міл: қаза бірле қадір дүр. Халайықтың жамиғы пиғылы қой (құй) емес. Бір зеребе тұрар сол арада. «Айлақәш халақ ғалам әр істе бол» – дейді. Болды. Уәссалам не айтса еркі бар, құдіреті бар. «Құлы бірла жаратты» – деме. Занһар тіліңні сақла мұндах құлыптан...

Құран мағынасын[а] түз[у] көңілді қоймағылсың. Әр қию жүз мағынасы – ғақыл иесі, балығы иесі адамдар білер – Құдірет сегіз сипаттың бірі екенін. Жанды мақұлық, жансыз мақұлық – екі жиһанда болушы, – бәрі Алла тағаланың тағдыры бірлә дүр. Тағдырдан тысқары емес дүр. Залал болсын, пайда болсын, – бәрі Алла тағаланың тілем[е]гі, бірле қазасы, тағдыры бірлә. Халайықтың қылған жұмыстары, айтқан сөзлері – тағдырдан басқа емес дүр. Баршалардың, бізлердің атамыз Адамды жаратпастан әуел «Лух, Әлминхозда жазып қойды. Екінші сипаты – самих дүр. Үшіншісі – Басыр дүр. Арайкісі – Алла тағаланың сипатлары дүр. Өзелден ните кім хазірет Аллажардың бісір һәм сымиғы... Естімек, көрмек дүр құдіреттен. «Құлақтан, көзден ермес білгіл айтын. Құлақ, көз біздерге қажет ... ешқайсысының мұқтажы айырмады». Мағынасы: «Дүние ақыреттік Алла тағаланың көруіне бәрі бір дүр». Мейлі жеті қат жер астында, мейлі жеті қат көк үстінде болсын, еш ғажап қиын емес дүр. Құния болсын, мейлі эшкере болсын, Алла тағаланың естуіне бәрі бір дүр, еш қиын емес дүр. Мысалы қара құмырсқа

Қаратауда жүрер болса, оның тасқа басқаны Тәңірге аян болар. Алла тағала халайықтың барша сөзлерін естір шексіз, себепсіз дүр. Алла тағаланың көруіне, естуіне – әшкерә, жасырын бәрі бір дүр.

Құлақ пен көзге біз мұқтаж, Алла тағала ешбіріне мұқтаж емес, жоқтан бізді бар қылған Алла әр нәрсеге қадір дүр. Жаратылған нәрселерінен өзі ешбіріне мұқтаж емес дүр. Жаралған нәрселері бәрі – мақұлық дүр. Алла тағаланың пиғылы, сипаты мақұлық емес дүр. Иа соңынан пайда болған емес. «Махдыш, мақұлық» – деп айтудан сақлаңызлар. «Нығөз балламин мимзәлік» – Алла тағаланың төртінші сипаты – калам дүр. Ол калам бір сипат дүр. Алла тағалада әзелден қадимнан. Хазірет Аллажар айтады: «Білер әр адамның болса есі: калам-ирміш сипатының бірісі. Калами хадис ермес дүр. Қатим біл. Оның айтқан сөзі: «Бекем би тіл қылайық, сөйлей алмас, кам тілсіз хын мұқтаж емес. Еш іске әр кез бітілсе, иара (жара) қылса, алса, ел иад (жат) болар. Қадис Иррай: «Адамзат, Құдайымның каламын жақсы біл! Біз сөзінің затында жоқ қырық әуез не? Кім мақұлықта бар, ерсе, ай, шат Құдай оң[ы] дайым айырар, одан (анден) «мүназза».

Мағынасы – Алла тағаланың затия сипатларынан алтыншы калам дүр. Әр адамның басында ақыл-есі болса, біледі. Есі жоқтар нені біледі? Хақ тағаланың каламы соңынан пайда болған емес, қадимнен дүр.

Тілсіз, жақсыз, дауыссыз, әрпі жоқ дүр. Пенделер тілсіз, жақсыз сөйлей алмас. Құдай тағалаға ешбірінің керегі жоқ, мұқтаж емес[тігі] мағлұм болды...

(Жалғасы сақталмаған).

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабындағы өлеңдер шоғыры (екінші нұсқа)

Сөзінде замананың болмас байлау [64],
Қыс – қысқа, тартылды ғой жазғы жайлау.
Қазақтың алдап малын алу үшін,
Шығарды партия шармен сайлау.

Қазақ жұртының бұл бір түрлі заманасы. Тарихта болған сол аталарының бұл айтқан зары. «Бір мың тоғыз жүз жылдан бес жыл асты» – дегенде, алтыншы жылының 15-інші мартында сөйлеген сөз. Сөйлегіші – Мәшһүр Иүсіп Көпеев – Семей облысы, Павлодар оязының, Қызылтау елінің қазағы.

Бір мың тоғыз жүз жылдан асты бесі,
Бес түгіл, көрді алтыны тірі кісі.
Тиеді құлағыма еміс-еміс
Октябрь он жетінші манифесі.

Отырмыз, міне, марттың он бесінде,
Қазақтың дәнеме жоқ тіпті есінде.
«Мархабат патшамыздан кендік бар» – деп,
Сөйленген бір сөз жоқ боп ел ішінде.

Талайы күйіп жатыр негенменен,
Дәңке жоқ бұған опық жегенменен.
«Манифест бар!» – деп айтқан айтушыны
Айта алмай, ұстайды орыс дегенменен.

Орыстан біздің қазақ қойдай ықты,
«Манифест бар» – дегенді бүктеп, тықты.
Бар деушіні жазалы қылған ісі
Әшкерә боп ғаламға қайдан шықты?!

Ғаламға патша күндей нұрын шашып,
Халқына мархаблы мейірі тасып.
Қазаққа бұл күнгеше қойды жоқ қып [65],
Аты бар, өзі жоқ қып қойды басып.

Түңілді естіген жұрт мұнан наза
Дәңке (дәнеме) жоқ білмегенге, білгенге – аза!
«Манифест бар!» – деушілер тұтқын болып,
Кесілді еш себепсіз оған жаза.

Бар Құдай, бізге жарық таңыңды атыр,
Болар ек, таңың атса, біз де батыр.
Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер
Тұтқында, білесіз бе, неден жатыр?!

Мақал бар: «Халық сүйгенді Құдай сүйді»,
Деп едік: «Бізге де бір дәурен тиді».
«Патшаның мархабаты жұртына бар» –
Деп айтам деп: «Шаһбаздар некен күйді!»

Қазағым өнер емес [66] ұрлық, зорлық,
Қыласын бір-біріңе неге озбырлық?!
Болғаннан алты ауызды, ынтымақсыз,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық?!

«Жиылыс, дума» – деген хабар шықты,
Қайратты ерлер барар оған мықты.
Бас қамын, жан пайдасын ойлаңыздар,
Тастасып партия мен араздықты.

Думада анық болды сайлау бары,
Құны асар артылғанның сонда шары.
Бәрі де бір ауызды болып жатыр,
Оянып бізден басқа халықтың бәрі.

Бостандық болмақ болып әр руға,
Бас қосты бір ауызды боп тұруға.
Бір қазақтан басқа жұрт ыңғайланды,
Бірігіп өз жынысымен жұрт болуға.

Тауып ал, тұман түспей, тұстасыңды,
Жолдас бол, сынап алып, қостасыңды.
Баласы дін – мұсылман, ұрандасып,
Сен-дағы адам болып [67], қос басыңды!

Партия боп, болысты [68] қоймадың ба,
Бұл істен көбің басты жоймадың ба?!
Телміріп әр есікке, тентіреуден
Жалығып, өмір бойы тоймадың ба?!

Ашылмай, басымыздан тұман басты,
Жол таба алмай, сол үшін халық адасты [69].
Мың сегіз жүз, сол алпыс тоғыздан соң,
Қор болып, болмадың ба аяқ асты?!

Даярлап күнде алдыңнан қақпан торын,
Шыңырау қып, сексен құлаш, қазған орын.
Құраиды – қор, молданы бордай қылып,
Тырысты сөндіруге ислам дінін [70].

Арзан боп, Құран құны болып тиын,
Бас қосар, ғұламаға, болмай жиын.
Орысша тіл білгенді жұлдыз қылып,
Жоқ қылды шариғаттың құрмет сыйын.

Мешітті, сылтау қылып, жауып тастап,
Сала алмай қазақ мешіт қайта бастап.
Кітапты чиновниктер жинап алып,
Жылаған күндер болды-ау көзді жастап.

Мешітті ас үй қылды, молда сасып,
Корген соң чиновникті, құты қашып.
Кітапты тиеп алып шанасына,
Астына сол көтінің алды басып.

Деп айшы, кәне: «Өтірік!» – мұсылмандар,
Тасалар [71] жер тапты ма қысылғандар?!
Есіл аят, хадисті сөйткен шақта
Денеде құр шықпаған қалды-ау жандар!

Тұл болды, ерік алумен, қыз бен қатын,
Міне алмай, әркім баптап бір-бір атын.
Меншіктеп мекенінді крестьян,
Не дейміз, «Қорлық!» – демей, мұның атын?!

Байланып, қорыққандықтан, жүрді тілім,
Қазағым, қайран жұртым, қайран [72]елім!
Мужық кеп қара шекпен, крестьян,
Жерінді қылмады ма тілім-тілім?!

Көгорай көк шалғыннан еріксіз айдап,
Құлынды қор етті ғой, шаңға байлап!
Никан жала жабысып, басың кетіп,
Жылап ең, жағанды ұстап: «Иа, Құдай!» – лап.

Манифест, патша берді, басыңа ерік,
Барып қал құзырына, тауып серік.
Түсіңе, үш ұйыктасаң, кірмейтұғын –
Сықылды табылатын асың жерік.

Басыңнан әрбір түрлі күнлер өтті,
Құр жылап, екі көзге әлің жетті.
Өзінді өзіңменен ұстастырып,
Тоздырып, [иттей] қор қып, быт-шыт етті.

Халық аң-таң, әлі күнге басы қатып,
Тұрғанын білген жоқ жан таң жаңа [73] атып!
Көп жұрттын [74] көз жасына қалған жандар
Зерлі шекпен, медальға жұртын сатып.

Нигам [75] деп, медаль, наград ала берді,
Өз басы аман, жұртты отқа сала берді.
Пайдасын үрім-бұтақ ойламады,
Кебепте (кибапте) кейінгілер қала берді.

Сөктелген тарыдай боп, ақталыңдар,
Бәйге алсаң бұ жарыстан, мақтаныңдар.
Қулардан шекпен киін, наград алған
Мұсылман, мұнан былай сақтаныңдар!

Ер болсын уағдасын бұзбайтұғын,
Алданып сый-құрметке, қызбайтұғын.
Пайдасын милләтінің [76] түгел ойлап [77],
Жұрт қамын түптен тартып ойлайтұғын.

Кеңшілік мемлекетке патша берді,
Қаракшы бас қосуға, қылды жерді.
Тұқым-тұқым пайдасын ойлайтұғын
Сенімді, жіберіңдер, бұған ерді.

Қылмандар жанжал, талас, бұған іреу,
Тұзу ағаш болады үйге тіреу.
Қазақтан сайланады депутатқа
Теңдік алса, екі жүз мыңнан біреу.

Бұл мәжіліс қызыл қия, шың болады,
Ескі қалып, жап-жаңа тың болады.
Семипалат, қазағы, облысының
Алты жүз және сексен мың болады.

Сайлауға, депутаттар, жиылысыңдар,
Дін қамы (ғамы) [78] үшін ынтымақ қылысыңдар.
Мұсылманның қосуға санын көп қып,
Тырмысып, талап қылып, тырысыңдар!

Құдайдың, шын нансаңдар, «бір» – лігіне,
Ерлердің, күш қосыңдар, ерлігіне.
Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,
Тілеу қыл дін-мұсылман бірлігіне!

Сұраған мұсылман бар бізден бұрын,
Қазан, Қырым, Орал мен Орынборым.
Соңынан сол мұсылман сен де шыдап,
Көбейіп, дін Исламның көркейт тойын [79]!

Әр жұрттар қылған нұсқа баспасына,
Қылуға ауызбірлік бас-басына.
Өзіңмен ыңғайлас жұртпен бірік,
Пұл берсе, бұрма мойын басқасына.

Арызын былтыр айтқан түгел Қазан,
Жер мен су, басқа азатлық, мешіт – азан.
Тілегі, дәлелі мен толып жатыр,
Қылайын қайсыбірін жарапазан?!

Болып тұр мұсылманға Қазан басшы,
Сен де жейтін аузыңа асыңды асшы.
Дін исламның бір болып ынтымағы,
Патшаның қол астында бір жарасшы!

Болатұғын мезгілің болды тірі,
Басшың тұр, аузы жеткен, алдыңда ірі.
Сол басшының соңынан ел бірісің,
Есепті санды алтаудың болдың бірі.

Шықпасаң, басың қалсын балағанда,
Жаның қалмас талай ит талағанда.
Империяға қараған дін мұсылман
Алтыдан бір боп шығар, санағанда.

Бұл бәйгеде талай ат шабылады,
Ашылған арт неменен жабылады?!
Сеніменен муафиқ [80] тілегені –
Айлас, мұңдас со[л] көптен табылады.

Тексерме, сірә, ешкімнің сұрап затын,
Программа оқып көр жазған хатын.
Өзіңменен тілеулес, бір боп шықса,
Таныс бол со[л] арада сұрап атын.

Бесінші, мың тоғыз жүз, жыл ішінде,
Жұлдыздың, август деген, он бесінде.
Бас қосқан Макаржыда дін мұсылман[81]
Айтайын тұрған күнде мен де есімде.

Көп болар айрылатын ақыл-естен,
Шыққан сөз көпке бірдей отыз тістен.
Құлақпен естуменен бұлақ болдым,
Болмаса, туғаным жоқ оқып іштен.

Жиылған Макаржыда мың сан кісі,
Кем менен көптікте кімнің ісі?!
Ынтымақ, ауызбірлік қылу үшін,
Бас қосқан мұсылманның білімдісі.

Кезгенлер, үйде отырып, дүние иүзін (жүзін),
Жан-жаққа, салған ашып, көңіл көзін.
Ұнатқан ғылым, білім иелері
Жасаған программа Қазан сөзін.

Жігіттер, өнер алды – ғылым-білім,
Деген жан, бас бұрмасын [82], Ислам дінін.
Жақсылар басын қосқан кеңес сөзін
Шеберлеп, келтіре алмай, жатыр тілім.

Патшаның құзырына тартып қалам,
Бас қосып өңшең жүйрік, білгіш адам.
Дін мен жалғыз жер емес сұраулары
Сұраған хұриятты тегіс тамам.

Әр жұртта не білімді, бар ғой зерек,
Зеректің күні туды болар керек.
«Атпақ[қа] мұсылманның ынтымағы –
Бір жерден шықса екен!» – деп, қылды тілек.

Екінші, ие болсын дін мен жерге,
Тұрса да қай орында кіммен бірге.
«Құтылып таршылықтан, кеңіп тыныс,
Ісіміз басса екен, – деп, – біздің өрге!»

«Жұрт бағынып, патшаға қараса!» – деп,
«Халық ықыласы бек ұнап жараса!» – деп.
«Неке, талақ мирастың дау-жанжалы
Ғұламаның алдынан тараса!» – деп.

«Дін көркейіп, көзге бір көрінсе!» – деп,
«Мұнан шалқып, басқалар үйренсе!» – деп.
«Шариғаттың тізгіні қолымызға
«Бостан етті боп, қағусыз берілсе!» – деп.

Ие болар табыншы бір табынға,
Баға алмаса, қалмай ма, сол замынға?!
«Имам болар кісіміз іхімізден (ішімізден),
Бермейтұғын болса екен, – деп, – экзаменға!»

Дінімізді кемітіп қорламасын,
Көзімізді бақырайтып, ұрламасын!
Баламызды билетсін өзімізге,
«Оқытсын, – деп, – орысша!» – зорламасын.

Кедергі талай бел бар алдымызда [83],
Жұмысы – біздің оң мен солымызда.
«Мешіт пен медресенің ықтияры
Болса – деп – өзіміздің қолымызда».

Салушы, болса құлақ, сөзімізге,
Сөйлейтін келдік қой біз кезімізге.
«Бұрынғы, ықтиярсыз, қолдан кеткен,
Жер мен су қайтса екен, – деп, – өзімізге!»

Қоялық өкінбей-ақ өткен күнге,
Наданлық, білместікпен көндік кімге?!
«Шаригат низам менен қатарласып,
Бірдей боп келсе екен, – деп, теңбе-теңге!»

Қараңыз бұлбұлдардың сайрасына,
Бұлақтай, тастан аққан, қайнасына!
«Бас та азат, орын да азат, форма (порым) да азат,
Еркімен жүрсе әркім, – деп, – пайдасына!»

Азатлық, бәріне де бар, дінде болса,
Сөйлеймін, мылжыңдамақ менде болса.
Деуші жан: «Мұның қалай?» – болмаса екен,
Жиын-той әңгімеміз күнде болса!

Бас қоссақ екеу-үшеу, деуші еді: «Қой!»,
Қоймасак, деген сөз бар: «Ал, көзін жой!»
Баста билік жоқтықтан, тырп ете алмай,
Өлгенге ас бере алмадық, туганға – той.

Бір әріп, қылдан тайып, айтсақ өзге,
Абақты, бұйырылады даяр бізге.
«Өзіміз не болсақ!» – деп тілеген,
Сөйленіп, аузымыздан шыққан сөзге.

«Публик боп [84], бұл манифест шашылса!» – деп,
«Күн көзі, бұлт жоқ боп, ашылса!» – деп.
«Кітабы мұсылманның жиган – терген
Ерікті боп, тексерусіз [85] басылса!» – деп.

Тірілей тықпаса екен бізді көрге,
Бас азат, дәурен сүрсең [86], жұртпен бірге.
«Өзіміз ие болып отырсақ, – деп, –
Күнелтін үй орны мен шыққан [87] жерге!»

Келеді жаңа босап кірісіміз,
Өлдік қой, оңға баспай бір ісіміз.
«Ғылым, білім, өнерге кірісуге
Болса, – деп, – көппен бірге жүрісіміз!»

«Шариғат ортамызда тұрса екен!» – деп,
«Бір дүкен, дін ислам боп, құрса екен!» – деп.
«Мешіттің, медресенің тексеруі –
Құран кітап жөнімен болса екен!» – деп.

Патша ойламас, өз халқын: «Оңбасын!» – деп,
«Тынышсыз, рақат тауып тұрмасын!» деп.
Біздің мектеп, мешітке тілегіміз:
«Көрүші инспектор болмасын!» – деп.

Ғылым бар дін исламды жете білген,
Жоқтықтан ерік өзінде, қор боп жүрген.
Тізгіні шариғаттың қолға тисе,
Тамаша қылар еді-ау бізді көрген!

Шариғат үкім қылса, қандай қатты,
Дер едік: «Жарық сәуле, таң жаңа атты!»
Қолына көптен бері тимеген соң,
Сағынды дін – мұсылман шариғатты.

Патшаға, біз бағынып, сұндық мойын,
Халқына күнде қылса, айт пен тойын.
Әр түрлі өнерпазлар шығарса сөз,
Ашуға тұнып жатқан халықтың ойын.

Алайық, қуанғаннан, бастан бөрік,
Ғылым менен білімге әркім жерік.
Осындай әркім барын көрсетуге
Тоқталмай, бостандық боп, берілсе ерік.

Қазағы империяның – асыл затым,
Өзімді танытады жазған хатым.
Деушіге: «Мынау сөзің жарамайды» –
Қайтейін, барым осы, азаматым!

Депутат сайланады білімдіден,
Талапты шығып жатыр әрбір жерден.
Ауызға алынған жан көрінбейді,
Кеңес қып мұндай сөзді біздің өрден.

Уборщик сайланады бір-бір [болыс басы],
Сол кісің болсын асыл жүзік қасы.
Дін үшін жан кешетін ерлер болсаң,
Қызбайтын, көрінсе де, жерік асы.

Алдында алтын жатса, алмайтұғын,
Жан-жағын, қу болмасын, жалмайтұғын.
Өлген қоян терісін тұлып қылып,
Тартқан шырға көрінсе, бармайтұғын.

Алланың ақ жолымен жүретұғын,
Ерік Аллада екенін білетұғын.
Қызылшыл, жемтікшілді жібермеңдер,
Ит сықылды жетекке еретұғын.

Бір ниеттің қамы үшін ойласыңдар,
Бұрынғы араздықты тастаңыздар.
Сайлаңыз кісі тауып депутатқа,
Айдалып, атылудан қашпаңыздар!

Дініңді кім қорласа, сол – өз қасың,
[Қорлықтан] ақпап па еді көзден жасың?![88]
Үйде өлген мың шіріктің бірі болмай,
Жұрт [үшін] арманың не, кетсе басың?!

Өз жұртын, оңған бар ма, жатқа сатқан?!
Ерді елдің [пайдасы үшін, Хақ жаратқан].
Ойлайтын елдің қамын ерді жібер,
Жерінен суырып [алып көрде жатқан].

Күдер үз «Тірімін!» – деп, жүрген жаннан,
Бір тілім құны аса [алмай қара наннан].
Білімді өліп, көрде мың жыл жатса,
Шықпайды сонда-дағы [кісі саннан].

Әр тілді депутатың болсын білген,
Бас қосқан мәжіліс[терге] бұрын кірген.
Қазағым, жұрт емессің, тіпті бақсыз,
Қолына сондай ерді Қ[ұдай берген].

«Патшаны көрмесін, – деп, – қазақ барып»,
«Жүрсін, – деп, қолымызда бо[лып] [кәрің].
Жол тауып, бас білетін ерімізді,
Тірілей көмбеді ме көрге [салып]?!
(Аяғы сақталмаған).

Жұлдызнама

Бұл жұлдыз – Адам ғалайссалам жұлдызы дүр. Суреті қой мысалы, өзі зор – он жұлдызға пара-пар (бара бар). Екінші қат көкте туар. Бұл жұлдыздық адам бизаят (биният) дәулетті болар. Қатан сөзді, саудасы жақсы болар. Біреуге жақсылық қылса, өзі сол адамнан зиян көрер. Басынның аз ауруы болғай! Рия тек күрсі (көрі) дұғасын тұмар кылып, тағып жүрсе, әр түрлі пәледен аман болғай! Мінезі сабырлы болғай. Әр уақытта көзі қарайып, жүрегі ойнағай! Іші аурудан зақымат көргей! Қой көзді, қызыл жүзді, ұзын бойлы болғай! Өтірік сөзді сүймес болар. Өтірік сөзді боларда өштік дұғасын сүйгіш болар. Бір жаққа сапар[ға] шыкса, дүйсенбі, яки бейсенбі күні жақсы болар. Ғұмырының ішінде үш мәрте жолы берекетті болар.

Малдардан – сиыр, қой алса, пайдалы болғай. Жаңа ай көргенде, бір жас ұлан жүзіне қараса, ел ішінде айдай жарық болғай! Ұлықтардан қажет тілесе, оң жағынан барса, мұраты қасыл болғай! Сапарда жүргенде, ыстық желден, яки ескі жұрттан сақтанып жүрмесе, қатер болғай!

Ата-анаға рақымы аз болғай, ата-анасынан да пайда көрмегей! Ұл-қызы көп болғай! Қатын алғанда, жауза мизам жұлдызлық әйелді алса, махаббаты жарасар. Дұшпаны көп, досы аз болар. Шағыр көзді кісі жадулық қылар, тұмарсыз жүрмес.

Өлім қатері – бір жасында, иа төрт жасында, иа он жасында, яки алпыс жасында, иа сексен жасында, онан асса, тоқсан жыл ғұмыр сүргей!

Амал жұлдыздық әйелдер

Бұл айда әйел туса, көркем жүзді, шырын сөзді, күлім көзді болғай! Тұмар тағып жүрмесе, дәу перілерден зақымат көргей, перзентке мұқтаж болғай! Муары (Мөрлі) жүзін салса, жақсы болғай! Ақыры шырағы жанғай! Бір дана – арамнан пайда қылса, он есе зиян көргей!

Қой көзді, қара шашты кісіден зиян көргей! Бір адамнан жадулық қатері болғай! Соның себебінен денесі қызып, көңілі азғай!

Ескі жұрт, қабірлерден сақтанып жүрмесе, зақым көргей, ғұмыры ұзақ болғай!

Сәуір жұлдыздық ер

Бұл жұлдыз – Шиш (Шеш) пайғамбар жұлдызы дүр. Асылы – топырақтан, занар суық болар. Бұл жұлдыздық адам ойын-сауықты, сөйлегіш болар, ыстық жүзді, ер көңілді болар. Дүниенің қызығын көргей, туған-туысқандары мейірбанды болғай! Ата-анасынан бұрын өлгей, еліне қатты болғай! Сұлтандардан дәулет көргей, рамазан айында қаза болғай! Рамазан айында өз қолымен садақа берсе, рақмет жауар. Әрқашан қатындардан зақым көргей! Мақтансып, әркімді дос тұтқыш болар. Малдан еркек малы жарасар. Қауіп-қатері желден, оттан, жай оғынан болар!

Тұмарсын жүрмесін. Бірінші алған әйелі бақытты, берекелі болғай! Ғұмыры аз болғай!

Сәуір жұлдыздық әйел

Бұл әйел – сақыпжамал, көркем болғай! Тез сөзді, ерге жақсы, сабырлы (гітнәбірлі) болар. Бақытты, дәулетті болар. Судан қатер болғай, сақтансын! Сырын кісіге айтпас болар. Әркімнен қажет тілесе, сол жанмен барса, мұраты қасыл болар! Бауырында иа ғауратында мең нышаны болғай! Әр уақытта іш ауруы болғай! Өлім қатері – бала тапқаннан, иа жарақаттан болар. Дұшпанлары көп болғай, өзі зиян қыла білмегей! Отыз жастан өтсе, тоқсан жыл ғұмыр сүргей! Құдық басынан, яки ескі тамнан сақлансын, қатер болғай! Ауырса, қара тауық, қара малмен қақтырса, шипа болғай! Екі қыз, бір ұлды болғай! Әрқашан мойнына есғым ағзам дұғасын тағып, садақа беріп жүрсе керек.

Жауза жұлдызлык ер

Бұл – Зікірия пайғамбар жұлдызы дүр, асылы – жел дүрүр. Суреті доңыз мысалы, екінші кат көкте туар. Бұл жұлдыздық кісі, ғалым, құқыметтік болар, ғалымды сүйгіш болар. Дәулеті аз болғай, ұзын бойлы, ашты [ашаң] жүзді болғай! Қош (хош) табиғатлық, сабырлы болғай! Әйелдерге ынтызар болғай! Күнлерде – сәрсенбі, жылдарда – барыс жылы әйелдерде ұйық (фиғын) айы жарасар!

Өкімет (үкімет) орындарынан зорлық көргей! Зақыматы көп болғай! Арақ-шараптан зақым көргей! Өкімет иесі болғай! Екі мәрте қатты ауырып, сәлемет болғай! Бір кезлерде ел арасында кәріп-міскін болғай! Сары адамнан пайда көргей, қара адамнан зиян көргей! Ата-анасынан жақсылық көргей! Өз әйелінен зиян көргей!

Қадис, сүмбіле жұлдыздық әйелді алса, жарасар. Қараңғы жерден қорқыныш болар, тұмарсыз жүрмес, дұшпаны көп болғай! Ақ жүзді адам жадулық қылар, сақтансын! Кәпірлерден, яки аруақтан зақым көргей! Қатері судан, яки оттан болғай, ғұмыры ұзын болғай!

Жауза жұлдызлык әйел

Бұл әйел – кең пейілді, орта бойлы, ақылды зерек болғай! Ойын-сауықты сүйгіш болар. Иығында, яки кеудесінде мең нышаны болғай! Көз, тілден зарар көргей, үй-ішінен қиянат көргей! Елу жастан өтсе, сексен жыл ғұмыр сүргей! Ескі жұрттан сақтансын, зиян көргей! Әрқашан түсінен шошып оянғай! Садақа берсе керек. Перзентке зар болғай!

Сарыатан жұлдыз[ды]к ер

Бұл – Ыдырыс пайғамбар жұлдызы дүрүр. Асылы судан болар. Бұл адам, қысқа бойлы, қызыл жүзді, кішік басты болғай! Кісі сөзін ұнатпас болар. Жүзінде мең нышаны болғай! Қатері судан болар, сақтансын! Ашуы тез келіп, тез кетер, ақылы отыздан асқан соң, толар. Көз-тілден зақымат көргей! Малы көп болғай! Ата-анасын ыстық көрмегей! Туған-туысқандарынан пайда көрмегей! Мінезі қатты болғай, одан зиян көргей! Ұл мен қызы көп болғай! Төрт некелі болар, сұлтандардан дәулет көргей! Ақыры әйелінен пайда көргей! Екіжүзді қатыннан зиян көргей! Бір мәрте қатты ауырып, ажалдан қалғай! Садақа берсе керек, ғұмыры ұзын болғай!

Сарыатан жұлдызлық [әйел]

Бұл әйел – ақ жүзді, ашық ғасылық, орта бойлы, қара шашты болғай! Жүзінде мең нышаны болғай! Перзенті көп болғай, екі некелі болғай! Ерін сүйгіш болғай, ашуы тез болғай! Қатары көрстаннан болар, сақтансын, зақым көрмей.

Өлім қатері – бір жасында, яки он жасында, иа елу жасында. Бұдан асса, тоқсан жыл ғұмыр сүргей!

Түсінде ақ сәлделі адам көргей! Ол – Ыдырыс пайғамбар дүр. Шапағат қаласа, мұраты қабыл болғай!

Әсет жұлдықдық ер

Бұл жұлдыз – қазіреті Ғалы разиалла ғамнаның жұлдызы дүр. Асылы – от дүр-үр. Бойы кісінің қас қылатын пері су қасында болар. Ер жүректі болғай! Патшалардан дәулет көргей! Көз-тілден зақымат көргей! Ұйқысы аз болар, несібі даладан болар. Орта бойлы, қара кісі, қасы қылдай. Сақтану керек, зиян көргей! Мизан жұлдызлық әйелді алса, жақсы болғай!

Өтірік сөзді болар, жалғаншы адамды сүймес болар. Тағат, ғибадатқа мәшһүр болар. Қолында мең нышаны болғай. Ұлы-қызы көп болғай! Ата-анадан жастай жетім қалғай! Туысқандарынан жырақ тұрар. Өлім қатері эмам айында болар. Әрқашан эмам айында садақа берсе керек. Бидай өнді, ұзын бойлы кісіден сақтанса керек. Зақым қылғай. Өзі жи[h]ан кезгіш болғай! Өлім қатері темірден болғай! Балаға көңілі жақын болғай! Дәулеті аз болғай! Басы-жүрек ауруы болғай, ақыры судан зақымат көргей! Түсінде пайғамбар Ғалы эссаламды көргей!

Әсет жұлдызлық әйел

Бұл әйел – ұзын бойлы, нұрлы жүзді, ұзын шашты болғай. Көңілінде ғашық оты болғай! Жел, су яки оқтан зақымат көргей! Тауда жалғыз ағаш түсінде, яки үңгірден зақымат көргей, сақтансын! Аятел, күрсі дұғасын тұмар қылып тағып жүрсін. Перзенттері аз болғай, өлім қатері тоғыз жастан асса, сексен жас ғұмыр сүргей!

Сүмбіле ер

Бұл жұлдыз – хазіреті Қызыр ғалия эл-салам жұлдызы дүр. Асылы топырақтан. Бұл жү[лды]злық адам – көркем жүзді, ашық сөзді болғай! Үкі[m]ет иесі, есепші болғай! Бұл кісіге диқаншылық жара-

сар. Нақақтан зорлық көргей! Зинадан зарар көргей, оттан зақымат көргей, сақтансын! Әйел алғанда, ақырып сарыатан жұлдызлық кісі алса, жарасар.

Раушаны (душианы) Мұса пайғамбардан болғай! Ағаш түбінде ұйықтамасын, зақымат көргей! Перзенттері көп, ғұмыры ұзын болғай! Өзіне ғашық әйелдер көп болғай!

Сүмбіле жұлдызлық әйел

Мұнда туған әйел – орта бойлы, күлім көзді, қараторы болғай! Әркімді дос тұтушы болғай! Ұлы-қызы көп болғай, жүзінде мең нышаны болғай! Әркімді дос тұтушы Адамға қайырлы, мейірбанды болғай! Түсінде Пайғамбарды көргей! Бір некеден өтсе, көп некелі болар. Жаулардан қатер көргей. Өлім қаупі – бір жасында, иа он жасында, иа қырық жасында. Бұдан асса, сексен жыл ғұмыр сүргей! Ескі жұрт, яки су жағасынан сақтансын, қатер болғай!

Мизан жұлдызлық ер

Бұл жұлдыз – Мұхаммед-Мұстафа салиалла ғалия уассалам жұлдызы дүр. Суреті топырақтан, бидай өнді болғай! Үшінші қат көкте туар. Орта бойлы, нұрлы жүзді болғай! Арқасында нышаны болғай. Тағат, ғибадатты сүйгіш болғай! Туысқандарынан қастық көргей! Үкімет иасы (жасы) болғай, дәулеті аз болғай! Әйел алса, қауыс жұлдызлық жарасар. Бір-біріне махаббатты болып, дәурен сүргей! Перзентке зар болғай, отыз жасында суықтан зақымат көргей! Су перісі болғай, сақтансын. Ғұмыры ұзын болғай!

Мизан жұлдызлық әйел

Бұл әйел ақылды, нұрлы жүзді, бақытты болғай! Ата-анадан жетім қалғай, туысқандарының рақымы болмағай. Ерінен жақсылық көргей, перзенті көп болғай! Бір сақ жамал ұлан көргей, ол бала бақытты болғай! Ғайыптан дәулет пайда болғай, тәнінде нышаны болғай. Су басында әрқашан зақымат көргей! Ер адамды сүйгіш болғай. Қатындардан зиян көргей, досы аз, дұшпаны көп болғай! Түсінде пайғамбарды көргей! Бірақ та әркімге айтуға болмайды, зиян болғай.

Өлім қатері – екі жасында, иа елу жасында, онан асса, тоқсан жыл ғұмыр сүргей! Бас ауруы болғай. Қара тауық, иа қара малмен қақтырса, шипа тапқай!

Ақырап жұлдызлық ер

Бұл – Уыз (Уаз) пайғамбар жұлдызы дүр. Суреті – шаяндық, асылы суықтан дүр. Бесінші қат көкте туар. Бұл жұлдызлық кісі ұзын бойлы, ашық жүзді болғай! Құр сөзге үйір болғай! Қылыш, найзадан қатер көргей! Қарынында зақыматы болғай, туысқандарынан пайда көргей! Түсінде ай көргей, бұл түсі бақ дәулеттің нышаны болғай! Ұл қызынан пайда көрмегей! Әріпсет жұлдызлық әйелден алса жарасар. Төрт некелі болғай! Суықтан сақтансын! Қатер көргей – сегіз жасында бір қатер, онан өтсе, сексен жыл ғұмыр сүргей! Пері суда болғай, сақтансын! Тұмарсыз жү[r]мес керек.

Ақырап жұлдызлық әйел

Бұл жұлдызлық әйел – көркем жүзді, шырын сөзді болғай! Көп білгіш болғай, құр сөзге үйір болғай! Екі некелі болғай, өз тілінен қастық көргей, сақтансын. Ашуы тез келіп, тез кеткей! Түскен шашын жерге сақтасын. [Ү]ш орыннан зақымат көргей! Он сегіз жасында, иа елу жасында бір қатер. Бұдан асса, сексен жыл ғұмыр сүргей! Таулардан, көпірлерден жүргенде, сақтансын, зақымат көргей! Туар уақытында сақтансын, қатер болғай. Дәулеті жақсы болғай! Екінші ер[д]ен (ерген) жақсылық көргей! Әйел адам қастық қылғай, сақтансын. Перзенті аз болғай, досы аз, дұшпаны көп болғай! Жанашыр туысқаны жаудан зақым көргей! Сол туысқанын ойлап, көңілі азғай!

Қауыс жұлдызлық ер

Бұл жұлдыз – Жакып пайғамбар жұлдызы дүр, асылы – от дүрүр. Алтыншы қат аспанда туар. Бұл жұлдызлық адам – орта бойлы, бидай өңді болғай! Жұмсақ сөзді, ғалымдарды сүйгіш болғай! Ғайыптан малы қасыл болғай, әлемде асқан есепші болғай! Бойында мең нышаны болғай! Ұлықтардан зорлық көргей, һәм қайғы көп болғай! Жадулардан зақым көргей! Перзенттері көп болғай, рақымы аз болғай! Әркімнің сөзіне се[n]гіш болғай, сақтансын, зиян көргей! Темірден қатер болғай, бір некелі болғай! Әйеліне көңілі толмағай, ұйқыдан тұрғанда, шошып тұрғай, тұмарсыз жүрмесін. Амал жұлдызлық кісіні алса, жарасар. Дүйсенбі күні сапарға шықса, жақсы болғай! Орта бойлы, қара көзді әйелден зиян көргей! Балаға

мейірбанды болғай! Өлім қатері он жасында, иа алпыс жасында, мұнан асса, тоқсан жыл ғұмыр сүргей!

Қауыс жұлдызлық әйел

Бұл жұлдызлық әйел – қысқа бойлы, қызыл жүзді болғай! Ермен [еркекпен] көңілі қош (хош) болмағай! Дүйсенбі күні, иа бейсенбі күні тілек тілесе, мұраты қасыл болғай! Жанашыр адамы темірден қаза болғай! Өлім қатері – он жасында, онан өтсе, ғұмыры ұзын болғай! Үйілген шөп қасында отырмасын, қатер болғай! Мұндай адамның перісі көрстанда болғай! Тұмарсыз жүрмеу керек. Бес жасында бір қатер, жиырма екі жасында бір қатер, садақа берсе керек.

Жаззы (жадды) жұлдызлық ер

Бұл – Жүсіп пайғамбар жұлдызы дүр. Асылы желден болар. Бұл жұлдызлық кісі көркем жүзді, майда сөзді болғай! Пенде наласын қадір тұтқыш болғай! Хүкімет (үкімет) жасы болғай, туысқандарынан зорлық көргей, ата-анасынан пайда көрмегей! Дәулетті, бақытты болғай! Қараңғы жерден, өлген адамнан қорқыныш ғаламаты пайда болғай! Сақтансын, зиян болғай! Перісі желден болғай, тұмарсыз жүрмесін. Бір мүшесінен зақымдар болғай. Қатері жылан, шаяннан болғай, сақтансын. Аз уақыт азап көргей. Онан соң бақыты ашылғай! Екі некелі болғай! Перзенті көп болғай! Бұл жұлдызлық кісі әйелдер сүйгіш болғай! Үй ішінен бір әйел жаулық (жазулық) қылар, сақтансын. Өлім қатері – он екі жасында, онан өтсе, кө[п] жыл ғұмыр сүргей!

Жаззы жұлдызлық әйел

Бұл әйел – орта бойлы, ашық жүзді болғай! Өмірінде екі мәрте қатты ауырып, ажалдан қалғай! Мұнан өтсе, ғұмыры ұзын болғай, жұрағаты аз болғай, жанашыр адамы кем болғай! Ер[і]нен пайда көргей, ата-анасы қатаң болғай! Ғашық адам[ы] көп болғай! Ұзын бойлы, сары кісі қастық қылғай, сақтансын, зиян көргей! Екі некелі болғай, ақыры ер[і]нен дәулет көргей! Перзенті көп болғай, қатері хайуаннан болғай, сақтансын. Түсінде Жүсіп пайғамбарды көргей! Жолына садақа берсе керек. Екі дүниеде жүзі раушан болғай! Басына неше түрлі қиын іс түскей! Сабыр қылса, мұратқа жеткей! Қараңғыда жалғыз жүрмесін, қатер болғай!

Дәлу жұлдызлық ер

Бұл жұлдыз – Иса (Айса) пайғамбар жұлдызы. Бұл жұлдызлық адам – қызыл жүзді, кара көзді, орта бойлы болғай! Мінезі сабырлы болғай! Көз-тілден сақтансын, қатер болғай! Қайғы көп болғай, перзенті аз болғай! Қызыр ғалияссаламды мүсәйір формасында көргей! Әрқашан мүсәпірлерге мейірбанды болу керек. Қайырлы болғай! Суықтан зақым көргей! Дәулеті аз болғай! Әйелдермен жүріс-тұрысы көп болғай! Зиян көрер, сақтансын! Ескі үйден, ескі жұрттан зиян көргей, сақтансын! Темірден, иа оттан қатер көргей! Денесінде темірден болған зақымат болғай! Әйелге мейірбанды болғай! Су перісінен зиян көргей! Сақтансын, тұмарсыз жүрмес[е] керек. Арамнан жесе, он нәрсе халалдан зиян болғай! Досы аз, дұшпаны көп болғай!

Дәлу жұлдызлық әйел

Көрікті, ашаң жүзді, қысқа бойлы болғай! Пендеге мейірбанды болғай! Әркімге құмар болғай! Орта бойлы, кара көзді әйе[л] зиян қылғай! Ері жаугершілікте шәйт (шаһит) болғай! Һәм қайғы көп болғай! Перзенттері аз болғай, үй – ішінен ренішті болғай! Ақыры шырағы жанғай! Он бес жастан асқанда, аурудан қатер болғай! Аман қалса, садақа берсе керек. Әрдайым түсінен шошып ояңғай! «Аятел күрсі» – дұғасын тұмар қылып, тағып жүрсе керек. Ескі жұрттан сақтансын! Аяғына зақым келер. Өлім қатері – он бес жаста, иа отыз жаста. Мұнан асса, тоқсан жыл ғұмыр сүргей!

От жұлдызлық ер

Бұл жұлдыз – Жүніс пайғамбар жұлдызы дүр. Асылы – алтыннан. Бұл сияқты адамның перісі көп болғай! Өзі ойын-сауыққа құмар болғай! Мағырып пен машырыққа аты мәшһүр болғай! Жи[h]жан кезгіш болғай! Ұлықлардан пайда көргей! Туысқандарынан жырақ болғай! Ата-анасының қызығын аз көргей! Перзентке мұқтаж болғай! Әйелден жақсы, махаббатты дәурен сүргей! Дүниенің қызығын көргей! Қатері – таудан, яки оттан болғай! Досы аз болғай, ойына алған тілегіне жеткіш болғай! Әйелдер жадулықты көп болғай, зиян болмағай! Өлім қатері – үш жасында, иа он екі жасында, онан асқан ғұмыры ұзын болғай!

От жұлдызлық әйел

Бұл жұлдызлық әйел – көркем жүзді, асы (ісі) онды (өнді) болғай!
Тақуа, данышпан болғай! Көңілі қалаған еріне барғай! Мұраты қасыл
болғай! Көркем бала табарда сақтансын, зақым көргей! Тұмарсыз,
дұғасыз жүрмесін. Ерте суға бармасын, зиян көргей! Дәулеті орта-
ша болғай, перзенті көп болғай! Жасынан сақтансын, зиян көргей!
Садақа беріп, үлкендерден бата алса, мұраты қасыл болғай! Еш ау-
руы болғай (болмағай)! Қара тауықпен, иа қара малмен қақтырса,
сәлемет болғай! Балаларын көз-тілден сақтасын, зиян көргей! Өлім
кәтері – жиырма жасында, иа отыз жеті жасында, онан асса, сексен
жыл ғұмыр сүргей! Ері хабарсыз кетіп, ақыры сау-сәлемет қосылғай!

(Тамат тамам. Аударған Мәкішев, 1946 ж.).

1. Имам – январь.
2. Сәуір-февраль.
3. Жауза – март.
4. Сарыатан – апрель.
5. Әсет – май.
6. Сүмбіле – июнь.
7. Мизан – июль.
8. Ақырап – август.
9. Қауыс – сентябрь.
10. Жадды – октябрь.
11. Дәлу – ноябрь.
12. От (өт) – декабрь.

Уағыз

Жаратқан жалғыз Иемнің
Халалға болар жәрдемі.
Бір өзінен басқаға
Алланың болар пәрмені.
Залымға жаза тарттырса,
Болар кімнің арманы?!

Адалға жақ адамға
Тәңірім жәрдем болмай ма?!

Пайдаң тисе әркімге,
Жұртың қамкор болмай ма?!

Кей аккөңіл адамдар
Малсыз болса, кем болды.
Дәулет біткен адамдар
Не сөйлесе, ем болды.

Тәкаппар болған адамдар
Бейшарадан асып тұр.
Өтірік, өсек, күншілдік,
Құран сөзін басып тұр.

Тақуа, ғалым, жомарттан
Залым отыр жоғары.
Қиямет махшар күнінде
Мұның кімге обалы?!

Шариғатсыз әулие
Кереметтен айрылар.
Әділетсіз (ғаділетсіз) ұлықтар
Құрмет, бақтан айрылар!

Жақсыдан жаман туғанда,
Ана орнына зар қылар.
Жаманнан жақсы туғанда,
Халқы сүйіп, бас қылар.

Әділ ердің баласын
Халқы сүймей қоймайды!
Көпке әділ іс қылса,
Сөзіне әркім тоймайды.

Білімі оның бар болса,
Елінің парқын ойлайды.
Залым болса жолдасы,
Қабыл болмас тәубесі.

Екі дүние ішінде
Жарылқамас Алласы!

Жаралған жанның бәрі бір,
О да – Хақтың пендесі.

Дұғасы қабыл пақырдың
Жібере ме көз жасы?!
Хайым шардың баршасы –
Бір Алланың өзінен.

Адам кәпір болады
Жалғыз ауыз сөзінен.
Тәнірім сүйіп, бақ берсін,
Бек боларсың тезінен.

Әуелден ерген жолдасты –
«Өрі жүр!» – деу қиын-ды,
Аз ба, көп пе аймағы
Бұған жібермесің-ді.

Күшті ауылмен қас болма,
Әкетеді күйінді.
Бір күн қасың – бір күн дос,
Бұған жібер үйінді.

Сол қасына жақын қып,
Қосар Алла өзіңді!
Бақ қайтарда еш адам
Қылмас қабыл сөзіңді.

Ашуы артық ақымақтан
Талай жандар безінді.
Залымдармен дос болып,
Арамға (харамға) бұрма ебінді.

Жұғыссыз болма жолдасқа,
Кем етер абзал тіліңді.
Азардан (эзерден) туған Ибраһим
Атасы шит сен [білінді].
Лұт нәби туды һазардан...

Тыңдасаң, кеңес айтайын,
Азар һазарға пір дүр.
Олардан туған нәби дүр,
Жаманнан жақсы тудырса,
Қүдіреті күшті Қадір дүр.

Заһардан бал шығарды,
Тікеннен гүл шығарды.
Көп оқыған ғалымдар
Мұны тамам біледі.

Жақсыдан жаман тудырса,
Келер Хақтың пәрмені.
Пендеге пенде пәле ғып,
Алласыз келмес дәрмені.

Алладан тілеп, құр қалса,
Болар кімнің арманы?!
«Алласыз пенде қылды» – деп,
Тіпті ойлама сен оны.
Инжу теріп, жыр ма, не
Жұртқа айтамын мен оны.
Тәңірім, бізге рақым қыл,
Барша жанның Сұбханы!
Хызыр бабам, басшы бол,
Тарыққанның сұлтаны.
Жақсы ғалым – әділ би,
Ислам – діннің раушаны!
Кімді бұзбай қояды
Адамзаттың шайтаны?!
Қожаба ұлым, қолым тұт,
Сізге айтатын назым көп.
Ғошалғызым әулие,
Мен кәріпке жәрдем ет!
Көп әнбие жары (иары) бол,
Мен нашарды есіркеп.
Оңды-солды толғаймын,
Ашылмай тұр берік кілт,

Тәңірім, өзің рақым қыл
Баскадан жоқ еш үміт.
Залымға басшы болған жан
Пәни-бақи оңар ма-ай?!
Жүрегін Ханнас [1] алған соң,
«Хақ!» – деген сөз қонар ма?!
Ақ, сау жүрген адамның
Басына пәле жолар ма?!
Ақылы жоқ, ақымақ жан
Айтқан ақыл[ды] ұғар ма?!
Түбі жыртық ыдысқа
Су құйғанмен, толар ма?
«Мынау – асыл кеңес!» – деп,
Тыңдаған жан болар ма?!
Нашарларды есіркеп,
Сыйлаған жан бола ма?!
Біле тұрып, залымға
Бұрмаған жан бола ма?
Заманақыр нышаны,
Аңлаңыз бұл қиссаны, –
Мұңлы, шерлі бас болмас!
Көзім көрді нұсканы –
Адамның көңілі қош болмас,
Бір-бірімен дос болмас!
Залал асар пайдадан
Осы сөзім бос болмас.
Күнәң асар сауаптан,
Құтылмастан азаптан.
Қабыл болмас әр ісін,
Бұзық мінез себептен!
Ұлық болған адамға –
Кішік болған жарасар.
Кек сақтамай кешу қыл –
Әрбір адам жанасар.
Артық ашу адамға
Ешбір пайда бере алмас.

Керек қылсаң, қасына
Күнінде жан ере алмас.
Ат басындай алтының,
Күмісің жерде қалмай ма?!
Сақау – атсыз, қайырсыз
Өлсе, шөлде қалмай ма?!
Араз болса жолдасың,
Алып барып жатпай ма?!
Қызметін кімде бар болса,
Күнінде сені тастай ма?!
Ерте жабдық қылғанның
Шаруасы бітпей ме?!
Пайдаң тисе әркімге,
Басыңды сыйлап күтпей ме?!
Бір кісіні дос көріп,
Көпке дұшпан болмаңыз.
Миың болса басыңда,
Сөзімді сіз ойлаңыз.
Бір кісі үшін қауымға
Жәбір-жапа қылмаңыз.
Жақынына жан тартып,
Шариғатын бұзбаңыз!
Аз дүниеге алданып,
Көп пайдадан қалмаңыз.
Бір күн тату, бір күн қас
Хаққа ғасы болмаңыз!
Тар лахатта жатасың,
Махшар қамын ойлаңыз.
Қабірде жолдас – иманың
Ере бармас жиғаның.
Алдыңда тергер қазың бар,
Жақсы-жаман қылғаның.
Күнәлы болсаң, сол жерде
Төмен карап тұрғаның.
Сонда еске түседі
Әрбір күнә қылғаның.

Жалғанда ерік өзінде
Болғыл Хақтың сөзінде.
Сауаптан кем болмаңыз
Ғарасат, майдан кезінде.
Бұл дүниеге қонақсың,
Жөнелерсің тезінде.
Нашарларға рақым қыл,
Нашарланар көңіл бар.
Шапағат сұрап расулдан
Іздеп барар күнің бар.
«Үмбетім» – деп айтпаса,
Төмен қарар күнің бар.
Күнәң үшін кәріп боп,
Отқа жанар күнің бар.
Несіп етсе бір Аллаң,
Бек шатланар күнің бар.
Ішіп шапағат дариясын,
Қуатланар күнің бар.
Жаманлық жоқ онан соң,
Рақатланар күнің бар.
Қазақ еді атамыз,
Көбейіп тұр кәтеміз.
Затымыз қазақ болған соң,
Артылды жәбір-жапамыз.
Қол көтерсе дұғаға,
Бола ма қабыл батамыз?!
Халал-харам тергеусіз,
Ішіп тағам татамыз.
Наданлықпен көп сөйлеп,
Көп күнәға батамыз.
Қанша мықты болсаң да,
Тар қабірде жатамыз.
Қиянат, қастық сөз сөйлеп,
Күнінде сонан татамыз.
Бұл мінезбен қабірде
Не қылып тыныш жатамыз?!

Елді бұзған билеуші,
Жұртты бұзған іздеуші,
Елдің басын қоса алмас
Халықты бірдей көрмеуші!

Рақат көрмес кабірде
Садақа, қайыр бермеуші!
Бұл опасыз пәниге
Кімлер кетін-келмеуші?!
Жаман мінез, іс қылсаң,
Алдыңда бар тергеуші.
Болсын қамқор әркімге
Бір жаратқан Алласы!
Дүние үшін таласып,
Бұзылды Хақтың пендесі.
Мың күнәға – бір тәубе,
Болсын қабыл тәубесі!
Аһыл, фазыл нәсілі
Болушының жолдасы.
Кәрі аруақ жын болар,
Бұрынғының мирасы.
Көзін сатты параға
Қажылар мен молдасы.
Хақ сөзінен аяулы
Түзу сөздің бұрмасы.
Залымға тілек бермесін,
Бақи болған Алласы.

Жақсы атаның өнері
Баласында қалған жоқ.
Қоғалы көл, көк шалғын
Даласында қалған жоқ.
Мыңдап баққа қалың қой
Қорасында қалған жоқ.

Түнеушіге жәрдемші
Моласында қалған жоқ.

Дұшпан шамын үргеннің
Өз шырағы жанған жоқ.

Мәртебені қуғанмен,
Алласыз пенде алған жоқ.
Бақ дариясын іздеумен
Бір тамшы да тамған жоқ.

Жігітліктің (игітліктің) қуаты
Ұлғайғанда, туар ма?!
Бір күн біткен дәулетің
Ғұмырыңша біте ме?!

Бақ-дәулетің кеткен соң,
Халқың сыйлап, күте ме?!
Ғұмырыңа жазған бақ болса,
Тепкілесен, кете ме?!

Тәкаппарлық қылмасаң,
Сенен адам өте ме?!
Көп тілеу[і] қор болмаса,
Әрбір пенде оңа ма?!

[Ж]елмен ұшқан дәулет құс
Қайта айналып қона ма?!
Әркімге пәле салғаның –
Өзін (ұзын) пәле буып дүр.

Біреуге мансап берген ер
Беті-қолын жуып дүр.
Тәкаппарлық қылғанның
Тәңірім бағын алып дүр.

Біреуді сотқа бергеннің
Өзі сотқа қалып дүр.
Мүминге қылған жаманлық
Бәрі де өзін тауып дүр.
Аңлағышы адамға
Көрінбей көзге не ғып дүр?!

Пайғамбардың бала кезі

... Кітаптың айтуы осы: «Уа, Алла тағалам,
Өтірік қосқаным жоқ, мұны мактап.
Ашуына қырық бала кіріп алып,
Сілтеді екі қолмен екі жақтап.

Ішіне кіріп алып араласты,
Қағады періштелер атқан тасты.
Екі жүзін қырыпты сол арада,
Бәрінен пайғамбардың қайраты асты.

Бәрінің дал-дал қылып үсті-басын,
Жылатты ұрып жығып, жарып басын.
«Жетімі Әбутәліп болмас-ты!» – деп,
Шаһарға қалғандары қайтып барсын!

Есітіп пайғамбардың бұл жүрісін,
Қуанып, Әбутәлін шашу шашты.
Шаһарға Жаһил лағынет қайта барды,
Көргенін атасына айта барды.

Есітіп Әшім патша ызалан[ды],
Кормейсің бұл секілді пейілі тарды.
«Тас пен ағаш тимеді!» – дегеннен соң,
«Бұл қалай жәдігөй?» – деп, көңіліне алды.

Қайратын Мұхаммедтің көргеннен соң,
– Бұл не қылған балуан? – деп ғажапланды.
– Не қылып бір жетімді жеңбедім?! – деп,
Қайғылы Әбужаһил қапаланды.
– «Онымен ертең тағы соғысам!» – деп,
Әбужаһил бала жиып, даярланды.

Әбужаһил сонда жасы он сегізде
Ер жеткен жігіт еді дәл сол кезде.
Өзі бұрын Меккенің балуаны еді,
Күресте жығылмаған мұнан өзге.
«Әбутәліп жетімі жеңіпті!» – деп,
Ызalandы Әшім патша осы сөзге.

Расул сонда он екі жасында еді,
Араптың қырық ұлының басшысы еді.
Өзге бала меруерт садап тас болса,
Хақ расул бір гауһар тасы еді.
Өзгелері дарақ ду ағашы болса,
Ол расул көк үстінде ғарышы еді.

Нашардың балаларын жиып алған,
Жетім, пақыр – міскіннің досы еді.
Жасынан қиянаты асқаннан соң,
Жаһилдің көздегені осы еді.

Шығыпты қырық бала ойнамаққа,
Кешегі соғыс болған майдан жаққа.
Жиыпты үш жүз бала Әбужаһил,
Соғысып, қырық баланы таратпаққа.

Бұлар да қарсы жүрді қару алып,
Не болса соғыспаққа даярланып.
Пайғамбарды көрген соң Жаһил лағынет,
Кетіпті екі көзі оттай жанып.

Көрген соң, есіл-дерті ұрып жықпақ,
Кешегі жегіп кетіскен жерге барып.
Бұлар да құлаш жайып, қарсы жүрді,
Қолына тас пен шоқпар, ағаш алып.

Пайғамбар нұры балқып жасанады,
Кім қорқып кәшірлерден жасқанады?!
– Бұл мені «Жетім ғой!» – деп, қорлайды, – деп,
Көзіне сонда тақсыр жас алады.

– Иа, Алла, ата-анам жоқ, кәріп едім,
Басыма жетімлікті салып едім.
Бұл мені жетімсініп қорлап жүр ғой,
Болмаса, несін мұның алып едім?!
Бере гөр өзің медет, иа Зұлзалал,
Өзіңді бір жасымда танып едім!

– Дег сонда Хаққа расул төкті жасын,
Жаудырды үш жүз бала қара тасын.
Кәпірге үстем қылып, жаратқан Хақ
Тағы да асырыпты мәртебесін.
Лақтырған тас өздеріне қарсы тиіп,
Бір Алла қор қыла ма оның басын?!

Бұл жүрген қырық бала қызып алып,
Ішіне қорықпай-ақ кірді барып.
Әрбірі он кісілік болып сонда,
Баршасын қиратыпты соғыс салып.

Баршасын баса көктеп ұрып жықты,
Сандалып, кейбірінің есі шықты...

Достысын өз нұрынан жаратқан соң,
Қор қылсын кәпірлерге оны не ғып?!
Шаһар[ға] қалғанлары қашып барды,
Көз шығып, бастан қаны судай ағып.
Осындай тамашасын естіген соң,
Сөйлейді Әшім патша ашуланып:

– Мұнда бір жәдігөй сиқыршы бар, – деді,
Бұл қылған жұмысына ғажапланды.
Патшаның баласын жеңгеннен соң,
Той қылып Әбутәліп бек қуанды.

Хамза, Ғаббас, Арыс, Нама ағалары
Осындай қайратына қайран қалды.
Қырық бала аман-есен кетіп қалды,
Токтамастан үйіне олар барды.

«Мұхаммед – жұрттан асқан балуан!» – деп,
Мекке мен Мәдинаға даңқы барды.
– Не қылып бір жетімнен жеңілдім?! – деп,
Ас ішпей, Әбужаһил қайғыланды.
Осындай кереметі заһар болып,
Мысыр, Шам, Бағдатқа хабарланды.

Бәниі нашам сөйлейді Мұхаммедті,
Жайылып жер жүзіне даңқы кетті:
«Ол өзі – ер жетпеген жас ұғлан,
Ер жетсе, елдің басы болар!» – депті.
«Ол өзі жомарт кісі, адам болса,
Басына бақ пен дәулет қонар!» – депті.

«Ер жетсе бұзылмастан бұл күйімен,
Ақылы мұнан артық толар!» – дейді.
«Мұны біз құрмет істеп, сүйіп жүрсек,
Күллі жұрт ықылас[ың] қояр!» – дейді.

Бұл жұмыс мағлұм болды барлық жанға,
Білінді шарапаты байқағанға.
Қан жұтып, қайғыменен қапаланып,
Әбужаһил ұйықтай алмай, шықты таңға.

Мұнан кейін бірталай заман болды,
Соқтықпай Әбужаһил жайға жүрді.
«Осымен бір сынасып байқайын!» – деп,
нашамға Әбужаһил бір күн келді.

– Күресіп Мұхаммедпен сынасайын,
Әй, ата, рұқсат бер маған! – депті.
Қолма-қол өзіменен бір күрессем,
Келмей ме бір жетімге шамам?! – депті.

– Бір жығып, одан кекті бір алмасам,
Кетті ғой ел ішінде бағам! – депті.
Әшім айтты:

– Бұл құнсыз жан емес пе,
Соған патша баласы пар емес пе?!
Әбутәліп жетімі тең бола ма,
Онымен күреспегін [күрескенің], ар емес пе?!

Онан да тас көтерін, байқап кара,
Балуаның күресетін бар емес пе?!
Қайтіп сенімен тең жолдас болады ол,
Киер киім, тамаққа зар емес пе?!

Соктықпай, бір жетімді, жайыңа жүр,
Мен өзім ұнатпаймын бұл ісіңді...

Жаһил жүр күресуге құмарланып,
Барады іші-бауыры оттай жанып.
«Осымен күш сынасып көрейін!» – деп,
Жолына мың батпан тас қойды апарып.
Пайғамбар тауға қарай келе жатса,
Тоқталды тасты көріп, қайран қалып:
– Бұл жерде бұрын мұндай тас жоқ еді,
Мұны кім келтірді? – деп, ғажапланды.
Бір жерде қарауылда тұ[r]ған екен,
Сол уақта Әбужаһил келіп қалды.
– Осымен күшімізді сынасайық,
Әкелген осы тасты менмін, – деді.
– Менімен парапар күшің болса,
Кәнеки, осы тасты көтер! – деді.

Хақ расул жүре берді тауға қарай,
Жаһилдің айтқанына мойын бұрмай.
Шаттанып Әбужаһил сол арада:
– Кетті, – деп, – мына тасты көтере алмай.

Ішінен қырық бала ғажапланды:
– Япырмау, не іс болды мынау қалай?!
Жаһилдің күші басым болып кетіп,
Болады заманымыз әлде қандай?!

Пайғамбар сол бетімен тауға барды,
«Қонайын!» – деген тауды аралады.
О дағы мың батпан тас тауып алып,
Манағы майдан жерге алып барды.

– Балуан болсаң мына тасты көтерші! – деп,
Әбужаһилың алдына әкеп қоя салды.
Бір бөлігінен сын (іс) келді үлкендігі,
Сол арада көргені бек таңданды.

Бағамы қылған екеуінің бұл жұмысын
Шаһардың адамдары естіп қалды.
– Екеуін анық сынап көреміз! – деп,
Жіберді Әшім патша адамдарды.

Үмиям, Ашам жиылды бәрі сонда
– Көреміз, – деп, – Жаһил мен пайғамбарды!
Жаһил айтты:

– Тасымды көтер! – деді,
– Көтерсең менен күшің өтер! – деді.

– Егер де бұл тасымды көтермесең,
Ол сенің балуандығың бекер! – деді.
Менімен парапар күшің болса,
Мұнан соң айтқан сөзің өтер! – деді.

– Әуелі Мұхаммед кеп күшін салсын,
Тасымды мен әкелген қолына алсын!
Тигізбей қолы менен денесіне,
Көтеріп жүз қадам жер алып барсын!

Уағда – айтқанымдай бола қалса,
Онан соң ұлық болып, жарлық салсын!
Айтқанымдай – тасымды көтермесе,
Мен не айтсам, сонда тілімді алсын!

– Айтқаның жарайды, – деп, қылды уәде,
Екі жақ қарап тұрды тамашаға.

Хақ пайғамбар орнынан түрегеліп:

– Тәуекел! – деп, сыйынып бір Аллаға.
Қолының ұшыменен бір көтеріп,
Апарып үш жүз қадам қойды және (жана).

– Айтқан сөзің рас болса, халық көрді,
Тасымды сен де сондай-лы көтер! – деді.
– Мен де сондай көтерсем бұл тасты! – деп,
Жаһил лағынет қайраттанып жетіп келді.

Бұл тасқа бір Аллада әмір болған:

– Орныңнан қозғалма! – деп, жарлық қылған.

Алладан бұлай әмір болғаннан соң,
Орнынан бір қозғалтып [қозғалып] тырп ете алмаған...
Үмиямлар:

– [Бір] сиқыр бар мұнда, – деді,
– Халықты бұл жәдігөй бұзад, – деді.
Ішінен Әшім патша қайғы жеді.
Қанша [қайрат] кылса, қозғалмады.

Ол тасты олай-былай қатты жұлды,
Тәуір-ак: «Көтерем!» – деп, амал қылды.
– Менің қойған тасымнан үлкен емес,
Ғажайып сиқыр мұнда бар, – деп білді.
– Сиқыр бар, Мұхаммед не қылса да,
Айғайлап Әбужаһил жүре берді.

– Мұнымен жұрттың бәрі тарап кетті,
Екі жақ[та] бәсеке болып кетті.
Соқтықпай Әбужаһил жүрді жайға,
Бірталай осыменен заман өтті.

– Мұның ғам шарапаты бар екен! – деп,
Баниға шам етіп қояр Мұхаммедті.
Күннен-күнге қияпаты артық болып,
Бірсыпыра жамағат құрмет етті.

Айтқан сөз жүрегіне ұнаған соң,
Қадірі халайыққа асып кетті.
– «Япыр-ау, осы маған не болды?» – деп,
Ішінен Әбужаһил қайғы жепті.

– Осы бір сынасып, күресейін,
Ей, ата рұқсат (ұлықсат) бер маған, – депті.
– Сиқырмен тас көтерін, айла (хайла) жасап,
Қайраты асып тұр ғой менен! – депті.

– Рұқсат берсең, ей, ата, жарар, – деді,
– Халайық сонда байқап қарар, – деді.
– Қолма-қол ұстасып, күрес салсам,
Күшіміз сонда мағлұм болар еді.

Бір жығып, ел көзінше кегімді алсам,
Ішкен асым бойыма тарар, – деді.

Әшім айтты:

– Әуре болма бекер,
Жауласпай бір жетіммен қойсаң не етер?!
Егер де жазатайым жығып кетсе,
Қорлығы мұнан әрі асып кетер.

Жаһил айтты:

– Күреспей қоя алмаймын,
Мойнымды басқа сөзге бұра алмаймын.
Мұхаммедтен кегімді бір алмасам,
Көрініп ел ішінде жүре алмаймын.
Онан да халқынды жи майдан жерге,
Қайдағы сөзіңізге тіл алмаймын!

Ата[сы] бала сөзін қия алмайды,
Баласына: «Қой!» – дегенге тіл алмайды.
Үш мәртебе жығылды пайгамбардан,
Төртінші күресуге ұялмайды.
«Мұхаммедтің құрметі асады-ау!» – деп,
Ішіне күншілдігі сыя алмайды.

Атасы баласының тілін алды,
Майдан жерге жимақ боп барша жанды.
– Жан қалмай майдан жерге жиылсын! – деп,
Меккенің шаһарына хабар салды.

Жаһил мен Мұхаммедтің күреспегі
Баршасы ұрғашы-еркек хабарланды.
Он сегіз ру (ұру) Мекке халқы
Шаһардың адамлары естіп қалды.

Хамза, Ғаббас, Арсынас, Әбутәлін, –
Бұлар да бармақ болып даярланды.
Күресуге лағынет болды құмар:
– Не етем, – деп, – мұнан аяп шыбын жанды?!

– Бір жықсам Мұхаммедті арман жоқ – деп,
Бұл ұстасып байқауға құмарланды.

Меккенің, жар салдырды, қаласына,
Бай, пақыр, үлкен-кіші баласына.
Бұл жұмыс үлкен намыс іс болыпты,
Құрайыш – Үміе Әшім арасына.

Жар салды

– Ертең түстен қалмасын! – деп,
Бейсауат ешбір адам бармасын! – деп.

Достысын артық қылғай патша Құдай!
Ешкімнен қор қыл[а]р емес, көңіліме жай.
Бани Әшім тұқымы шатланады:
– Тағы да женеді, – деп, – бұрынғыдай!

Үмиямлардың жүрегі шуылдайды:
«Болад, – деп, – патшамыз әлдеқандай?!»
– Құдай-ау, өзің жәрдем бере ғөр! – деп,
Хақ расул нұрланады атқан таңдай.
Меккенің ұрғашы-еркек адамлары,
Жиылды айтқан жерге бірі қалмай.

Қалған жоқ жасы жеткен балалары,
Халқының үлкен-кіші даналары.
«Әшімге тайпа (тайқы) болып ерген халық
Он мыңдай болды, – дейді, – шамалары».

Бір бөлек Хамза, Ғаббас, – бұ да келді,
Әбутәліп – пайғамбардың ағалары.
Әбубәкір сыдық бар ортасында
«Бір мыңдай болды – дейді – шамалары».

Басшысы Әбутәліп бұ жағының,
Сол күнде жеті жаста хазірет Ғалы.
Халайық екі жар боп отырысты,
Сән түзеп Үмиям – Әшім балалары.

Тіккізді Әшім патша алтын шатыр,
Әскері (ғаскары) қасындағы толып жатыр.
Үстіне алтын тақтың отырғызып,
Көтеріп алды бәрі өңшең батыр.

Басында – тәж, белінде – камар белбеу,
Алтын тон үстіндегі жарқылдатар.
Өктем-өктем сөйлейді Жаһил лағынет:
– Салам, – деп, – Мұхаммедке заман ақыр!

Ақырғы (ағырғы) асырып тұр салтанатын,
Құдай берер ақырсына кімге артын?!
Жібек кілем жайғызды майдан жерге,
Киген киім, баста тәж – бәрі де алтын.

Қолында гауһар тастан күміс таяк,
Ауызбен айтып болмас оның қалпын.
Отырды шатырына сонда барып,
Үстіне орнаттырып алтын тақтың.
Әсем мен Әбужаһил үйден келді,
Мартыдай иіс сумен шашын жуды...

Алтын тәж, күміс етік, кемер белбеу,
Гауһардан шеге қаққан отыз жерден.
Неше алуан ойын қылып сонда келді,
Асырып салтанатын тамам елден.

Неше алуан сөйлейді желдей есіп,
Ғашам қауи-қауи отырды күпсіп:
– Сиқырын тастарға салып жүр ғой,
Осы жолы байқаймыз! – деп күпілдесіп.

Мұхаммед әлі топқа келе алған жоқ,
Отырды Бәни, Ғашам қайғы жесіп.
Жоқтады Мұхаммедті Әбутәліп:
– Япырмау, не себептен келмеді? – деп.

– Уағдадан тайды не себептен!
Бұл қалай іс болды, – деп, – ғажапланып.

Ол жақта Жаһил тұрып сөз сөйлейді:
– Әкел, – деп, – Мұхаммедті! – айғай салып.

Ғашам (Әшім) патша халқына уағда қылды:
– Балам жықса, қылам, – деп, – үлкен тойды.
Егер де Әбушәгім жыға қалса,
Соям, – деп, – елу түйе, бір жүз қойды.

Бұл жақтан батыр Ғаббас жауап берді:
– Мұхаммед жықса, қылам, – деп – үлкен тойды.
Егер де Мұхаммедім жыға қалса,
Соям, – деп – бір жүз түйе, бір жүз қойды!

– Ол қалайша қашты, – [деп] – бұл күрестен, –
Хамза, Ғаббас, – бұлар да қайғыланды.
– Қашты, – деп, жұрттың көбі ойына алды,
Не ғажап болғанына қайран қалды.

Орнынан Әбутәліп түрегеліп:
– Мен ертіп келейін! – деп, үйге барды.
Үйіне Әбутәліп келді жетіп,
Мұнайып отыр екен жетім кәріп.

– Сен үшін жұрттың бәрі қарап отыр,
Отырсың тойға бармай, балам, не ғып?!
«Үстіме топқа киер киім жоқ!» – деп,
Сол үшін отыр екен қапаланып.

– Ай, ата, өтіп кетер дүние бөк,
Ішімді күйдіреді қайнаған шоқ.
Бұл үшін мен отырмын қапаланып.
Үстімде топқа киер киімім жоқ.

Бәрінде – тәж, белінде камар белбеу,
Жаһилдың салтанаты көңіліне тоқ.
Үстімде жаман тонмен жетіп барсам,
Күлмей ме сонда маған жиылған топ?!

Атам болса, жайымды білер еді,
Жайымды күнде сұрап келер еді.

Ата-анам, аға-інім болса егер,
Үстіме киім алып берер еді.
Баруға киімімнен ұяламын,
Жаһилге менің күшім келер еді.

Жіберді Әбутәліп сонда жылап,
Хақ расул да жылады көзін жастап (жаслап).
– Өзіңе малы-жайым мағлұм еді,
Алайын жоқ нәрсені кімнен сұрап?!

Пұл болса, сатып алып берер едім,
Қайтейін: тоным – келте, қолым – шолақ.
Екеуі де жылады сол арада,
Қинады дүни, шіркін, сонда бірақ.

Екеуі зар жыласып тұра тұрсын,
Ана топ майдан жерде кеңес құрсын.
Құдайдың бергенін мен айтайын,
Бір Құдай оны неге мұқтаж қылсын?!

Ол күнде жесір еді Хадиша анам,
Айтайын, тыңдасаңыз, жайын саған.
Түсінде Мұхаммедтің нұрын көріп,
Жасынан ғашық қылған Алла тағалам.

Екеуінің қосылмағын мен сөйлеймін,
Айтайын баян қылып, келсе шамам.
Хадиша жұрттан асқан көркем еді,
Хисапсыз дәулет оған беріп еді.

Атасы Қойлы деген бір үлкен бай,
Күйеуге, қосылмай-ақ, өліп еді.
Оң жақта қыз боп тұрған заманында,
Бір түсті жас күшінде көріп еді.

Бір күні ұйықтап жатса тосегінде,
Көктен кеп күн қойнына еніп еді.
Уарқа дейтін ағасы ғалым еді,
Тағбирын бұл түсінің сұрап еді.

– Бани Әшім (Ғашым) тұқымы Қурайыштан,
Мұхаммед атты бір пайғамбар келер, – деді,
Мұхаммед – ақыр заман пайғамбары,
Ол саған адал (ғалал) жолдас болар, – деді.

Ол пайғамбар некелеп (некағлап) сені алып,
Басыңа бақ пен дәулет қонар, – деді.
Дін түзетіп, көп қауымды жолға салып,
Артынан көп жамағат ерер еді.

Мұхаммед атлы бір бала Қурайыштан,
Пайғамбар болатынын біліп еді.
Сали Алла ғали уассаламның
Тауратта сипатларын көріп еді.

– Мұхаммед атлы ұл туса, ти[е]мін, – деп,
Меккеге ізлеп (іздеп), көшіп келіп еді.
Кәпірге балуан аты шыққан күннен-ақ,
Дидарын бір көрмекке жерік еді.

Жан жетпес гауһар жақұт болуға бар,
Өзінің баға жетпес құны да бар.
Мың бес жүз қара нармен жол жүргізген
Жұмсайтын мың қызметкер қолында бар.

Хадиша мұнараға шығып алып,
Жиылған халайыққа көзін салып:
«Мұхаммед қай жерде екен, білейін!» – деп,
Білуге майдан жерге тұрды барып.
Қараса, Мұхаммед жоқ топ ішінде,
«Япырм-ай, бұл қалай?!» – деп, қапаланып.
«Мұхаммед бұл жиылыста көрінбейді,
Келе алмай қалды екен мұнан не ғып?!»

Бір құлын Майсара атлы жіберіпті:
– Білші, – деп, – Мұхаммедті сен тез барып!
Мұхаммед топқа не ғып келмей жатыр?
Хабарды шапшаң барып, келші алып.

Майсара келсе, топта Мұхаммед жоқ,
Тұр екен Хамза, Ғаббас қайғыланып.
Майсара үйіне іздеп келсе,
Пайғамбар мен отыр жылап Әбутәліп.
– Үстінде топқа киер киімі жоқ,
Сол үшін отыр, – дейді, – бұл ұялып.

Майсара айтты Әбутәліпке:

– Тақсыр, – деді,
– Айтайын мен сіздерге ақыл, – деді.
– Тез барып, Хадишаға мен айтайын,
Үйінде киім толып жатыр, – деді.

Майсара Хадишаға қайта барып,
Көрген-білген жұмысын айтты барып:
– Үстінде топқа киер киім жоқ, – деп,
– Сонымен отыр, – дейді, – қайғыланып.

Ғашық боп бір көруге тұрған өзі,
Кетіпті, естіген соң, шын жанып.
«Пәлен жерде боқшаны алып кел!» – деп,
Майсара бара сала келді алып.

Алып шығып ақ боқшаны, ақтарыпты,
Бір асыл алтын тонды қойды алып.
Патшаның тәжіңдей асыл бөрік,
Етік, белбеу, пешпентті берші апарып.

Кемер (тамар) белбеу гауһардан шеге қаққан,
Бір патшаның малындай бағасы артқан.
Бірінен киімінің біреуі артық,
Көргендер ғажапланып, таңдай қаққан.

Баршасын Майсара құл көтереді,
«Хадишаның сыйы» – деп, берді апарып.
Жібергенін бір Алланың анық білді,
Мың мәртебе шүкір қып рақатланып.

Алтын тон, күміс белбеу, күміс етік,
Киіп ап келді тақсыр топты жарып.

Сол тонды топқа киіп келген жерде
Мұнара, жердің жүзі болды жарық.

Ішінен әлгі тонның бір нұр шығып,
Бір түрлі жарық болды мұнарланып.
Жұпар иіс жұмақтан (ұжмақтан) пайда болған,
Мастанды майдан жерде қанша халық.

Күнменен шағылысқан нұрды көріп,
Хадиша ғашық болды құмарланып.
– Дүниеде мұндай да болады екен! – деп,
Көргендер сипатына қайран қалып.

Осы тон хазіреті Нухтан қалған екен,
Тағышлап ианбудан өрнек салған екен.
Румның патшасы нәсіліндей,
Хадиша мың алтынға сатып алған екен.

Бір патшадан бір патша кезек алып,
Біреуден біреуге мирас қалған екен.
Достың үстіне кимегіне
Алланың болған, сірә, пәрмені екен.

Пайғамбар жарқыратып киіп келген,
Мастанып (масланып) жиылған жан естен танған.
Бергенін Хадишаның білгеннен соң,
Жаһилдің іші күйіп, оттай жанған.

Нұр шығып, жарық қылды майдан жерді,
Бәни нашам тілегін Тәңір берді.
Хамза, Ғаббас, Арсынас, Әбутәліп,
Шатланып мұнан кейін көтерілді.

– Мұхаммед мына жерге отырсын, – деп,
Қасынан көрсетті Әбутәліп бір орынды.
Пайғамбар отырмады әлгі жерге,
Алдында әлеуметтің тіке тұрды.

– Мұхаммед не себепті отырмас, – деп,
Хадиша мұнарадан мұны көрді.

– Не себептен отырмай, түр екен? – деп,
Сол жерде Майсараны тез жіберді.

– Қалайша Мұхаммед отырмайды? – деп,
Майсара жиын топқа жетін келді.

– Алтын тон топыраққа былганад, – деп,
Сол жерде Майсараға жауап берді.

Әбужаһил кілемнің үстінде отыр,
Мазақтап, бізді көрсе, күлер, – деді.

Хадиша:

– Кілем бар алған сатып,
Ол үйде не бітірер қарап жатып?!
Сол кілемді апарып салып берші,
Халықты таңдандырсын, таңырқатып.

Мақтанып ем сол кілемді сатып алып,
Құн жетпес бағасына біліп анық.
Шатланып, көңілдері көтерілсін,
Астына Мұхаммедтің жайшы апарып.

Майсара кілемді алып топқа келді,
Үстінде желмаяның өте берді.
Кілемді жерге салып, жайып еді,
Бұрынғыдан екі есе жарық болды.

– Дүниеде мұндай асыл болады екен! – деп,
Тамаша, мұнда көрген, халық қылды.
Күмістен, күн түскендей, шағылысып.
Хақ расул отырды оның үстіне барып.

Арқауы жібек екен, тегі күміс,
Алтыннан ортасында салған нақыш.
Шашағын күміспенен зерлеп өрген,
Сурет бар ортасында бір ғажап мыс.

Он бір мың шамасында жиылған жұрт,
Жоқ екен бұрын мұндай ешбір көрген.
Хазреті Ғайса заманынан
Мирас боп, бірден-бірге қала берген.

– Мұндай асыл кілемді кім берді? – деп,
Таңданып Ашам (Әшім) патша көз жіберген.
Қасында Майсара [деген] құлды көріп,
Бергенін Хадишаның сонда білген.

Кілемнің баяны

Бұл кілем көйтен [көктен] келіпті,
Тозбайтын не еткен берік-ті?!

Хазіреті Ғайсаға
Інжіл көктен еніпті.

Уагия алып Жебірейіл
Алып келіп беріпті.
Хақтың берген кітабын
Оқып Ғайса біліпті.

Мұхаммедтің сипатын
Сол Інжілден көріпті.
Хазіреті Ғайса бір күні
Кәуір деген халықтың
Өнерпазын жиыпты.

– Інжілдің сөзін біл, – деді,
– Бұйырамын бір істі,
Бұйрығымды қыл! – деді.
Бір Алланың бұйрығын,
Құдіреттің жарлығын
Інжілден оқып көріпті.
– Менен кейін заманға,
Мағлұм болар ғаламға –
Мұхаммед атлы бір ер шығар,
Ол шаһар Меккеден
Қурайыш атлы атадан –
Құдай болар достысы,
Пайғамбар болар сол! – деді.

– Қарайды оған ел, – дейді,
Ғаршы, гүрсі, ұжмақ (жұмақ) –

Бір сол үшін жаралған.
Бакыты асқан ғаламнан
Қарайды оған ел, – депті.

Сол «Бір» үшін жаралған –
Жеті қат көк, жер, – депті.
– Жақын жерден жау шығар,
Мақұл сөзден дау шығар!
Дұшпаны болар бір, – деді.

Інжіл сөзін ұғындар,
Бір асыл кілем тоқындар!
Осы айтылған сипатты
Бетіне салып беріпті.
Шығарып сөзін жарыққа,
Басшы болып халыққа,
Көрсетер елге соны! – депті.

Сол кілем бұл заманға қалған екен,
Тоқытып хазірет Ғайса алған екен.
Әбужаһил дұшпаны күреспегі –
Құдайдың әуел бастан пәрмені екен.

Нұр жа[r]қырап жанып тұр,
Халық қайран қалып тұр.
Көрген жандар тамаша
Суретлерін танып тұр.

Хақ пайғамбар дұшпанын
Көтеріп, қолға алып тұр.
Айналдырып басына,
Иығына салып тұр.

Сол жерде Жаһил лағынет түрегелді:
Айғайлап пайғамбарға жібереді:
– Менімен күресу[ге] жарар болсаң,
Әбутәліп жетіміне қиын, – деді.

– Қайсымыз жығылсақ та, таласпайық,
Жүрейік, таласпай-ақ, жайға! – деді.
– Әуелі мен күшімді көрсетейін,
Сен байқап, өз күшіңді жина! – деді.

Ол өзі Жаһил лағынет асқан мықты,
Күресте жығылмаған бұрын тіпті.
Мың батпан тас лақтырып, қағып алып,
Сол жерде неше алуан ойын кыпты.

Неше түрлі тамаша ойын ойнап,
Халықты өз ә[лі]нше таңдандырды.
Бар екен бір і[н]ісі – өзі балуан,
Әуелі сонымен күресіпті.

– Қайратын халайыққа көрсетпекке,
Басынан айналдырып, оны жықты.

Бар екен бір зәңгісі сатып алған,
Бәйге алған талай жерде мың мен саннан.
Жас жігіт о да өзіндей он сегізде
Жасынан еш[бір] жаннан жығылмаған.

Шынжырлап Әшім мұны қояды екен,
Ғұмырында жығылмаған бір адамнан.
Соғыста мың кісіден қашпайды екен,
Болғанда өнері артық, батыр балуан.

Жетелеп сол зәңгісін алып келген,
Сол жерде оныменен күрес салған.
Оны да жығып тастап тұрды жайға,
Халайық, жиылған жұрт таңға қалған.

Әбутәліпке айғайлап тұрды сонда,
– Кәнеки, балуаның, – деп, – шығар маған!
Оңашада: «Балуан болдым!» – дейтін шығар,
Мұхаммед бүгін менен болмас аман!
Мұсылмандар Құдайға сыйынып тұр:
«Болад – деп, – әлде қандай мына заман?»

Сол жерде Хақ расул түрегелді,
Жаһилге қарсы [қарап] жүре берді:
– Сен өзің уалхасыз адам едің,
– Сенімен күреспеймін бүгін! – деді.

– «Болдырып қалдым», – дерсің сенің өзін,
Танарсың уәденнен тағы да өзің!
«Мен бүгін күшім бәрін салдым!» – дерсің,
«Қолыма мың батпан тас алдым!» – дерсің.

Сонан соң: «Екі адаммен күрес салып,
Болдырып сол себепті қалдым!» – дерсің.
Мен кетсем сені жығып осы арада,
Артынан көп өкініп, қайғы жерсің.

Сен бүгін тынықшы, ұйықта үйге барып,
Ас ішіп, ұйқың қанып, рақаттанып.
Армансыз екеуіміз бір болайық,
Дәл ертең күшімізді сынасайық.

Болмаса сеніменен күреспеймін,
Кетерсің уағдаңнан тағы тайып.
Тұрамын сен келгенше осы жерде,
Барып кел, сен үйінде, демінді алып.

Пайғамбар Жаһилге айтты мына сөзін:
Халайық дұрыс көрді мұның өзін.
Пайғамбар халыққа айтты осы сөзді,
Ойлады: «Дұрыс қой» – деп, барлық жиын.

– Қайсымыз жығылсақ та, жай жүрейік,
Нақақтан бір-бірімізге біз тимейік!
Уәдесіздің уәдеден тайғанына
Уағасыз үшін, сірә, біз күймейік!

Жан қалмай ертең түсте жиылмақ боп,
Осымен көп жамағат тарап кетті.
Кім жықса әмірінде болмағына
Екі жақ қол қойысып, уағда етті.

Ол күні Жаһил лағынет үйіне барып,
Неше алуан тамағын ішіп-жепті.

Бұл жерде Хақ пайғамбар жатып қалған,
Тынығып Жаһил лағынет демін алған.
Пісіріп Майсара құл алып келді
Пайғамбарға тағам келді Хадишадан.
Тамағын Хадишаның аз-аз ішіп,
Жаратқан Жаппарына шүкір қылған.

Таң атып, мезгілінде жарық болды,
Халайық майдан жерге бармақ болды.
Халайық келді жиылып майдан жерге,
Бұл күні бір сын болмақ екі ерге.

Қаптаған, жер қайысқан халық кепті,
Көруге бүгінгі күн анық кепті.
Кешегі қалған жерден қозғалған жоқ,
Қылады жұрт тамаша Мұхаммедті.

Әбутәліп, Әбубәкір, Хамза, Ғаббас –
Бастап кеп, пайғамбарды құрмет етті.
Кешегі мыңнан аса бұл жақтағы
Тілектес Мұхаммедке, бір ниетті.
Әшім патша, Жаһил мен – олар да кеп,
Өзіне қошаметпен ерген көп-ті.

Отырды шатырына Әбужаһил
Тынығып, әбден тойып, емес ғәпіл.
Тағына отырғызды пөкерлері
Алтын тақ – астындағы, баста – шатыр.

Ел көбі, сөздің көбі сонда гулеп,
Қошемет көпшіліктен болып жатыр.
Мұсылман жақ сенеді Алласына
Патшалық күш пен көпке сеніп кәпір.
Арманы – бүгін жықса, кегін алмақ,
Сөйлеген, сөз қылған іс – бәрі батыл.

Екі [жақ] қосылған жоқ, орта[да] есік,
Қарсы [боп], бір-біріне сап түзесіп.
Жаһилдің бар арманы: «Жығамын – деп,
– Не қылса, осы жолы бір күресіп!»
Жүрегі Әшім патша зуылдайды:
«Тағы да әлдеқандай болад?!» – десіп.

Екі жақ бәсекеге тұр қарасып,
Ортаға Жаһил шықты жанталасып.
– Мұхаммед шықсын, мен оны жығамын! – деп,
Сөйлейді неше түрлі судай тасып.

Мұхаммед: «Бисмилла!» – деп, түрегелді,
Екеуі тандандырған тұрған елді.
– Иа, Алла, өзің маған қуат бер! – деп,
Жаһилге сескенбестен қарсы жүрді.

Жаһил айтты:
– Бүгін менің күшім басым,
Сірә, сен менен қазір сау қалғасың,
Орынында отырып қалыпсың ғой,
Қапы қалып, бір сылтаумен дауласпасың!

Мұхаммед айтты:
– Бұзылып, сөз дауласпа,
Бүгін менен жығылсаң, аузыңды ашпа!
Жазатайым жығылып менен қалсаң,
Жайымызға жүрейік, көп жауласпа!

– Уағда[ға] кешегі қол қойысқан,
Сөз жүгіртіп, бал салмай, іштен-тыстан.
Бағынайық жығылғанымыз жыққанымызға,
Жүрейік, шама келмеске, болмай дұшпан.
Бұдан былай тиіспей жай жүруге
Уағда көп алдында серт қылысқан.

Мұхаммедті Жаһил сонда ұстады:
– Енді сөз керегі жоқ босқа, – деді.

– Амалда, мені аяма, шамаң келсе,
Қолың жетіп тұрған жансың құсқа! – деді.

Ұстады Жаһил лағынет қайрап тісін,
Аямай, барын салып, қайрат күшін.
Аждаһа, қара жылан крестей боп,
Кәбірдің жан шошырлық көрсен түсін.

Ойы сол – қолтығынан лақтырмақ,
Шаңдатып тиген жерді будақ-будақ.
Пайғамбар күшін салмай, жай ғана ұстап,
Қалай қаһар қылса да, шыдап тұрды-ақ.

Жаһил лағынет бар күшпен алысады,
Айла ғып, олай-былай салысады.
Жай кісіні ұстаса, оңай еді,
Пайғамбар оған болмай қарысады.
Арқалап сүйретеді, жұлысады,
Жай таласып, айласын тауысады.

Алып жүр іштен-дағы жаған[ы] да,
Кейде – тамақ, кейде омырау саған[ы] да.
Сонда да Мұхаммед бір тырп етпеді,
Халық қайран болады, қарағанда.

Балуа[н] – жағаласқан екі кісі,
«Женбедім!» – деп, Жаһил лағынет күйіп іші.
Мұхаммад дөстысына сүйінеді,
Мұхаммедтің бойында – Хақтың күші.

Ел қолүзерінің (қолұзарының) тілеуінде,
Осылай күрес қылды бұл екісі.
Көпшілік бұл екісін сынай көрді,
Мұхаммед қимылы жоқ, шыдап жүрді.

Жағасынан Жаһил ұстай берген[нен] соң,
Бір кезде бір қолымен лақтырды.
Етпелей Жаһил лағынет жерге барып,
Екі қолмен жер тіреп, құлап тұрды.

Тауысты Жаһил лағынет айла-күшін,
Мұхаммедке тегін қайдан пайда (перде) қылсын?!
Өзі – патша баласы, өзі – балуан,
Күштің кімде жатқанын қайдан білсін?!

Лактырғандай еді қолына тисе тауды,
Жүретін балуан жерге тимей жауырыны.
Қолына Мұхаммедтің түсін қалып,
Енді аман құтылу[ы] болды даулы.
Қолынан, көп болғанмен, не келеді,
Тілеуінде отырған он мың қауымы?!

Мұхаммед көп шыдады күткендей-ақ,
Бағана беті бар еді күткендей-ақ.
Бар айла (хайла) күшті жұмсап Жаһил лағынет,
Қарап тұрды қолынан түк келмей-ақ.
Мұхаммед айтты Жаһилге:
– Болдың ба әбден?
Айлаң мен күшің бар ма енді қалған?!
Өлі де шамаң келсе, қимылдай гөр,
Тағы да сылтау тауып, қылма арман!

Жаһил айтты:
– Мен болдым, кезек саған,
Міне, айла-күшім жоқ тежеп қалған.
– Мен де сондай болмаймын, – деп, – Жаһил тұрды,
Енді күрес келеді пайғамбардан.

Мұхаммед:
– Иа, Алла! – деп, қолды салды,
Жаһилді бұраңдатып жұлып алды.
Өз табаны орнынан қозғалған жоқ,
Көтерін иығына бір-ақ салды.

Кілемдегі суреттен бір айнымайды,
Он бір мың көріп халық ғажапланды.
Мұсылман – біздің жақтың бақыты асып,
Аллаға шүкірлікпен ажарланды.

Әшім патша көп болып не қылады,
Өз бармағын өзі тістеп, назаланды.
Мұхаммедтің асқанын көргеннен соң,
Жүрегі ерген жанның тазаланды.

Енді қарсы сөйлеуге беті жоқ боп,
Жерге қарап Үмисам балалары.
Әбутәліп, Әбубәкір, Хамза, Ғаббас –
Бақыты асқан Мұхаммедтің ағалары.

Туғаннан мұсылман болып туған –
Жас бала, о да отыр хазірет Ғалы.
Болмайтын батыр қайда жуырдағы,
Әшім патша жерге құлап туы – дағы.
Мұхаммед төбесіне айналдырды,
Жер мен көк жел соққандай зуылдады.

Жаһилдің жақындары жылап тұрды,
Көрмеді қолға алғанда, лақ құрлы,
Төбесінен тоғыз қабат айналдырып,
Тымақша жоғарыға лақтырды.

Жөнелді жоғары алып періштелер,
Торғай – тозақ боп ұшты керіскен ер.
Бұл Жаһил лағынетті аспанға атып,
Басы осы көп алдында жеңіскен жер.

Ноқаттай көз ұшында ұшып барды,
Жұрт көзі көкке қарап тұрып қалды.
Әшім патша Мұхаммедке арыз қылды:
– Өлтірме, қалсын аман шыбын жаны!
Бұдан былай бағынамыз тіліңді алып,
Жерге енді түсірмей, алсаң, әні!

Енді өзі де жай жүрер, болмас қарсы,
Бірқатар болды тоқтау – осы барысы.
Осы көптің алдында уағдам сол –
Жерге төмен құлатпай, қағып алшы!

Жаратқан патша Құдай нұрға малып,
Ашу бар ма, егессін оған не ғып?!
Қолын жайды торғайдай кеткен жаққа,
Періштелер әкелді қайта айналып.

«Батырды» – орамалдай жеп-жеңіл ғып,
Мұхаммед жерге қойды қағып алып.
Бұраң етіп құлады бір ақ аяқ,
Үмиям жағы жабылысты шұбап барып.
Бұл қызыққа періштелер араласқан,
Жиылған көріп тұрды барша халық.

Жаһил лағынет ес-түс жоқ, жатқан сұлық (жұлық),
Әуелгі қол тиген жақ кеткен сынып.
Бір жағында сау қалған дәнеме жоқ:
Қабырға, жамбас пен қол, ортан жілік.

Сытырлап быт-шыт болып бос қалыпты,
Жіліншіктің сүйегі үгітіліп.
Тік көтеріп Жаһил лағынетті алып кетті,
Жиылған халық көрді түгел тұрып.

Көтеріп [ол] Жаһилді алып кетті,
Тарқасып, гуїлдесіп халық кетті.
«Әрі балуан, керемет әл[і] бар!» – деп,
Көпшілік Мұхаммедті танып кетті.

Әбутәліп бастаған Бани, Машам,
Ортаға ап құрмет етті Мұхаммедті.
Құдайым дәрежесін асырған соң,
Жайылып Мұхаммедтің даңқы кетті.

Құдай берді тілеуін мұсылманға,
Панасы патша еді, қысылғанда.
Меккеде кереметін халық көрді,
Естілді: Медине, Бағдад, Мысыр, Шамға.

Осымен жиылған көп тарап кетті,
Ден қойып Мұхаммедке араб кетті.

Аузының, көрген жанның, суы құрып,
Ықылас, ниеті ауып, қала[п] [ке]тті.
«Кереметі мұнан асар жан болмас!» – деп,
«Осы патша болад!» – деп, санап кетті.

Әбубәкір мен Нұрым айтысы

Нұрым.

Мен келдім Мырзалының ордасына,
Жолықтым үй сыртынан молдасына.
Жыландай зәрді салып, сөз сөйлейін,
Мырзалы: «Қой!» – демейді жолдасына.

Жолықпай бұл қарағым жүрген шығар,
Кесетін қорғасынды – ай алмасына!
Қазақтың жақсылары арам жейді,
Не жауап береді екен Алласына?!

Әбубәкір.

Татарым, танымаймын, келдің кеше,
Толып жүр сендей татар әлденеше.
Салдырлап жіпке тізген қалампырдай,
Алдымнан шыға келдің кесе-кесе.

Алланың тексерушісі сен емессің,
Зиянын тартады өзі арам жесе.
Қай сөздің жөнін біліп тексересің,
Көшеге ерте шықсаң, кеш келесің.

Жанжалмен «пәле» – десе, дес бересің,
Мен айтсам, шақса басым, ескересің.
Қазаққа бір[лі] – жарым сауда қылсаң,
«Уа, Алла!» – деп, бір жаныңды бек бересің.
Қасына «Мұсылман!» – деп, ере қалсақ,
Үйіңе жақындаса, жек көресің!

Нұрым.

Қазағым, менің атым – ақын Нұрым,
Қазақты көп көргенмін мұнан бұрын.

Атымды халыққа айтса, білуші еді,
Белгілі алты алашка менің сырым.
Айтыссаң, меніменен ерегісіп,
Аузымнан құлаш-құлаш шығар тілім.

Әдеп, абырой жоқ, арсыз қазақ,
Сөйлейсің жанға тиіп, жансыз қазақ.
Шариғат – шілірнені тұл ілмейсің,
Әр нәрсең арамдыққа, молсың (мұнсыз) қазақ!
Базардан арқан, балта, жіпті ұрлап,
Не қылып біздің елде жүрсің, қазақ?!

Сен ерсең, мен де ергенмін хан-қараға,
Айтып қал, сыным болса, қорғалама!
Еш мінді біздің елден таба алмайсың,
Соқырдай жан-жағыңды арамдама.
Біздің ел теп-тегінге ас бермейді,
Қазағым, айтып жалған, сандалама!

Әбубәкір.

Ноғайым, айтар сөзің біле алмадың,
«Айтыспай, қой!» – деп едім, тіл алмадың.
Әуелі келмей жатып, жаман сөйлеп,
Жалтандап, жас баладай, бұраңдадың.

«Татардың нәсілі харам» – деген сөз бар,
Нәсіліңнен хабар бермей тұра алмадың!
Есіңнен қалмағандай қылар едім,
Көп ноғай басың қосып құралмадың.
«Баймын, мінім жоқ!» – деп, мақтанасың,
Шақша бас, досы ма едін бір Алланың?!
«Баймын, мінім жоқ!» – деп, мақтанасың,

Алдыңнан жүген салсам, тоқталасың.
Қалаға түйе тізген қазақ барса,
Жасырып, арқан менен қапты аласың.
Пітіна (пятно) неше түрлі бәрі сенде,
Тексерме біздің елдің ақ-қарасын.

Жұрт едің әуел бастан еңбегің еш,
Арам жеп, халайыққа ықыласын кеш.
Қазақтан несіп тауып, нәрсе алсаң,
«Алла!» – деп, бір жаныңды бересің бес.

Ұрылып өз сөз[і]нен өңшене ноғай,
Жанжалды шығарады ертеңді-кеш.
Кей ноғай шашын қойып, келер іштен,
Кім айтар: «Мұсылман – деп, – артын пішкен!».
Құдайдан үміті жоқ ноғайлар көп,
Тапқанын ақша қылып, арақ ішкен.

Нұрым.

Бұл жақта Қазан деген шаһарым бар,
Ол жақта бұрын-соңды болғанбысың?
Қазанда мешіт бар мұнаралы,
Күмістен күмбезі бар нұмаралы.
Ішінде сол мешіттің кәріптер бар –
Қолында хатым еткен бар Құраны.

Дәрісін тамам еткен молдасы бар,
Басында – тәжі, лаулалхи салмасы бар.
Жат етіп: «Бір Алла һүку» – деген,
Аузында – зікір, таспиқ, Алласы бар.

Мешіттте намаз оқып шыққаннан соң,
Кіретін бина сарай ордасы бар.
Байларым сәндік үшін ел қыдырса,
Тарантас, жүз теңгелік арбасы бар.

Арбаға алты-алтыдан пар ат жеккен,
Әрбірінде мың теңгелік жорғасы бар.
Еріткен қосшылыққа зейнет үшін,
Қасында жиыр[ма] – отыздан жолдасы бар.

Сайраған ақ сарайда бұлбұлы бар,
Алысты жақын қылған дүлдүлі бар.
Баршаның, ақылменен, басын қосқан
Ақымдай көпес сықылды ділмары бар.

Байларым қазынаға мал жинаған,
Мүсілім (мұсылман) көп Құдай үшін жан қинаған.
Залымдар арам, мүми сіздің елде,
Көңілін дүниеде[н] бір тыймаған.

Ортаңда, салған қазақ, шарың да жоқ,
Жақсылық, берік көңіл бәріңде жоқ.
Жастарың жанаөспірім қайдан білсін,
Жақсылық ақсақал мен кәріңде жоқ.

Сықылды кесік құлақ құзғын қазақ,
Бір жерді, пәле болса, қазған қазақ.
Ойына үміт кірсе, кет демейді,
Бейнесі айуандай, жазған қазақ.

Қазақта толып жатыр «батыр» – деген,
«Батыры – пақырлардың хақын» – жеген.
«Қазақтың бұрынғы өткен ақсақалы
Қуырып, бауыздау қанымен жатыр» – деген.
Қазағым, сен білмесең, мен айтайын,
Қазақты бір рауатта «кәпір» – деген.

Әбубәкір.

Арқада аю менен барыс болар,
Араға кірген шайтан ұрыс болар!
«Кәпір» – деп мұсылманды, діннен шықтың,
Тегінде мұның түбі бір іс болар.

Мен Әнес сахабаның баласы едім,
Ішінде мұсылманның сарасы едім.
Әуелі қазақ, ноғай болғаннан-ақ,
Бізбенен, ақыл қоспай, талас едің.
Айтысқа, малы байлық пенен, мырзалыққа,
Қазақтан әр уақытта қораш едің!

Елің жоқ, үш патшаның (мырзалыққа), қазағымдай,
Қайыры астаның қазанындай.
Малдан – зекет, бастан пітір беремісің,
«Құдайдың бес парызын» – қаза қылмай.

Әулием, алуан-алуан пірлерім бар,
Дұшпанға күңіренген ерлерім бар.
Бай-жарлы, аз бен көпке бірдей болған,
«Кең пейіл, кетпес дәулет» ерлерім бар.

Қазақта мың ишан бар мешіт баққан,
Қасына мүрит сайлап, Тәңірін тапқан.
Көз жұмып, күндіз-түні таспик айтып,
Сөзінен бұл дүниенің аузын тартқан.

Жығылғанды тұрғызғандай әулием бар,
Жұмақтың, кірсіменен, дәмін татқан.
Мақтайтын нендей жақсы біздің елде
Түспеген ғұмырында алтын тақтан.

Осындай қазағыма тіл тигізіп,
Тазыдай, еркелеме, шынжыр таккан.
Ноғайым, жамандасаң, тіпті оңбайсың,
Сатусыз қонағасым сондай ақтан.

Қысы-жаз қар жаумайтын қырларым бар,
Шалқар көл, аққан өзен, суларым бар.
Жылында бес жүз кісі барып келген –
Қосылған Мекке мен Стамбулда сырларым бар.

Бұ дағы [сон]дай ел болып жүр,
Байларым азат қылған құлдарым бар.
Таныған шариғаттың тағдыр ісін –
Қилапсыз іс шариғат жолдарым бар.

Айырып, ішімізден, тауып берсем,
Сіздің де бізде [сондай] мұңдарың бар.
Ноғайым, неге кепті сенің ұртың?!
Бұзылған қашаннан-ақ сенің жұртың.

Толықсып, жаз айдаған, күз айдаған –
Қазақтай бар ма сенің қой мен жылқың?
Тентіреп арба жеккен талай ноғай,
Жаз болса, тыным бермей, үйдің сыртын.

Орыстың малын баққан ноғай талай,
Жүреді шашын қойып, қақпай мұртын.
Қазаққа тоқалдыққа қыз береді,
Жетектеп ел ішіне сенің ұлтың.

Ноғайым, коймаймысың, сөзге нанып,
Қазыналық – қашаннан-ак біздің халық.
Жүргенде қала шығып шаһарыңа,
Ноғайдың талай байын көрдім барып.

Түн болса, тамағына қара нан жеп,
Жүр[с]ді хайуан малдай суға қанып.
Байлығың мен көрме[ге]н қай жеріңде –
Суалған карасудың бақасындай шығып калып?!

Қазақты «шаһарың жоқ!» – деп, жамандайсың,
Өзіңе жақсылықты қоғамдайсың.
Жыл сайын екі қалаң шу қы[л]ады,
Сен неге қалаға [бір] оралмайсың?

Қазаққа өтіріктен жала жауып,
Әншейін жел сөйлеп орамдайсың.
Кітаптың айтқан сөзі – [бәрі] рас,
Құдайға сен де түзу бара алмайсың!

Қаланды «Қазан» – деген орыс алған,
Көп ноғай жан-жағынан қоныс алған.
«Қазанда мешіт бар» – деп, мақтанасың,
Түзетіп [оны] қазақтың ханы салған.

«Көп!» – деген мешітің төртеу шығар,
Дегенің – «Мың мұнара» – шіркеу шығар.
Дегенің сенің «күмбез» шақшау басым,
Тіркеген мойынымнан тіркеу шығар.

Дегенің сенің «дүлдүл» – арбаң шығар,
Дегенің сенің «бұлбұл» – қарған шығар.
«Мешітте сопым көп» – деп, мақтанасың,
Бірі – ақсақ, бірі соқыр болғаннан соң,
Мүгедек боп жүре алмай қалған шығар.

Жеріне жеміс түгіл, шөп шықпайды,
Суменен еккен егін зорға шығар.
Осыңды «өтірік» – деп, айта алмаймын,
Жанына бес (жүз) теңге ақша салған шығар.
Келмейтін қатарыма шақша басы,
Бай болса, бірен-саран болған шығар.
Менімен таластырып, айтыстырған
Құдайдан жәрдем алса, пәрмен шығар.

Нұрым.

Шаһарымды жаманда[дың] Қазан деген,
Таң атса, күңіренеді азанменен.
Көк шалғын, көгара[й]лы жерлерім бар,
Ішіне жайын толған сазанменен...
[Аяғы сақталмаған].

Мәшһүр-Жүсіптің «Қыншымыш» дастаны

Бастаймын «Бисмилла» – деп, Тәңірім атын,
Қозғайын өткендердің хикаятын.
Тастама дұғаңыздан пайғамбарды
Көрсеткен бұ ғаламға шапағатын.

Қиссаны тыңдасаңыз, көп әлеумет,
Құдайға жоғалмайды қылған қызмет.
Аспанда Ғаршы, Күрсі, періште бар,
Жаратты жер мен көкті Жаббар құдірет.

Алланың пендесіне рақаты бар,
Расул – пайғамбардың шапағаты бар.
Мұхаммед үмбетіне мейірбан дүр,
Білмейді осыларды қайсы жандар.

Мұхаммед, салауат айтқыл, Мұстафаға,
Жарасар қылған қызмет Хадишаға.
Сол күні Хақ расул пайғамбарым
Насихат айтады екен сақабаға.

Пайғамбар көп насихат айта берді,
Көндірді хүкіміне талай елді.

Жиылып мешітте отырғанда,
Есіктен бір мүсәпір кіріп келді.

Көзінің жасын төгіп, жылап тұрды,
Алдына Хақ расулдің мойын сұнды.
Бұрылды мұны көріп жұрттың бәрі
Төрт жарға, пайғамбар мен арыз кылды.

Көріп айтты:

– Сіз тақсыр – асыл гауһар,
Он сегіз мың ғаламға болдың сәруар.
Сізге оңай, маған киын, падишаһым,
Бір қажет сізден тілек қысымым бар.

Үйімде, тақсыр, менің малдарым жоқ,
Сізге айтар бұдан бөтен дәрменім жоқ.
Жүз ділда, таппай келдім, қарызым бар,
Көңілде бұдан басқа арманым жоқ.

Жүз ділда қарызым бар, пұл беремін,
Малым жоқ, тақсыр, енді не беремін?
Құтқарғыл содан мені, падишаһым
Таба алмай, соның үшін жылап тұрмын.

Жаратты қажет үшін сізді Құдай,
Таба алмай, алдыңызға келдім жылай.
Бәріңнен қайыр сұрай келіп тұрмын,
Дүниеге мұқтаж болған мен бір кедей.

Бұл сөзі естілді пайғамбарға,
Қарады төрт жар менен асқаптарға.
– Көріптің тілегені мынау екен,
Талапкер құнгер (құнқар) үшін кісі бар ма?

Пайғамбар төңірекке жай қарады,
Айтқанда, жұрт жауап бере алмады.
Ер Ғалы қол қусырып, түрегелді,
Бір адам сонан басқа жарамады.

Арызға түрегелді хазірет Ғалы,
Жоқ еді бұл кісіде дүние малы.

Отырған көп ойлайды: «Не беред, – деп,
– Барында дүлділі ме Зұлпықар-ды?!»

Расул айтты:

– Не іске тұрдың, жаным?

Бар еді қанша шамаң – бізге мәлім.

Байлардың сенен басқа бәрі де отыр,

Табарға жүз ділданы келе ме әлің?

Көзінен жас ағып түрежелген (тұра келген),

Пайғамбарға:

– Рұқсат бер! – деп, Шаһимардан.

Бата алып пайғамбардан хазірет Ғалы,

Қапа боп, үйден шығып, жүре берген.

Келді де жетеледі Ғалы хайдар,

Бір Алла әр нәрседе өзі сақтар.

– Көзің жұм, ей, кәрібім, қала көрме,

Көрерміз, бір тілекті, берсе Жаббар!

Бұл кәріп көзін жұмып жүре берді.

Ғалымен жолдастасып, жолға кірді.

Ғалы айтты:

– Ей, бейшара, көзіңді аш,

Кәрібім бір шаһарға жеттік, – деді.

Көрсө, ғажап үлкен, сұлу шаһар,

Лағыл, жақұт, алтыннан үйлері бар.

Алтын меен күмістен соққан екен,

Көрген соң, қайран қалды Ғалы хайдар.

Үлкен дария шаһардың арасында,

Неше түрлі жеміс бар ағашында.

Кедей қорықты: «Бұл мені өлтірер – деп,

– Кәпірдің танымаған қаласында!»

Кедей қорықты: «Бұл маған қылады – деп,

– Мен өлсем, қаным жерге төгілер» – деп.

«Мал табам, – деп, -- жолықтым бір пәлеге,

Қабырғам, өлгеннен соң, сөгілер!» – деп.

– Тақсыр-ау, бұл жерде не ойлап тұрсың?
Барарым аман елге Құдай білсін!
Шаһардың түрі жаман көрінеді,
Кетелік, тауып берген малың құрысын!

Ей, тақсыр, рұқсат бергіл енді бізге,
Болайын мен риза енді сізге.
Бәрінен, малың құрысын, жаным тәтті,
Баралық, жіберсеңіз, үйімізге!

– Сен енді бекер сөйлеп, не қыласың?
Әркімнен бір тиындық пұл сұрарсың.
Жаныңды кәпір алмас, Құдай алар,
Үйіңе, есен болсаң, бір барарсың!

Жарлы айтты:

– Бұл тақсыр нендей шаһар?
Сіз маған «Сөйледі!» – деп, қылма қаһар!
– Келдің ғой кереметпен Жалым байғұс,
Кәпірдің падишасы Шаһи Барбар.

Ғалыдан бір керемет көрді сонда,
Жығылып аяғынан, болды пенде.
– Борышыңнан құтыларсың, ей, бейшара,
Апарып мені са[т]саң, осы ханға.

Базарына бұл шаһардың мені апар,
Сендей адам, кәпірден, көріп қорқар.
Бағаны кемітіп айтпа, бекер қорқып,
Патшасы ділдә беріп, алып кетер.

Жайыңды, ханға барып, сен айтқайсың,
«Әр өнері бар, – деп, көпке айтқайсың.
Шаһар халқы саудалап, баға сұрап,
Бағаны кемітіп айтпағайсың!

Кәпірден қорқып, тілің тартпағайсың,
Ділдаға, арзан баға, сатпағайсың!
«Құлымның мың кісілік күші бар! – деп,
– Түрлі өнер қылады!» – деп, мақтағайсың.

Базарға енді мұны (мені) алып келді,
Халайық, жиылған көп бәрі көрді.
– Бағасын бұл құлынның қашырмай айт,
Алайық біреуіміз, сатсаң, – дейді.

– Бұл құлым өз жұртымда дер: «Арыстан»,
Аты мұның «Қыншымыш» – көп дүр дұшпан.
Күнбатыс, күншығыста болса жауың,
Қылады соның бәрін жермен-жексен.

Бұл құлым – өзі балуан, мың кісідей,
Бес мың ділда беріп жүр ел ішінде-[ей]!
Бермесен он мың ділда мен сатпаймын,
Бір қылған қызығарсың қызметіне-[ей]!

– Қылдың ғой бұ құлыңды іске жарар,
Берелік патшамызға барып хабар.
Халіміз келмес, – деп, – қымбат екен,
Бір алса, сол құлыңды патша алар.

Бір жігіт хабар берді патшасына:
– Патша алар құлыңызды бұл бағаға.
– Он мың ділда сұрайды: «Сатамын!» – деп,
Бір кедей құл әкелді бұл қалаға.

Бір кедей базарға әкеп бір құл салды,
Көрген жан осы құлға қайран қалды.
«Бағасы аса қымбат» – дегеннен соң,
Жарлылар құлын келіп ала алмады.

Бір жігіт падишаға хабар берді:
– Базарға бір құл келді, «Сатамын» – деп,
– Мың кісідей қуаты бар, – деген соң,
Падиша:
– Шақыр! – деп, әмір қылды.

Сол жігіт осылайша жауап берді,
Падиша мұны көріп, түрегелді.
Сонда патша орнынан тұра келіп,
Шақыртты құлы менен келгендерді.

– Шақыр, – деп, падишасы айтып салды,
– Көрелік, алып келші, қандай жан-ды.
Алдына патшасының келтіргелі
Сол жігіт бейшара қайтып барды.

– Шақырса, біз баралық, ханыңызға,
Біздерді құлағына салдыңыз ба?

– Иа, Ғалы, екеуімізді шақырыпты.

Иа, Ғалы, сіз жүріңіз алдымызға!

Алдына хазірет Ғалы жүрін келді,
Жарлы жүр: «Сатамын!» – деп, Ғалы шерді.
Жарлы айтты:

– Бұрын менен сіз жүріңіз,

Жауап бер ханға, тақсыр, өзің! – дейді.

Сол бетпен хазірет Ғалы жүріп келді,

Патшаны төрде отырған көзі көрді.

Сол үйінде патшаның отырған соң,

Жауапты бастан-аяқ айта берді.

Патша айтты:

– Сен өзін қайдан жүрсің?

Мұндай құлды сатам, – деп, не қыласың?

Өтірік айтпай, сен маған, шыныңды айтшы,

Құлың патша сияқты, өзің – құлсың.

– Ой, патша, мен айтайын саған арыз,

Мал таусылып, басыңда болса қарыз,

Қолыңнан дәулет кетіп, борышың болса,

Сонда сіз қайтер едің сұлтанымыз?

Беремін құлым сатып, борышымды,

Апармай қияметке қарызымды.

Құлымды бекер сатып, мен тұрмаймын,

Бермесең он мың ділда қарызымды.

– Естиік: кім болады асыл затың,

Қай жұрттан асыл тек, ауларының?

Құлың мың кісілік мықты болса,
Берейін он мың ділда – шын қажетің!

– Бұл құлым өз жұртымда дүр арыстан,
Аты мұның «Қыншымыш» – көп дүр дұшпан.
Күнбатыс, күншығыста болса жауың,
Қылады соның бәрін жермен-жексен.

Патша айтты:

– Ей, құлым, сөйлеші сен,
Қайда алысқа жұмсасам, барамысың?
Бір қатты, қиын үшін жұмысым бар,
Сен соны бітіруге жарармысың?!

Қаптайды бір дария шаһарымызды,
«Бөгейміз!» – деп, тауыстық біз барымызды.
Аждаһа – бір дария, жұрт бұларды
Жеңе алмай, түгесіп тұр су бәрімізді!

Бір ер шығыпты мұсылманнан,
Маңдайы қайтпайды екен тірі жаннан.
Қырып-жойып барады талай елді,
Кек алып беремісің сол балуаннан?

Қорқамын атын естіп, түрін көрмей,
Салады жылда бүлік тыйыштық бермей.
Бір айла, құлым, соған табамысың,
Қояр ма, Ғалы келсе, қырғын қылмай.

Қиын іс болып тұр сол жұмысым,
Барарға сен Ғалыға жарармысың?
«Кәпір!» – деп, қырып-жойды тамам елді,
Ғалыны тірі байлап аламысың?

Бере гөр дертке дәрмен ал Қыншымышым,
Құриды күнде жасып жарым жасым.
Мен-дағы, бар арманым, жүруші едім,
Батпайды «Ғалы» десе, ішкен асым.

«Жылында ол ұрысқа келед!» – дейді,
«Мың кісіні бір кісідей коред!» – дейді.

«Жүз мың ер біздің елден барса-дағы,
Баршасы бір кылыштан өлед!» – дейді.

Соны өлтірсең, елімді мен берейін,
Патша қылып төбеке котерейін.
Той қылып, көп жұртымды жиып алып,
Қаласаң, өз еліне жіберейін.

Ғалы айтты:

– Уағдаңа бек тұрармын,
Жауыңды, мен де, ұрысқан көп қырармын!
Бар арманың сол болса, падишаһым,
Ғалыны байлап алдыңа ап келе[рмін].

Падиша сонда тұрып қуанады,
«Кек әперем!» – деген соң, жұбанады.
Дұшпанынан «Қыншымыш» кек әперед!» – деп,
Падиша қазынашыға бұйырады.

Он мың ділда қазынашы алып келді,
Пақырға санамаққа патша берді.
– Ділдамен жердің жүзін толтырсаң да,
Сатпас ем, пұлым болса, мұндай ерді!

Кем қылды мені малға бір Құдайым,
Құлымды мақтай беріп, не қылайын?!
Жарты күн он мың ділдаға бермес едім,
Кетірді, борыш қысып, менің жайым.

Патша айтты:

– Ей, Қыншымыш, тыңда балам,
Жылда сендей мың құл[ды] сатып алам.
Мың сан құл бөгей алмай жатыр сонда,
Келе ме сол дарияға сенің шамаң?

– Бөгеймін дарияңды жалғыз өзім,
Патша, осы болса, айтқан сөзің!
Жалғыз өзім байлаймын дарияңды,
Нанбасаң, көріп тұршы барып өзің!

– Падиша, құлағың сал сөздеріме,
Назаланып, көп сарғайдым, елдеріңе!
Уайым жеп, ән қосып, кернейлетіп,
Жер күңіент[іп] берейін елдеріңе!

Ол тартты баршамызды бір деммен[ен],
Көп жанды жұта берді ат-тонымен.
Қарсылық, ешбір айла қыла алмайды,
Қырылып, қаша берді соныменен.

Ғалы айтты:

– Айдаһарға мен барайын,
Қуатын дұшпаныңның аңғарайын.
Патша-еке, маған риза боламысың,
Алдына, басын кесіп, ап келейін!

Пұл пақыр он мың ділда қолына алды,
Елін «Қашан табам?!» – деп, қайғыланды.
Дүлдүлді Ғалы арыстан және берді,
Дүлдүлді және астына мініп алды.

Пақырдың, ділданы алып, көңілі бітті,
Еліне «Қайтайын!» – деп, ниет етті.
«Құдайға, Ғалы, сізді тапсырдым!» – деп,
Бейшара дұға қылып, қайтып кетті.

Кәпірге құл ғып сатты Ғалы ерді,
Құдай артық жаратқан жомарт шерді.
Мәдинаны көрген соң, мүсәпірге:
«Дүлдүлді қоя бер!» – деп, уағда етті.

– Достысын жолға салды Ғалы, – дейді,
– Кім пар келер жомарт шерге! – дейді.
– Хақ расул бабама сәлем айт! – деп,
Мүсәпірге:

– Разы бол! – деп, айтты дейді.
– Разы бол, мүсәпірім! – деді Хайдар,
– Аяған сізден менің енді нем бар?
– Жаһанда, Ғалы, сіздей жан бар ма?! – деп,

Мүсәпір:

– Разымын! – деп, жылайды зар.

Мүсәпір елге қарай қадам басты,

Көзінен, қуанғаннан, төкті жасты.

– Құдайға сізді Ғалы тапсырдым! – деп,

– Қош бол! – деп, қолын ұстап амандасты.

Ол мүсәпір еліне қайтып кетті,

Арада бірнеше күндер өтті.

Айлық жолға дүлдүлмен бес күн жүріп,

Мәдина шаһарына жетіп кепті.

Ғалының кім шыдаған қаһарына,

Пақырдың қуаныш салды баһарына.

Елін көріп, дүлдүлді қоя берді,

Жаяулап келе жатыр шаһарына.

Жаяулап шаһарына жүріп келді,

Қуанып, көңілі шат, күліп келді.

Мешітте бесін уақыт отыр екен,

Расулге сәлем беріп, кіріп келді.

Расулге пақыр келіп, сәлем берді,

Келгенін ол пақырдың бәрі көрді.

Хасен менен Хұсайын төрт жаста екен,

Шуылдап:

– Атам қайда? – деп, жылай берді.

Сол жерде екі шаһизат жылады көп,

– Қайда? – деп, сонда [одан] сұрады көп.

– Жетектеп сізді бұдан алып кеткен

Атамды қайда тастап келдіңіз?! – деп.

– Келдіңіз, қайда тастап, атамызды,

Қойдың ба жетім қылып кәріп бізді?!

Атамның сіз хабарын берші жылдам,

Өкеткен құтқармаққа қарызынды.

Расул айтты:

– Жылама, перзентлерім,
Пақырдан мен сұрайын не хабарын.
Қалғанын қандай күйде білдіңіз бе,
Баян қылшы Алланың арыстанын.

Басшың жоқ бірге кеткен, өзің кел[іп],
Не іске Ғалы арыстан қалды көніп [күтіп]?
Ғалыны, қайда қалды, баян қылшы,
Жіберді ме қарызыңды алып беріп?!

Сөйлейді сонда пақыр көргендерін,
Айтады бастан-аяқ білгендерін.
Құл болып сатылғанын Құдай үшін,
Он мың ділда алып, бергендерін.

– Мені үйден алып шықты: «Бермен жүр!» – деп,
Артына мінгестірді: «Көзің жұм!» – деп.
«Аш!» – деген соң, бір уақытта көзімді аштым,
Маған айтты: «Алдыңда елді қор!» – деп,

«Сен мені бұл шаһарға сатқыл: «Құл!» – деп,
– Аласың мені сатсаң, қанша пұл!» – деп.
«Иарым (жарым) үшін Құдайға халал қылдым,
Сонымен қарызыңнан сен құтыл!» – деп.

Аты екен ол шаһардың «Шаһиариар»,
Өзі: «Сат!» – деп бұйырды Ғалы хайдар.
Сатпайын десем, Ғалы болмады риза,
Амалым жоқ – жүз ділда қарызым бар.

Ғалыны падишаға саттым сонда,
Кел[іс]кен бағасы еді – он мың ділда.
Барбарға Ғалы ерді құл ғып саттым,
Иа, тақсыр, өзім аман, келдім мұнда.

Шаһи Барбар қолымнан сатып алды,
«Айт, – деді – Хақ расулге біздің халды». «Кәпірге құл боп қызмет қыламын!» – деп,
Ер Ғалы сау-сәлемет сонда қалды.

Тыңдады мына сөзді көп жамағат,
«Ғалыны – қалды, – депті – сау-сәлемет!
Хабары мүсәпірден естіген соң,
Жай болды көңілі сонда екі шаһизат.

Қылады жомарт жандар жаһанды кез,
Пақыр барып борышынан құтылды тез.
Бұл жақтың әңгімесі тұра тұрсын,
Естіңіз Шаһимарданнан енді [бір] сөз.

«Бисмилла!» – деп, қаһарланып жүре берді,
Ғалы хайдар дарияға жетіп келді.
Мың сан құл жатыр екен бөгей алмай,
– Азат қылдым бәріңді! – деп, жауап берді.

Бір үлкен тау бар екен сол арада,
Барыпты осы тауға Ғалы арыстан.
Суырып, Зұлпықармен екі бөліп,
Жармысын осы суға әкеп қойған.

Сол таудан аса алмады аққан дария,
Ғалыға Құдай берген мың сан хайла.
Дарияны Ғалының байлағаны –
Кәпірдің көп жұртына болды жария.

Қасына падишаның келгеннен соң,
Падиша келіп, енді қайран қалар.
Сұрайды енді барып Ғалы хайдар:
Бармаққа аждаһаға талап қылар.

– Қайратын енді соның мен көрейін,
Көрсетші сол аждаһа қайда тұрар?
Қасына аждаһаның барып тұрды,
Аждаһа мұны көріп, айбат қылар.

Ысқырып, лебіменен тартқан екен,
Ғалы түгіл, қозғалтты қара жерді.
Ақырып сонда Ғалы айғай салды,
Суырып Зұлпықарын қолына алды.

Салғанда, Зұлпықары жерге кіріп,
Кесуге көк өгізді жақын қалды.
Құдайым Жебірейілге әмір қылды:
– Ұста, – деп, – шапшаң барып, Зұлпықарды!

Кескен соң көк өгізді дүние болмас,
Тез барып, ұста, – деді, Зұлпықарды!
Қақ жарып, аждаһаны бөліп салды,
Зұлпықар жеті қабат жерге барды.
Жебірейіл көз ашқанша жерге барып,
Басынан Зұлпықардың ұстай алды.

Құдай жәрдем берген соң, Ғалы хайдар,
Аждаһаның басын кесті ол Зұлпықар.
Басын кесіп алдына әкеп салды,
Ғалының қайратына қайран қалды.

Басты көріп қайран қалды шаһи Барбар,
Ғалының қайратына тамаша айлар:
– Бөгедің дарияны жалғыз барып,
Қыншымыш, қайратыңа келер кім пар?!

Бөгедің дарияны жалғыз барып,
Мен тұрмын қайратыңа қайран қалып.
Қыншымышым, диюмісің, перімісің,
Қайтып келдің, дарияны байлап салып.

Бекітіп дарияны, келдің қайтып,
Жаһанда жан бар ма екен сенен артық?!
Күніне жүз мың әскер жабылса да,
Кетерсің қырып тастап, жерге тарпып.

Сан мың әскер жабылса да, байлай алмай,
Әбден шаршап болғанбыз, хайла қалмай.
Қайратыңды көрген соң, қорқып тұрмын,
Дию болып жүрмеңіз, адам болмай!

Қыншымыш – диюмісің, перімісің,
Сақыпқыран ер сардың бірімісің?
Саған берген, разымын, мен пұлыма,
Осындай қызмет қылып жүремісің?!

Аждаһаны әкелдің басын кесіп,
Қорқып едім: «Еш лаж (ғылаж) болмас!» – десіп.
Бұл екеуін бітірдің жалғыз өзің,
Қуанып мен отырмын көңілім өсіп.

Қыншымыш, бітірдің екеуін сен,
Дүниеде саған болмас еш адам тең.
Ғалыны қуатыңмен алып келсең,
Сенің иең айтыпты бағанды кем.

Сені енді мен Ғалыға жіберейін,
Қайратыңның қызығын бір көрейін!
Ғалыны тірі байлап, алып келсең,
Не тілегің болса да, мен берейін.

Ғалыға мен жүрейін талай не бер!
О да асқан мұсылманнан бір кемеңгер.
Келейін ер Ғалыны тірі байлап,
Жолдасқа тоқсан кісі балуан бер!

Падиша, маған тоқсан балуан бер,
Сізлер менің Ғалыға барғаным көр!
Барлығы жолдастасып тоқсан балуан,
Ғалыны таңатұғын арба алып жүр.

Патша айтты:
– Бұл тоқсан неге жарар?
Жұмысты бітіреді күнде даяр.
Қайрат қылсаң Ғалыға, сен қыларсың,
Бұлар тек серік болып, бірге барар.

Тоқсанның Қыншымыштың соңына ерші,
Қылғанын ер Ғалының барып көрші!
Бәріңіз Қыншымышқа көмек беріп,
Ғалыны таңып, байлап, алып келші!

Тоқсаны келе жатыр сонда дейді,
Бір алыс келе жатыр жолға дейді.

Ғалы айтты:

– Ей, жігіттер, құлағың сал,
Ғалы, міне тұр, жіп әкеліп, байла! – дейді.

Біреуі айтты:

– Осы құл Ғалы екен! – деп,
«Балуан» – деген кісі осы екен, – деп.
Ғалыны байлап қайта жүрді дейді:
«Ғалы жалғыз далада жүр екен!» – деп.

– Біреуің патшаға бар, – деп айтты,
– Сүйінші сұлтаныңнан ал! – деп айтты.
Бір балуан патшаға келді-дағы,
– Біз алып келдік Ғалыны – деп айтты.

Сүйіншіге жүз ділда берді ханы,
Арбаға таңы[лу]мен келді-дағы.
– Дұшпанды мұқатты! – деп, құрмет етті,
Көрсетті патшасына:
– Міне, Ғалы!

Аяғы енді мынамен тынады. Патша Ғалыға бұрынғы айтқан уағдасы бойынша аяғына жығылып, мұсылман болды. Ғалы үш ай жатып, дін үйретіп қайтты, ойлаған мұратына жетті.

Алғашқы пайғамбарлар өмірінен ғибрат

Әр іске қол ұрғанда, төрт нәрсе дәрігер. Әуелі қылатұғын ісіне өзінің білімі жететұғын кісі болса, білмейтұғын бір істі қыламын деп бұзып алып, түзете алмай, әурелікке қалып жүрмесін! Екінші – ізгі ниетте болсын, яғни сол кісі не қылмақтан мұраты халал тағам еке[н]. Оның қуаты бірлан тағат ғибадат қылмаған қиялында тұтсын! Әр кісі жақсы ниетпен болса, тағат ғибадатқа айналады. Үшінші – бір іске қол ұрғаннан соң, сабырменен болсын! Сабырсыздықпен болған нәрседе берекет болмайды. Төртінші – ықыласпенен қылсын! Көңілсіз қылған нәрсенің пайдасы һәм берекесі кем болады. Барша несіплерге лазым улапты дүр боларды білмек – хызуса тігіншілерге хазірет Ыдырыс ғалия ал салауат уассаламның насихатларынан дүр.

Әуелі атамыз – Әбуалбышыр Адам ғалияссалам бұ дүниеде мың жыл тұрып, өзінің әулетінен қырық мың жанды көріп, «Барса келмес» – деген шаһарға кетті.

Орнында ұлы Шиш ғалияассалам атасының шарикы бірлан амал (ғамал) қылып еді. Жүз жыл бұ дүниеде жүріп, ақырда жұрт бара тұрған жерге барды. Орнында ұлы Әнуш отырып, қанша ел дат ғаділлік билан дәурен сүріп, ұлы Қинанды орны[н]да (өлтiртiп) отыртып, атасының кiнәсынан (кiсiден) кеттi. Бұл һәм неше жылдар бұ дүниеде жастарды жасап, астарды астап, ата-бабаларының шарифаты илан амал (ғамал) қылып, ұлы Михайылды (Михлайылды) орнына отыртып, ұзақ сапарға кеттi. Михайыл бiрнеше ата орнында отырып, достарының көргенiн көрiп, дұшпанларының жылағанын (ағлағанын) көрiп, (бұл һәм атасының кiнәсынан барды), ұлы Ердi орнына қойып, бұл һәм атасының кiнәсынан барды. Ердан (Ирттан) хазiрет Ыдырыс ғалияассалам туды. Атасының қойған аты «Хынуқ» (Нух) едi. Он алты жыл iшпек, өлмек, ұйықтамақтан парыз болып, әр уақ Тiбеумiләге керуенлер илан мәжiлiстес болып, перiштелерге дәрiс айтқаны үшiн «Дәрiс» атанды.

Хазiрет Жебiрейiл төрт мәртебе уахи келтiрдi. Оның бiрiнде – пайғамбарлығына мығжиза болуы (болсын) үшiн киiм тiгiп, киiмiне (киiм-гiнi) тағылым бердi. Онан (анден) бұрын адам әулетi киiм кимес ердi. Ағашлардың жапырағы (иапырағы) илан ұят жерлерiн (ирлернi) жасырысып (иашұрұсып), тiрiклiк қылып жүр едi. Адам ғалияассалам жұмақтан (ұжмақтан) шыққан заманда Анжыр ағашының үш жапырағы илан оранып (ортынып) шықмыш едi. Хауа анамыз бес жапырақ илан оранып шыққан едi. Сол үшiн әулет-әулетiне ерге үш қабат (қат) қаған (кiғын), ұрғашыға бес қат қаған кiнт қалды. Адам ата заманынан хазiрет Ыдырыс ғалияассалам заманғаша халық киiм кимедiлер. Әуел киiм тiкпек хазiрет Ыдырыс ғалияассаламнан пайда болған дүр...

Әдiлшенiң тапқырлығы

Қаракесек – Жүсiп мырзаның атарман-шабарманы Әдiлше деген ку болған екен. Бiр кезде Жүсiп мырза Әдiлшеге өкпелеп, Әдiлшеден дау даулап, билерге жүгiнiске түсiптi. Сонда Жүсiн:

– Мұнда пәлен ат, пәлен қой, пәлен сом ақшам бар. Сонымды алып берiңдер! – дептi.

Сонда Әдiлшеге билер айтқан екен:

– Осы айтқан ақысы 12 сыба[ға], – депті.

Сонда Әділше айтқан екен:

– Соның айтқанының бәрі – он екі. Мұнда менің бір-ақ ақым бар. Сонымды орнына келтіріп өтесе, мен бәрін берейін, – депті.

Сонда билер:

– Жарайды, анық ақың болса, әперейік, – десіпті.

Сонда Әділше айтқан екен:

– Менің ақым мынау. Мен мұның айтқанына еріп жүргенде, дәретке шыққанда, артынан шәйнегіп алып, іш дәрет аларда көтін жуып, қолына су құйып, қанша адамдардың көзіңше осылай істеп жүргендіктен, ат мініп, шапан кигендігім – он екі іс. Бұл ондай үнемі істемей-ақ қойсын. Менің бір-ақ күн көтімді жуса, айтқан ақысының бәрін берейін! – дегенде, Жүсіп мырза не істерін білмей:

– Ту, бәлекет, барша ақым салауат. Ендігәрі аузыңа алма! – деген екен.

Тағы бір кезде Әділше:

– Бір атқанда, сегіз үйрек атып түсірдім! – депті.

Соны Мұса мырза естіп, бір күні Әділше кездесіп отырғанда, Мұса мырза сұрапты:

– Бір атқанда, сегіз үйректі қалай атып түсірдің? Бәрін бір жерге арқандап қойып, аттың ба? – депті.

Сонда Әділше:

– Бәрі рас, тақсыр. Көл жағалап келе жатсам, екі үйрек отыр екен. Басып қалғанда, біреуі құлады. Оны әкеп ішін жарып жіберсем, жеті жұмыртқасы бар екен, өзімен сегіз, – депті.

Көне мағлұматтар

Тәңірі тәбәрік отғылы құлдарының (құлларының) ризығын уағда қылды, замін болды...

– Бұ көңіл не үшін қарар қылмас?

Жауап:

– Құдай: «Тәбәрік отғылының құлдарын бес нәрсе бірлан сынармын» – дейді. «Бірі – қорқыныш: көңілінің бикарарлығы – бұ сынамақ себебінен дүр» ...

«Олай болса, пенде мұмин басқа не хал (жал) уақиғ үшін Алла тәбәрік отғылының бір сынамақ болған арадасы» – деп біліп, сабыр қылуға тырысу керек.

Былау пақаға сабыр еткен есен дианат мүлкі де дүр мірдіміден...

... Бал арасы Ибраһим халилалланы Намұрт отқа атқанда, аузына су алып, отты сөндіруге ойланды. Хақ тағала оның аузына түскенді – ішінде бал қылып, адамларға шипа болатұғын қылды. «...» – делініп, «Өзіне уахи келтір!» – деді.

Мұнан ғибрат алып, ойлау керек. Әркім Құдай үшін бір жақсылыққа тырысса, Құдай қашан да зайғы болмайды, енбегі далаға кетпейді. Осы мақұлықтар: құрт, құс һуам бола тұрып, еңбегімен тауып жатқан жоқ, һәмматымен (үмітімен) тауып жатыр. Білінд қылғыл: һәмматынды Құдай бергей! Әмсе (һәмше) ол тұнды кім-кім болсын, һәмматын біліз қылуға тырысу керек...

Бала күнімізде «Рахтадал» – деген кітапта «Ибраһим-Әдһам» – қисса жиғанда...

«Ұлан жасындағысын ұмытпайды» – деп, жадымызда қалған еді: «Осылар не қылған жандар екен?! – деп.

«Өлмегенге – өлі балық», «Іздеген – Миқан ағашын табады» – деген ғой. Екеуінің де толық хикаясы қолымызға түсті.

Нижрет бәнуиден – сегіз жүз сексен тоғыз (889) тарихында Мерғали шер Низамалдин назым қылып сөйлеген екен. Бұл Затшарип – өзі түркі жұртынан шыққан шайыр екен. Рум жұртынан Қония шаһарынан Мәулана Жалалдин Руми «Хадис суи Шарип» кітабын назыммен сөйлеген екен.

Алты жүз алпыс алты (666) тарихында, онан кейін Сұлтан-мұхаммед Ғазноуи заманында Хасентос Фердауси «Шахнама» кітабын сөйлеген екен. Ол екі кітап: «Парсы – түрік жұрты әдебиеттен мақрұм қалмасын!» – деп. Бұл сабаз – «Хамса науанди» сөйлеген екен... «Үштің бірі» болып, ауызға ілінген, көзге түскен.

Тыңдайын десең, айтушы жоқ. Айтайын десең, тыңдаушы жоқ.

Қытай, Хотан, Шынмашында хақан болады. Оның күзеті көгергенде, зарығып, тарығып көрген жалғыз жанның зерегі болады. Бір әулиенің аузынан шыққан зерек бығыр үш наданы бахре. Зерек, заһырсыт наданы шүкір. Зерек келді, сат надандықты! Сатып

ал зереклік. Заһыра надандық – қант деген кімде болса, басына тиген, аузы күйген үшін айтқан. «Бакты, тақты керек қылмай, көзіне көрінген нәрсенің біліміне жетуға түптемді (топтамды) қоймаймын!» – деп, соған хырыс болып, атасының қазынасын аралап, аузы құлыпты бір сандық тапқан. «Аузына құлып салған осы сандықтың сыртын тамаша қылумен қанағаттансын! Ішін ашып, көремін деген өзін харап қылады!» – деп, бекіткен екен. Бұрынғы патшалар ашпайды екен. Бұл бола ма, оған тоқтай ма? «Мұның ішін ашып, ішінде не барын білмеген соңғы тірліктің не керегі бар?!» Болмай, аштырыпты. Ішінде Ескендір Зұлқарнайын жасатқан айна ескіндірі бар екен. Ол айнаның қалай ашылуын жан білмейді. Сонда жазыпты: «Бұл ай – [наны] көремін деген Ионан мемлекетінде бір тау бар. Ол тауд [а] жанға көрінбей жатып қалған сиқыр ат хәкім бар. Айнаның ашылуын онан басқа жан білмейді. Мұны көремін деген...

Мәшһүр-Жүсіптің «Ташкент сапары» өлеңі (екінші нұсқа)

Бисмилла, сөздің басы болса, ұнайды[1],
Жад (иад) қылу керек әуел бір Құдайды.
«Кәріпке бұ жаһанда қандай екен, –
Деп шықтым, – көрінед, – деп, – осындай-ды!»

Ертеңмен дүйсенбі күн атқа міндім,
Араға сол бір қонып, Шатқа келдім.
Өзіме Құдай өнер бергеннен соң,
Жүзіне ақ қағаздың атша желдім [2].

Онан соң Семізбұғы қорық қондым,
Қамалып со[л] бораннан төрт күн тұрдым.
Кеудеме Құдай өнер бергеннен соң,
Әр жерде мен осындай кеңес құрдым [3].

Бет қойдық онан шығып Ерейменге,
Бергендей тамақ тауып кедей кімге?!
«Құрт болған сиыр етін жеймін десең,
Қон!» – дейді, сөйлес қылсақ, со[л] әркімге.

Қаракесек, Сүйіндік – жайлауым тел,
Бес баласы Мейрамның – дария көл.
«Құрт болған сиыр етін жеймін!» – десең,
Бозбала, қыс болғанда, Ереймен кел!

Бір ниет талап айлап (ойлап), міндім атқа:
«Барсам, – деп, – иншалла, зиаратқа!»
Қона алмай жайсыз елге сол жолдағы
Таң асып, келіп жаттым Қарашатқа[4].

Қонаққа, жоқ ел екен, жайы-күйі,
Құрысын: «Қарын – әйнек, шымнан – үйі.
Мейманға төбесімен тік тұратын –
Қоскелді – жаңа болыс Баймен үйі.

Тапсырдым бір Құдайға мен басымды[5],
Қайырдым сол арадан жолдасымды.
«Айрылып ел мен жұрттан, болсам кәріп,
Құдайым көре ме, – деп, – көз жасымды?!»

Керейден алдым нияз со[л] бір теңге,
Тиын жоқ қара күреш онан өңге.
Құдайдың бір өзіне сүйенген соң,
Бел асып, күннен-күнге шықтым дөңге [6].

Жолымда қала берді Байбек аулы [7],
Неше жыл Кәрібаймен болған даулы.
Жағдайсыз елдерге мен қона алмай,
Аралап өте бердім тамам тауды.

Мәшһүрдің қараңызлар қызығына,
Бір түрлі жүрісінің бұзығына.
«Тәуекел, тағала Алла, өзің бер!» – деп,
Жыланды келіп қондым мұжығына.

Атқа – шөп, самаурын готов етті,
«Адам!» – деп, талип әлхам сыйлап күтті.
Тік тұрды үй – ішімен тепе-тегіс,
Құдайым лытыпына алды, рақым етті.

Кәріп бас тіршілікте не көрмеген,
Мұжыкка, болдық қонақ, тіл білмеген.
Құдайдың құдіретінің шеберлігін –
Не білсін, үйде жатып, көп [8] жүрмеген?!

Шай іштім ертен келіп Жылқыбайдан,
Мезгілсіз жаман уақта шықтым қайдан?!
Сүйіндік, айналайын, сенен кетіп,
Көже мен құтылмадым тақта шайдан.

Жұма күн, қонып шықтым, Дауылбайдан,
Серке сойды, жүре алмай жүрген майдан.
Түңіліп [9] ерте күдер үзген бір ел –
Қант, қаймақ, қара шай мен сары майдан.

Бауырсақ, қоңыршолақ [еле]меген,
Жалғанда ауыз байғұс не жемеген?!
Құлболды, қош-аман бол, қайран жұртым –
Көтерген, көп назымды, еркелеген!

Онан соң келіп қондым Сексенбайға,
Қойдырып қос самаурын, қандым шайға.
Бір теңге ықыласымен нияз берді,
Қалған жоқ, үн-түн жоқ, қарап жайға [10].

Салған соң, түзу жолға, Тәңірім бізді,
Аяқ-қол, сегіз мүше, бердің [11] көзді.
Баласы Баймен қажы – Бекмұхаммед,
Айтайын әңгіме қып онан сөзді.

Үйіне келіп түстім, уақыт – бесіп,
Құдайым түгел қылған әрбір ісін [12].
Қуандық – Сүйіндіктің бір үйі екен.
Айтайын, жұрт біледі, оның несіп?!

Жібермей, сол екі күн қонақ қылды,
Жайымды жүрген-тұрған сұрап білді.
«Тұрсаңыз Қараөткелде, келіп тұр» – деп,
Бір әшке және үш теңге ақша берді.

... Жақсыбай, дұға қылдым, қажы орнына,
Жасырып кететұғын мен сорлы ма?!
Әңгіме баласынан болды нығам [13],
Келмейді тамам айтпай сөз формына.
Самұрат қонақ қылды ертіп келін,
Ғылымның тәрбиесін о да біліп...
(Аяғы жоқ).

Назымбек пен Күлше қыз (екінші нұсқа)

«Бисмилла» – сөз келеді әуел бастап [1],
Хат жаздым қара сия, қалам ұстап.
Аз ғана ғашықтардан сөз сөйлейін,
Сөзіне құлақ салсаң өңшең мас[пақ].

Нәлі бар сауыр етік табанында,
Кім «Болмаймын!» – дейді екен заманында.
Ертеде Асылбек бай өткен екен,
Бұрынғы ноғай-қазақ аманында.

Мәселе[н], мен сөйлейін баяғыдан,
Құлақ сал бұл сөзіме естіген жан.
Бұрынғы ноғай-қазақ заманында
Өтіпті он – сан ноғай – Орманбет хан.

Адамның құс алады [3] кайғы-дертін,
Ұмытар кейбір ақымақ қылған сертін.
Бұрынғы Бұлғыр тауды мекен қылған –
Айтайын біразырақ Қырым жұртын.

Жаныс бай Қырым асып, дәулет біткен,
Елінен кісі өлтіріп, қонды шетке.
«Енді мен бұл арада тұрмаймын!» – деп,
Барыпты он сан ноғай Орманбетке.

Өзіне Құдай берген – мың сан қара,
Қатарлап жүз түйеге артқан қарта [4].

Он екен, ағайынды, бір атадан.
«Жок, – дейді, – сөйткен байда жалғыз бала».

Елінен Жаныс [келді] жылай-жылай,
Жаза бар, кісі өлтірген, шыдай алмай.
«Асылбек – ноғай байы бар!» – деген соң,
Аулына ізлеп барып, болды сыбай.

Әуелі мен сөйлейін мәселені аз,
Қолыма қара сия алып, жаздым қағаз[5].
Екі жыл сыбай болып отырғанда,
Қатыны Жаныс байдың болды буаз.

Сөз қылып, ғашықларды, жазайын хат,
Аз қисса, сөз сөйлесем, боламын шат.
Балаға, Асылбек бай, о да зарлы,
Қатыны оның-дағы екіқабат.

Екеуі жайлап жатыр елдің шетін,
Айтқызбай біледі екен ел құрметін.
Айы мен табар күні бірдей болып,
Толғатты сегіз күндей екі қатын.

Ноғайдан құрметі асқан Асылбек бай,
Болыпты екеуінің көңілі жай.
Екі бай тойын қосып, ат шаптырып,
Сегіз күн сауық қылды бүкіл ноғай.

Тыңдамас, Асылбек бай, ешбір жанға,
Жаныс бай сарай салды қазынаға.
Үш «жетім», отыз түйе «жақсысы» бар,
«Қырық жеті» – құда болды, қалың малға.

Мал берген Жаныс байға құдірет-ті,
Тоғызға екі бала жасы жетті.
Жаныс бай ортасынан кеткеннен соң,
Елінен дәулет қайтып, бақ та кетті.

Шақыра елі келді жылай-жылай,
Жаныс бай бармақ болды шыдай алмай.

Асылбек қаза жетіп, дүние салды.
Отырған күд[а] болып жалғыз сыбай.

Ұл мен қыз тоғыз жасқа келді сонда,
Мектепте бірдей оқып, болды молда.
Алысқа алты айшылық қыз кеткен соң,
Жас бала, өзі жетім, табу қайда?!

Жаныс бай енді ойлайды: «Тұрмайын!» – деп,
«Жетім ұл, жесір қатын көрмейін!» – деп,
«Құр малды, бас кеткен соң, не қылам?!» – деп,
Ойлайды: «Енді қызым бермейін!» – деп.

Жетімдік, қайғы сал[ған] – күдірет-ті
Жаныс бай енді ойлайды қасіретті [6].
«Жетім ұл, жесір қатын – не болад?» – деп,
Еліне, қызын бермей, көшіп кетті.

Құдайым Назымбекті жетім етті,
Елінен, қызын бермей, Жаныс кетті [7].
Кетерде кеткен екен жылай-жылай,
Жиырмаға ғашық жардың жасы жетті.

Болғанда, қайғы[сы] дария адамзаттың [8],
Күлше қыз айласы артық, ақылы кең.
«Әркімге беремін!» – деп жүрген шақта,
Келіпті Ноғайлыдан көп керуен.

Керуен келе жатыр қатарлап көш,
Қыз шығар серуенге, болғанда кеш.
Үйінде, Асылбектің, қыз кеткенде,
Бар екен бір [сары] бота қоспақ өркеш.

Қалы бар маңдайында Сары атан-ды,
Жігіттер, көріп пе едін мұндай жанды?![9]
Сары атан қызды көріп, боздап келді,
Күлше қыз мұны естіп, тыңдап тұрды.

Күлше айтты:
– Асылбек бай – маған ата,

Баласы ақ түйенің – бұл сары бота.
Атамнан керуенлер сатып мініп,
Қазына келген шығар артып мата.

Жаратқан барша жанды бір Құдайым,
Патша[сы] пендесінің білер жайын.
Керуен Ноғайлыдан келген болса,
Хабарын ғашық жардың мен сұрайын!

Кигені Күлше қыздың – атлас [бәтес],
Осындай кім де болса сертке жетпес.
Үстінде шаһи көйлек, пыран камзол,
Көрген жан ақ дидарын, [қиып кетпес].

Басында гауһардан-шоқ, алтын бөрік,
Кигені аяғына – лағыл етік.
Керуеннен [сүйген] жарын білейін деп,
Күлше қыз жетін келді өлеңдетіп [10].

Сойлейді керуенге [қыз] тілі майда:
– Барасыз, ай, аға-ке, енді қайда?
Жоғалтқан бір ақсұңқар, бейшарамын,
Айтайын, білсең, хабар, бәрін ойла!

Салғаным айбалтаға жезден қияқ,
Айтқаным ақылменен, ойла бірақ.
Нөғайда – Асылбек бай, білемісің,
Бар ма соның орнында қалған тұяқ?!

– Назымбек – жалғыз ұлы (ұғлы) асқан көптен,
Жалғанда не көрмейді жетімдіктен?
Қыз таңдап, тоғыз шаһар, әлі алған жоқ,
Бақыты асты он сан ноғай – Орманбеттен.

– Мырза екен мал мен бақыты жұрттан асқан,
«Бар-деуші ед, – ғашық жары жаста қосқан».
Ғашығын Құдай қосқан енді алмай,
Қыз таңдап, не қылады, ізлеместен?!

Әкесі – үлкен бай-ды, дәулет біткен,
Бар Құдай әкесін аң, жетім еткен.

Білмеймін – өлі екенін, тірі екенін,
Бір жары бар еді жаста кеткен.
– Жасы бар жиырмада, біле ме екен?
Кей надан ғашық кумай жүре ме екен?!
«Тас ауыр – түскен жерге!»[11] – демеді ме,
Ойына кеткен жарын ала ма екен?!
– Бақ берген Асылбекке Бірубарым,
Көп ойлап, қапаланған, ғашық жарын.
Іздеуге (іздеуге) неше жылдай көңіл қойып,
Отырды, білмеген соң, қайда барын (барарын).
– Керуен, құлағың сал үшбу кепке,
Жалғанда болдым таныс талай бекке.
Бағасы (баһасы) тоғыз жүздік (жүзлік) торғын белбеу –
Аманат, осыны бер Назымбекке!
Арманда, ақ сұңқардай, түстім қолға,
Құдая, сала көрме қайғы зорға!
Мүптебірде сондай бейшарамын,
Бұрынғы өтіп кеткен ғашықларша.
Сөйлейді керуенлер:
– Кімнің данасысың!
Жөніңді айт, қандай байдың баласысың?
Асылбек, Назымбекті бірдей сұрап,
Кісідей таныс болған сөз айтасың!
– Жақсыға сәлем айтпай, қалған ұят,
Жаманға жақсы жұрт қайтіп қияд?!
«Қырымда бір жаман қыз көрдім!» – деңіз,
Тапсырдым үшбу сөзді – сізге аманат.
Болғанда денең – сарай, ақылың артық,
Бой сақта, ақыл ойла, қадір біліп.
Керуен алты ай жүріп, елге келсе,
Назымбек жатыр екен науқас болып.
Керуен айтты:
– Биыл біз Қырым бардық,
Қырымнан, сауда кылып, пайда көрдік.
Көп сәлем айтты сізге бір сұлу қыз,
Бір торғын белбеу берді тоғыз жүздік.

Назымбек – өзі науқас, көңілі жарым,
– Алты айлық айсы, – дейді, – қыз шаһарын.
Не қылсын бөтен шаһар қызы мені,
Бола ма жаста кеткен ғашық жарым?!

Ойға алды осылайша Назым жылай,
Іздемек (ізілемек) көңілінде бар, шыдай алмай.
Ойға алған мұратына қашан жетер,
Назымбек науқас болды алты жылдай.

Назымбек қайғы түсті көкірекке,
Бозбала, құлағың сал үшбу кепке.
Болғанда жетінші жыл атқа мініп,
Ой қылды – Құлше қызды ізлемекке!

Ноғайдың, жар шақыртып, жиды бәрін,
Қалдырмай алып келді кәрі шалын.
«Өнерлі – төрт-бес жігіт аламын!» – деп,
Сынатты он сан ноғай бозбаласын.

Бір сыншы қария бар сондай кәрі,
Сынаумен біледі екен әр мінезді.
Өткізген тоғыз патша толғауменен,
Өзінің жасы келген тоғыз жүзге.

Жиылған бозбаланы қартың көрді,
Әдеппен қол қусырып, қатар тұрды.
Ноғайдың он сан[ы]нан бірін қоймай,
Әкеліп қарияға сынаттырды.

Бір байдың (дан) әуел бұрды жас баласы,
Келеді он сан ноғай бозбаласы.
– Алды емес, хыпшан емес, батыр емес,
Осыны ал, артық екен мәртебесі.

Адамға ғақыл бітсе, дәулет бігер,
Іл[у]де бір-ақ жігіт сертке жетер.
Темір жақ, айыр көмей, бұлбұл екен,
Сөйлесер кісі болмас мұнан отер.

Және бір бозбаланы сынайды-мыс,
Кісі екен осы қария көпті көрмес.
– Осыны ал, балуанды керек қылсаң,
Жатқандай кісі астында жігіт емес.
Көрғем жоқ қариядай және зерек,
Бір жігіт маң-маң басып, келді бөлек.
– Өлеңші, өзі молда, хатқа жүйрік,
Біріне осы жігіт алсаң керек.

Сонда қария айтты әуел баста:
– Әуелі ғақыл ойла, ашу таста,
Ілінге көп ілгіні өнер қылма.
Ашумен бақытын жойған талай патша.

Ашумен кәпір болып, Жазит өткен,
Таласып патшалыққа соғыс еткен.
Өлтіріп Кербалада Хұсайынды,
Жазит ит қанын жүктеп, о да өткен.

Бозжігіт ғашық болған бір балаға,
Барса да, қыз бермеген, падишаға.
Ашумен Бозжігітті дарда өлтіріп,
Кәпір боп, о да қалған бір Аллаға.

Нұрланар әуелде ай толған сайын,
Тақтында патша сайрар бұлбұлдайын.
Болғанда ашу пышақ, ақыл – таяқ,
Кемиді, сол таяғын, жонған сайын.

Болғанда ғақыл-дария, ашу – биік жар,
Ашудың, қайда, балам, достығы бар?!
Ашумен, ұрсамын деп, опат болма,
Қасыңда төрт-ақ жігіт жолдасың бар.

Болғанда ғақыл-дария, ашу – қайық,
Қайықты бұзып, сырық көрген бе иық?!
Не іс қылсаң да, ақылмен артын ойла,
Бойыңа, сірә ашуды қылма лайық.

Адамзат отқа түссе, тұрған емес,
Бола ма от пен топырақ – білім жолдас?!

Алдыңнан Жаппар құдай жарылқасын,
Мысалы бұл дүниенің саған ұқсас.

Білемін – мың жылқыда бес атың бар,
Бесеуінің бес мың тең[ге] бағасы бар.
Жез мойын Танакөз ат Сұрбикеш пен,
Біреуі – Бозойнақ ат ерге шабар.

Бәрінен артық жүйрік ерге шабар,
Жезмойын, Танакөз де жолда қалар.
Сұрбикешті мінген жан жауды шаншар,
Бозойнақ айшылықты алты басар!

Жүген ал саф күмістен бедерлетіп,
Алтыннан тоқым тоқы, гауһардан ер ерлетіп.
Аяғын болатпенен тағалатып,
Сапар жүр дүйсенбі күні: «Тәуекел!» – деп.

Жөнелді дүйсенбі күн өңкей манап,
Ел-жұрты көп жылайды қойдай шулап.
– Келгенше, жалғыз шешем, не болар? – деп,
Шешесін көп кұшаклап, кетті жүріп.

Шешесі үйде қалды жылай-жылай,
Жолына Назымбектің қарай-қарай.
Еліне «Қырық сан Қырым» – жақындайды,
Бесеуі сапар шегіп анық алты ай.

Жаратқан баршамызды бір Зұлжалал,
Айтамын аз әңгіме, құлағың сал.
Бозбала, қыз-келіншек, – біреуі жоқ,
Бір тайпа ел, қалыбынша кемпір мен шал.

Бозбала келемеждеп мысқылдаған,
– Жасы жоқ, кемпір-шалды кім қамаған?!
Еліңнің бозбаласы қайда кетті,
Бір жерге жиылыпсың өңкей сабан!
– Отырмыз кемпір мен шал таң атқалы,
Түс өтіп, бесін болды, кеш батқалы.

Жаныс бай, жалғыз қызы – Күлше сұлу,
Тойы бар, соған кетті ұзатқалы.

Қалған жоқ қыз-бозбала бірі бармай,
Шақырды «Қырық сан Қырым» – бірін қоймай.
Той қылып, үш күндей жұртын жиып,
Ертеңнен ұзатады арман (эрмен) қалмай.

Назымбек бұрып алды аттың басын,
Төгеді мөлт еткізіп көзде жасын.
– Жетім ғып жеті жаста әкемді алған,
Бозбала, мені Құдай қайда оңдасын?!

Қайталық, кел, бозбала, елімізге:
«Жеткіз, – деп, – есен, Алла, жерімізге!»
Ұзатып жатқан қызды бізге бермес,
Қылмайық, көріп күйік, көзімізге!

– Әкесі зорлықпенен берген шығар,
Ынтызар қыз да сізге болған шығар!
Біз мұндай ізлегенде, ойға алмаса,
Ақылсыз, өзі жаман, жасық шығар!

Көрмесек, естен кетпес, оның шері,
Ғақыл-ой, қандай екен, қорым түрі?
Ғақылсыз, ақымақ болып, еске алмаса,
Бір жолғы шыққан-жүрген аттың тері.

Назымбек қайтпақ болды, қадам басып,
Төртеуі:

– Қайтпа! – дейді, зәресі ұшып.
– Сақтамай, қадір білмей, ерге тиген –
«Жарым!» – деп, жүре алмаспын қадам басып.

– Алтынды кең сарайдан әдеп жақсы,
Қысқа бой, қызыл беттен – сүйек жақсы.
Жұрт келсе, мың сан қара, бірі қалмас,
Бәрінен қадір білген сол-ақ жақсы.

– «Көрді, – деп, – бұрын күйеу», – қорламаңыз,
Бәрінен артық, жаным, ғақыл – мінез.

Сыйлай ғөр, өлгенінше, қадір біліп,
Айтыңыз, ғақылың болса, бір ауыз сөз.

Төртеуі алып жүрді, ерікке қоймай,
Келеді Назымбек ер, көңілін қимай.
Бесеуі бір биікке шыға келсе,
Көрінді қарсы алдында бір туған Ай.

– Артымда-Күн, алдымызда [13] туып тұр – Ай,
Япырым-ау, көзім талды қарай-қарай.
Күн бесін, ай туатын мезгіл емес,
Ойлаңыз, бозбалалар, мынай қалай?

Қалың шаң – қара-құра – тойы шығар,
Жайылған байдың қалың қойы шығар.
Ақ отау – алты қанат, түндігі – ою,
«Бауы – жез, күміс белбеу» – үйі шығар!

Айтайын ғашықтардан аз ғана сөз,
Азырақ мен бұ сөзді айтайын тез.
Бесеуі ақ отауға келе жатса,
Мал баққан бір қойшыға болыпты кез.

Қойшы кеп сәлем берді өңкей жасқа,
Қарайды, танымайды, асыл тасқа:
– Барасыз, шаһзадалар, енді қайда,
Форымың бұл Қырымнан бөтен басқа?!
– Ей, қойшы, біз [бір] жүрген жолаушымыз,
Бажайлап, біліп айтсаң, сұраймын сөз.

Ақ күмбез мынау тұрған қалайша тұр,
Не қылған қара-құра шаһарыңыз?!
– Ең байы Қырым елінің – Жаныс өзі,
Ал, соның Күлше сұлу, жалғыз қызы.

Бір ханның баласына беріп еді,
Тойы бар, жұрт жиылған мұның өзі.
– Жарасар кемші жүген қарагерге,
Салмасын Тәңірім қайғы саналы ерге!

Бір байдың өзі жалғыз баласы екен,
Әкесіне риза ма екен берген бірге?!
– Риза емес берген жерге әуел бастан,
Көзінің алды толар аққан жастан.
Байы бар жиырмада, жылы – тауық,
Ғашығын әлі ойлайды жаста қосқан.

Барады қайғы тартып, сорлы жазған,
Көп ойлап ғашық жарын, жаман азған.
«Тосам, – деп, – жиырма бесті» – ой бар еді,
Барады зорлықпенен амалсыздан.

Баруға, енді ойлайды, күйеу өзі,
Салтанат бұрынғының бар мінезі.
Үш жігітпен күйеу қалды салтанат қып,
Мұсатай ақын отауға келді өзі.

Ақ отау, алты қанат, қыз-бозбала,
Өлең айтып қыз-бозбала отыр сонда.
Тұсынан ақ отаудың тыңдап (тыңлап) тұрса,
Шығады қыздың сөзі құлағына.

Күлше қыз отыр екен өлең бастап,
Төрт бауын бешпентінің шешіп тастап.
Ғашығын жаста кеткен өлең қылып,
Отырған аққу құстай қыз ойкастап.

Әлқисса қыздың зары.

– Аққан су жоғарғыдан төмен сарқар,
Қайғы-дерт ішімдегі қашан тарқар?!
Арманда, балалықпен, көрмей қалды
Жеті жаста қашып еді жетім сұңқар.

Кей адам жоқ нәрсені қылар мақтан,
Бақ таймай, патша түспес алтын тақтан.
Ғауһар көз, алма мойын, қарағым-ай,
Арманда көрмей қалды балалықпен.

Хан[ы] елдің «Он сан ноғай» – Орманбеттің,
Қайтейін, жазуы осы күдіреттің?!

Болмаса, Лұқман хәкім, кім жазады,
Бар Құдай көңіліме салған дерттің?!

Бұрынғы өтіп кеткен Жүсіп-Зылиқа,
Арманға жетермін бе, а, дариға?!
Бозжігіт ғашықлықпен жиһан кезген,
Іздемей, үйде жатқан біздің қалқа!

Біреуі ғашықтардың Ләйлі-Мәжнүн,
Еш адам мендей білмес қайғы көзің?!
Ішімде үлкен таудай арманым бар,
Кім білер, айтпаған соң, менің мүлкім (мұңым)?!

Айтайын, көргенімнің бәрін тапқақ,
Дүниеде қайғы тартқан Жүсіп сыдық.
Жалғанда қайғы тартқан бейшарамын,
Мұнымды айыпқа алма, енді халық!

Жаранлар, бір Құдайдың құдіретін көр,
«Дерті үлкен аналық» – деп, ғашық Мансұр.
Мен тостым қарағымды жиырма жыл,
Кешігіп, келмеген соң, үздім күдер.

Адамға не қылмайды пендешілік,
Біреуі ғашықтардың шыға алмас.
Ішінде айдын көлдің аққу құстай
Жаралған Мұнтаһада жөнім болмас.

Біреуі ғашығының шығауар-ды,
Сөйлейін бұрынғы өткен ғашықтарды.
Армансыз бұ дүниеде болар едім,
Бір көрсем бұ жалғанда ғашық жарды.

Көрінген бағы Алшында алтын сарай,
Жолыңа көзім талды қарай-қарай.
Жолаушы жүргізбедім жолды тосып,
Көрінген адамзаттан сұрай-сұрай.

Арманда өтіп кеткен Хысырау хан,
Һамыра (Әміре) жиһан кезген ғашықлықтан.

Ғашығын бұ дүниенің сонан ойла,
Хорлиқа, қандай болды Хорзағпыран?!

Лұқман мың жасаған өлген кәрі,
Нух шымауда өткен Адам сопы.
Бұрынғы ғашықтар жетсе де мұратына,
Бар Құдай, жеткізбедің қарағымды!

Мысырдың патшасы – Наушеруан хан,
Қырық үш жыл патша болған тақ Шікіман.
Құсамен жиырма жыл науқас болдым,
Дертім мол осы күнде Күлэндамнан.

Көрұғлы, Сейітбаттал, Мәліказдар (Мәлікаждар),
Қаһарман батыр Хамза, Ғалы хайдар –
Ойға алған мұратыма жеткізе гөр,
Пайғамбар, мұрсал, нәби, сахабалар!

Хикая отыз үш мың мұрсал нәби,
Лұқман мың жасаған, өлген кәрі.
Машұққа ғашық болған бейшарамын,
Баршаңыз жеткізе гөр өзің мәні (мені)!

Не жаман, бұ дүниеде, қайғы жаман,
Мұнымды айып қылмас білген адам.
Мұңымды көңілімдегі айтып өттім,
Қайран күн өткенің бе тамат тамам?!

Әлқисса Мұсатайдың жауабы

– Әуелі мен сөйлейін Кәм шаһы,
Мен едім бір шаһардың падишаһы.
Ақын қыз күйлі-жайлы есенсіз бе,
Еліңнің жол бермейді бозбаласы.

Біреуі он екі айдың – шілде, тамыз,
Саф алтын – тұла бойың, шашың құндыз.
Қайғыңды көңіліндегі айта берме,
Бейшар[а] мен де сендей армандамыз.

Пайда жоқ, бұл қайғыны ойлағанмен,
Жаманмен, бағың қайтар, ойнағанмен.

Дүниеде қайғылы бейшарамын,
Ішінде дарияның мекенім-сең.

Сөйлейді сонда тұрып Күлше бала:
– Жүрмісің күйлі, жайлы, ай, ағаке?!
Бұрынғы өтіп кеткен ғашықларша,
Қайғы-дерт кетер ме екен, ах, дариға?!

Қайғымен жүре алмаймын кадам басып,
Айтайын арманымды, көңілімді ашып.
Шаһарын «Қырық сан Қырым» – кезін жүрмін,
Қолымнан жеті жаста тұйғын қашып.

– Сауысқан ала құйрық бөрі алдында,
Дау алар шешен жігіт төр алдында.
Қолымнан ұшқан сұңқа[r] жөні осылай,
Қыз қалқа, мұнан хабар біле алдың ба?!

– Сары алтын ат басындай, көкірегін,
Белгілі бір асылдан сенің тегің.
Айтайын, білсем хабар, жоғыңыздан,
Аға-ке, өзің айтшы, әуел жөнің!

– Жаратқан бәрімізді Құдірет-ті,
Құдайым берер ме екен ақ ниетті?!
Тұр, әне, Асылбек бай, білемісің,
Ұрғыным «Он сан ноғай» – Орманбетті?!

– Ағаке-ау, артық екен айтқан сертің,
Қат екен көңілдегі қайғы-дертің.
Назымбек күйлі-жайлы тірі бар ма,
Аман ба бәрі тегіс ұрық жұртың?!

– Қылады кімге достық мынау жалған,
Барады күн-күн сайын көңілде арман.
Қолымнан ұшқан сұңқар жөні осылай,
Аралап таба алмадым ойдан, қырдан.

– Жоқ ізлеп, бұ шаһарға, келдіңіз бе,
Еш хабар жоғыңыздан білдіңіз бе?!

Жалғызы Асылбектің тірі бар ма,
Екенін күйлі-жайлы білдініз бе?

– Базардан алып келген төрғын жаулық,
Беліпде күміс белбеу, алтын баулық.
Өткелі Назым мырза үш жыл болды,
Қайтесіз, құдай ісі, денге саулық!

– Қажылар алты ай жүріп, барар Мекке,
Рудан ұзын (ұзақ) жалғыз жүрсің жеке.
Кеткенде дүние салып, сапар шегіп,
Көрдін бе, өз көзіңмен, ай, ағаке?!

– Оң тұстан дүние айналған үлкен қала,
Қыстайды Асылбек бай бауырына.
«Назымбек сапар шекті, – деп, – дүниеден» –
Аузына алып еді қатын-бала.

– Жылқыда ұстатпайды қашқан тағы,
Жаяудың ат болады екі аяғы.
Көрмесей өз көзіңмен, ай, ағаке,
Жел сөзі балалардың болған-дағы.

– Жаратқан бәрімізді Хақ тағала,
Кім жетпес, сабыр қылса, енді арманға?!
Назымды осы тойда бір көрсетсем,
Сүйінші, не бересің, Күлше бала?!

– Ағаке-ау, тілің – тәтті, жүзің – нәзік,
Күн қайда Назым бізді іздеп келмек?!
Осындай сағынғанда, бір көрсетсең,
Берейін бес [жүз] сомдық бір білезік!

Бір сапар жазған екен әуел бастан,
Екеуінің, баста қосқан, ата-анасын.
Жиырма жыл ғашығының барын жарып,
Есіткен Назым мырза тақиясын.

– Сары алтын тақиям бар, жан көрген жоқ,
Көрсей, түсер көңіліндегі қайғылы шок.

Жазуын бетіндегі әбден оқып,
Тағып бір тақияма алтыннан шок.

Қолға алды Күлше бала тақиясын,
Мәлт еткізіп төгеді көздің жасын.
Оқиды ақын молда, өзі шешен,
Біледі тақияда мәртебесін.

Мұсатай сөйлеп отыр өлең бастап,
Арманға әркім жет[сін] сондай [қоштап]!
Ақ үйден қыз шығыпты бұзып-жарын.
Етегін шаһи көйлек көлендетіп [14].

Ел мен жұрт қалды қыздың жайын білін,
Келеді қыз-бозбала бәрі де еріп.
Мұсатай Күлше қызбен өлең айтып,
Екі ақын келе жатыр тізгіпдесіп.

– Бір жанға атам берген әлдеқашан,
Қарайды ауызына «Қырым қырық сан».
Еркектен әйел бұрын сөйлемейді,
Құрбыма өзім бұрын амандасам!

Жылқыда ұстатпайды қашқан тағы,
Жаяудың ат болады екі аяғы.
Баласы Асылбектің Назым мырза,
Сөзіне жауап тауып бергей тағы.

Құлан жар құлын туар Қарагерден,
Жалғанда не көрмейд[і] саналы ерден?!
Сөзіме жауап тауып бере алмаса,
Кетпеймін – көргенім мен берген жерден!

Дүниеде ғашықтықтан жоқ-ты арман,
Атамның берген жері – падиша хан.
Көзіме күндей болып шағылысты,
Немене алдымдағы жарқыраған?!

– Отырған күндей болып, жарың Манап,
Қасында үш құрбың бар – соған қызмет.

Көзіңе күндей болып шағылысқан –
Алтын ер, күміс жүген, Бозойнақ ат.

Қыздың жауабы

– Қақ жарған қара суды қабансыз ба,
Кеш келіп, ерте келмеген шабансыз ба?!
Көп айлар, көрмегелі көп [жыл] болды,
Құрметлі хан-сұлтаным амансыз ба?!

Назымбек жауабы

– Сөйлеген, үлкен тұрып, шешенсіз бе,
Осындай топты көрген көсемсіз бе?!
Пайда жоқ дариядан, жар болған соң,
Жарасар шешен жігіт пар болған соң!
Сұрайтын енді менде не жұмыс бар,
Ізлеген қара басым бар болған соң!

Ей, Күлше, сен не жаздың, мен не жаздым,
Сабағын ақ қурайдың белден қаздым.
Сені ізлеп, қырық күншілік шөлге шығып,
Шөліркеп, су таба алмай, өле жаздым!

– Ай, мырза, жоқ нәрсені қылма арман,
Іздеуге, берейін нан, жоқ бізде дәрмен!
Қайғырма, қайратты ерге қайғы жаман,
Ідемес бірдей емес қой сізд[ен] қалған.

– Қыз қалқа, маған өзін күнмен теңсің,
Жұмысым іздеп жүрген – жалғыз сенсің!
Бір ханға жатыр екен ұзатқалы,
Айтсаңшы ақылыңды: «Не қыл!» – дейсің.

– Назымбек, осы күнде көңілім жарым,
Көрген соң, шүкір, тәубе, ақ дидарын!
Ойлайсың: «Енді қайда барады? – деп, –
– Жиырма жыл құрметінді тосқан жарың?!

Жиылды күйеу – қызға қанша шаһар,
Әркімнің көңілінде бір арман бар.
Алқа салып, жұрт жиылып, отырғанда,
Патшаның баласына барды хабар.

Бұл жайдан хабар білді күйеу – құда,
Бажайлап айтқан біреу падишаға.
Қасына қырық нөкерін ертіп алып,
Шығышты ханның ұлы шаһарға.

Өлеңші, өнерпаз, балуан күшті,
Қылып жүр ойын, сәулет, қызық істі.
Өңкей бек, жолдастарын ертіп алып,
Қасына Назымбектің келіп түсті.

Бақ берген, патшасы екен, оған Құдай,
Форымы бар он төртінде туған Айдай.
Екеуі қатар түсіп отырғанда,
Көрінді бірі – Күндей, бірі – Айдай.

– Қырымның осы «он сан» патшасымын,
Естідім – сен бір жүрген жолаушысың.
Барасың қай сапарға енді мырза,
Не бажай жұмысыңыз, айтшы маған?

Назымбек

Мен де ханмын «Он сан ноғай» Орманбеттің,
Ісіне кім көнбейді Құдіреттің?!
Әр елді Бұлғыр менен [15] түгел кезіп,
Іздеймін бір сұңқар[ды] жаста кеткен.

Хан баласы

– Таптың-ау, мырзалықпен әзер зорға,
Неше айда жүріп жеттің бұл [шаһарға]?!
Падиша, ақыл ойлап, біл бажайын,
Ізлеген құсың түскен біздің торға!

Назымбек

– Шама жоқ, мырза, қылар сізге билік,
Қаңбақтай жел аударған ізде[п] келдік.
«Әділ» – деп, сыртыңыздан есітеміз,
Падиша, біз билікті сізге бердік.

Хан баласы

– Ризамын маған билік бергеніңе,
Болайын хан баласы коргеніңе.

Билікті, Күлше қалқа, саған бердім,
Таңдап ти, арман қылмай, сүйгеніңе!

Күлше

– Патшасың – бақытың асқан асыл тастан,
Бір Алла кем қылмаған мал мен бастан.
Біреуің – атам берген патшасың,
Біреуің – ғашық жарым жаста қосқан.
Бұралған тал шыбықтай тұла бойым,
Асыл тас, артық туған әр өнерін.
Екеуің екі жақта патшасың,
Қайтейін, қарақларым, болды қиын.
Болғанда сен шаһзада Мыңберкеде,
Жалғанда не көрмейді кейбір пенде?!
Өзің айт, асыл ханның баласысың,
Осындай кәріп құрбың жүдегенде!

Хан баласы

– Қыз қалқа, екінші өзің қапы қалма,
Кетсең де кімді сүймей, көңіліңе алма!
Билікті, Күлше қалқа, сізге бердік,
Өзіңе қияметлік қайғы салма!

Күлше

– Алданып баяғыдай жүрмін бекер,
Деуші еді: «Жалған жардың түбі бекер!»
Қосылған кішкентайдан, қарағым-ай,
Мойнымда қияметлік хақы кетер [16]!

Хан

Хан айтты:

– Мынау тұрған сенің жарың,
Білемін, шүкір, тәубе, көңілің жарым!
Түбінде өкпе арқалап жүрмегейсің,
Бәрін айт – көңіліндегі қайғыларың!

Күлше

– Назымбек, жұрт ішінде сізді сүйем,
Бүгінде мынау тұрған – менің ием!
Жиырма жыл патшамен болдым жолдас,
Мойныма қарыз қылмай, [со]ған тием!

Назымбек

Назым айтты:

– Мынау тұрған – сенің иен,
Көрген соң: «Шүкір, тәубе, Хақ!» – дер арың.
Бір Алла алдымыздан жарылкасын,
Мен кештім, Құдай кешсе, соның бәрін!

Айырылды ханның ұлы амандасып:
– Алмаймын еріксіз [қыз], жамандасып!
Сырының ішіндегі бәрін айтып,
Дос болды, Назымбекпен құшақтасып [17].

Хан қайтты каласына шеру тартып,
Назым мен Күлшеге ақыл айтып.
Ұзатты Күлше қызды Ноғайлыға,
Қатарлап қырық түйеге қазына артып.

«Құдайым тілеклерін берді!» – дейді,
«Қызықты ойнап-күліп көрді!» – дейді.
«Мұраты қызды алған соң, хасыл болып,
Еліне аман-есен келді!» – дейді.

Сахарада мола торғай сайрайды екен,
Кей ақымақ жоқ нәрсені ойлайды екен.
«Аламын!» – [деп] жүрген патша, о да қалды,
Жазусыз бір Алладан болмайды екен!

Қалыпты бұрынғыдан үшбу сөзлер,
Білмеген еш нәрсені надан пірлер.
Жазуы ғашықлықта жаман болды,
Айыптап, көңіліңізге алмаңыздар!

Шыңғыс хан шежіресі

Нұрдан болған Шыңғыс хан өткеніне алты жүз жыл болған екен.
Адам ғалайссалам өткеніне алты мың бір жүз алпыс үш [6163] жыл
болған екен. Біз Россия илан қарағанымызда мың сегіз жүз елу бес
[1855] жылдан санағанда, Николай патша өлген жылда Корейт ба-

тыр [батыре] жорыққа барғанда, осы тарих кітабынан қазы есаул Секербай Малкелдіұғлы алып келген екен. Сонда араб халқы ілгергі уақытта Мұхаммед ғалайссалам дүниеге келмей тұрғанда, тарихымыз (туарихымыз) Адам ғалайссаламнан шығады екен. Сол күнде Адам тарихы алты мың бір жүз алпыс үш (6163) жыл болған екен. Сонда пайғамбарымыз дүниеге келген екен. [Ол туралы деректі араб жұртынан – Л.Ж.] Секербай алып келген екен. Сонда тарих (тауарик) есебін үлкен Ағзам араб жұртын жешір Қурайыш құбыласында Әшім, Рауайын терген – әулеттерінен терген. Үлкен ағзам тарих кітабынан батыр Әбурирынхыда ахонда болып патша Хызыраның бұйрығы бойынша старший ахонда болып тұрған Камалдин Әбулоф деген кісі араб жұртынан тарих формасын алған екен. Хиссадан санағанда, бір мың сегіз жүз елу бесінші (1855) жылда «Алаш» ұранды Секербай әкелген екен. «Тамимді» – сынап есеп қыламыз – 1855-інші жыл саналады.

Шыңғыс хан[ның] үлкен ұлы – Бирак (Берке) хан Үндістанда ханлық қылып тұрғанда, түс көрген себепті хан: «Тарағайдың қатынын, баласын із[дес]тіріп, сол іздеген бала болып туыпты. Баланың атын «Ақсақ Темір» қойыпты. Шешесі – Барлас халқынан алған сұлтандар тұқымының қызы. Хандарға Ақсақ Темір жиен екен. Сол Ақсақ Темір екі «үшке» келгенде, атасы һәм шешесі өліп, асырауға кісі болмай, Үндістан шаһарынан шығып: «Қазақ баласы жуас, өзі бай, кәрінке (арабқа) жерігін біл, жақсы жұрт» – деп шығып, Шымаһы шаһарынан қазақтарының байларының бұзауын бағып, сонан Құдай жеткізіп, атқа мінген соң, жауға шабуға сайыпқыран болып, соғысқа бек ұста болып, қас қылған. Іште жатқанда, Шыңғыс ханның ұлы Бирак ханды өлтіріп, ордасына өлтіріп, ... хан болған соң, жолдасы хызыр болып, көп шаһарларды алыпты.

Күндерде бір күн: «Рум шаһарын аламын!» – деп, көп әскер жиып алып барып, оны да айламен алыпты. Румнан Болгар шаһарына қарай жүріп, жолда баяғы Шымаһы [Шамахань] шаһарында: «Қазақтың баласы [ның] қайсылары бар екенін біле алмадым!» – [депті]. Сонан соң келіп, оны да өзіпе қаратып, тыйышлы қылып, уалаятын кеңейтіп жүріп, баяғы Шымаһы шаһарында: «Қазақтың баласы[нан] қайсылары бар екен[ін] біле алмадым. Сонан соң Болгары (Былғары) шаһарына

келіп, жеті жыл қамап, Ғабдолла хан тұсында Болғарыны алыпты. Ол Ақсақ алғанына бес жүз тоқсан тоғыз (599) жыл болыпты.

Бізден гөрі ноғай жұрты – үлкен жұрт ұстатлы. Ғабдолла хан заманында Ақсақ темір бір алыпты және онан соң Орыс ханы Шығалы (Шағала) хан тұсында бір алыпты, билепті. Орыс ханы алған соң, Болғары атын бұзып, «Қазан, Еске, Корит» – деп аталды. Орыс хан алғанына үш жүз отыз (330) жыл болыпты. Соған бір мың сегіз жүз елу бесінші (1855) жылы қарағанда және Ақсақ Темір, Михаил хан тұсында Мәскеуде тұрғанда, Ақсақ барып: «Кәпірге рұқсат жоқ!» – деп, Хызыр ғалияссалам қайтарған себебінен аман қалған екен. Сонан соң Россия халқы көбейіп, күшленіп, Михаилдан соң Алексей хан болды. Онан соң «Ұлы аюда – бірі шытыр деген, екісі бір» – заманда хан болды. Ол уақытта орыстарда – қай күштілері жеңіп, [хан] бола берген екен. Сонан үзілмей Алексей, Николай тұра дүр. Сонда тарих алған Секербай Малкелді [кітабында] Қабыл менен Қажыл егіз туып еді. Қабыл – Шыңғыс ханның арғы атасы. Қажыл – Әмір Темірдің арғы атасы. Қажылдың баласы – Иірімші (Айырмыш), Барлас дегеннің нәсілінен. Самарқанд маңындағы[ны] көрген, соның бойында Кеш деген жұртының бастықтары Барлас дегеннің баласы еді. Әмір-Темірдің нәсілінен жүрген-тұрғанның осы жерде айтып кетеміз енді. Әмір Темір Тарағайдың баласы еді. 1335-ыншы жылы туған, «Кеш» (кіші) – деген жұрттың әкімі (жәкімі) болған. Өзіне құдай берген, Хызыр жолдас (иолдас) болды. 1368-інші жылда біржолата үлкен хан болды. Басында Әмір Хасен дегенмен бірігіп, Шыңғыс нәсілінің Тоқылық Темір ханның баласын өлтіріп, оның артынан Әмір Хасеннің өзін өлтіріп, Балых шаһарын алды. Хорезм, Қашхар – бүтін Мәуеранахырды алды. Және 1381-іншіде Хорасанды алды. Шәрішлерін де қожа Ғали Мәуліні алып, және 1383-те Қандаһар Мазандарынды алып, 1384-те Азербайжаннан сұлтан Ахмет-Жалайырды қуып, Тебриз, Ныхжон, Кәріс, Тифлисті алып, Шираздың ханлығын Мызғыр нәсілінен Шайкешке алып беріп, онан Дешті Қыпшаққа барып, Тоқтамыс ханды жеңіп, Сібірияның ішкі жағына шейін кіргеніне Россия оң тұсы жартысын 1399-да Үндістанға соқтығып, Даһил менен Үндінің көбін алыпты. 1400-де Шуайыш (Шуаш), Шылып, Шамды алып, Бағдатты шауып, 1401-де Сылаболды (Стамбулды), атақты Ілдірім Баязит деген ханын жеңіп,

ұстап алып, оны қоя берген соң, ақырында «Қытайды шабамын!» – деп, екі жүз мың әскерменен бара жатып, жолда Отырар деген жерде 71 жасында 1404-інші жылы өлді. Өзі 34 жыл хан болды. Ақырында тұқымы бірін бірі өлтіріп, ханлығы жоғалды.

Әбубәкір

Әмірел мүмин Әбубәкір сыдық ризоллағына төрт ұлы (ұғлы) бар еді. Екеуінен – кіші, біреуінен үлкен ұлы Мұхаммеднама – Шам шаһарында патша болды. Оның ұлы сұлтан һырымуал Мысырда (һысырда) патша болды. Оның ұлы сұлтан Жалит (Жалайыр) Сырсырда (Мысырда) патша болды. Оның ұлы сұлтан Уәлид Сырсырда патша болды. Оның ұлы сұлтан Қыдыр Сырсырда патша болды. Оның ұлы сұлтан Мәуліт һәм Сырсырда патша болды. Оның ұлы сұлтан Әбілғасы Әділ Антакиде патша болды. Оның ұлы сұлтан Сәлім Антакиде патша болды. Оның ұлы сұлтан Қирак һәм Антакиде патша болды. Оның ұлы Әбухақ ол һәм Мединеде патша болды. Оның ұлы сұлтан Ғамадин Мединеде патша болды. Оның ұлы сұлтан Біләлдин һәм Қыстандида патша болды. Мұның екі ұлы бар еді. Бірі-Едіге және бірі Баба Түклес ер-ді, Қағыбада патша болды. Оның ұлы Тірме һәм Әбділ жайында жатыр. Оның ұлы – Қызхы. Ол Еділ – Жайыққа патша болды. Оның ұлы Сіләмқия һәм Әбіл жай да, бай да болды. Оның ұлы Қадірқия һәм әділ жай да – бай да болды. Оның ұлы – Құтлуқыба. Ол һәм кін де, бай да болды. Жоғарғы Балалдин ұлы Едіге... Оның ұлы – Туразан Тоқтамыс тұсында пырақ Құтлықпаны Ауырмет ханы шаһар қалып еді. Баба Токластың төрт ұлы бар еді. Бірі – Қағира-патша болды, Қағыбаның оң жағында жатыр, бірі – Үргеніште жатыр, бірі – Қырымда жатыр, бірі – Үшөткелде жатыр.

Және бір рауаятында айтады: «Баба Токластың үш ұлы бар еді. Аты Ғаббас ер-ді, Қағыбаның оң жағында жатыр. Бірі Ғабдалрахман қожа ер-ді. Ол һәм Қағыбада жатыр. Бірі – аты – Терме тұрұр. Ол Еділ-Жайықта жатыр...

Қазақ шежіресі (он бірінші нұсқа)

«Арғын» атауы тарихы

[Бұл туралы Шәкәрім шежіресінде (1911 ж.) былай деп жазылған. Л.Ж.].

«Арғын деген не себептен аталғаны туралы орыстың жазушылары әр түрлі шор (пікір) айтады. Соның ішінде қисындысы – түрік Оргунский (Аргунский) подпись-дағы «Ұлық еркін» – деген сөз сықылды көрінеді. Бұрынғы заманда осы «Ұлық еркін» – деген тап Мығол (монғол) жұртының күншығысында жү[r]ген. Оны Хыллайлар (Қытайлар): «Байеку» – дейді. Себебі Қытайда ра харфы жоқ. Сөздің аяғындағы әріпті тастап айтатұғын әдеттері бар. Байекудің ортасына «ра» – қосып, ақырын «нон» әрпін қосса, «Байеркін» болады. Байеркін хәм ұлық еркін екеуі де «Ұлық Арғын» – дегенге келеді. Бұлай болғанда, біздің Арғын түріктен: қытайша «хорхор», бізше – «ойхор» атанғаннан, қытайша «каукой», бізше – «қаңлы», яғни «Арбалы» атанған табынан шыққан. «Бареркін» (Бауеркін) – деген табынан-біз. Берігірек заманда шежір[e]де Арғынның еліне – Туған – Хынғыт ханның үлкен баласы Жошы менен онан кішісі Шағатайға ел болып бергенде, солардың қол астында «Арғынот» – деп атанады. «Арғынот» – дегені – «Арғынлар» деген сөз.

Әмір Темір хан заманында және «Арғынот» атанып, осы Шыңғыс тау менен Тарбағатайда жүргені анық. «Шыңғыс ханның өз тұсында Арғын аты неге аталмаған?» – деген сөз туралы орыстың жазушылары әр түрлі сөз айтса да: «Ақырында Арғын Шыңғыс ханға соғыспай, қараған шығар» – дейді. Менің өз ойымша, ол кезде Ар[ғын]дар Найман ханына қараған шығар. Себебі Аристов сөзінде – бұрын қара қытайдың алғашқы ханы Әмбехан тұсында Байеркін, яғни Арғын айтылады. Найман жақ және Аристов айтады: «Бұрын Байеркін, яғни Арғын күшті еді. Шыңғыс тұсында Найман күшті болып, екі ханға қарап тұрғаны» – дейді. «Керейлер (кей билер) өз алдына бір ханға қарап тұрды» – дейді. Және Шыңғыстың баласы Шағатай қол астындағы елді айтқанда, Арғын, Наймандарменен

Ембіл, Қаратал, Нұра өзенінде жүргені анық. Осы сөздерден мағлұм болды: бір кезде Арғын күшті болып, Найман оған қарағаны анық. Бір кезде Найман күшті болып, Арғын оған қарағаны анық. Және бізден орыс жұртының да Арғын атасы – Әбілғазының шежіресінде айтылатұғын: «Ойрата – Арғын аға» – деген кісінің нәсілі болса керек. Оның мәнісі мынау – Шыңғыс ханның кенже баласы Толу үлкен хан болған кезде «Ойрата» – атанған елден «Арғынаға» – деген кісіні «X[o]расан» – деген жерге хан қойған. Сол мұсылманша – 661 (441)-інші, орысша – 1262-інші жыл еді. Он жылдан соң, Арғынаға өлді. Толының баласы Меңгу хан хан болды. Арғынағаның орнына інісі हुлаку, яғни қазақша Әлике хандық жіберген. Бұ Арғын Ойрата табынан дейтұғыны мынау: «Бұрынырақ мұғылдар ұйғыр, татарларды жеңіп қырғанда, жерін қимай қалғандарды «қалмақ» – дейді. «Ойрата» атанғандықтан, бұл Арғынаға сондағы «қалмақ» атанып қалған елдің ішіндегі – «Байеркін» – яғни «Ұлықеркін» атанған Арғыннан болса керек. Бұл сөзді Әбілғазы кітабынан сөз көшіріп алған орыс жазушылары байқамай кеткен болса керек деп ойлаймын.

Жердің жүзіндегі әр түрлі нәсілді елдерде жүрген «Арғын аркитот» – аталғандар арғы Арғын халқынан болса да, дәл осы Орта жүз ішіндегі Арғын ағаның нәсілі болса керек. Мұның себебі «Арғын аға» – дегенге аты да дәл келеді және біздің үлкен атамыз Құнанбай қажы марқұм: «Арғын – аға хан болған кісі екен» – деуші еді. [Қараныз: Шәкәрім. «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі», Алматы, Қазақстан – Сана, 1991 ж., 39-40 б. Л.Ж.]

Арғын-Қозған шежіресі

Арғын бабасының аты – Құтан бай. Оның ұлы – Ақжол, оның ұлы – Қарақожа, оның ұлы – Арғын. Оның ұлы – Мейрам, оның ұлы – Беғендік. Оның ұлы – Оразкелді, оның ұлы – Сәрік (Серік), Сарбас – екеу. [Ескерту: Біздіңше, былай болып шығады: Құтан – Ақжол-Қарақожа – Арғын – Мейрам – Беғендік. Мәшһүр-Жүсіптің басқа жазбаларында бұл аталардың реті басқаша берілгенін ескерсек, әр кезде әр адамдардың түрліше айтуынан Мәшһүр-Жүсіп жазбаларының да көп нұсқалы болып келетінін біз бұған дейін де қайталап ескертіп отырдық – Л.Ж.]. Бабамыз Оразкелді айтады: «Бесіктен түсе берген

соң, Сәрікті «Қозған» – койған. [Ескерту: Біздіңше, қозғала беруге байланысты қойылған «Қозған» аты Мәшһүр-Жүсіптің төл жазбасында атап көрсетілгендей, Сәрікке емес, Бегендіктің өзіне қойылған ат – Л.Ж.] Сәрік бала[лар]ы: Токтас, Қожаберді, Қожағұл. Сарбас баласы – Оразата. Қозған – Сарбас «Тәңірберді» – дегенді т[а]уып алыпты. Тәңірберді баласы – Ақтай, мұнан туған[ның] а[т]ы: Бабан, Құлықе, Бекше болады.

Мейрам[ның] бес баласы мынау: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік; тоқалдан – Болатқожа «Қаракесек» аталады. Қуандық баласы: Алтай, Қарпық, Темеш, Бұрыш. Енді Сүйіндіктің баласы – Суғыншы, оның баласы: Шуманак, Мәжік. Шуманак баласы: Жанболды, Құлболды – екеу. Және Мәжік баласы: Орманшы, Малай, Жәдігер. Құлболды баласы: Күлік, Тұлпар, Айдабол. Және Құлболдының тоқалынан – Ақбура; бір қатынынан: Қабылан, Шегір.

Енді Бегендік баласы – Оразкелді. Бегендіктен жас қалып, шешесін [яғни Бегендік әйелін – Л.Ж.] Сүйіндік алып, Оразкелді Сүйіндік қолында қалыпты, Сүйіндік баласы болып кетіпті [есептеліпті – Л.Ж.]. Сол себептен «Сүйіндік баласы» атанып, Суғыншы [Суғыншы – Сүйіндіктен туған бала – Л.Ж.] екеуінің шешесі бір болды.

Енді Оразкелді баласы мынау шежіре Арғын[да] – Оразкелді баласы Сәрік. Сәрік баласы: Токтас, Қожамберді, Қожағұл – үшеуі. Қожамберді баласы: Байназар, Есназар, Қозыбак, Шолак. Баласы бесеу – үш қатыннан. Үлкен қатын баласы: Құлыт пен Досбыра (екеу). Құлыт баласы бесеу: Сорыпкел, Айдапсал, Боздақ, Балапан, Тұмша.

Айдапсал баласы бесеу: әуелі – Байсал, екіншісі – Бектұр, үшіншісі – Әлімбет (Алимит), төртінші – Бектай, бесінші – Байдалы.

Жоғарғы (Құлыт) [Айдапсал] баласы төртеу: Дүйсен, Тілеуімбет, Сәрке, Тілеу. Тілеуімбет баласы төртеу: Қошқар, Жанқошқар, Байқошқар, Ерқошқар. Екеуінен [бала] жоқ. Жанқошқар баласы екеу: Әзмұхаммед, оның баласы екеу: Әшімхан, оның баласы – Тұрсынқұл. Әзмұхаммед баласы – Әмірқан, оның баласы – Ғышман. Жанқошқар[дың] екінші баласы – Сейітмағанбет. Оның баласы – Ғабдалхәкім.

Байқошқар баласы үшеу: Шатқазы (Шадиқазы), Нұрқазы, кіші қатын баласы – Сұлтанбай. Шатқазының баласы – бәйбішеден үшеу, тоқалдан екеу. Шатқазы баласы: Сұлтанәлі, Майманух; кіші қатын

баласы – Қабылтай. Дүйсен баласы – Қабыл. Және Жоғарғы Дүйсен баласы сегіз: үлкен қатынынан төртеу, кіші қатынынан төрт баласы бар. Үлкен қатын баласы мынау: Мырзатай, Мырзағұл, Бабағұл. Назар. Кіші қатын бала[сы]: Сыбағұл, Баймұхаммед, Айтмұхаммед, Ардабай. Мырзатай баласы – Ибрай, оның ұлы-Әбутәлін, Смағұл. Олар іште болады. Жоғарғы Мырзағұлда жоқ. Бабағұл [Дүйсенұлы] баласы – Қожахмет, оның баласы – Үмишназар. [Оның] баласы – Апижік. Оның баласы – Мұхаммедия және Рахметжан – екеу. Сыбағұл баласы төртеу: Сандыбай, Малдыбай, Барлыбай, Молдабек және Сандыбай баласы – Ғинат. Және Баймұхаммед баласы: Нау, Ақыш, Бақай, Құмыт, Шайхыжан. Айтмұхаммед баласы біреу-Мақпуза. Және Ардабай баласы үшеу: Ахметжан, Мұқан, Силаку (Сылаку) баласы – Мұхтар.

Жоғарғы-Шареке (Сәреке) баласы біреу-ақ – Шал. Оның баласы біреу – Хасенхан. Жоғарғы – Тілеу баласы біреу – Ғайсабек, оның баласы: Маңды, Қозыке, Қайыр – үшеу. Тілеубаласы [бізше – немересі. Л.Ж.] – Маңды баласы: Ғапу, Шолтым, Шайхы, Тәжі. Және Қозыке баласы: Мұхиден, Зейтін, Әбдіғалы. Және Қайыр баласы – Нығметжан, Ахметжан, Аспай, Шаһизат – төртеу. Жоғарғы – Сорыпкел [Арғын-Мейрам – Бегендік (Қозған) – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Шолақ (?) – Құлыт – Сорыпкел – Л.Ж.] баласы алтау: 1. Жарқын, 2. Ақжігіт, 3. Жанжігіт, 4. Мыржық, 5. Ауша (Акса), 6. Қаниты. Жарқын баласы – Шоқатай (Соқатай), Пұшық, Шартымбет, Айман – төртеу. Шоқа баласы – Қарабай біреу, Тайпұшық баласы – Ақпан біреу. Және Ақжігіт [Арғын – Мейрам – Бегендік – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Шолақ (?) – Құлыт – Сорыпкел – Ақжігіт. Л.Ж.] баласы – Шор (біреу). Және Жанжігіт баласы – Шынқожа (біреу), және Ауша баласы – Боқбасар. Және Шор бала[лар]ы: Жалбыр, Төлепберген, Қарабақсы, Жамансары, Шоқыбай, – бесеу. Және [Жанжігітұлы] Шынқожа баласы – Шақпақ, Қайшыбай (екеу). Және Боқбасар баласы – Балапан. Баласы – Қаржаубай. Және Жалбыр [Бегендік – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Құлыт – Сорыпкел – Ақжігіт – Шор – Жалбыр – Л.Ж.] баласы біреу – Нүсіпбек (Тойсықбек). Және Шақпақ [Бегендік – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Құлық – Сорыпкел – Жанжігіт – Шынқожа – Шақпақ – Л.Ж.] баласы: 1. Апик, 2. Мәді, 3. Ибар, 4. Қабар, 5. Қытқарпышак.

Жоғарғы – Балапан баласы: 1. Жиренше, 2. Найман, 3. Белтай, 4. Нұртай, 5. Көшербай, 6. Кішік, 7. Мойынтық. Және Жиренше баласы: Сембай, Кенжебай, Қожабай, Өтеген, Тұртілеу. Кембайбаласы – Ержан, оның баласы Мәуие (Мауия). Есжанбаласы Жөкен және Қожабайбаласы – Байке, оның баласы – Піспектің баласы – Серікбай.

Өтегенбаласы Әділбек, Иса – екеу. Және Әділбекбаласы: Тәшен, Жұманбай, Таукен, Шарман, Байжұман, – бесеуі және Исабаласы Рақымберді, Тұяқ – екеу. Жоғарғы Боздайбаласы: 1. Серен (Шыраң), 2. Жарылқамыс, 3. Жарылқап, 4. Шақабай, 5. Бөкебай және Шыраңбаласы (Пыраңбаласы): 1. Айдарбек, 2. Шәкі – екеу. Айдарбекбаласы: 1. Ордабай, 2. Төлебай (Толыбай), 3. Егінбай – үшеу. Және Жарылқамыс баласы – Байқадам және Жарылқап баласы – Бұқарбай. Және Шақабай баласы: 1. Телтай, 2. Оқтай, 3. Қарабұқа, 4. Шекебай, 5. Жаманбала, 6. Тілеубай, 7. Жанқабыл-жетеу. Бұлар іште – Атбасарда нәсілі болады, – білмеймін. Біле[тінім]: Төлебай баласы – Апсалам, оның ұлы – Әлі. Жоғарғы – Тұмшалас: 1. Сатыпалды, 2. Саты, 3. Байсары, 4. Дозай (Дүзей) – төртеу. Сатыпалды баласы: 1. Бижан, 2. Жансары, 3. Жылқыбай (Кейінот), 4. Тоғанас, 5. Ағанас, – бесеу. Және Саты (Шаты) баласы – Алпыбай (біреу) және Байсары баласы: 1. Әнеш (Әнші), 2. Жанан. [Оның] баласы – Әбіш (біреу). Бижан баласы – Олжабай. Және Тоғанас баласы – біреу – Әрібі (Әзігі). Және Ағанас баласы – Телжан (біреу). Телжан баласы – Рақым (біреу). Шолақ [Орта жүздегі Арғын ішіндегі Мейрамнан Шолаққа дейінгі аталар тізбегі: Мейрам – Бегендік (Қозған), – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді-Шолақ – Л.Ж.] баласы – Жоғарғы Досбер баласы – Медір (Мида). Мида баласы: 1. Айдабол, 2. Бақи. Және Айдабол баласы: 1. Жанкелді, 2. Мадақ. және Пақы (бақы) баласы: 1. Әйтен, 2. Ханкелді, 3. Шөпек (Хүсек). Және Садық баласы: 1. Хиш (Қабыш), Нақай. Және Жанкелді баласы – Нұржан (біреу). Және Айт[т]ың (Әйт[ен]нің) баласы – Ғұмыр (біреу). Ғұмыр баласы – Кәрібай және Нұржан баласы – Шаужан.

Жоғарғы Әлімбет [Біздіңше, Әлімбетке дейінгі аталар тізбегі: Арғын – Мейрам – Бегендік – (Қозған) – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Шолақ (?) – Құлыт – Айдапсал – Әлімбет – Л.Ж.] баласы: 1. Сары, 2. Мырзабек – екеу. Сары баласы: 1. Ахмет, 2. Жыршыл (Жершіл). Және Ахмет баласы – Қисық. [Оның] екі баласы Қара-

өткелде, бірі – Науан, екінші[сі] – Оспан. Және Жыршыл (Жершіл) баласы – Оралбай (біреу).

Жоғарғы Бектай [Бұған да осының алдындағы Әлімбет үлгісін қолдануға болады, себебі Әлімбай тәрізді Бектай да Айдапсал баласы, жалпы Қозған ұрпағы – Л.Ж.] баласы: 1. Тыныбек, 2. Есқожа, 3. Машақ (Мисак), 4. Адыр (төртеу). Тыныбек баласы – Мақажан (Сықажан), Басбек (Башбек), Жұмаділ. Басбек баласы: 1. Жанәділ, 2. Байәділ, 3. Бекәділ, 4. Шынбие (төртеу). Және Жұмаділ баласы: Кәркен, Разым. Тыныбей – Мақажан баласы: 1. Асқар, 2. Әбілқас, 3. Көлде (Гүлде) – үшеу. Және Асқар баласы: 1. Аманжол, 2. Ибрай (екеу). Және Әбілқас баласы – Оспанбек. Және Есқожа [Есқожа да Арғын – Бегендік ішінде: Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Шолақ – Құлыт – Айдапсал – Бектай – Есқожа болып келеді. Л.Ж.] баласы: 1. Сәрсен (Шарсын), 2. Қошан, 3. Кәрібай, – үшеу және Сәрсен баласы – Исмағұл (Смағұл) және Қожан баласы: 1. Жүсіп (Иүсіп), 2. Ысқақ, 3. Қадым, 4. Адам – төртеу. Кәрібай [Есқожаұлы – Л.Ж.] баласы: 1. Шеген, 2. Нұркеш (екеу). Және Исмағұл [Арғын – Мейрам – Бегендік ішінде; Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Шолақ – Құлыт – Айдапсал – Бектай – Есқожа – Сәрсен – Исмағұл – Л.Ж.] баласы – Қозыбай. Және Машақ [Бұл да осының алдында ғана сөз болған Бегендікке кіреді. Тағы да нақты көрсетеміз: Бегендік – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Шолақ – Құлыт – Айдапсал – Бектай-Машақ – Л.Ж.] баласы: 1. Иәкі, 2. Жанкозы, 3. Пикозы, 4. Егізбай, 5. Б[ұ]лақ. Бұлар іште [Іш жақта дегені болу керек – Л.Ж.] болады.

Және Адыр [Осының алдында ғана сөз болған Есқожа, Машақ інісі, яғни Бектайбаласы ретінде Адыр да Бегендікке кіреді. Л.Ж.] баласы: 1. Ордабай, 2. Молдабай – екеуі Ордабай баласы, Қыдырбай-Адырбаласы. Және Молдабай баласы – Нұрыш.

Жоғарғы Байдалы баласы: 1. Баймырза, 2. Пимырза (Беймырза), 3. Құлкөбен, 4. Амантай. Және Баймырза баласы: 1. Бегім, 2. Кәрікожа (екеу). Пимырза баласы: 1. Серкебай, 2. Сүлеймен, 3. Бәліш, 4. Әлқожа, 5. Шайхы. Және Құлкөбен баласы: 1. Майкөт, 2. Далабай, 3. Дәнібай (үшеу). Және Амантай баласы: 1. Аспантай, 2. Айтым, 3. Айдарке, 4. Айдарбек (төртеу). Және Шөкебай баласы – Рақым. Және Майкөт баласы – Сансызбай. Және Далабай баласы Аманкелді (біреу). Және Бегім баласы: 1. Әнуар, 2. Жануар (екеу) және Кәрікожа баласы – Болкен. Және Мұсылман баласы: 1. Айырмақ, 2. Мамақ,

3. Доскер. Және Есентай баласы: 1. Әбдірайым, 2. Ибрайым (екеу).
Және Айтым баласы: 1. Айнабек, 2. Балабек (екеуі) және Әлімқожа
баласы.

Жоғарғы Шолақ баласы, Сабыр баласы: 1. Жынай, 2. Жаншөре,
3. Байшөре, 4. Рүстем, 5. Тайлақ, 6. Бота (алтау). Және Жанайбаласы:
1. Нотымбет, 2. Тәттімбет, 3. Баубек (үшеу). Және Құтымбет бала-
сы – Бостықбай. Және Тәттімбет баласы: 1. Бұзаубас, 2. Боқтықөт,
3. Сәттібай (Шаттыбай). Және Баубек баласы – Тезекбай (біреу).
Және Бопышбай баласы – Ахмет (біреу). Және Бұзаубас баласы –
Дәулет. Олар іште және Боқтықөт баласы – Ташмағамбет – олар іште
[Ресей жақта – Л.Ж.] Және Сәттібай баласы – Мылтықбай – олар
іште және Ахмет баласы – Жаңбыр (біреу). Және Тезекбай баласы –
Мұхаммедхан (біреу).

Жоғарғы Жаншора баласы: 1. Сағындық, 2. Қуандық, 3. Сүйін-
дік (үшеу). Және Сағындық баласы: 1. Дос, 2. Ізден, 3. Кіші қатын
баласы – Имамбай (үшеу). Және Қуандық баласы – Байыпла
(біреу). Және Сүйіндік баласы – Ерәлі (біреу). Және Ізден баласы:
1. Жұмабек, 2. Қасқатай, 3. Тортай. Және Имамбай баласы – Қаратай
(біреу). Және Қасқатай баласы – Молдатай. Және Торытай баласы –
Шәкірат. Шәкірат-Уайдалы баласы – Еркебай. Және Торытай бала-
сы – Шажужан.

Жоғарғы Байшөре баласы: 1. Құнды, 2. Серкеш, 3. Қисықбас,
4. Бұғышы. Құнды баласы: Бүркітбай, Тоғамбай, Мамай. Және Бү[r]-
кітбай баласы – Күйбай (біреу). Мамай баласы – Теміртай (біреу).
Және Күйбай баласы – Бижан (біреу). Бұғышы баласы: 1. Досбай,
2. Апираш. Және Бижан баласы – Ыбыш.

Жоғарғы Рүстем баласы: 1. Тұрлығұл, 2. Тұрлыбек, 3. Далибай
(үшеу). Және Тұрлығұл: 1. Жысалы, 2. Тоғай (екеу). Және Тұрлыбек
баласы – Садыр (біреу). Және Далибай баласы – Өлмешік. Және Әли
баласы – Жанбосын, оның баласы – Жаңқабай. Және Олмешік бала-
сы – Шибай. Тоғай баласы – Жұмағұл. Оның баласы – Нұрбек. Са-
дыр [Бегендік – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Шолақ – Сабыр –
Рүстем – Тұрлыбек – Садыр – Л.Ж.] баласы: 1. Айдател, 2. Кәдірбай
(Қадырбай), 3. Шақырып (үшеу). Және Жұматай баласы: 1. Көже,
2. Шалтай, 3. Хұсайын (үшеу). Және Шақырып баласы: 1. Рақымберді,
2. Рақымжан.

Жоғарғы Тайлақ [Арғын – Мейрам – Бегендік (Қозған) – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Шолақ – Тайлақ. Л.Ж.] баласы: 1. Иманқұл, 2. Қожас (кіші қатын баласы). Және Иманқұл баласы: 1. Оңай, 2. Ағаділ (екеу). Оңай баласы: 1. Тұрағасын, 2. Әділ, 3. Бәзіл. Тұрағасын баласы – Кемпірбай (біреу). Және Әділ баласы – Дәрібай (біреу). Және Қожас баласы – Ақыл (біреу). Және Ақыл баласы: 1. Шөкі, 2. Даулан (Дәулен) – екеу. Және Ағаділ баласы: 1. Болғасын, 2. Бапыр. Болғасын баласы: 1. Төкен, 2. Бекіш. Және Бапыр баласы – Томат (Тұмат).

Жоғарғы Бота [Бегендік – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Шолақ – Сабыр – Бота. Л.Ж.] баласы: 1. Айнағұл, 2. Осыйын (Усин) (екеу). Айнағұл баласы – Мақұлбек. Осыйын (Усин) баласы: 1. һарын, 2. Ғабдалрахман (екеу). Және Мақұлбек баласы – Әбді (біреу). һарын баласы – Мәкен (біреу). Ғабдалрахман баласы – Сауда (біреу).

Жоғарғы Шолақ [Бегендік – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Шолақ. Л.Ж.] баласы: 1. Самырза, 2. Тойғұлы (Тойқұлы) (екеу). Ақбас баласы – Сұлтамұрат. Оның баласы: 1. Тастемір, 2. Байтемір. Байтемір баласы: 1. Өтеп, 2. Тілеп. Және Өтеп бала[лар]ы: Инабай, Мынабай, Аманбай, Тайжан, Сейтен, Еділбай, Жайықбай. Және Тілеп баласы – Таңсық. Таңсық баласы: Байқонақ, Мақат, Сәуірбай. Және Тастемір баласы – Дүйсенбі, оның ұлы – Күшік. Оның ұлы-Асыл, Бек, Смағұл. Асыл баласы – Тезекбай. Байқонақ баласы – Бейсенбай, оның ұлы – Бикайын (біреу). Сейтен баласы: Мұса, Айып, Жұма. Хақмим баласы – Ғылтабан. Және Бекат (Бекас), Ғызал, Серік. Инабай баласы – Тастанбекұлы Жұмабек, Тайжанұлы – Зәкен. Оның [ұлдары]: Ақым, Бәбіш, Әбу, Ошақ. Жұмабекбаласы Досбек (біреу). Мақат, Бота, Нұрғали, Кәрібай. Сәуірбай баласы – Ділдаш баласы оның ұлы – Сәрік баласы Тоқтас баласы: 1. Әжікелді, 2. Шаһикелді (екеу). Және тоқал баласы – Сарқыздан Есенқұл (біреу). Тоқтас баласы – Әжікелді баласы: Әз Тәйтеке, Тыныбек. Және Қажыкелді баласы: Қарша, Төлек. Асанқұл баласы – Кемертөлек. Және Есенқұл баласы Күлі – «Сарықызқозған» – атанады.

Қожағұл [Бегендік-Оразкелді-Сәрік-ҚожағұлЛ.Ж.] – Жоғарғы Қожағұл жас күнінде қалмаққа түскен. Сол себепті «Қалмақшы Қозған» – атанды. Байназар баласы: 1. Жиенбет, 2. Қарабас, 3. Мәмбетәлі болды.

Және Қозған [Бегендіктің екінші аты – «Қозған» – Л.Ж.]–Қожамберді [Арғын-Мейрам-Бегендік-Оразкелді-Сәрік-Қожамберді. Л.Ж.] екі қатын алды. Бәйбішесінен туған алтау: 1. Байназар, 2. Есназар, 3. Қозыбак – анасы Шырай болады. Және Ешдәулет деген тоқалдан туған Шолақ пен Айда болады. Ешдәулет [әйелі] Ермаданқызы Ерді, Кіші жүз елі нағашысы еді. Солай (шулап) қорқытам деп мылтық атқанда, оқ тиіп, жығылғанда, халыққа Айдар айтыпты:

– Ай, халық, мен мал болам ба, болмаймын ба? – деп айтыпты.

Халық сонда айтыпты:

– Игі талассыз, – депті.

– Өлсем, мен өлейін, Шолақты өлтірме! – деп. – Өлтірсен, тұқы[мы]мыз қурайды. Өлген мен өлейін! – депті.

Сонымен өлтірмей жіберген екен. Қатыны буаз екен. Шолаққа тимей, Ұлы жүздегі төркін жұртына кетіпті. Онда барған соң, ұл тауып, атын Айдар қойыпты. Айдар баласы анда өсіп, көп халық болды дейді. Шолақ жалғыз қалып, артындағы ағайын Тоқтастан келген бір жігітті «жеті» (игі) қып беріпті. Оның атын «Ақбас» қойған. Ақбас мынау жүрген Сұлта[н]мұрат болады.

Есназар [Бегендік – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді – Есназар. Л.Ж.] баласы: 1. Жамбас, 2. Жампау. Жампау баласы: Өтеп, Данияр. Және Өтеп баласы – Түлкібай. Және Данияр баласы Әбет. Және Әбет баласы – Сейіт. Оның баласы – Арыстанбек. Және Түлкібай баласы – Бажан, Төлеш, Мұсайын, Шілік. Және Біржан баласы – Хұсайын. Және Төлеш баласы – Томат. [Томат] баласы: Қалжал, Әбдіғалы. Және Мұсайын баласы: Қатыран, Асқар. Және Хұсайын баласы – Зәкір. [Зәкір] баласы – Оразалы, Сердалы, Есмағамбет, Майлыбай. Және Қатыран баласы – Айлакер.

Жоғарғы Жамбас баласы: Тәттіқадам, Жанқожа. Және Тәттіқадам баласы – Жамбас, Бекжан, Қыпшақбай, Төкен. Және Қыпшақбай баласы – Баймұрат. Оның баласы – Ғабдірахман. Және Төкен баласы Исаның баласы: Әбдікәрім, Әбужікір (Әбубәкір), Жұмабай. Және Кәрім баласы – Төлеубай. Және Жанқожа баласы – Сексенбай. Сексенбай баласы – Құламбай. Оның баласы: Сұлтан, Құрманғали.

Қожамберді [Бегендік – Оразкелді – Сәрік – Қожамберді. Л.Ж.] баласы – Қозыбак баласы шежіресі.

Қозыбақ баласы – Құдайқұл. Матай – бәйбішеден. Кіші қатыннан: Жылқыайдар... Және Матай екі қатын алды. Бәйбішеден: Сатай, Шумақ, Жәнібек. Және кіші қатыннан Лату баласы – Есен. Және Сатай екі қатын алды. Үлкен қатыннан: Қабылан, Жалды. Қабылан[ның] екі[нші] қатынынан – Құланшы. Қабылан баласы: Бекбай, Міндібай. Және Бекбайдан – Тез, Мақан. Тезден: Айтпай, Табақ туды. Және Айтпайдан: Сейсенбай, Шыбан, Бозша. Және Табақтан: Иосиф, Мұқан, Базархан, Нәзір туды. Мақаннан – Телқозы. Оның баласы – Мылтық. Және Міндібай баласы: Қарқынбай, Қоңырбай. Және Қарқынбай баласы – Құлшабай. Оның баласы – Мұқан. Және Қарқынбай баласы – Исмағұл. Оның баласы: Бәкір, Ибраһим, Маток (Саток), Қабылда, Сұлтан. Және Қоңырбайдан: Адам, Ғұшман, Әнкен. Адамнан – Ғафу. Ғұшманнан...

Және Қабыланның кіші қатын[ының] баласы – Мұжық, Сәтбай. Және Мұжықтан – Тілеубай, оның баласы – Танықбай, Сейіл. Және Сәтбайдан – Бектемір, оның баласы – Тілеген.

Ерназар және Сатайдың ұл қып алған баласы – Айдынзар. Оның баласы – Шөптеміс, Көдебай. Шөптеміс баласы – Еркінбай, оның баласы – Қымыздық. Және Көдебайдан – Жандос, Көпбай, Есбай, Сейілман. Және Жандостан – Алтай, Төлтай, Ысқақ, Біртас, Садық және Әбу атты баласы. Садық және Төлтай баласы: Қасым, Омар, Алшан, Хамит, Таңиша. Және Есжақ баласы – Сапуя, Қаңу, Пиадан, Құмдыбек, Айдарбек, Тұрлыбек, Иүсіп. Және Құмырабекбаласы – Мәукін. Және Сейілманнан: Жөкен, Шөкөт (Пөкөт). Және Жөкеннен – Әбдірахман. Әбдірахман[нан] – Әбілтай, Жұм[а]тай, Қаратай, Рамазан, Мұрсал. Және Айыпжан баласы – Алдаберген. Сұлтанбай – Алдаберген баласы. Және Жалдыұғлы Садық, Жұмағұл баласы – Балқыбек. Оның баласы – Торғынбай. Торғынбай баласы: Садық, Әбу, Ағысын (Ағин). Және Садық баласы: Медеу, Болатбай, Сасық, Қарқабат, Төкімбай. Және Медеуұлы Мұқыжан, оның баласы: Өмір, Ұзақ, Темірбек, Ұлықбек (Жайбек), Ақылбек. Және Болатбай баласы – Әбубәкір. Және Қырқабат баласы: Жақып, Зағайыр, Саққұлақ. Және Жақып баласы – Жетпіс. Және Саққұлақ баласы – Әдхам.

Жоғарғы Құланшы баласы – Мұс[а]бай, Іңкәрбай, Бәжік. Және Іңкәрбайдан – Әбділда. Және Ғабдолла баласы: Өмірәлі, Нұртай, Қайырдан. Және Өмірәліден – Шірік, Шормайдан (Жұрмадан).

Және Бәжік баласы: Алтай, Әбікен. Және Алтайұлы – Сәрік. Және Құланшының құлы – Жолболды, оның ұлы – Ақпан, оның ұлы: Қақы, Байбол, Ақпан. Жөкі және Қақыұғлы – Әпіш (Ақыш), Әбен, Мәжит. Және Әбіш (Әпіш) ұлы – Алғыр. Және Әбен ұғлы – Ермұхамбет, Камалдин. Және Байболұлы: Дүйсенбай, Бейсенбай. Және Жөкіұлы – Тұрсын.

Жоғарғы Матайдың кіші қатыны – Қалбике баласы – Есен (Ипан) еді. Есенұғлы Батырбек, Құлқай. Және Батырбекұлы – Қабанбай, Байзан (Занбай) (Зынат), Байтен, Тоқат. Тоқал баласы: Жатақ, Мата. [Шоқат]ұлы-Ибрай, оның баласы – Ахмет. Оның ұлы – Мұбарак. Және Құлқай баласы: Маман, Жабай, Жаманбала. [Оның] баласы: Әлміз, Шәдік. [Шәдік] баласы – Жақып. Және Жаманбала ұлы – Иосиф (Иүсіп).

Жоғарғы Жылқияйдар баласы: Апиз, Намаз – бәйбішеден, тоқалдан – Қаумет. Және Апиз баласы: Шаншар, Шабар. Және Шаншар баласы: Нух, Шәкі, Әзберген (Азберген); тоқалдан-Әбішбай, Сексен. Және Әбішбай баласы – Әбілда. Және Сексен баласы: Игіжан, Итжан. Және Шәкіден: Жүзбай, оның ... Және Қаумет баласы: Бекжан, Бижан. Және Бекжан баласы – Беймырза, оның ұғлы: Өмірбек, Әкімбек, Тулақбай, Елубай. Және Бижан баласы – Құдайберген, ... Және Ішпар ([Ш]ұбар) баласы: Қуаныш, Мыңжан, Тастанбек. Және Қуанышұғлы: Кенбай, Торғынбай. Және Мейірханбай баласы – Әбілқас (Апылқас). Кіші қатын баласы – Серікбай, Бүркітбай, Қошқарбай. Және Әбілқасбаласы – Балықбай. Және Торғынбайбаласы. Және Мыңжанбаласы – Тұлпар. Және Таштамбаласы – Көркембай.

Тұлпар баласы: Қайырбек, Болтай. Және Намаз баласы – Байқабұл, оның баласы – Таймас. Игіліктің баласы – Ақмен, Имамбалық. Және Ақмен (Ашмен) баласы – Хасен.

Жоғарғы Шумақ баласы: Байбағыс, Қойбағар. Оның баласы – Қараман, оның ұғлы – Көзімбай, Әлжан. Және Көзімбайұлы: Қож[а]лақ, Әбдіхалық. Және Қожалақұлы: Әбсілмат, Әбді, Уқит (Оқыт), Жұмаділ. Және Ғабдіхалық баласы – Апсағит, Бозша.

Және Байбағысбаласы: Балтабек, Балғабек. Балтабекбаласы: Мұңал, Молдакен, Ханқожа, Ерқожа. Және Мұңалұғлы: Ахмет, Мақаш. Ахмет. Ахметұғлы: Сұлтан, Аманжол. Және Молдабер-

генұғлы Темірғали, оның ұғлы: Бейсенбай, Сейсенбай, Боранбай. Және Жанқожабаласы: Желдібай, Иүсіп, Мәлік, Толуқұмыш. Және Желдібайбаласы – Мұқыш, және Мәлікұғлы – Итмағамбет. Және Ерқожабаласы: нарын, оның ұғлы – Шамажан. Және Балғабекбаласы – Нұрқожа, оның ұлы – Жартыжан. (Осыны жазушы – Әзмұхаммед Жанқошқарұғлы дұғадан тамиғ!).

Жоғарғы Құдайқұлбаласы – Қошқарбай, Мар[қ]абай – Түнқатбаласы. Қошқарбайдан – Төртеу: Алдабірлі (Аллаберді), Мәулімбірлі, Ақсақал – Қошқарбайбаласы – Алдабердіұғлы – Тығырал. Және Аллаберді (Алдаберлі) баласы: Бокты, Токты. Және Бокты екі қатын алды. Боктының үлкен қатынынан екеу: Бектен, Бибатыр. Және Бектен баласы: Шөкен, Сәрсенбай. Шөкенұғлы – Құрықбай. Және Сәрсенбайұғлы – Көлдібай (Күлдібай). Және Боктының баласы: Пайын, Айқас. Тоқал баласы: Жаман, Шөкі. Және Жаман баласы – Нұрке, оның баласы: Бейсенбай, Сейсенбай. Бейсенбай баласы – Иүсіп. Және Шөкіұғлы – Ұлжанбай. Және Боктының кіші қатыны баласы – [Қуа]ндық, Сүйіндік, Боранбай, Шымырбай. Және Сүйіндік баласы – Жаксыбай, Қисықбай. Жаксыбайбаласы Әбділда. Және Ашықбайбаласы Иүсін. Және Иүсіп баласы ... имір баласы: Шоқпар, Ұлтарак, Қойқора. Және Шоқпар баласы: Есім, Төкіш, Рахым, Шымыр. Есім баласы Қантбек. Және Қуандық баласы – Жүздібай. Және Мұздыбай баласы: [Ж]ұмабек, Бейсенбай, Сыбанбай, Жұман, Қырымсақ. Және Қырымсақбаласы – Ерәлі. Ұлтарак баласы – Наурызбекұғлы Елубас. Және Қойқараұғлы Саршабек. Ұлымбекұғлы Қарын, Басым, Ержан. Мұсабаласы – Бапан. Және Жоғарғы Қошқар – ... Сауыл баласы – Тоғалақ, оның ұлы Мәлік. Және Қошқарбай қызынан туған ... Мыңжасар баласы: Тоқа, Бура, Байтөбет, Қозғанбай. Және Тоқбура баласы Саржан (Шаржан). Және Шархан баласы: Байжан, Тайжан, Қорабай, Таңсық. Және Байжанбаласы ... ған. Және Қорабай баласы: Есбай, Есмағамбет. Және Таңсық (Таңшік) баласы – Қайырбек. Және Есбайбаласы – Сағынтай, Жылқытай, Әбутай, Әукен. Және Жылқытай баласы Шөкен. Және Есмағамбет баласы – Шәкір. Шәкір және Байту баласы: Шолақ, Шұнит, Қара, Қилыбай. Және Шолақ баласы Тоғжан... баласы – Керейбай екі қатын ал... Кіші қатыннан-Сұлтан, Мұхаммеджан, Мұхаммедғалы және Серікбала, Шарлысан Нұрғали... Әбдіхалық және Баймағамбет баласы: Пішін, Шешін, Сүлеймен, Қубар... бала-

сы Әбіш және Шон баласы Ыбырай, оның баласы Мақан, Шоты... Мұхамедия және Сүтжанбаласы Біткен және Мақанбаласы Қайыр, Азына, Әбдіғали, Әбдіғаным... Қилыбай екі қатын алды. Үлкені – Атажан, кіші қатынынан – Жаналы. Және Әлханбаласы: Рама, Толық, ... Және Жалы баласы – Бейсенбай, Қабыллас.

Және Жоғарғы Марқажас – Жанқыртыбаласы – Шаянбай. Оның баласы – Смағұл, Рақым. Және оның баласы... Мирас, Ербас, Тұрмыш.

Жоғарғы Түнқат баласы Қарбық...

... Аубақыр, Жылқыбай. Кіші қатын баласы – Бейсенбай, Дүйсенбай. Және Тұрсынбай... Үлкені Мақыш, Каратай. Кіші қатын баласы – Ибрай, оның ...

Мәшһүр-Жүсіптің «Төрт асыл, бес береке» өлеңі (екінші нұсқа)

Біреуі – тіл, біреуі – көңіл-ойда,
Енді бірі теп-тегіс түгел бойда.
Бұл төртеуін [1] жүргізсе қара жолмен,
Бәйге алады жарқырап үлкен тойда.

«Құдай – [бір], жоқ», – деп басқаны айтса тілің,
Шын білсе, тіліңдегін жан ділің.
Діліңмен [2] аянбастан қылып амал (ғамал),
Пайғамбар сүннетімен өтсе күнің.

Төрт асыл анық осы бойыңдағы,
Орнына келе берсе ойыңдағы.
Түгендеп, бұл төртеуін, қыла алмасаң,
Жүре бер тамағыңа тойын-дағы.

«Улайкал әнғам илаһим иннакаса билон» жұмласынан болсын [3]!

Береке өз қарақан басыңдағы,
Әдетін (ғадетін) ұзын ғұмыр жасыңдағы –
– Оқылған уақытымен бес намазың –
– Болатын көрде жолдас қасыңдағы.

Бұл басты әр нәрсеге бастайтын – көз,
Оңбаймыз көз бен тілден тыйылмай біз.
Бойыңа келер мұнан мол [4] береке,
Аузыңнан шығармасаң несие сөз.

Кем емес кейбір сөзім хиуа [5] балдан,
Ләззатлы қазы-қарта, жая-жалдан.
Бұ адамның басының берекесі:
Берілсе қабыр – ықсан, зекет – малдан.

Сөзіңді кім тыңдамас, жүйе болса,
Кім термес, балбыраған шие болса!
Тағы да келер мұнан мол береке [6],
Екі аяқтың арасына ие болса!

Қиянат, аманатқа, қастық етпей,
Карантин қылған жерден тұрса [7] өтпей.
Уағда айтқан жерден сөз табылып,
Ұстаған жерден қолы тұрса кетпей!

Береке мұныменен болады бес,
Түсерсің енді сөзге болмасаң кес!
Дап-даяр ойда бұлар болмағаны –
Егер сен түсінбесең осы сөзге [8],
Хабарың болмағаны Құраннан еш!

Бір жаратқан Алланы
«Бір!» – деп білмек тілменен [9],
Екінші – тілдің «Бір» дегенін
Шын ығтықат ділменен.
Үшінші – он екі мүшесін
Құдайдың құлшылығында қылғай!

Төртінші пайғамбардың сүннетін орнына келтіруі.

Кімде-кім Құдайды «Бір!» – деп білмесе, кәпір болады. «Ағузы биллаһи! тілі «Бір!» – деп айтқанменен, ділінде тастығы жоқ болса, мұнафиқ болады. Тілі: «Бір!» – деп айтқанменен, ділінде тастығы болғанменен, амал (ғамал) жоқ болса, ғасық болады. Үшеуін орнына келтіргенмен, пайғамбардың сүннетінде мұңкір болса, хұптадағы

болады. Төртеуін орнына келтіруші мүмин мұсылман болады, түгел орындаушы адам болады.

Енді адам баласының басында бес береке бар:

1. Құдайдан қорқып, оқыған намазы.
2. Малайлығы – сөзден бой бағып, ауызын сөзден тыйғаны.
3. Зекет, қайыр, ықсаны.
4. Екі аяғының арасына ие болғаны.
5. Аманатқа қиянат қылмай, һәм Құдайға, һәм халыққа опа қылғаны.

Осы бес береке бойында болған адам екі жұртта бірдей қор болмайды...

Үстіміздегі осы жалған дүниенің жүзі осылардың шарапатымен көркейіп тұр:

Бірінші – Құдай сөзі «Калимолда», екінші – хұжыраласуда, үшінші – мақамы сыбыра. Һәм төртінші – табуд сакина. Бесінші – көзі жұмақтан шыққан бес өзен: 1. Сейхун, 2. Жинун, 3. Дыжалла, 4. Фуратының. 5. Мұбарак. Біреуін тауларда аманат қойды. – Құдіретінен сақтанады (сақланады).

Даужым, Хаужұм дүниеге келгеннен соң, хазіреті Жебірейіл келін, мұның бәрін аспанға көтеріп алып кетеді. «Сонан соң дүниеден бере[ке] кетеді!» – депті.

Мәшһүр-Жүсіп [сөзінен] тамам болды.

Жүдей хан әңгімесі

Ақымақ көңілі тасып елтіп, қасында көп нөкерлері мен тазыларын соңынан ертіп, Сұңқар тауды тінте қарап, түлкі іздеп келе жатты Жүдей хан. Көз [ұ]шында елеңдеп, салт атпен кетіп бара жатқан бір әйелге ханның козі түсті. Ханның келе жатқан жолын кесін өтті. Хан уытын шашып, нөкерлеріне:

– Менің алдымнан кесіп өтіп бара жатқан не қылған адам? Барып, ұстап алып келіңдер! – деп, шабармандарын жіберді.

Бұлар келін жолықса, әйел адам екен. Өзі көркем сұлу, өзі екіқабат, толғатып келе жатыр екен. Бұларға хал-жайын айтып түсіндірді. Мынау келін тұрған жігіттер ақылдасып, біріне-бірі былай десті:

– Шіркін-ай, мынау сияқты жары бар адамның арманы жалғанда бола ма екен?! – десті. – Егер қоя берсек, хан өзімізге қаһар қылады. Алып барайық, өз[і] де босар! – десті.

Соныменен ханның алдына алып келді. Әйел ханға өзінің хал-жағдайын түгел түсіндіріп айтты:

– Және өзім қысылып келе жатып, байқамадым, – депті.

Сонда Жүдей хан былай депті:

– «Байқамадым» – деп тұрсаң, дегелегім,

Көзінді ойып тастасам, не дер едің?

Сонда әйел:

Көз оятын не нәрсе, салтыңыз ба,

Ондай әдет бар ма еді халқыңызда?

Күш көрсетпес әлсізге аса тарлан,

Мен айтамын бұл сөзді жалпыңызға.

Сонда Жүдей хан:

– Мен сені, не десең де, жазасыз босата алмаймын! – депті.

Сонда әйел былай депті:

Дүниені ластаған көкірегің,

Дініне ұқсас, залым, кеңірдегің!

Босатыңыз, өмірге бүгін келед,

Нәрестемнің атынан отінемін!

Сонда Жүдей хан:

Ешкім маған мұрындық бола алмайды,

Ал, нәрестең жарық күн көре алмайды.

Жөнсіз айтып, бұл іске бөгет болып,

Бас қосып ешкім бірге тұра алмайды:

Сонда әйел былай депті:

Бұл сөзді адам айтпас, надан айтар,

Туған жан дүниеден бәрі қайтар.

Бұл істі өз басына кез келтірсін,

Ей, патша, сөзім осы саған айтар!

Сондағы Жүдей хан [ісі].

Қаһарлы хан осылай қаһар септі,

Қаһар шашып, барды да, ішке тепті.

Аттан түсіп, жүгіріп барды-дағы,

Іштен теуіп, құлатты келіншекті.

Зұлымдыққа куә боп, дала жатты,
Өз жолымен хан кетіп бара жатты.
Не шара бар, жауызға жол берген соң,
Елсіз жерде шырылдап бала жатты.

Әйелді өлтіріп, хан кеткеннен кейін, өлі жатқан әйелден туып, жылап жатқан баланы бір қойшы келіп тауып, бір баласы жоқ байға тартуға тартыпты. Байдың аты – Дарағай екен.

– Әйелім ер бала тапты! – деп, бай той қылыпты. Бұл сырды қойшы шал өзінің жақын-жуықтарына айтыпты.

Дарағай: «Менің жасырын сырымды жұртқа айтып қояды!» – деп, қойшы шалды бір түнде өлтіріпті.

Шешесін ішке теуіп, аттан құлатқанда, ханның аяғы тиіп, бір аяғы ақсақ болыпты. Сонан намыстанып, он екі – он үшке келген[ге] шейін [ол] балаға қосылып ойнамапты. Бір күні бір жаққа бара жатып, бір зауазнайдың коленкесінде дем алып отырыпты. Сонда бір жақ аяғы жоқ бір өрмекші зауазнайға мін[ем] [д]еп, тырмысып, орталап барғанда, екі рет жығылып, үшіншісінде зауазнайдың үстіне шығып кетіпті. Мұны Темір көріп отырып ойланыпты: «Не нәрсеге қол жету-жет[пе]у талаптан болады екен. Мынау өрмекші қажымай, қайтпай, талаптанып еді, зауазнайға шығып кетті. Қой, мен де талаптанып, көп балаларға барып қосылып ойнайын!» – деп, ойнап жүрген жүз шамалы балаға келіп қосылып, он бес күн шамасында қосылып ойнап, балалардың ойынын тәртіпсіз көріп, балаларға былай депті:

– Біз ортамыздан бірімізді патша сайлап, соған бағынып ойнасақ қайтеді? – депті.

Балалар:

– Жарайды! – деп, бәрі де келісіпті.

– Кімді сайлаймыз? – дескен екен. – Бәріміз жарысып, қай озып, алдынан келгенімізді сайлайық! – десіп, бір жерге қарақшы тігіп, бәрі де жарысуға кетіпті.

Темір – бұ да бірге кетіпті. Жарысқанда, қарақшыға Темір бірдің соңынан келіп, ана баладан қарақшыдан бөркін лақтырып, бөрік бұрын өтіпті. Екеуі таласып, Темір былай депті:

– Адамның аяғы патша болмайды, басы патша болады. Менін бөркім – басым. Мен боламын! – деп, екеуі таласып тұрғанда, анадай жерде бір ақсақал кетіп бара жатыр екен.

– Сол ақсақалға барып, жүгінейік. Қайсымызға бұйырса, сонымыз болайық! – деп, екеуі жүгіріп келіп, ақсақалға арыздарын айтыпты.

Ақсақал:

– Адамның аяғы патша болмайды, басы патша болады. Мынау баланікі дұрыс! – деп, сонымен келіп, Темір балаларға патша болып, балаларды он бестен, жиырмадан сапқа бөліп, бала басына бір-бір шыбықты ат қылып, ақ шыбықты «боз ат» – деп, қара шыбықты «қара ат» – деп, ала шыбықты «ала ат» – деп, сол сияқты тәртіппен балалар ойнап жүргенде, бір баланың шыбығы жоғалып:

– Атым жоғалды! – деп, патшасына арыз қыпты. Енді бір жұмадан кейін әлгі бала бір баладан шыбығын танып:

– Менің атымды мынау ұрлаған екен, танып алдым! – деп, патшасына келіп айтыпты.

Сұрастырса, ұрлағаны рас болып, баланы дарға тартып, өлтіріпті. Өлген баланың әкесі анық патшаға барып айтқан екен.

Патша:

– Неге өлтірдің? – дегенде:

– Егер сіздің өз әскеріңіз бірінің атын бірі ұрласа, өзіңіз қандай шара қолданар едіңіз? – депті.

Осыған басқа еш нәрсе айта алмай, мұнан ақталып құтылыпты. Сонымен сөйтіп жүргенде, патшаның баласы бір жай адамның баласын өлтіріп, халық бірнеше күн жиналып, халық көп сандалып, ешкім еш нәрсе айта алмай, біреу отырып:

– Өзі өлтірген баладан ақталып құтылып кеткен баланы шақырып, сонан сұрау керек. Сол не айтар екен? – десіп, Темірді шақырып әкеліп, сұраған екен.

Жиналып отырған халық ортасында ілулі тұрған ханның қылышын алып, ханның баласының басын шауып жіберіп:

– Міне, мұның жазасы осы! – депті.

Осыған ешкім еш нәрсе айта алмапты. Осының қайғысынан хан өліпті. Халық жиналып, «Ақсақ Темірді» патшаның орынына анық (нақ) патша сайлапты. Он жеті-он сегізге келген екен. Атақты «Ақсақ Темір» аты шығып, халыққа білікті патша болғаннан кейін, жанына бірсыпыра әскер алып, Жүдей ханның – шешесін өлтірген сайға келіп; Жүдей ханды өлтіріп, кегін алмақ үшін сол жерде тосып жатыпты. Бір күні сол жерден кездесіпті.

Мәшһүр-Жүсіптің «Жүдей хан және Ақсақ Темір» өлеңі

Бұл-дағы біреулерді өкпелетті,
Біреулердің мерейі көкке жетті.
Біреулерді замана шетке теуіп,
Содан бері он жеті көктем өтті.

Мизам айы-көңілі несіп елтіп,
Нөкері мен тазысын қасына ертіп,
Оймен қарап, сәнденіп, Сұңқар тауды,
Келе жатыр Жүдей хан әуреленіп.

Қаһар кеткен, хал кеткен аяғынан,
Қос қолдап мықтап ұстап таяғынан.
Шашы ағарған, қартайған, түрі кетіп,
Мінез-құлқы өзгермей баяғыдан.

Еске түсіп істері өткендегі,
Ой бір сағы шарықтап көкке өрледі.
Анау төбе – зымырап қашқан жауды
Қуып жетіп тас-талқан еткен жері.

Анау белес – көп қызық еткен жері,
Туысқанын арбаға жеккен жері.
Мынау бір сай-етікпен жүкті әйелді
Ішіне, өлтіргенше, тепкен жері.

– Ей, ата, әйел жақсы (бір керім) өндірі екен,
Қайтті екен, ол қиналмай өлді ме екен?!
Көз аша алмай, батар күн, атар таңға,
Сол барып жайлы орынға жетті ме екен?!

Ханның ісі, әр қимылы – зарлы бір ән,
Қан сорғалап, зарланып, жарлығынан.
Кісіге еткен зорлық пен зомбылықтан –
Ләззат алып келіпті барлығынан.

Алты адам кенет жерден ербелеңдеп,
Тұра қалды хан жолын көлденендеп.
– Бұл кім өзі, бұл кімнің мұзбалағы,
Қарақшы ма жайлаған түз даланы?!

Хан нөкері қылышын суырғанша,
Тасадан шыға келді жүз каралы.
Анау-мынау сөздерге қарамастан,
Ханның қолын көп әскер (ғаскер) байлап алды.

Ханды сол бетімен босатпастан, баяғы келіншекті азаптап өлтірген сайға апарды. Мынау ғажапты қараңыздар!

Топ жиын, қызық ойын бәрі сонда,
Қару-жарақ, салтанат тұр қасында.
Жайылған кілем үстінде жігіт отыр,
Он жеті мен он сегіз арасында.

Хан жігітке қарады қадап көзін:
– Ұнамай тұр, ей, бала, бұл мінезің!
Ұры итше бұқпалап ен даланы,
Кімді тәлкек етпексің, айтшы өзің!
Танымасаң, танып қой, осы өлкенің
Әміршісі – Жүдей хан, мен боламын! – деді.

Сонда жігіт былай деді:
– Тірлігіңде желігің басылмаған,
Хан едің сен сол үшін асылмаған.
Жоғары шық, әзірше қонағымсың,
Көп кешікпей, аздан соң басыңды алам!

Бөгеліп тұрма, шалым, жоғары шық,
Бақыт [кетер] басыннан бәрі ұшып,
Қайтпас сапар – алдыңда, әлденіп ал,
Ұлы (өлі) ханның қолынан шарап ішіп.

Тұрғанда аяп, кадірлеп, жанға санап,
Жігіт күліп ұсынды ханға шарап.
Сонан қайта жалғады әңгімесіп:
– Солай, шалым, белгісіз болу қай шақ?!

Алмас қылыш секілді халық екен,
Ұстай білу қиын ғой парықпенен.
«Өз басыма келер!» – деп ойламастан,
Алмас қылыш талайға жарық берген.

Ұстай білу – бір өнер,
Жұмсай білу – бір өнер.
Түзу ұстай білмесең,
Өз басыңа тіленер!

Сен осыны білмедің, милау шалым,
Ерте жетті сондықтан қирау шағың!
Ұсақ ләззат болды да бар арманың,
Ат басынан алысты коре алмадың!

Ал мен сенен қу болам әлде қайда,
Төрт құбыла, бар денем, толған айла.
Жүрегіңнің үрейлі дүрсілдерін
Тындап тұрмын, барады әлдеқайда.

Бақыт бүгін басыңнан барады ұшып,
Әлденіп ал, бейшара, шарап ішіп.
Қартайсан да желігің басылмаған,
Өлгеніңше, қорықпа, зәрең ұшып!

Өз қамыңды ойлайтын болса санаң,
«Құтылам, – деп, – бұл істен!» – болма алаң.
Соның үшін өзіңді құрмет қылып,
Алтын сапты қылышпен басыңды алам!

Сонда хан айтты:
– Бір әулекей екенсің дінің мықты,
Құткармассын, сеземін, күнім бітті.
Неше түрлі айланы түгел біліп,
Қайдан оқып шыққаның залымдықты?

Сонда жігіт айтты:
Жас болсам да, тұзым көп татып көрген,
Іздеп өтем, өлгенше, бақытты өрден.

Залымдықтың ең үлкен күшті жерін
Анамның құрсағында жатып көргем!

Анам байғұс жан екен сөзі ілікті,
«Тірлік мәнін – бірлік!» – деп сезініпті.
Маған жүкті кезінде жолаушылап,
Бір еріккен залымға кезігіпті.

Әлгі залым аңғартып сусын дара,
Қан төгуді аңсапты құшырлана.
Ішке теуіп, анамды өлтіріпті,
Алдын кесіп өткені үшін ғана.

Кеудесінде игілік мақсат төніп,
Өлерінде жатыпты сақ-сақ күліп.
Мен жатыппын іңгәлап, өмір тілеп,
Өлі анамнан аяғым ақсақ туып.

Бағың жанса, бас құрар амал-айла,
Әйтсе де адам оны бағалай ма?!
Сонан мені бір қойшы тауып алып,
Тарту қылып тартыпты Дарағайға.

Ал, Дарағай ежелден еркі мықты:
«Әйелім ұл тапты!» – деп, той қылыпты.
«Жұртқа жайып жүрер, – деп, – құпиямды!»
Қойшы шалды бір түнде өлтіріпті.

Шақырғанмен қол бұлғап, мақсат лепір,
Талайға жарық бермей, өтті-ау өмір!
Мен де аңсадым анамнан тумай жатып,
Содан қазір атандым «Ақсақ Темір».

Жүдей ханның зәресі ұшып кетті,
Ақылы суып, денесі ісіп кетті.
Шарап толған қолында алтын кесе,
Дірілдеген қолынан түсіп кетті.

Ақсақ Темір шығарды масқарасын,
Жауға алдырған кісідей баспанасын.
Есі кетіп, аңырып отырды да,
Жаланбастап сөйледі қасқа басын.

Уақыт жетті әр демін санаттырып,
Бақыт бұдан қашқандай балақ түріп,
Сәлден кейін ең соңғы сөзін айтты,
Жүдей ханға кішкене қарап тұрып:
– Кім айтар табиғатты «Сезімсіз!» – деп,
Таппай қоймас бір күні өзіңді іздеп!
Өзгеге еткен залымдық бара берсін,
Ал, дайындал, басыңа келді кезек.

Сонда Жүдей хан айтты:
– Қорықпаймын жазаның қандайынан,
Айтсам, сипай қоймассың маңдайымнан.
Айтпас едім, бәрібір өлтіресің,
Айтайын шындығымды жағдайымнан.

Шындық ит жата бермес босағада,
Тура қара, жүзіңді (дүзіңді) тасалама!
Бұдан бұрын он жеті көктем өтті,
Мен өлтіргем анаңды осы ара[да].

Темір.

Күйіп кетті ойға алып өткен шақты,
Қылыш сонда жарқ етті алтын сапты.
Күнбатысқа созылған терең саймен
Ханның басы домалап бара жатты

«Біреуге тие көрме текке неген,
Өзіңді іздеп табады бір күн!» – деген.
Ақсақ Темір осылай кек алыпты,
Бақыттың арқасында Құдай берген.

Мәшһүр-Жүсіптің «Ғалының тағылымы» өлеңі (екінші нұсқа)

Біраз сөз мен сөйлейін Ғалы шерден,
Бата алған пайғамбардан абзал ерден.
Бір күні серуенге шығып жүріп,
Сайран ғып, дүниенің көбін көрген.

Сол бетпен жүріп келед күнбатысқа,
Кетті ұзап [1] Мединеден тіпті алысқа.
Бір жалғыз кәрі шалға кез келіпті,
Тырмысқан, қолы жетпей, бір талысқа.

Бұйдадан бір өгізді жетектеген:
«Босанса, өгіз қашып кетед!» – деген.
Тартса да, өгіз жүрмейд талыс жаққа,
Дүлдiлмен Ғалы келді секектеген.

Ер Ғалы сәлем берді келе қалып,
Ақсақал жалт қарады сәлем алып.
– Өгізді ұрып жібер! – дегеннен соң,
Жіберді Шаһимардан салып-салып.

Ұрғанын елемеді [2] биттей шағып,
Елемей өгіз тұрды, құлақ қағып.
– Япырмай, не еткен нашар бала едің? – деп,
Ақсақал ренжіді назаланып [3]:

– Мінейін өгізіме өзім барып,
Әперші ол талысты маған алып!

Арыстан:

– Жарайды, – деп, мына сөзге,
Көтерді ат үстінен іліп алып.

Мынау іс болды ғажап арыстанға,
Ала алмай ол талысты қалды таңға.
Ел кезіп, қамал бұзып жүрме-дағы,
Күш жетпеді кіпкене бір талысқа [4].

Жан қарсы келе алмаған арыстан-ды,
Ер Ғалы бұған қатты намыстанды [5].

Бар күшімен шіреніп тартып еді,
Дүлдүл шөгiп, тізерлеп жатып алды [6].

Әлгі қарт өгізіне мініп келді:

– Былай тұр!

– деп, жіберді Ғалы ерді.

Талысты найзаменен іліп алып,
Күнбатыс жаққа қарап жүре берді.

Ғалының бұл жұмыстан беті қайтты,
Құдайға, сасқанынан, нияз [7] айтты.
Айтуға бабасына бастан-аяқ,
Сол жерден Мединеге тура қайтты.

Мынау іс ер Ғалыға тым-ақ батты,
Айтуға бабасына келе жатты.
Аш-арық ақсақал шал душар болып,
Тоқтатып, дүлдүлінің басын тартты.

– Сусын! – деп, зарланумен келе жатқан,
Бейнеттің неше түрлі дәмін татқан.
Қараса, оң жағында бір шарбақ тұр,
Пісулі түрлі тағам толып жатқан [8].

Әлгі шал келе жатыр қадам басып,
Бұралып, әлсіреген, қаны қашып [9].
Кез болып өлексеге құрттап жатқан,
Құмартып жей бастады асып-сасып.

Тағамды қош иіслі етпей несіп [10],
Асайды өлексені боқтан сасық.
Мұны да бабасына айтпақ болып,
Жөнелді ердің көңілі қайғы басып [11].

Артқыға осылайша сөз болыпты,
Ұзамай бір қаншық ит кез болыпты.
Күшігі ішіндегі үріп жатыр,
Осындай оқиғаны көз көріпті [12].

Бұдан – дағы ер Ғалы пікір алып,
Айтпаққа бабасына тура барып.

Жол үстінде бір жылан көрді-дағы,
Токтады, камшыменен тартып қалып.

Жылан сонда камшыға ілінеді,
Арыстан түсірем деп, сілкінеді.
Сіліксе де, соқса да, өрлей беріп,
Ұстауға [13] келіп қапты бүлдіргені.

Жыланды камшыменен лақтырды,
Денесі тітіркеніп, сасып қалды.
Сан қиын қамалдарды бұзған сабы [14],
Жүрегі бұл сапарда абдырады.

Жолықты [15] мұнан кейін қара бура,
Бастырды арыстанды тұпа-тура.
Тағат қып, заһарына шыдай алмай,
Қашады дүлдүл атын ұра-ұра.

Састырды осылайша Ғалы ерді,
Құтылып, Мединеге келіп кірді.
Келді де сол бетімен бабасына,
Көргенін бастан-аяқ сөйлей берді.

Пайғамбар мұны естіп, жайланған соң,
Жиналған барша халық таң қалған соң.
– Шешуі бұл ісіңнің мынау, – дейді,
– Шырағым, астамшылық ойлағансың!

Ойласаң, тәкаппарлық [16] – Тәңірім қасы,
«Кездессе, – дедің – маған жер тұтқасы.
Төңкеріп дүниені жіберер ем,
Қаңбақтай бөлар еді жаһан осы!» [17]

Тостырған мұндай іспен Хақ тағалам,
Ақсақал көк өгізді – Қызыр бабаң!
Талыс тағы – дүниенің төрттен бірі,
Жетпеді қозғауға да [18] сенің шамаң.

Екінші ол қайыршы, ақсақал шал,
Қолында Құдай берген көп халал мал.

Ішпей-жемей, өзінен қызғаныш қып,
Ұрлық пен киянатқа сондай құмар [19].

Үмбетім сондай болар ақыр заман,
Шошқадай боқ асайды жүрін һаман.
Солардың қайғысынан ұйқым келмес,
Иллаһи, фазылыңа ал, Хақ тағалам!

Үшінші – ол көргенің бала болар,
Замана жыл-жыл сайын сұм боп солар.
Ақырғы үмбетімнің бабалары
Ананың құрсағынан тумай шулар!

Төртінші – заманақыр қатындары,
Болмайды беттерінің биттей ары.
Жыландай, сіліккен сайын [20], қарсы өрлеп,
Түнерген түнгі бұлттай ашулары.

Бесінші – үйде жатып, ой ойладың,
Ісін сен Ғазірейілдің таңырқадың.
Күш салып ала ма екен, иа рұқсатпен,
Дүниеден тегіс жойған жанның жанын?!

Күштесе, күшіменен асар ма еді?!
Тең келсем, Ғазірейіл де сасар ма еді?!
Күнәлы, жалғыз Алла, қылмас болса,
Соғыссам, батыр-екең қашар ма еді?!

Заһарлы бура қылып жіберген Хақ,
Қандайын Ғазірейілдің көрмедің нақ.
Ғибрат үшін Алланың көрсеткені –
Бостан-бос ойыншыққа жібермей-ақ!

Бұл сапар – көп сапардан қайырлы жол,
Ақылды ойлағанға ғибраты мол.
Менмендік, астамшылық – шайтан ісі [21],
Алланың саған-дағы көрсеткені ол!

Дінді тап, білімді тап, дүниені тап,
Білгенін айтып жатыр тіл менен жақ.

Бір қалмай артымызда бара жатыр,
Болдық қой жайылатын хайуандай-ақ!

Байқасаң, осы күнде қазақ халқын [22],
Тіл жеткізіп айта алмас оның қалпын.
Ұрлық пен қайыршылық, залымдық пен
Кәсіп етіп келтірді-ау елдің нарқын!

Шошқа етін жеп, ішкені – арақ, шарап,
Қайырып қарақұстай шашын тарап.
«Бар – десең – бір Құдайды!», егеседі,
Дінсіздікке шығуға тым ыңғайлы-ақ!

Имам Мағзұм айтқаны

Егер бір қауым бағым (баһам) тұтса, олар судағайлар. Ол имамнан төрт мәселе: егер ол мәселелерге жауап берсе, олар ойға алар. Егер жауап бере алмаса, оймағайлар – ол мәселенің әуелі бұ дүр.

– Ей, имам, бұл намазды өтедін: өзің үшін бе, болмаса қауым үшін бе?

– Егер айтса: «Намазым – өзім үшін, ниетім қауым үшін!» – десе, жеріне келтірміш болғай.

Екінші бір мәселе. «Біз жамағат саған ұйыдық. Сен кімге ұйыдың?» – десе. Егер айтса: «Мен мұқам мади Мұстапа сали Алла ғалейһи уассаламға ұйыдым!» – десе, жеріне келтірміш болғай. Үшінші мәселе.

– Ей, имам, біз имамлыққа сені тұттық, сен кімді тұттың? – десе,

– «Мен иманға Құранды тұттым!» – десе, жеріне келтірміш болғай!

Төртінші мәселе. Біз, жамағаттың, намазы тамам болды. Сенің, ила сенің намазың тамам болды. Не ила тамам болды? – десе, егер айтса: «Қылмақ ила және қазірет пайғамбардың сүннеті ила там болды» – десе, жеріне келтірміш болғай!

– Егер бұл төрт сұраққа жауап бермесе, ойыма ғалал депті. (Тамам болды).

Ғылым туралы он сұраққа жауап

Хауарыждың он ғалымы хазірет Ғалыға он сұрақ қойған.

1. (Бірінші сұрағы) – Иа, Ғалы, ғылым артық па, мал артық па? – Ғылым артық. Себебі ғылым – пайғамбардың мұрасы, мал – қарынның мұрасы, – деді.

2. – Иа, Ғалы, ғылым артық па, мал артық па?

– Ғылым артық. Себебі – ғылым ұстасаң, көбейеді; мал ұстасаң, азаяды.

3. – Иа, Ғалы, ғылым артық па, мал артық па?

– Ғылым артық. Себебі – ғылым иесін күзетеді, малды иесі күзетеді.

4. – Иа, Ғалы, ғылым артық па, мал артық па?

– Ғылым артық. Себебі ғылым иесінің досы көп болады, мал иесінің дұшпаны көп болады.

5. – Иа, Ғалы, ғылым артық па, мал артық па?

– Ғылым артық. Себебі ғылым иесі зор дәрежелі адам атанады. Мал иесі сараң, надан атанады.

6. – Иа, Ғалы, ғылым артық па, мал артық па?

– Ғылым артық. Себебі ғылымды ешкім ұрламайды. Малды әркім ұрлай береді.

7. – Иа, Ғалы, ғылым артық па, мал артық па?

– Ғылым артық. Себебі ғылым иесі қияметте әркімге шапағат қылады, мал иесі қияметте қасапта (қисапта) болады.

8. – Иа, Ғалы, ғылым артық па, мал артық па?

– Ғылым артық. Себебі ғылым көп тұрса, өзгермейді, мал көп тұра алмайды.

9. – Иа, Ғалы, ғылым артық па, мал артық па?

– Ғылым артық. Себебі ғылым иесінің жүрегін нұрландыра бере[ді], мал кірлендіре береді.

10. – Иа, Ғалы, ғылым артық па, мал артық па?

– Ғылым артық. Себебі ғылым иесінің тағат, ғибадаты көп болады, мал иесінің күнә, сұмдығы көп болады.

Сонда Хауарыждың он ғалымы айтты:

– Біз бір-ақ түрлі сұрақ қойдық. Сен әр түрлі жауап бердің. Мұның себебі не? – депті.

Сонда Ғалы айтыпты:

– Сенде[r] бірыңғай жалғанды сұрағандарың үшін мен екі дүниеге бірдей жауап айттым, – депті. «Қай ұнағанын өздері таңдап алсын!» – деп ойладым, – депті.

(Бұл сөз осымен тамам болды).

Пайғамбардың айтқандары

Пайғамбар бір күні сахабаларға айтыпты:

Жеті түрлі нәрсеге мақтанбаңдар, – депті.

– Бірінші, «Ғалыммын!» – демеңдер. Ғазазілден ғылымың артық емес. Ғазазіл мақтанамын деп, шайтан болды.

– Екінші, «Баймын!» – деп мақтанбаңдар. Қарынды мал-мүлкімен жер жұтып кетті.

– Үшінші, «Тақуамын!» – деп мақтанба. Мақтанам деп, Балғанбауыр, Барсис та тозаққа кетті.

– Төртінші, «Атам жақсы!» – деп мақтанба. Атаң Адам пайғамбар мен Нух пайғамбардан артық емес. Азғандар солардың балаларынан шықты.

– Бесінші, «Тұқымым көп!» – деп мақтанба. Шаддат (шылдат) пен Ферғауын әскерінен түк пайда көрген жоқ. Тұқымың көп болса, сондай-ақ шығар.

– Алтыншы, «Тәнімнің айыбы жоқ!» – деп мақтанба. Тәніңе кемшілік келуі «көзді ашып жұмғанша» болады, – депті.

– Жетінші, «Мықтымын!» – деп мақтанба. Мықты болсаң, күшің пілдің күшінен артық емес. Пілді жалғыз шыбын халак қылады. Шыбын сияқты нәрсе кездесу қиын емес (Бұл сөз осымен тамам болды).

Пайғамбар айтты:

– Жеті түрлі кісінің дұғасы қабыл болмайды, – деді.

Бірінші – өтірік сөйлеушінің, екінші – өсек айтқандардың, үшінші – уағдаға (уәдеге) опа қылмағандардың, төртінші – намазының көпшілігін қаза қалдырғанның, бесінші – ерінің көңілін қалдырған қатынның, алтыншы – ызақор адамдардың, жетінші –

қымбатшылық тосып, қолда барын сат[пай] отырған адамдардың [дұғасы қабыл болмайды].

Пайғамбар айтты:

– Жеті түрлі адам дүниеден шықпастан бұрын кәусар шарабын ішер, – деді: Бірінші, көршілердің тілегін орындаушы. Екінші, ұл-қызын құран оқу үшін ұстазға берген. Үшінші, уағыз айтушыдан уағыз тыңдап, оқығанын халыққа уағыз қылып айтып түсіндіруші. Төртінші, бес намаздың уақытын күтіп, Аллаға сүйеніп, жүзін жерге қойып, тағат, ғибадат қылушылар. Бесінші, ері қатынның үстінен жамандық істесе, қатыны сабырлық қылса. Алтыншы, ата-анасын құрметтеп, сыйласа. Жетінші, мұсылмандарға ғылым үйретіп, ол үшін ақы алмаса, – осы сияқты жеті түрлі адам [кәусар шарабын] ішеді!» – дейді.

Пайғамбар ғалайссалам күнлер[де] бір күн мәжілісте отырып, сахабаларға айтқан екен:

– Бір күні мен Ібіліс малғұнға жолықтым. Сұрадым:

– Иа, малғұн, адам балаларының неше түрлісінен жеркөніп, жек көресің? – дедім.

Ол айтты:

Он үш түрлісінен жеркөнемін, – деді.

– Әуелі сенен жеркөнемін! – деді.

Сонда мен айттым:

Мен сенен жеркөнемін! – дедім.

[Шайтан айтты]:

– Екінші, құран оқушыдан. Үшінші – мұмин мұсылмандардан. Төртінші, тәңірі тағаланың бұйрығы бойынша іс қылғандардан. Бесінші, рақымшыл, жұмсақ көңілдіден. Алтыншы, шын сөйлеушіден. Жетінші, түнде тұрып намаз оқушылардан. Сегізінші, дәрет (таһарат) алып жүрушілерден. Тоғызыншы, ұйқысын бөлін, тағат қылушылардан. Оныншы, ұят, әдеппен жүргендерден. Он бірінші, опа қылғандардан. Он екінші, шын көңілменен тағат, ғибадат

кылушыдан. Он үшінші, бос сөзден тілін тыйғандардан жеркеніп, [оларды] жек көремін! – деді.

Сонда пайғамбар айтты:

– Менің үмбетімнен неше түрлі адамдар сүйесін? – деді.

Сонда Ібіліс айтты:

– Он түрлі адамды сүйемін, – деді:

Бірінші, өзін «ұлық» санап, басқаға күш қылғанды. Екінші, аяп адамды. Үшінші, білмегенді білгеннен артық көрмегенді, көргеннен артық сөйлеушіні. Төртінші, есірткі ішкендерді. Бесінші, сата-тын затын қымбатшылық күтіп сатпай отырғанды. Алтыншы, өзі сияқты мұсылмандардың сыртынан ғайбат сөйлеушіні. Жетінші, пара алушыны. Сегізінші, көршілеріне зиян тигізушіні. Тоғызыншы, сабырсыздарды. Оныншы, Алланың әмірін тұтпаған, ғұмырын қараңғылықпен кешірген пысықтарды сүйемін, – деді.

Сонда расул айтты сахабаларына:

– Ей, адам балалары, әрқашан ғапіл болып, Ібіліске дос болып жүрмеңдер! Жоғарыдағы он түрлі нәрседен сақтаныңдар! Бұл дүние өкінгіш (өкініш) дүр. Бізден бұрынғылар қайда? Оларға опа қылмады. Бізге һәм опа қылмас. Алланың бұйрығын тұтып, тағат, ғибадатқа масқұл (машғұл) болыңыздар! – деді. – Дүниеде һәм ақыретте ізгілерден болғайсыздар! Сақланғыл! Мұсылмандардың көңілін қалдырып, зиян тигізгені үшін, жүз қырық (140) періште мың лағынет айтады, – деді (тамам).

Мәшһүр-Жүсіп деректері

Бір жаратқан Алланы «Бір!» – деп білмек – тілі деген. Екінші – тілінің: «Бір!» – дегенін «Шын!» – деп білмек құсылыменен. Үшінші – он екі мүшесін Құдайдың құлшылығында қылуы. Төртінші – пайғамбардың сүннетін орнына келтіруі.

Кімде-кім Құдайды «Бір!» – деп білмесе, кәпір болады. «Ағузы биллаһы» – тілі «Бір!» – деп айтқанменен, ділінде тастығы жоқ болса, мұнафиқ болады. Тілі: «Бір!» – деп айтқанменен, ділінде тастығы болғаныменен, ғамал (амал) жоқ болса, пасық болады.

Үшеуін орнына келтіргенімен, пайғамбардың сүннетіне мүңкір болса, мұбатадығы болады. Төртеуін орнына келтіруші (келтіргуші) мүмин мұсылман болады.

Алла айтты:

Пендемнің айтқанын бермеу[іме] он түрлі себеп бар:

– Бірінші, менің құдайлығымды біле тұра, әмірімді орындамайды! Екінші, Құранға нана тұра, Құранмен ғамал (амал) қылмайды. Үшінші, «Пайғамбар – Құдай досы (досты)» – деп айта тұра, сүннетін орындамайды. Төртінші, «Шайтан – бізге дұшпан!» – деп айта тұ[ра], соның айтқанын істейді. Бесінші, «Жұмақ (ұжмақ) – біздің орнымыз!» – деп айта тұра, жұмакка кіруге лайықты жұмыс жасамайды. Алтыншы, «Тозақ – біздің орнымыз емес!» – деп айта тұра, соған бейімделіп, жұмыс жасайсыздар. Жетінші, «Өлім хақ!» – дейсіз де, өлімді ойлап, жұмыс жасамайсыздар. Сегізінші, жақын – жуықтарыңыздың ғайыбын (айыбын) көп есептейсіздер [де], өз ғайыптарыңызды көрмейсіздер. Тоғызыншы, ішіп-жеп отырған нығыметке шүкірлік жоқ. Оныншы, өлікті дапындап (дайындап) қойғанын көре тұра: «Мен де осындай боламын-ау!» – деп ойламайсыздар! – депті.

Пайғамбарлар шежіресі (екінші нұсқа)

Салауат расул ғалайку уассаламға әуелі Хақ тағала ута барака (береке) хазіреттері бір гауһар жаратты. Яғни расул ғалайһи саллам ай турур (айтар):

– Ол гауһар менің нұрым еді, – деді.

Сол нұрдан бұрын жаралған еш нәрсе жоқ еді. Сонан кейін барша жер, көк, ғаршы-күрсі, лауым, қалам, – Ай, Күн, жұлдыздарды, ғалам халайықтарды жаратты. Үшбу барша жаратылмышлар-ны алты күнде жаратты. Бір сағатта жаратарға жарағы бар еді. «Оның үшін пенделеріме ғибрат болсын! Менің қадірлігім бірла асықпай іс қылдым: «Ғазиз құлдарым ғазиз істі асықпай іс қылсын!» – деп. Жалғыз-ақ сенбі күні еш нәрсе жаратпады. Жұма күні – Адам ғалайссаламды жаратты. Бұл дүние жүзін жаратып болғаннан соң,

жер астында екі мақұлық жаратты: бірі – еркек, бірі – ұрғашы: Еркегінің аты – «Жаблит», ұрғашысының аты – «Таблит». Екеуін бір-біріне қосып, жұпты айлады. Күллі жылан, шаян – солардан та-рады. Және һәм екеуінен бір бала болды: атын «Қарыс» қойды. Бұл Қарыс тағат, ғибадатшыл болды. Бұл жердің астында, һәм үстінде ешбір сәжде қылмаған жер қалмады. Сонан Қарысты көкке шығарды. «Қарыс» – атын тастап, «Ғазазіл» – қойды. Һәм барша періштелерге мағлұм болды, үш мың жыл жұмақта (ұжмақты) дәурен сүрді.

Хазірет Адам ғалайссаламды «пайғамбар» – деп, бағынбай, тәкаппарлық айлады. Лағынет қомытын (хамытын) киіп, жұмақта[н] шығарылып, «Ібіліс» – деп, ат қойылды, малғұн шайтан болды.

Бұл дүние жүзін жаратқаннан кейін, құсларға (құстарға) берді. Он сегіз мың жыл олар ұстады. Онан кейін «Баниалжан» – деген бір қауым жаратты. Он сегіз мың жыл олар ұстады. Онан кейін періштелерге берді. Он сегіз мың жыл періштелер ұстады. Сонан «Жер жүзіне Адам жаратамын!» – деп жарлық қылды. Періштелер мұны естіп, қайғылы болды. Сонда Хақ тағала айтты: «Ей, періштелерім, мен білгенді сендер білмейсіңдер! – деді. Адам ата-ны жаратты – топырақтан. Адам ата жиырма жастағы жігіт шама-сында болып жаралды. Онан кейін Адам ғалайссалам ұйқылы-оюу жатқанда, сол жақ қабырғасының ішкі жағынан алып, Адам атаның етін ауыртпай, анамыз – Хауа ананы жаратты. Екеуін бір-біріне қосып, жұпты қылды. Жәбірейіл құтпа оқып, неке қиды. Неках (неке) сонан бері мұрас (мирас) қалды. Сонан кейін Адам ата, Хауа анамыз бен көп жыл ұжмақта (жұмақта) болды.

– Бидайдың жапырағынан жеме! – деп, жарлық берді. Хауа ана-мыз Ібіліс малғұнның тіліне алданып, бидайдың жапырағын жеймін деп, жұмақтан шығарылды. Ол жұлған жапырақтың орнынан [қан] шықты. Ол қанды Хауа анаға берді. Бұл уақытқа шейін әйелдерге мирас қалды. Адам ата Сыранып тауына түсті. Хауа анамыз Жибда тауына түсті. Екеуі бір-бірінен айырылып, екі жүз жыл жүрді. Мұнан кейін екеуі Ғарапа тауында қосылып, жер жүзінде мекен қылып, дәурен сүрді. Хақ тағала бұларға тоғыз саулық, бір қошқар берді, бір буаз сиыр берді, бір буаз түйе берді. Және бір қара өгіз берді: «Егін сал!» – деп, Жәбірейілді қаншалықты үйретті.

Сонан кейін Хауа анамыз буаз болып, жетпіс мәртебе егіз тапты – бір ұл, бір қыздан. Алғашқы тапқан баласының аты – «Қабыл», қызы – Ақлима. Екінші тапқан баласының аты – һабыл, қызының аты – «Лібуда» атлы. Адам атамыздың шарифаты былай болды: Қабылмен [бірге] туған қызды – һабылға, һабылмен [бірге] туған қызды Қабылға қосты. Һабылмен туған қыз көріксіз еді. Қабыл: «Мен жаман қызды алмаймын!» – деп, һабылды Қабыл өлтірді. Алғашқы кісі өлтіру сонан қалды. Қабыл дінсіз болды. Һабылдан кейін жүз жылдан соң, Шиш пайғамбар туды. Атамыз Адам пайғамбар мың жасап, опат болды, Сырандып тауына қойылды. Мұнан жеті жылдан кейін анамыз Хауа опат болды, Жидай Мүбәрак тауына қойылды. Осы балалардың бәрінен де тұқым қалып, жер жүзіне халық болып таралды.

Шиш пайғамбардың ұғлы (ұлы) – Ануш, оның ұлы – Қайнан, Маһлайыл. Оның ұлы – Бірдәнік, оның ұлы – Ахнұқ еді. Бұл адам көп дәріс айтар еді, оның үшін Ыдырыс атанды. Лақап аты «Ыдырыс пайғамбар» – атанды. Әуелі киім тіккен, хат жазған Ыдырыс еді.

Бұл Ыдырыс пайғамбар дүниеде төрт жүз жыл мекен етті. Онан соң жұмаққа барды. Жұмақта тірік тұрыр, Ыдырысқа өлім жоқ, һәм жұмақ халқына өлім жоқ.

Ыдырыстың ұлы – Матушылыһ, оның ұлы – Ламак, оның ұлы-Нух пайғамбар еді. Нух пайғамбардың ұлы төртеу еді. Әуелі – Кінған, Қам, Сам, Иапас (Жапаш). Кінған атлы ұлы топанда қайтыс болды, кәпір еді. Нух пайғамбармен бірге еркек, әйел аралас сексен адам топаннан аман қалды. Бағзы адамдар айтады: «Бұл сексен кісіден де тұқым бар» – деп. Пәлендей үрім тарихта жазылмаған. Мынау үш баласынан әр түрлі халық болып, жер жүзіне кейбірі мұсылман, кейбірі кәпір болып таралды. Қанық деген қатыннан туған Ғұждың бойының ұзынлығы – төрт жүз мың кез еді. Қорегі – дариядан балық, жайындарды алып жеуші еді. Дариядан су ішіп, күнкөрісі осы болды. Мұса пайғамбардың заманына тірі келді. Мұса пайғамбар таяғыменен ұрып өлтірді. Ғұждың ғұмыры 3600 жыл еді.

Нух пайғамбардың ұлы Қамның баласы – піррәндік (зәңгі) – Қаратай еді. Бұлар бұ жақта жоқ. Самның балалары: Ғараб, Ғажым, Араб, Сумуд, Еран, Таран еді.

Жапаштан: Түрік, Хазыр, Ысқылаб, Камар, Аққытай, Тарых, Иапония (Япония), Манжурия еді. Жамшит патша, Рүстем, Дастан. Жамшит патша Таран әулетінен еді, үш жүз жыл патшалық айлады, мұсылман еді.

Тауларда жанартау болып от шыққан, түтін шыққан тауларды тылсымменен байлаған Жамшит патша еді.

Рүстем – еран (иран) еді, сақыпқыран, балуан еді, өзіне тартқан бұ да балуан еді.

Шыдат Ғадыұғлы Арап (Арам) әулетінен еді. Тоғыз жүз жыл патшалық айлады. Дүниеде ұжмақ жасады, өзі көрмеді, көруге несіп болмады.

Ибраһим пайғамбар

Самның баласы – Ғараб, оның ұлы – Арбақшыл, оның ұлы – Ғабыр, оның ұлы – Шалық, оның ұлы – Арғын, оның ұлы – Әшім, оның ұлы – Жакуда, оның ұлы – Нарым, оның ұлы – назар (Азар), оның ұлы – Лұт пайғамбар.

Азардың ұлы – Ибраһим пайғамбар. Мұ[ның] баласы сегіз еді. Смағұл пайғамбар Ажар анамыздан туды. Ысқақ пайғамбар Сара анамыздан туды. Қату ресімлі әйелінен алты ұл туды: 1. Иақшан, 2. Иашбақ, 3. Зімуиден, 4. Мадиян, 5. Башуғы, 6. Уасығы еді.

Ибраһим заманында тілдер бөлінді. Онан бұрын бір-ақ түрлі тіл еді. 18 түрлі тіл болып Қамның тұқымы шықты, 18 түрлі тіл болып Самның тұқымы шықты. 36 тіл болып Жапастың тұқымы шықты. Соныменен тіл де, дін де 72 түрлі болды.

Мекке шаһары Ибраһим заманында салынды. Ғарабстан екен жер аты. Қағбатолла хазіретлерін Ибраһим пайғамбар салды. Смағұл Меккеде туды, мекені хәм зиараты Меккеде болды. Байтулланың суреті бұл тұрыр. Әмин!

Жақып пайғамбар

Ысқақ пайғамбардың ұлы екеу еді. Үлкені-Ғиса (Ғайса), кішісі-Жақып (Иақып) пайғамбар еді. Жа[қып] пайғамбардан он екі (12) ұл туды: 1. Робыл, 2. Шамғұн, 3. Жаһуда, 4. Лауия, 5. Жадуан, 6. Иаптал, 7. Бастажыр, 8. Рибалун, 9. Қаруда, 10. Дана, 11. Иүсіп пайғамбар, 12. Біниамин еді. Осы 12 ұлдан Бани Исраил деген отұқ жайылды. «Бани Исраил» – деген ат – Жақып пайғамбардың лақап есімі еді.

Мұса пайғамбар

Жақып пайғамбардың ұлы-Лауия, оның ұлы – Риан, оның ұлы – Иашад, оның ұлы – Ғымыран, оның ұлы – хазірет Мұса пайғамбар еді. Арын пайғамбардың Мұса менен анасы бір, атасы бөлек еді.

Ферғауын

Ферғауын – Шыддаттың тұқымы. Раян – патшасының ұлы – Максұп, оның ұлы – Ферғауын. Бұл Ферғауын 400 жыл патша болды. Өзі кәпір еді. Мұса пайғамбардың тілін алмады. Мұса пайғамбар дұға қылып, Ніл дариясына қарық болды жүз мың әскерімен, Маман атлы бас уәзіріменен.

Дәуіт – Сүлеймен пайғамбардың баласы. Дәуіт пайғамбар Жақыпұлы Жаһуданың тұқымынан еді. Ағасының есімі – Айша еді. Дәуіттің он ұлы болды. Мұның кішісі – Сүлеймен еді. Бұл Сүлеймен бір әйелден жалғыз еді. Бұл Сүлеймен дүние жүзін түгел биледі, кәміл патшалық айлады.

Ескендір [Александр] Зұлқарнайын

Зұлқарнайын Баһи Израил тұқымынан еді. Атасының аты – Мерзибан еді. Сол [Зұл]қарнайынды ғалымдар ықтилап қылды. Бағзылары «пайғамбар», бағзылары «әулие», бағзылары «патша» – деді. Бұл талас дұрыс емес. Аяттың дәлелі бойынша: һәм пайғамбар, һәм патша.

Зұлқарнайынның екі мүйізі бар еді: бірі – пайғамбарлық келгенде түсті, бірі-екі мәртебе дүние жүзін кезді, сонда түсті. Мәңгі суын іздеді. Мәңгі суы несіп болмады. Яғни мәңгі суы Қызыр мен Илиясқа ғана несіп болды. Солар ішті. Яғни Зұлқарнайын [бұл] іске себеп болды, дүниені түгел билеп, патшалық айлады. Күннің батысы һәм шығысын көзбен көріп тарық айлады. Күннің 360 орыны бар еді. Әр күн әр орынға батар еді. Бір жыл үшін [үш] жүз алпыс [бес] күн болса, Зұлқарнайын ғалам ішінде көп базалар (паналар) қопарды. Әр жерге әр түрлі белгі салды. Қастантинада [Константинополь – Стамбулде] бір үй салдырды: сегіз қат, ол сегіз қаттың бәріне еш кіруге болмас. Қашан опат болған сонда дапын айлады – алтын сандық ішіне қойып.

Ескендір лақап есімі еді. Қастантинада Қисарының суреті бұл тұрұр.

Ғайса пайғамбар

Ғайса Жаһуданың тұқымынан еді, атасы жоқ еді, анасы – Мариям. Разыалла-ған һу еді. Мариямның атасының сымиы Ғымран еді. Бұл Ғайса пайғамбар қазір көкте тірік тұрұр. Ақырзаманда жер жүзіне келер.

Мұхаммед ғалайссалам

Смағұл пайғамбардың ұлы – Хайдар, оның ұлы-Қамыл, оның ұлы – Набит. Оның ұлы – Алшиғы, оның ұлы – Адади, оның ұлы – һуд. Оның ұлы – Ғадиан, оның ұлы – Мағыл, оның ұлы – Нәзір. Оның ұлы – Мәзір, оның ұлы – Ілияс, оның ұлы – Мәдірка. Оның ұлы – Құзиһан, [оның] ұлы – Кинан, оның ұлы – Мәлік. Оның ұлы-Баһар, лақап аты – «Құрыш» еді. Оның ұлы – Ғалып, оның ұлы – Ғады, оның ұлы – Аһай (Ауай). Оның ұлы – Кәғба, оның ұлы – Март, оның ұлы – Қала. Оның ұлы – Қосай, оның ұлы – Ғабдыманап, оның [ұлы] – һәшім және һүмия. Һәшімнің ұлы: Ғабдылмұталлап. Оның ұлы он еді: 1. Қарыс, 2. Мақұл, 3. Жадыл, 4. Ғабдылшамас, 5. Зәбір, 6. Әбілуһан, 7. Әбутәліп, 8. Қамза, 9. Ғаббас, 10. Ғабдуалла. Бір анадан Ғабдуалланың ұлы хазірет Нұр Мұхаммед ғақ Мұстафа расул Алла, салиалла ғалайһи уассам еді. [Бізше, Смағұл мен Мұхаммед пайғамбар арасындағы аталарды былай көрсетуге де болар еді: 1. Смағұл, 2. Хайдар, 3. Қамыл, 4. Набит, 5. Алшиғы, 6. Адади, 7. һуд, 8. Ғадиан, 9. Мағыл, 10. Нәзір, 11. Мәзір, 12. Ілияс, 13. Мәдірка, 14. Құзиһан, 15. Кинан, 16. Мәлік, 17. Баһар, 18. Ғалып, 19. Ғады, 20. Аһай, 21. Кәғба, 22. Март, 23. Қала, 24. Қосай, 25. Ғабдыманап, 26. Һәшім (Әшім), 27. Ғабдылмұталлап, 28. Ғабдуалла, 29. Мұхаммед. [Сонда бұл есеп бойынша Смағұл (Самауил) мен Мұхаммед арасында 27 ата бар болып шығады – Л.Ж.].

Әбубәкір

Марттың [Смағұлдан кейінгі 22 – ата. Л.Ж.] бір ұлы – Ким, оның ұлы – Сағда, оның ұлы – Қағыба. Оның ұлы – Ғұмар (Омар), оның ұлы – Ғамар, оның ұлы – Қикап. Оның ұлы – Әбубәкір сыдық разиалла еді.

Ғұмар

Қағыбаның [Смағұлдан кейінгі 21 – ата. Л.Ж.] бір ұлы – Зарам (Зарах), оның ұлы – Қысырат, оның ұлы – Ғабдолла. Оның ұлы – Рыбам, оның ұлы – Ғабділғазиз, оның ұлы – Нағыл. Оның ұлы – Жатап, оның ұлы – Ғұмар разилла-ған һу еді.

Ғұсман [Оспан]

Үмиямның ұлы – Әбділғұмар, оның ұлы – Ғапан, оның ұлы – хазірет Ғұсман.

Ғалы

Ғабдылмұталлаптың [Смағұлдан кейінгі 27 – ата, оның немересі – Мұхаммед. Л.Ж.] ұлы – Әбутәліп, оның ұлы – ер Ғалы.

Тарих жыл есебі

Нух пайғамбардың баласы – Сам менен Біраһим (Ибраһим) пайғамбардың арасы 2560 жыл. Ибраһим пайғамбар мен Мұса пайғамбардың арасы – 660 жыл. Мұса мен Ғайсаның арасы 1800 жыл өтті. Ғайса мен Мұхаммед пайғамбардың [арасында] 600 жыл өтті.

Хазірет расул ғалайссалам Меккеден көшіп, Мединеге барып, патша болғаннан тарих басталады. Хазірет 1369 жыл тарих ... Ғайсаның өлеті[ні]нен (әулетінен) басталады... Расул ғалайссалам 570 [жылы] тарих масы жетті. 12 – рабиғыл әуелде [айында] дүниеден көшті. Дүйсенбі күні дүниеге келген, 63 жасында 11 тарих ажыриде рабиғұл әуел айының 12-күні дүйсенбі күні опат болмыш тұр. Расул ғалайссаламнан кейін Әбубәкір разиаллағанһу екі жыл халифа болып, 72 жасында опат болды. Онан кейін Ғұмар (Омар) азиалла ғанһуон бір жыл халифа болып, 69 жасында шаһит болды.

Онан кейін хазірет Ғұсман (Оспан) разиалла ғанһу 12 жыл халифа болып, 74 жасында шаһит болды. Онан кейін хазірет Ғалы разиалла ғанһу 5 жыл халифа болып, 67 жасында шаһит болған. Расул ғалайһи салламнан кейін төрт шаһариар отыз жыл халифалық қылған.

Ғакаша

Ғакаша – Нух пайғамбардың баласы, Жапас – мұның баласы. Түрік [соның] тұқымынан еді, атасының аты – Мұқсын еді. Расул ғалайссаламның жүзін көріп, иман келтіріп, алғашқы мұсылман болған қырық кісінің бірі еді. Сонан кейін пайғамбардың туын ұстаған белгілі сакабаның бірі еді. Расул ғалайссалам опат боларында арқасындағы мөр шарын көріп, расулден бата алып: «Сен бай бол!» – деп, расул бата бер[ген] дұғасы қабыл болып, Ғакаша бай болды. Сонан кейін шаһар ішіне балалары отыра алмай, сахараға шығып, мал бағып, көшпелі халық болды.

Қазак шежіресі (он екінші нұсқа)

«Жоғарыдағы Жапас ұлы – сегіз, үлкені – Түрік» – деп айтып едік. Оның ұлы – Түтік, оның ұл[дар]ы: Хәкмил, Бірісжар, Айымлақ еді. Түтік ұлы – Елшіхан, оның ұлы – Баққан, оның ұлы – Киікхан. Оның ұлы – Қарахан, оның ұлы – Уызхан, оның ұлы – Алашахан. Оның ұлы – Татар – Моңғол еді. Татардан: Башқұрт, Шудаш (Чуваш), Мешір, Ноғай халқы тарайды.

Моңғолдан: Қалмақ, Естек халқы тарайды. Моңғолдан – Дешті Қыпшақ халқы тарайды. Дешті Қыпшақ ішінен Ноғайлы халқы тарайды. «Он сан Ноғайлыда Орманбет өтіпті» – деген сөз бар ғой, солар ноғайлы болады. Олардың тілі біздің қазақ тілі сияқты жалпақ тілді болады, кигіз үйлі болады.

Шыңғыс хан

Бұрынғы Шыңғыс хан-Дешті Қыпшақ ішінен шыққан кісі еді. Үргеніш пен Бұхар шаһарының арасынан шықса керек. Олар кигіз үйлі еді. Біздің қазақ кигіз үйдің тәртібін содан алған. «Өздерінің қай дінде екені мәлімсіз, өзіп және әкесі жоқ» – деп айтады. «Шешесінің аты – Алнаку, көрікті кісі еді» – дейді. «Ері жасында өліп, ерге тимей отырғанда, буаз болып, Шыңғысты сонда тапты» – деп айтады. Сондықтан «Сағымнан пайда болған!» – деп айтады.

Сонан Шыңғыс ер жетіп, хан болып, жеті ықылымды билеген патша болған, өзі әрбір жұртты алған. Үргеніште хандық қылып, әр жерге шашылып, қазаққа да хандық қылған Шыңғыс ханның баласы – Көрстан, кішісі – Жошы хан, Мұтусыми.

Есім хан, оның баласы – кешегі жұрт билеген Абылай хан еді.

Абылай хан

Бұл Абылай қазақ ішіне келіп, хан болғаны 1731 жыл еді. Бұрын қазақ халқы Азияда – Сырдарияның бойында болып, 1721 жылы қазақ пен қалмақ соғысып, қазақ жеңіліп, сонан бұл Арқаға келген. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» – деген сөз сонан қалған сөз еді. Сонан кейін он жылдан соң, қазақ есін жина[п], Шақшақұлы Жәнібек хан уақытында Қаракесек – Қаз дауысты Қазыбектің бар уақытында қалмақпен соғысып, қалмақты жеңіп, қалмақтар қашып

кеткен. Осы соғыста Абылай да бар еді. Алғашқы келген кезі еді. Сонан соң да Жәнібек хандығын Абылайға беріп, Абылай хан болып, қазақты түгел билеп жүрді. Бұл жерді қазақ халқы, яғни күнбатысымыз – Сырдария, шығысымыз – ұлы Ертіс, оңтүстігіміз – Жетісу, солтүстігіміз – Еділ, Жайық, – осы төрт судың ортасын заман қадимнен – әуелі Дешті Қыпшақ мекен қылған. Сол Қыпшақтан – тоқсан екі ру ел тарайды. «Қытай көп пе, Қыпшақ көп пе?!» – деген мақал осынан қалған. Сонан бері неше жұрт келіп, неше жұрт кетті?! Ақырында Миық деген бір жұрт иеленіп, о да кетіпті. Онан Шерміш деген бір жұрт иеленіп, о да кетіпті. Бұлардан кейін Дешті ішінен ноғай, қазақ иеленіпті. Олардан қалған белгі бар. Әр жерге тауларға қойылған аттары бар. Онан кейін қалмақ ие болып, қалмақ кетіп, қазақ ие болған. Қазақтың ие болғаны Абылайдың заманынан аз-ақ ілгері. Бұл Абылайдың баласы көп. Үлкені – Уәли, кішісі – Қасым хан еді. Қасымның баласы – Кенесары, Ержан, Саржан, Наурызбай еді.

Өзбек

«Ғақаша сахабаның балалары мал бағып, сахараға шығып, көшпелі халық болды» – деп басында айтып едік. Ал Ғақашаның баласы – Жабыл. Оның ұлы – Дагаз, оның ұлы – Саһил, оның ұлы – Ақшолқан. Оның ұлы – Қурай, оның ұлы – Сойқан, оның ұлы – Жайылқан. Оның ұлы – Қақы, мұның баласы – Өзбек пен Сабан. «Сабаннан – Сарт халқы тарайды» – дейді.

Алаша, қазақ

Өзбектің баласы сегіз еді: Түрікпен, Қырғыз, Қарақалпақ, Қызылаяқ, Кінәкеш, Қият, Қаңлы, Алаш. Ең кішісі – Алаш. Бұл Алаш үлкен орында қалып, бай болды. Малы көп, соның салдарынан – ораза, намазға салақ болған. Сондықтан басқалар «қазақ» – деп ат қойған. Сол себептен «қазақ» – деп атанып кеткен. «Қазақ» – деген сөз сол заманның тілінше «салақ» – деген сөз еді. Бұл қазақтың баласы – Қаракелімбет, мұның баласы – Құтан бай, оның баласы – үшеу: үлкені – Үйсін, ортаншысы – Ақжол, кішісі – Жапас. Бұлар әкесінің барында еншілері бөлінбей, әкесі өлгеннен кейін, еншіге таласып, әрқайсысы өзіне жақ болған адамнан бір-бір жүзден кісі жиып, мал-мүлкін бірдей қылып бөліп алып, соныменен «үш жүз» атанды.

Ұлы жүз – «Үйсін», Орта жүз – «Ақжол», кіші жүз – «Жапас» болып аталды. Үш жүздің баласы әрбір[i] ел болып, ортасына Алаша хан бол[ды]. «Алаш-Алаш болғанда, Алаша хан болғанда» – деген сөз бар еді ғой. Алаша ала болып туған, бір қатынның баласы еді, сахараға шығып еді.

Ұлы жүз

Үйсіннің баласы – Ошақты, оның баласы – Дәулетқожа, оның баласы: Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс. «Төле би деген кісі осы Үйсін табынан шығып, үлгілі би болған адам» – дейді. «Бұлардың тұқымдары әр жерде, бірақ көпшілігі Түркстанда» – дейді.

Кіші жүз

[Жапастың] баласы Алшын, Табын, Тама, Жағалбайлы бай – он екі ата болып тарайды. Бұлардың көбі Астархан тарапына қарайды. Адайлар – бұлар да Кіші жүз болады, Оралға қарайды. Жайықсудың аты. Еділ деген – батырдың аты, заты Кіші жүз болу керек, осы Жайықта каза тапқан.

Орта жүз

Орта жүз-Ақжолдың баласы – Болатқожа. Мұның баласы: Аққожа, Қарақожа. Аққожаның баласы – Қоңырат, Қыпшақ, Керей, Уақ. Тарақты [бұларға] кірме болып қосылады. Қарақожаның баласы: Арғын, Найман. Осыменен «Жеті арыс ел» – деп сөйленеді.

Қоңырат

Қоңырат – Көктің баласы: Қояншы, Ханке, Қабай, Саңғыл. Бұлар Балқаш бойында болады.

Қыпшақ

Қыпшақтан тараған: Көлеуіт, Құлдан, Сағал, Жолаба, Үйбасы деген ел болды.

Керей

Керейдің баласы – Кешу, оның баласы – ер Жәнібек. «Мұнан таралған: Ақсары, Көксары» – деген ел дейді.

Уақ

Уақтан таралған: Жамансары, Боздақ болады. «Қара қасқа атты Камбар» – осы таптан еді.

Найман

Найманнан тараған: Бағаналы, Мұрын, Қаракерей, Бура, Қаптағай, Байжігіт, Қызай, Саңыр, Матай, Сабан еді. Қабанбай батыр Қаракерей табынан еді. Бұлар да әр жерде, көбі Өскеменде тұрады.

Арғын

Арғынның баласы тоғыз еді. Бәйбішесінің аты Аргүл еді. Мұнан жалғыз Мейрам сопы еді. Тоқалының аты – Момын еді. Мұнан төртеу: Әуелі Қарасопы, Сарысопы, Қожасопы, Ақсопы. Аяқ салған [үшінші] қатынынан төртеу еді: Ақташ, Бұғаш, Келеш, Тағашы еді. Бұлар Қостанай тарапына қарайды.

Мейрам сопы

Мейрам сопының баласы: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек. «[Қаракесек] күң қатыннан» – дейді. Бегендік, Шегендіктер Еран жұртында болады, яғни Жиделібайсында тұр.

Қуандық

Қуандықтың баласы: Алтай, Қарпық (Ғарпық), Бұрыш, Темеш, Ағыс, Қалқаман, Есенқарт еді.

Алтай

Алтайдың баласы: Алсай, Тұрбай, Мойын, Әлеке, Байдалы, Сайдалы. Мойынның баласы: Аралбай, Қалибек, Сармантай, Қареке, Мұрат.

Қарпық

Қарпықтың баласы: Тінәлі, Тоқа, Мәмбет.

Сүйіндік

Сүйіндіктің баласы төртеу еді: Суғыншы, Оразкелді, Мәжік, Шуманақ. [Басқа нұсқаларда Шуманақ Суғыншы інісі емес, баласы болып келетінін ескерген жөн. Л.Ж.]. Суғыншының баласы – төрт ұл, асыранды баласы – Қаржас. Оразкелдінің баласы: Қозған, Қақсал [Басқа нұсқаларда Қозғанның бастапқы аты – Бегендік, Қақсалдың бастапқы есімі – Шегендік делініп, Мейрамның балалары ретінде берілетінін ескертеміз. Л.Ж.]. Мәжіктің баласы: Малай, Жәдігер, Қойлыбай, Шағырай. Шуманақтың баласы: Құлболды, Жанболды, Қаржас. [Бұл туралы да басқа нұсқаларда өзгешелік болуы – бәрі ел арасына тараған «Қазақ шежіресі» үлгілерінің түрлішелігін

дәлелдейді. Біз мұны да салыстыру үшін қалдырмай келтірдік. Л.Ж.]. Қаржастың баласы: Құлықе, Бегім, Алтынторы. Шорман деген кісі-Құлықе табынан еді, баласы Мұса деген кісі болды.

Айдабол

Құлболдының баласы: Ақбура, Тұлпар, Күлік, Айдабол, Майлытон еді. Айдаболдың баласы: Жанқозы, Малқозы, Аккозы, Қаракозы, Бозкозы, Қожакелді, Қошетер, Тайкелтір еді. Жанқозының баласы – Төлебай, Қосқұлақ, Қосак. Тоқалынан – Баян. Төлебайдың баласы: Жолан, Еламан, Едіге; тоқалынан: Елкелді, Малкелді.

Қаракесек

Қаракесектің балалары: Қояншы, Тағай, Алтеке, Сырым, Қарсын, Керней еді. «Қаз дауысты Қазыбек» – деген кісі осы Алтеке табынан.

Бәсентіін

Жоғарыдағы айтылған Қарасопының баласы: Барлыбай, Ұраналы, Бәсентіін. Мұнан таралған: Апай, Бөрі, Сабан, Ақтілес, Күшік. Қазанғап деген кісі осы Бөрі табынан еді, жақсы білгіш кісі болыпты.

Жәнібек хан

[Орта жүз: Ақжол – Қарақожа – Арғын – Мейрам – Сарысопы – Л.Ж.] Сарысопының баласы: Есен, Аман, Амандық. Амандықтың баласы – Саржетім Шақшақ еді. Жәнібек хан осы Саржетім – Шақшақ табынан еді. Әкесінің аты – Шақшақ еді. «Шақшақұлы Жәнібек» – дейтін сөз осы болар. [Бұлар] Бұхара тарапында, Амударияның бойында болады. Қожасопының [Орта жүз: Ақжол – Қарақожа – Арғын – Мейрам – Қожасопы – Л.Ж.] баласы – Атығай, Қарауыл, Олжакелді. Бұлар Көкшетауда болады.

Тобықты

Ақсопының [Ақжол – Қарақожа – Арғын – Мейрам – Ақсопы – Л.Ж.] баласы: Толыбай, Оразалы (Ұраналы), Қанжығалы, Тобықты еді. Тобықты баласы: Ырасәтбек, Дәулетбек. Ырасәтбектің баласы –

Мұсыбай (Мұсабай), мұның баласы – Сүйірбас. Мұның баласы – Сары, мұның баласы – Кішік, мұның баласы – Байымбет. Мұның баласы – Әнет, Әйткі еді. Олжай, мұның баласы – Айдос, мұның баласы – Ырғызбай, мұның баласы – Өскенбай, мұның баласы – Құнанбай. Құнанбай баласы Абай еді.

Қанжығалы

[Арғын-Ақсопы-Қанжығалы – Л.Ж.] Қанжығалының анық аты – «Ішпек» еді, лақап аты «Қанжығалы» еді. Бұл Ішпек бай кісі болыпты. Жұртқа қадірлі, білгіш кісі еді. Сол заманда Үргеніш шаһарының ханы Ішпекпен жақын болып, Ішпекті шақырып, қонақ қылып сыйлап, басындағы хандық жығасын беріпті. Сонан кейін бір кісіге ас беріп, Ішпекті шақырыпты. Ішпек басына бағанағы жығаны киіп келіпті. Сол жиындағы көрмеген адамдар қайран қалып: «Бұл қай жердің ханы?» – деп, бір-бірінен сұрапты. Білген адамдар: «Бұл хан емес, бұл Ішпек бай» – депті. Сонда отырған халықтар: «Хан болмай, ханның жығасын киіп жүрген мұның аты – Қанжығалы (Хан жығалы)» – депті. «Сол себептен «Қанжығалы» – атанды» – дейді.

Қанжығалы – Ішпектің баласы – Есен, Бозым еді. Есеннен жеті ру тарайды.

Есеннің баласы – Майлы, оның баласы: Барақ, Шабак, Ойым. [Ойымның] он баласы бар. Жетеуі Жиделібайсын, Иран жұртында, үшеуі мұнда. Ортаншысы – Толыбай, кішісі: Ораз, Нияз.

Барақтан: Лабаш, Пошқантай тарайды. Шабактың баласы: Елболды, Жаңаберді. Оның баласы – Кішкене, оның баласы: Нияз, Есіркеп еді.

Қоскелді [Қанжығалы – Қармыс – Есен – Қоскелді – Есен қызынан туған. Л.Ж.] – оның баласы – Ақбағыс, Түкиік, Байдәулет еді. Қылтышар – Толыбайдың баласы [Мәшһүр-Жүсіптің Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған өз жазбасына (1177-папка, 344 б.) иек артсақ, Қылтышар Толыбай баласы дегеннен де, Есен қызынан туып, Есен баласы саналғаны алға шығады. Мұның бәрі ел арасына түрліше таралғандықтан да деректердің түрліше болып келгенін аңғартады – Л.Ж.]. Қылтышар, оның баласы – Қойсары, Тұрсын. Тұрсын баласы: Тоқтауыл, Дәуік, Сүгірәлі, Жақсылық, Жолымбет. Ораздың баласы – Жолымбет, осымен жеті ұрық тамам болды.

Аққозы

[Қанжығалы – Ішпек – Қармыс – Бозым – Л.Ж.] Бозымның баласы – Қамбар [Алдында сөз болған Мәшһүр-Жүсіп жазбасында (1177-папка, 343 б.) Қамбар – Бозымның баласы емес, Ішпектің баласы. Бұл да ел аузынан жиналғандықтан, мәтіндер түрлішелігін көрсетеді – Л.Ж.], Жапар, Қармыс [бұл екеуі де жоғарыда сөз болғандай, Бозым баласы емес, Ішпек балалары – Л.Ж.] еді. Қамбар баласы – Аққозы еді. Жапардың баласы төртеу еді: Қаратума, Жиыс (Жисын), Шағалақ. Қаратуманың баласы: Байымбет, Сырымбет. Байымбеттің баласы – Әлібек, Қали. Әлібектің баласы – Базаркелді, Байымбет деген ел. Қалидың баласы: Қожым, Байбек деген ел. Сырымбеттің баласы – Боранбай деген ел.

Бөгенбай

Жиыстың [Қанжығалы – Ішпек – Жапар – Жиыс. Л.Ж.] баласы – Алдуын, оның баласы – Ақша, оның баласы – Бөгенбай. Мұның үш қатынынан он бір баласы бар. Бір қатынның баласы: Тұранәлі, Тұрымбет. Тұранәлінің баласы – Бапан, оның баласы – Саққұлақ, оның баласы: Нұралы, Олжабай. Қармыстың [Қанжығалы – Ішпек – Қармыс. Л.Ж.] баласы – Әжібай, Әжім. Әжімнің баласы – Қарабұжыр деген ел болады.

Әжібай

[Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Ақсопы – Қанжығалы – Ішпек – Бозым – Әжібай. Л.Ж.]. Әжібайдың баласы алтау еді: Мәшік, Жарыс, Мәмбет, Мәмбетқұл, Ақтамақ, Ақбура. Мәшік баласы – «Қара» деген ел. Жарыстың баласы: Құдайберді, Мәмбетқазы. Мұның баласы – Ораз, оның баласы – «Абыз Шомақ» – деген ел. Мәмбетқұлдың баласы: Құдияр, «Құрманқұл» – деген ел. Ақтамақ баласы – «Алмаш» – деген ел. Ақбураның баласы – «Тентек» – деген ел. Бұлар Кереку дуанына қарайды.

Құдайберді – мұның баласы төртеу: Қайқы, Малай, Төлеке, Досқана. «Ораз [Әжібай – Жарыс – Мәмбетқазы – Ораз – Л.Ж.] өлгеннен соң, қатынын Құдайберді [Әжібай – Жарыс – Құдайберді. Л.Ж.] алып, Досқана мен Төлеке сонан (Құдайбердіден) туды» – дейді. Киікбай – Қайқының [Әжібай – Жарыс – Құдайберді – Қайқы. Л.Ж.] баласы.

[Киікбайдан]: Атажан, Меднет, Бұзай. Бұзайдың баласы тоғыз еді: Жолқожа, Беркін, Тағыбар, Малай. Малайдың баласы: Сапақ, Қожакелді, Қармыс еді.

Доскана [Әжібай – Жарыс – Құдайберді – Доскана – Л.Ж.] – мұның баласы: Тілеуберді, Жарылғап. Тілеубердінің баласы: Жылқыбай, Қабанбай; тоқал қатынынан: Ақыл, Беласар. Жарылғаптың баласы: Атантай, Ботантай, Тайлақ. Тайлақ баласы – Сасық.

«Төлеке [Әжібай – Жарыс – Құдайберді – Төлеке – Л.Ж.] баласы: Анақ, Жанатай, Жанқошқар; және бір қатынның баласы: Шикөтен, Мұрат, Қоныс. Шикөтен баласы – Табылды» – дейді.

Апақ [Әжібай – Жарыс – Құдайберді – Төлеке – Апақ. Л.Ж.] баласы – Сұлтанкелді, оның баласы: Көсіп, Күсіп, Дадан, Садан, Күсеміс еді.

Жанқошқар [Әжібай – Жарыс – Құдайберді – Төлеке – Жанқошқар. Л.Ж.] баласы – Алтыбай, Күңаша (Қоңаша), Алтайбай. [Оның] баласы: Сырымбет, Болымбет. Қонаша (Күңаша) баласы: Мәмбет, Бағыс.

Жанатай [Әжібай – Жарыс – Құдайберді – Төлеке – Жанатай – Л.Ж.] баласы: Тайпақ, Малбақты, Баубек; бір қатынынан: Башби, Қошби, Жаңбыршы. Тайпақ баласы: Өтетілеу, Барқын. Барқын баласы: Қар, Зұлтай (Нұлтай), Сымбырбай. Малбақты баласы: Шуақбай, Қыпшақбай, Тоқан. Шуақбай баласы – Жанбазар. Оның баласы бесеу еді. Оның [баласы] – Көсмәмбет. Оның баласы – Шақатбек және Қасым. Шақатбек баласы: Қайыр, Дайыр, Үсен. (Тамам).

Тұрлыбек және Үкібай (екінші нұсқа)

Керей – Тұрлыбек 7 дуанның үстінен қарайтын советник болып тұрғанда, Баянның қаласына келіп, съез ашпақ себебі. Қаржас – Үкібай бидің бұрынғы Керейге істерінің кегін алмақшы болып, Үкібай үш шақырғанда, зорға келіпті. Сонда Тұрлыбек айтыпты:

– «Көп ел» – дейін десем, Арғын емессің, «Бай ел» дейін десем, Найман емессің, «Батыр ел» дейін десем, Уақ емессің, «Би ел» дейін десем, Керей емессің. Ат төбеліндей Қаржасты білмедім! – деп, – Үш шақырғанша келмейтін сен жерден шықтың ба, желден келдің бе? Бұл өнерді қайдан таптың? – депті.

Сонда Үкібай:

– «Көп ел» – деп, Арғынды айттың. Арғынның көз жеткісіз аймағы бар. Дұрыс. «Бай ел» – деп Найманды айттың. Бұрын қыдыр қонған байлар болды. Оның да дұрыс айтқаның. «Батыр ел» – деп, Уақты айттың. Ел қорғауға жарайтын Баян батыр мен Ер Көкше сияқты ұл туды. О да дұрыс. Алты болыс болмаған, алты ұлының басы қосылып, бір жерге қонбаған, атының жалы жоқ, жігітінің жаны жоқ, қайыңның суын ішіп күн көрген Керей еді. «Би ел» – деп, Керейді қатарға қосқаның батып кетті-ау маған! «Өзім болдым, өзім толдым» – десең, сенің өз басыңа кімнің дауы бар? Шақырып алғанда, айтқаның осы болса, келешекте келіншектің баласын кезесіз естерміз. Қолыңнан келгеніңді аяма! – деп, орнынан тұрып жүре беріпті.

Аттанып жатқанда, Күлік – Итқара би барып:

– Өке, тоқтаңыз, келіп жатқан қонақты ренжітпей аттандыра-
[йы]қ! – депті.

Сонда Үкібай дауысын көтеріп:

– «Сенің басың толған ми!» – десе[м], басың толған ірің екен!
«Қарының толған ақыл!» – десем, қарының толған боқ екен ғой!
«Керейдің жұдырықтай баласы келіп, жалпақ Жанқозыны қырып кетеді!» – дегенге кім нанады?! Істесе, маған істейді. Менің кегімді алатын бір ұл туады. Қоя бер аттың басын! – деп, тоқтамай жүріп кетіпті.

Мұнан кейін екеуінің арасына кісі жүріп, екеуін татуластырып, сол жолғы барлық билікті Үкібайға айтқызыпты. Сонда Тұрлыбек сұрапты:

– Өке, біздің елге сонша зорлық істедіңіз, рас па, өтірік жала ма? – депті.

Сонда Үкібай:

– Рас, – депті, – Соған Керейдің баласы өзі виноват. «Бізден Тұрлыбек деген ұл туады. Ол орысша оқып, жетіліп, түбінде біздің кегімізді сол алады» – деп, маған қай Керейдің баласы айтқан екен? Мен қолымнан келіп тұрғанда, істегенім рас. Енді мен сенің қолыңнан келіп тұрмын, сен де менен кегіңді ал! – депті.

Бұл сөзге Тұрлыбек жауап қайыра алмапты.

(Тамам болды).

Жақсыдан жаман тумайды

Мұны [«Жақсыдан жаман туғанмен, //Тартпай қоймас негізге» – дегенді. Л.Ж.] айтуына себеп – бұрынғы батырлар Жиреншенің баласын жамандап, әңгіме қылып жүреді екен.

[Хан айтыпты]:

– Жақсы, сендер мені жау қолына қалдырып кеткенде, жаман Жиреншенің баласы мені жау қолынан алып шықты – деген (сөз).

Дәулет би мен Мырза би әңгімесі

Орта жүздің Дәулет би деген биімен Ұлы жүздің Мырза би деген биінің кездескені.

Дәулет би туысқаны жоқ, баласы жоқ, өзі кедей екен, бірақ тілге бай екен. Ұлы жүздің Мырза биі – туысқандары көп, өзі бай адамдар екен. Дәулет би іздеп барып таныспақшы болып, іздеп шығыпты. Жолшыбай: «Кімсің?» – деп сұраған адамдарға жөнін айтып отырыпты. Мұны Ұлы жүздің адамдары естісімен, Мырза биге барып: «Орта жүздің Дәулет деген биі сенімен танысам деп, әдейі іздеп келеді. Баласы жоқ, туысқаны жоқ, малға кедей адам болу керек. Сөзіңнен ұтылып қалып жүрме!» – деп, осылай хабарлапты.

Келген қонақты қарсы алып, екі-үш [күн] күтіп, өз елінің бастас тәуір адамдарын да шақырып, мәжілістесіні отырғанда, Мырза би айтыпты:

– Көмегі жоқ кісідей көтеріле [неге] сөйлейсің? Жалғыз (жаңғыз) жүрген кісідей жабырқап неге сөйлейсің? Құлағы жоқ, шұнақ мырзам, Құйрығы жоқ, шолақ мырзам! – депті.

Сонда Дәулет би айтыпты:

– Жалғызды сөксең, Құдайды сөк.

Жарлыны сөксең, пайғамбарды сөк!

Құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын!

Құйрығым шолақ болса, тұлпар шығармын!

«Ит сегіз табады,

Шошқа тоғыз табады!» – деп еді.

Әкең туды тоғыз боп,

Өзің тудың сегіз боп,

Құдайдың маған берейін десе, баласы жоқ па?

Саған жіберейін десе, пәлесі жоқ па?!

«Мақтанған – сөгіледі,

Тасыған төгіледі!» – деген екен, мырзам! – депті.

Сонда Мырза би:

– Сізді маған түсіндірген адам бұл сияқты кісі деген жоқ еді.

Қателік – бізден болса, ғапу сізден болсын! Ат-шапан айыппен келдім, – деп келіп, қолын ұсынған екен. (Тамам).

Абылай аспаған сары бел

(жетінші нұсқа)

Қаракесек – Бекболат бидің заманында Тіленші биге ас беріпті: «Асты Абылай басқарсын!» – депті. Абылайды хабарлап, Абылай өзге халықтан бір жұма бұрын келіп, астың өткізетін тәртібіп айтып жатыпты. Кешке таман төленгіттерімен аяндап, сейілге шығып келе жатқанда, артынан ауылдың жастар[ы] да бірге аяндап келе жатып, сор (сұр) таңдайлы Балапан деген жігіт:

– Осы ханның басындағы бөркін қағып түсірсе, бізге қандай қаһар жасар еді? – деген екен.

Сонда бір жігіт:

– Оны кейінгі сұраққа қойғанша, қағып жіберіп, істегенін бір-ақ көрсек, болмай ма?! – деп, ханның басындағы бөркін қағып жіберіпті.

Төленгіттің біреуі алып кигізген екен, кимепті. Ешкімге еш нәрсе айтпай-ақ, асты тыныш тарқатып, қайтып кетіпті.

Сол уақытта Қаракесек, Сүйіндіктің базары Атбасар-Көкшетау болады екен. Екі елден керуенбасы сайлап, Көкшетауға базарға барыпты. Әр керуенбасының қарамағында жүзден адам болады екен. Себебі – жаугершіліктің заманы – аз ғана адам болса, жау тонап кетеді екен. Қаракесектен Ботақан деген кісі, Сүйіндіктен – Орманшы – Жанай деген кісі керуенбасы болып, базарға барыпты. Көкшетаудың базарында жүргенде, Абылайға хабар тийпті: «Қаракесек, Сүйіндіктің базаршылары келді. Абылай – жұмсайтын милиция сияқты адамдарын жіберіп, екі керуенбасын алғызып, екеуін екі босағаға ит құсатып шынжырмен байлап, итке ас беретін итаяқпен ас беріпті.

Ботақан қорлыққа шыдамай, өліп кетіпті. Жанай қоренді (қорынды) кісі екен, бергеніп ішіп-жеп, жата беріпті.

Қалған керуен күз түскен соң, елге [ке]ліп: «Екі керуенбасын ұстап алып қалды» – деп айтып келіпті. Бұлар сөйлесіп: «Былтырғы бөріктің кегі ғой! Қыс түсіп қалды, ашуын басқан соң, қоя беретін шығар!» – деп, жата беріпті.

Жазғытұрым Бекболатқа хабар тиіпті: «Ботақан өлді, Жанай әлі қорлықта дейді. Осыған шыдап, жата береміз бе? Болмаса, біз тіршілік жасаймыз ба?» – деп, Едіге биге кісі жіберіпті.

Едіге жіберген адамына былай деп хабар айтыпты:

– Қаракесектің атқа мінетін адамынан жан қалдырмай, аттансын! Сүйіндіктің барлық адамын жинайын. Айдың пәлен күні, пәлен жерден табылайық! – депті.

Айтылған күні айтқан жерден та[б]ысқанда, екі елден жиналған адам үш мың кісі болыпты. Сонда Күлік – Шобалай бидің қартайған кезі екен. Өзі баруға жарамаған соң, Жаңабатыр деген баласын қосыпты:

– «Ханын талаймын!» – деп, қалмақ оңбай кеткен. Егер ханды таласа, қазақ та оңбайды. Екі жағы келіспесе, арашашы бол! – деп қосыпты.

Сонда үш мың кісі шеру тартып, Көкшетауға сапарға шығыпты. Бұл хабар Абылайға жетіпті. Абылай халқын жинап алып:

– Бұл жерден ілгері бір көш көшейік. Кигіз үйді жықпаңдар, қара қазанды артпаңдар. Сиыр малын айдамай, түгел тастап кетіңдер! Бақташы іздемейді, кешке өзінің орынына келеді, – депті.

Едіге: «Қызынды – қатын, қатыныңды жетім етпесем бе?!» – деген сертпенен аттанды. Бекболат: «Шаңырағынды ортасына түсіріп, керегенді үш көгіне дейін кертпесем бе?!» – деген сертпен аттанды. «Сиырды әскер тамақ қылсын, үйді қиратып, қазанды сындырып, серттерін орындамаса, бұлар икемге келмейді» – деп, әлгі айтқанының бәрін тастап, өздері алға қарай бір көш көшіп кетіпті.

Әскер көшкен елдің жұртына келіп, [Абылай] айтқандай – сиырды сойып тамақ қылып, бірнеше күн тынығып, кетерде үйдің шаңырағын ортасына түсіріп, қара қазанды сындырып, көшкен елдің соңынан қуа жүріпті. [Барып отырған] елдің жанындағы бір белдің басына шығып отырып:

– Кәнеки, Абылайға біздің сәлемімізді алып, кім барады? – депті екі би.

Сонда Керей – Жәнібек батыр:

– Мен барамын! – деп, орнынан түрегеліпті.

– Сен барсаң, біздің айтқанымызды істеп бар: Абылайдың ордасына шауып барып түс! Сәлем берме, оң қолыңа – камшынды екі бүктеп тұрып: «Қаракесек, Сүйіндіктен үш мың кісі – қол келді. «Қапы қалдым! – демесін, соғысатын уақытын айтсын!» – деп, саған Едіге мен Бекболат жіберді. «Уақытыңды айт!» – де. Сонда не дер екен? Сол сөзін бізге алып кел! – деп, жіберіпті.

Аттана шауып, Абылайдың ордасына кіріп келіп, сәлем бермей, камшысын екі бүктеп ұстап:

– Қаракесек, Сүйіндіктен Едіге мен Бекболат бастаған үш мың кісі – қол келді. «Ботақанның құнын берсін!» – дейді. – «Жанайды босатсын!» – дейді. «Мына келген үш мың кісінің жол расхотын төлесін!» – дейді. «Ботақанның құны менен жол расхотынан басқа пәлен «жетім» төлесін!» – дейді. Егер бұған көнбесе, соғысатын уақытын айтсын!» – дейді. Бұған не айтушы едің?! – депті. – «Маған тез кел!» – деген, кешіксем, ұрсады, – депті.

Сонда Абылай:

– Олжабай батыр бар ма? – депті.

– Бар, – депті.

– Ертең түске өзім барып жолығайын. Оған шейін тынығып жата берсін! – депті.

Осы сөзді алып, қайтып келіп, барғанда айтқан сөзін бұларға айтып келіпті.

Сонда Олжабай:

– Мені сұрады ма? – депті.

– Сұрады, «Бар!» – деп айттым, – дегенде, Олжабай айтыпты:

– Менін барымды білсе, бәлем, сарт ертең түске жете алар ма екен?! Қалмақтың бір соғысында қамалды бұзып кіре алмай тұр екен, қолындағы наркескенді жұлып алып, босағаны шапқылап төсіме салып, суырып алып көкке атқанда, көзім түсіп еді. Абылай күреңшенің үстінде менің қайратымнан қорыққаннан дірілдеп тұр екен. Енді ертең түске жетпей келеді, – депті.

Айтқанындай, ертең түске жетпей-ақ, бір-ақ кісі жолдас алып, келе жатыр екен. Сонда екі би ақылдасып:

– Бұл хан басымен бізге келе жатыр. Біз бұрынғы қараш[а] калпымызбен жаяу алдынан шығайық. Келіссек-келістік, келіспесек, керісіп кету қанша қиын? – деп, бұлар алдынан жаяу қарсы шығыпты.

Бұларды көріп, Абылай да аттан түсіп, қарсы келе жатқанда, Қозған – «Бекше мерген» – деген кісі:

– Осы сарттың алдына келіп отырғанша, қой боғындай қорғасынмен жоқ кып жіберейін! – деп, мылтығын тігіп жатқанда, Жаңабатыр келіп:

– Мерген, тоқтаңыз, өздері келіседі, – деп, мылтығын ұстап, тоқтатыпты.

Соның бәрін Абылай көріп келе жатыпты. Бірімен-бірі кездесіп, амандаса бергенде, Көтеш он төрт жаста екен, жүгіріп барып былай депті:

– Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Жазықсыз қайран жасты неге өлтірдің?!
Хан басыңмен қарашанды талаймын деп,
Үстіне ауылыңның қол келтірдің.
Абылай, күйіп кетсін салған қалаң,
Мейрамға бекер ме еді жапқан жалаң?!
Ботақанның құнын беріп, Жанайды босатпасаң,
Жетім-жесір болады қатын-балаң!

Сонда Абылай:

– Япырмай, мына бала кім еді? – депті.

– Бұл Көтеш деген бала, – депті.

– Болайын [деп] тұр екен, бауашары менен болсын! Осы баланың жолына бір «тоғыз» байладым. Мені «Атып тастаймын!» – деп, мылтығын тіккен бұл кім? – деген екен.

– Бекше мерген, – депті.

– Япырмай, «Өкпеге қиса да, өлімге қимайды!» – деуші еді. Мылтығының аузы қырсықпасын, Бекшенің мылтығының аузына бір «тоғыз» байладым! – депті.

– Оның мылтығын ұстап, тоқтатқан кім? – депті.

– Жаңабатыр, – дегенде,

– Шобалай адам сайлаған би емес қой, Құдай сайлаған би ғой! «Екі жағы келіспесе, сен арашашы бол!» – деп, қосқан ғой! Мұнан былай ас пен тойда Шобалайға қос табақ тартылатын болсын! Қаракесек, Сүйіндіктің – қаралы үйдің туын жығуды Жаңабатырға байладым. Олжабай «жолды» еді, Олжабайдың жолына бір «тоғыз» байладым. Едіге мен Бекболат, екеуіңе «Абылай аспаған сары бел!» – деген атақ бердім! Кешегі жіберген кісіден айтқандарыңды түгелімен қабылдадым. Енді өздерің ордаға жүріп, қонақ болыңдар! – депті.

Сонда Бекболат:

– Жарайды, барамыз, – депті.

Едіге:

– Бармаймыз. Бізді қонақ қылғың келсе, орданы осы араға әкеліп тік! Біз аз ғана жүріп келгеніміз жоқ, жетеді! – депті.

Орданы «осы» араға әкеліп, [сол] (осы) арадан жөнелтіпті.

Сонда Бекболатқа Едіге айтыпты:

– «Барамын!» – деп, неге айттың? Біз Абылайдың соңынан еріп барсақ, жеңілгеніміз. Егер орданы осы араға алдырғанымыз – жеңгеніміз емес пе? – депті.

Сонда Бекболат.

– Бұл жері – менің ойыма келмеді, – депті.

(Тамам).

Олжабай өмірінің ақырғы кезі

Олжабай елінен қашып, Омбының қаласына түнде келіп, қонатын үй іздеп келе жатса, бір үйден от шығып тұр екен. Көшіріне:

– Осы үй қазақ үйіне ұқсайды. Сен түсіп рұқсат сұра! – деп, үйге жіберіпті.

Жолдасы үйге келіп, есік жақтағы әйелге жолығып айтқан екен. Әйел:

– Үйде қонақ бар, басқа жерге қоныңдар, – депті.

Әйелдің сөзін Олжабайға айтқан екен.

– Үйде қонақ болса, өзім барайын, – деп, өзі үйге кіріп, әйелге тоқтамай, төр үйге сәлем беріп кіріп келіпті. Үйде Омбының барлық милиция, сот, прокурор[ы] – сол үйде қонақта екен. Бетіне қарап:

– Жаным, кімсің? – депті.

Сонда айтқан Олжабай сөзі:

– Ағаштың түбі – біреу, бұтақ басқа,
Ұқсайды Адам ата сол ағашқа.
Жөнімді сен сұрасаң, мен айтайын,
Жапардан тараламыз төрт арысқа.

Жапардан туады екен менің атам,
Әлдеуіл батыр екен одан туған.
Туыпты Әлдеуілден Ақша батыр,
О-дағы атасының жолын қуған.

Ақшадан туады екен ер Бөгенбай,
Ел қамын Едігедей жер Бөгенбай.
Қалмақты қысқа күнде қырық ншауып,
Үш жүзге олжа салған ер Бөгенбай!

Бөгеннің, Тұраналы, бел баласы,
Би Бапан одан туған ел данасы.
Бапанынан Саққұлақ атам туған,
Қазақтың атын білмес қай баласы?!

Саққұлақтан Нұралы әкем туды,
О дағы атасының жолын қуды.
Тіреліп ақырғы өмір Олжабайға,
Заһардай, ашы тұрмыс, болып улы.

Атандым: «Бақты Олжабай, сулы Олжабай!»
Бұрын бүркіт болсам да, бүгін торғай!
Бүгінде паналауға бұта керек,
Атағым болса-дағы Көкшетаудай!

Сонда отырған адамдар біріне-бірі қарап, ортасынан орын беріп,
әлгі үйдің иесін шақырып алып:

– Мына кісілердің атын доғартып, қораға [кір]гіздірт! – депті.

Түніменен отырып, әңгімелесіп, кетерде:

– Сізді біз «көрдік» – демейік, сіз бізді «кордім» – деменіз, – деп,
қош айтысыпты.

Жакып қажы тілегі

Алтай – «Жакып қажы» – деген кісі:

– Құдайдан сегіз тілек тілеймін: төртеуін «Бер!» – деп тілеймін, төртеуін «Берме!» – деп тілеймін! – депті.

«Бер!» – деп тілейтін төрт тілегі:

– Әуелі Алладан: «Саулық бер!» – деп тілеймін.

Екінші – «Халық ішінде айтқаным қабыл болғандай аузыма әлхам бер!» – деп тілеймін.

Үшінші – «Өз сөзіме өзімді патиқа сүре бейітін ойлап сөйлегендей ақыл бер!» – деймін.

Төртінші – «Екі дүниеме бірдей себепкер болғандай әйел бер!» – деймін.

«Берме!» – дейтін төрт тілегі төменгі:

«Бірінші, өзін зор тұтып, ата мен ананы қор тұтып тұратын бала берме!» – деймін.

«Екінші, басқан ізінді аңдып, пәле салып отыратын туысқан (тусаған) көрші берме!» – деймін.

«Үшінші, мехнаты көп, рақаты жоқ дәулет берме!» – деймін.

«Төртінші, өзі білмейтін, айтқанға көнбейтін әйел берме!» – деймін, – депті.

Қазыбектің Балаби жұмбағын шешуі (екінші нұсқа)

Ұлы жүздің Төле биі, Орта жүздің Қазыбегі, Кіші жүздің-Алшын-Қара биі бір жиында бас қосып, тарарда Төле би айтыпты:

– Мынау Кіші жүзде Балаби деген бір ағамыз – жасы тоқсанға келді. Басымыз қосылып тұрғанда, сол кісінің халін біліп, сәлем берсек, қайтеді?! – депті.

Бұлар да мақұл көріп, 15-20 адам болып Балабидің үйіне келіпті. Бидің жасы тоқсанның ішінде екен. Қартайғанмен, байлық бар, абыройы толық. Бұларды қарсы алып, 3-4 күн жатқызып күтіпті. Енді қайтарда Төле би рұқсат (ұлықсат) сұрапты:

– Аға, сіздің халіңізді білгелі келіп едік. Кәрілік болмаса, денсаулығыңыз жақсы екен. Енді бізге рұқсат беріңіз, қайтайық, – депті.

Балаби:

– Рұқсат, шырақтарым, – депті.

Сонда Төле би:

– Енді бізге: «Кешегі ағамыз айтып кетіп еді» – деп, айтып жү[r]гендей, бір-екі ауыз үлгілі сөз айтыңыз, – депті.

Сонда Балаби былай депті:

– Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, – депті де, отырыпты.

Ақылы аздары:

– Алжып отыр, бізді: «Онға шейін сан білмейді» – деп отыр ма? – десіпті.

Аз кідіріп, Қазыбек:

– Аға, саныңызды шешуге рұқсат етіңіз, – депті.

– Рұқсат, қарағым, – депті.

Сонда Қазыбек былай деп шешіпті:

– «Біреу» – деген саныңыз –

Бірлігі кеткен ел жаман.

«Екеу» – деген саныңыз –

Егесіп өскен ер жаман.

«Үшеу» – деген саныңыз –

Үш балақты шідерге көнбеген

[Қашаған ат жаман].

«Төртеу» – деген саныңыз –

Төсегінен безген жас жаман.

«Бесеу» – деген саныңыз –

Белсене тиген жау жаман.

«Алтау» – деген саныңыз –

Аскынып кеткен дерт жаман.

«Жетеу» – деген саныңыз –

Желекті найза астында ері өліп,

Жесір қалған жар жаман.

«Сегіз» – деген саныңыз –

Серпілмеген қайғы жаман.

«Тоғыз» – деген саныңыз –
Торкалы той, топырақты өлімге
Қатыспаған дос жаман.
«Он» – деген саныңыз –
«Ем қонбайтын, дауа табылмайтын кәрілік» – деген бір
пәле бар:
Орнынан тұра алмай, отырып қалса,
Бәрінен де сол жаман! – депті.
Сонда Балаби:
– Айналайын, өзіңнен,
Тапқыр, алғыр сөзіңнен!
Кейін тұрып қалдың-ау
Шіркін-ай, керекті болған кезіңнен! – депті
(Тамам).

Қожабергеннің Едігеге айтқаны

Орта жүз Ашамайлы Керейдің-Көшебе руының Маузар табынан шыққан Толыбай сынықшының ұлы Қожаберген 1663 жылы туған, 1762 жылы өлген. Бір ғасыр жасаған. Әрі батыр, әрі қолбасшы, әрі ақын болған қарт кісіге Орта жүз – Сүйіндік – Едіге шешен Төлебайұлы өзінің бес жасар ұлы Ақдәулетті ертіп келіп, сәлем береді. Бұл Қожаберген қарт Сүйіндікке жиен болады екен. Төменгі сөз амандықтан кейінгі қарттың Едігеге айтқаны:

– Уағалайкумөссалам, нағашы би,
Кетіп тұр қарт жиеннен бұл күнде күй.
Қартайған мен байғұсты сөге көрме,
Лайықты, көре алмасаң, құрмет пен сый.

Аман ба ескі жұртың, жас нағашы,
Есен болар Сүйіндіктің кәрі-жасы?!
Жас жетіп, ақ ордада мен жатырмын,
Өмірдің өтін қызық тамашасы.

Айырылып он төрт ұл мен жалғыз қыздан,
Жүрміз ғой жер жүзінде шарасыздан!

Тенелген өлі аруакқа жағдайым бар,
Жатырмын, ажал жетпей, амалсыздан.

Ғасыр жас, жақындадық, ептеп басып,
Кәрілік меңдеткен соң, қалдық жасып.
Ту ұстап, тұлпар міпген сардар едім,
Ол дәурен мені тастап кетті қашып.

Жас кезде жырау едім өлеңге ұста,
Тараттым сахараға, жырлап нұсқа.
Бұл күнде еш нәрсеге керегім жоқ,
Бір кезде тең болсам да қыран құсқа.

Атадан мың тусаң да, бір жалғыздық,
Сұм ажал торын жаяр кәрі-жасқа.
Адам атадан пендеге өлім мирас,
Жағдайы әр пенденің басқа-басқа.

«Ер еді, – деп, – артық туған!» – соны айтамыз,
Майданда қайрылысса жан жолдасқа.
Бұл күнде тұлпар аттан тобыршық озды,
Теңелген жер қыртысы гауһар тасқа.

Жас кезде жігіт болдық бұлғақтаған,
Үкілеп, тұлпар мініп, былғақтаған.
Жылқының суға айдаған тозаңындай,
Ол дәурен, болмай кетті, тұрақтаған.

Қорқамыз ерттеулі атқа мінуге де,
Сескенем – шаппақ түгіл, желуге де.
Бір кезде сауыт киген Қожаберген
Жарамас енді аяңдап жүруге де.

Токсанның сегізіне келіп жасым,
Қор болды кәрілік жеңіп, ғазиз басым.
Тірі болса, қасымда отырмас па ед –
Ғайшадай таңдап алған жан жолдасым?!

Жасымда топты жардым, елден бұрын,
Майданға бастап шығып қазақ ұлын.

Сыпырған томағасын кыран құстай,
Самғаушы ем әр қияға кешкіқұрым.

Болсам да жұрт ағасы дер күнімде,
Хал кетіп, жан жүдеді осы күнде.
Тоқсанның сегізіне келген шақта,
Ынтық болдым орта жас – бір «елуге».

Есімнен ұмытылды өнер-білім,
Қарлықты, қартайған соң, асқақ үнім.
Көзімнен осы күнде бір-бір ұшты
Қол бастап, сауыт киген қайран күнім!

Айбынды жігіт боп ем бойдақ шыған,
Ботадай от басатын ойнақшыған.
Тап қазір жасым жетіп, тәнім тозды,
Дәл менде не бар дейсің, ой бықсыған?!

Кенжесі ем Толыбай сыншы-Қожаберген,
Толуға жас таянды екі «елуге».
Өзімнің қатар құрбым біткеннен соң,
Зар болдым қарт кісіні бір көруге.

Әйтеуір бар бір өлім,
Тағдырдың ісі айнымас.
Өтінсең де жалынып,
Жастық дәурен қайрылмас!

Кәрілік күшімді алып, жаман батты,
Өуелден сөздерім бар, тілім тәтті.
Жайнаған жастық шағым қайта оралмай,
Қиналт[т]ты, ой түсіріп, біздей қартты.

Ежелден жырау едім жырым дайын,
Қыздардың, таңдап сүйген, күн мен айын.
Бұл күнде кәрілік жетіп, тұсау салды,
Қажыдым, әл азайып, күн-түн сайын.

Қарт келді, енді бізден, күш кемуге,
Жақынбыз кең қазылған көрге енуге.

Өзімнің туып өскен ауылымда,
Үй азайып қалыпты кіруге де.

Дүние – бір соқпақ жол бұрандаған,
Бақ тайса, басқа дәулет құралмаған.
«Қайтсе де сұм дүниені жинайын!» – деп,
Шонжар мен кедей мойнын бұра алмаған.

Дүние – бір сұлу қыз сыландаған,
Көрген жан ғашық болып құмарланған.
Секілді қолдың кірі жуса, кетер,
Ешкімге жолдас болып тұра алмаған.

Дүние-қызыл түлкі бұлаңдаған,
Аңшылар ауламақ боп, құмарланған.
Секілді жаздың күні, сұлу сағым,
Көрініп, көз алдыңда, қылаңдаған.

Болсаң да қанша ақын, қанша батыр:
«Дүние өтпейді!» – деп, болма ғапіл.
Осы күн – хан-сұлтан мен бектің күні,
Кедей мен жалшы адамда болмайды ақыл.

Қазаққа ақын болып шыққан атым,
Атандым бала кезден жырау ақын.
Нағашы, бұл тіршілік қош айтысар,
Жастарға үйрете бер ата салтын.

Нағашы, хал сұрайсың, сөзбен тартып,
Бір сөзім – бір сөзімнен түседі артық.
Үлкенді сыйлай білген ата үлгісін
Мен саған жеткізе алман жайымды айтып.

Қожабергеннің Шоңға берген батасы

Әрқашан құрметтей біл қазақ ұлын,
Бақ-дәулет, арта берсін мал мен төлің!
Хан, сұлтан, төрелерге билік берме,
Даулы істе жолың болсын, буыршыным!

Өрлей түс, қыран құстай, көкте қалқып,
Үш жүзді соңыңнан ерт, түгел қамтып.
Дұшпанға тіршілікте басыңды име,
Жайнай бер жанып тұрған оттай шалқып.

Бір ауыз сөзбенен шеш ердің құнын,
Нұсқаға ал, төре берсен, сөздің шынын.
Сыйлай біл, әділдікпен сөз таба біл,
Ақыл ғой, зиян емес, менің мұным.

Болғанда сөйлеу – арзан, ұғу – қымбат,
Айтқанды еске сақтап, дұрыс тындап.
Пайдалы сіздер үшін кеңес болсын,
Көрейін, өсиет сөз, аздап жырлап.

Өзің айтсаң, аз сөйлеп, көп ұғып қал,
Ақыл сөз қасиетті кетпес ұрлап.
Атқарған істеріңе ұқыпты бол,
Сапасы артық болсын, меңгер шындап.

Сөйлеме, көсем болсаң, сөзді бұлдап,
Сөйлей біл жақсы сөздің сыртын сырлап.
Сырты-сыр, ішкі мағына терең болса,
Тыңдайды ондай сөзді халқың құндап.

Жасыңда бола көрме әуре-сарсаң,
Көнгіш[ш]іл, кекшіл болма, тілімді алсаң.
Бауырыңа ағайынды тарта білсең,
Ашылар өзіңе жол, қайда барсаң.

Қыдыр дарып, бақ қонсын енді саған,
Мерейің үстем болып, артсын бағаң.
Өзіңнің қатарыңның алды болсын,
Қасыңда ертіп жүрген осы балаң!

Тірі болсын, билердің зоры болсын,
Хан, сұлтан, төрелердің соры болсын!
Бітіміне істері ылғи сай боп,
Енді аты «Ақдәулет» болмай, ер Шоң болсын!

«Тіл-аузым таңдаңбаймын, – деймін, – тасқа!»
Тұлғасы бұл ұлыңның елден басқа.
Еліңе билік айтып, қорған болып,
Келгенше ғұмырлы боп ұзақ жасқа!

Тірілікте қанағатты, болсын қонды,
Сабырлы мінезімен болсын оңды.
Едіге шырақ, барады заман озып,
Бұл балаң әділ бидің болар соңы.

Қартайдым, енді ақыл таба алмаймын,
Арыған тұлпар аттай шаба алмаймын,
Айрылған қатарынан, мен бір – кәріп,
Көршіге, шақырмаса, бара алмаймын.
Дәретке, уа[қы]тымен шыға қалсам,
Есікті, қайта айналып, таба алмаймын.

Көзіме бұлдырайды ой менен қыр,
Менен не өнед дейсің, айтқанмен жыр?!
Кәрілік аяқ-қол мен көзден алып,
Жаналғыш әзірейіл маңайда жүр.

Ордада болмаса адам, алаңдаймын,
Таяқсыз орынымнан тұра алмаймын.
Арнап сәлем бергеніңе көп рахмет,
Шынында атаң түгіл, бабаңдаймын.

Кәрілік әбден жеңді, күшімді алып,
Сақал, мұрт, шаш ағарды, қырау шалып.
Қартайған арыстандай мен жатырмын,
Немере, шөбереге күнім қалып.

Жүз жастың қажеті жоқ, айтсам анық,
Жақсы емес алжып жатсаң, естен танып.
Дауа жоқ кәрілікке, амал нешік,
Сондықтан әуре болма, босқа налып.

Жылқыда ұстатпайды құла ат маған,
Сөзімді жастар менің, ұнатпаған.

Жүзінде, ойлап тұрсам, бұл панидің
Пенде жоқ тірі қалып тұрақтаған.

Жылқыда ұстатпайды бурыл маған,
Аузымда тіс қалмады суырылмаған.
Ханда – мейірім, билерде әділдік жоқ,
Заманның несі қалды қуырылмаған?!

«Қартайған Қожаберген айтты – дерсің, –
Сәлем бере барғанда, базына ғып».
«Төрінде кәрі тарлан жатты, – дерсің, –
Өткенді ертегі, жыр, қазына ғып».

Молдалар туралы (екінші нұсқа)

Молдаларға не ғамал – жұрттан мал таппақ,
Алланың мүлкіне, жұмақтың кілтіне ие болмақ?!
«Құдайға садақа беріңдер!» – деп,
Аңқау елді алдап, ақымақ қылмақ.

Сиқырын он қашырға шайтан артқан,
Түгелімен соның бәрін кожа – молдаға сатқан.
Кедейді қанап, аңқауды алдап, Құранның сөзін сатып,
Шайтанның айласымен пайда тапқан.

Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген,
Мен кімді кінәлайын текке неден?!
Кісі тап та, айт маған, жаным құрбан,
Анық көңіл, шын пейілмен: «Құдай!» – деген.

Бағызы-бағызы шариғат бар,
Тек шатақ үшін жаралған.
Алуан-алуан молда бар,
Тек алу үшін жаралған.
Олар «Ал!» дегенді – өлтіреді,
«Бер» дегенді – қалдырады.

Сұрауменен сұрамшақ күн кореді,
Ұрлықпенен сұғанақ күн көреді.
Үзіп-жұлып молдалар күн көрмесе,
Бұл пақырларың аштан өледі.

Таудың түгі таусылып, тасы қалды,
Дос азайып, өңшең жау, қасы қалды,
Құранда «Минәл жәннәт уәл әннәс» қалды.
Ағузыны қиғаштап, аузын созып молда,
Бұл күнде «Я әю әннәс» қалды.

Мың ғылымнан «Ғайн мим ләм» артық
Оқиды атақ үшін нақу маншық.
Айрылып қой-қозыдан қалайық па,
Шариғат жолын жұртқа тузу айтып?!

Мәшһүрді бар екен деп есіне алсын,
Аяғын аңдамаған қына салсын.
Жасымда қожа кесіп сүндеттеген,
Жақтырмаса, қалғанын кесіп алсын!

Ақыр заман адамы «Көп білем!» – деп, дана болар,
Надандығы халыққа мәлім болар.
Шариғат пен Хадисте жұмысы жоқ,
Құранды қате оқып, күнә болар.
Оқымаған ғұламалар таусылған соң,
Ақыры сол наданды молда қылар.

Дүние үшін оқу оқып, болған молда,
Болғанда баста – сәлде, кітап – қолда.
Білгені өз басына пайда етпесе,
Масқара ел алдында болар сонда.

Бұлар сол оқу оқып, ұқпай қалған.
Шын болмай айтқан сөзі, болып жалған.
Жұртқа айтып шариғатты, өзі тұтпай,
Қазақтың қой мен тайын алдап алған.

Шариғат кітап сөзі қалды тозып,
Бел асты шылғи өтірік шыннан озып.
Дүние үшін молдалардың пейілі азып,
Бұлар жүр быт-шыт қылып дінді бұзып.

Осылай жүріп жатыр дін сарсаңда,
Көбейіп қожа-молда бұл қарсаңда.
Жалғанда кісі ақысынан құтылмайсың,
Қажыға жылу жинап, жүз барсаң да.
Айналайын, шариғат,
Атың бар да, затың жоқ.
Айтушы бір өзгертіп,
Жазушы екі өзгертіп,
Өртеп жіберетін кітабың көп.

«Жаназа шықтым», – деп, бір алып,
«Құран шықтым», – деп, екі алып,
«Кәріп, қабір садақасы» – деп,
Суық қолды сұм және алып.

Алашақ, асып өлтіретін молдаң көп,
«Дүмше молда» – дегенге – дүмше молда,
Оқитын Құран сөзін күнде молда.
Құран сөзін сүйтіп отырып ақша қылған, –
Ішінде сол тамұқтың [жатар молда].

«Тамұқтың түбі терең, не еткен?!» – деймін,
«Ішіне бір тас түсіп кеткен» – деймін.
«Түбінің тереңдігін сонан байқа,
Екі жүз елу жылда жеткен!» – деймін.

Ішінде сол тамұқтың құдығы бар,
Әр адамға салатын құрығы бар.
Күнінде қияметтің зар жылайтын,
Онда қылған арамзаның қылығы бар.

Ішінде сол құдықтың сандығы бар,
Имандыға айтылған ұраны бар.

«Иманды адам тозаққа жанбас» – деген,
Алланың айтып кеткен жарлығы бар.

Ішінде сол сандықтың жыланы бар,
Имансызға айтылған ұраны бар.
Алдымен сол тозаққа молда күйер,
Қанайтын кедейлерді, пиғылы тар.
Халыққа шарифатын дұрыс айтпай,
Қолында «Калима Алла» құраны бар.

Дін қайда, осы күнде білім қайда,
Тұрған жоқ анық көңіл бір құдайда.
«Лақ-тоқты алайын, – деп жүрген жаннан –
Ойлайсың – тиеді, – деп, – кімге пайда?!»

Дүниеден қалған жан жоқ аяп күшін,
Қайраумен шықыр-шықыр отыз тісін.
Айт тауып, жастанайын босағасын
Молданы бала оқытқан құдай үшін!

Дүние үшін жанның бәрін қайғы жеген,
Ешкімді күйдірейін текке неден.
Кісі тап та, айт маған, басым құрбан –
Анық көңіл, шын пейілмен: «Құдай!» – деген.

Қиямет күні бес халықты тозаққа жібереді:

1. Шарифатты жамағат халыққа айтпаса!
2. Азанды естіп, жамағатқа бармаса!
3. Намазды оқып болмай, асығып шықса!
4. Күші келіп, қажыға бармаса!
5. Үйге келген кісіге бермей, дәмді, ауқатты алып қойса!

Алланың парызын, Мұхамметтің сүннетін өзгертіп, орындамаушылар – «Мүрдәрлер»: діннен шыққан мұналық, сырты мұсылман.

Қайырдың пайдасы

Құдайым пендесіне берген малды,
Жаратқан әртүрлі ғып жүрген жанды.
Гибадат қанша қылған құлшылықтан
Кәріпке берген артық жалғыз нанды.

Бұл қайыр бергеннен соң қолдан шығып,
Құдайдың қазынасына барар кіріп.
Бір қылған құдай үшін жақсылықтың
Сауабын жеткізе алмас ешкім (айтып) [білін].

Бір теңге берген қайыр құдай үшін,
Сөзін жылы, шырайлы ғып оған жүзін.
Құдайым періштеге айтады екен:
– Көрдің ғой қылған қайыр менің үшін!

Беріп тұр мені ойға алып, малын қиып,
Шайтанның тілін алмай, нәпсі тыйып.
«Берем» – деп, бір теңгеге сатып алды,
Иманның жеті шартын бірдей жиып.

Беріп тұр сенген үшін «Бір» – лігіме,
Таянып менің патша теңдігіме!
Шайтанның: «Берме!» – деген тілін алмай,
Көрдің ғой қылған қайыр ерлігіне!

Жарайды, міне, пенде, пәлі, ерім,
Жарылқар, ілгергі күн, оңдар жерім!
Өзімнің артық пендем екеніне
Мінекей, мен құдайлық бастым мөрін!

Бұл пендем жақсылықтан ойлаған ой,
Сол көрер көп ішінде айт пенен той.
Қойған соң мен мөрімді не қыласың,
Періште, сендер-дағы қолыңды қой!

Екінші – періштелер танып – біліп,
Өлген соң, тірілуді анық біліп.

Жұмақтың нығыметімен үміт еткен,
Тозақтың азабынан қауіп (етіп) [біліп].

Бұл хатты жүргізіндер қолдан-қолға,
Әммесін дайындаңдар мұның оңға.
Міндетсіз, мақтанышсыз бергендіктен
Уақытында қолдан шығып жетсін оңға!

Алланың, шын бұл [бір] сүйген құсы,
Болғанда таңда мақшар, болған жолы.
«Уа Алла аузағифул иман» онда
Хадистің аятынан көрдім мұны.

Кеш батқанда, әбден шаршап, не істерін білмей, дағдарып:
«Үйіне барса, әйелі өледі. Далаға қонса, өзі өледі – деген» – деп,
дағдарып тұрғанда, қолында ақ таяғы бар, қой қайырып жүрген бір
кісі – ақсақал кез болады.

– Балам, ауыл, әне, көрініп тұр, сен кіші бесіннен осы төбешікті
неге айналып жүрсің? – дейді.

Сонда жолаушы жолдағы оқиғасын айтады. Қария:

– Олай болса, балам, андағы қанжығандағы қоржында бір са-
рыбас улы жылан жатыр екен. Пәле осында болды, – деп, жыланды
өлтірген екен. – Үйге барсаң, әйелің қоржынды ашушы еді, далаға
қонсаң, ерді жастық қылып жатушы едің. Сол жарты наның үшін,
кездесіп тұрған мен – Қызыр ғалайссалам қартың едім – деп, жүріп
кетіпті.

Дұға, намаз тәртібі

«Алланың қатты қаһарына жолығатын жан арам пиғылды дін
иелері» – деген. Расул алла айтты:

– Алла тағала тозақта бір шыңырау құдық жаратты: [Атын]
«Уайыл» – дейді. Ол шыңырауға, кімде-кім Алланың тыйған ісінен
тыйылмаса, дұғаны дұрыс оқымаса – сол пенде соған барып кіреді.
Расул құда айтты:

– Мүмин мұсылман дұға оқыса, егер ол таза дәретті, намазы бар пенде болса және өзіне ықыласты адам болса, қабыл болмай қалмайды Ал, ол пенде өтірікші, сотқар, ғайбат айтатын, не мақтаншақ, тағы дұға жасап отырып, көңілі дүниеде болса және ішкен қамар ауқаты харам болса – қабылдық жоқ.

Мұндайларға оқытып, арнайы «Тие берсін!» – дегенің қабыл. Не болмаса үлкендерден үйренген «Ықылас» сүресін үш қайырсаң, құран бағыштағанмен бірдей. Арабша: «Дұғалардың мағынасын қай тілмен оқыса да – дұрыс» – делінген. Хатта: «Біздің имам Ағзам арабтан басқа тілмен де оқығандардың иман болуы да дұрыс» – делінген. Яки, ислам мәнісін әрбір мұсылманның білмегі – өз басына парыз етілген.

Құранның басы – тазалық, дәреті – анасы.

Бата – қорғаны, кілті, ықыластас кісі-шырын. Кімде-кім бұларды білмесе, Құран оқуға болмайды.

Және дәулетің көп, зекетің жоқ, –

Ол малыңда – береке жоқ.

Дәретің жоқ, намазың жоқ, –

Ол оқыған дұғанда – сауап жоқ.

«Құранды бір жерден екінші жерге апарып қою үшін де дәретің болсын!» – делінген. Дұға ақшаға сатылмайды. Құдай сөзі-Құран сөзіне ешқандай құн жетпейді. Тек қана «Алланың ризалығы үшін!» – деп оқыған дұға ғана – сауап! Дұға – салауат пен сауап. «Тілек садақан мен сауап садақа сауында [сау кезінде] берілсін!» – деген. Жұмақтың кілті – кедейлер мен әлсіздерге берген садақа мен қайырымдылық. Молшылық тойдың ең жаманы – байларға құрмет көрсетіліп, кедейлердің ұмыт қалуы. Жаның жадырап, ойлағаным орындалсын десең – жетімге қол үшін бер. Маңдайынан сипап, қарнын тойғыз. Осындайларға берген қайыр-садақан – жаман өлімнен сақтайды.

Өзің тоқ, көршің аш болса – онда сен дінге толық сенген адам емессің. Діннің басында білікті адам отырса, дін үшін алаңдамаңыздар. Ал, кабілетсіз адам отырса, қайғыратын болыңыздар.

Төлепберген Алдабергенов түсіндірмесі.

«Осыған байланысты «Мұхтасар» кітабын 1992 жылы Рэтбек қажы Жәмшіұлы (діни басқарма қызметкері) қазақ тіліне Құранды аударған Стамбулда. Алғысөзінде: «Бұл жерде құранды зор талаппен қазақ тіліне аудардық. Сол алғашқы нәтижелерді айтып отырмыз. Иманның шарты да үзік-үзік болса да, кітапша болып шыққан. Бірақ, әзірше әркім өзінше талаптанып, өзінше әрекет жасап, өз тіршілігін өзгеден бұрынырақ өткізіп кою қамында. Қайсыбіреулер ақша табу төңірегінде әуре. Бұл – қасиетті Құран үшін де, мұсылмангершілік парыз үшін де обал, үлкен зәбір. Сондықтан қатаң ескермесе болмайды. Барынша жол бермей, абай болғандарыңыз абзал. Кезінде Мәшһүр-Жүсіп бабамыз «Шайтанның саудасын» мысал қылып жазғанда да, қожа-молдалар тыңдамағанда, кәзіргілерге сенікі былай дейтін пенде әзір жоқ сияқты».

Молдалардың мақсаты – мал таппақ,

Құдайдың мүлкіне, жұмақтың кілтіне ие болмақ.

«Құдай үшін садақа беріңдер» – деп,

Аңқау елді алдап, ақымақ қылмақ – деген шумағы осыдан болар.

Пайғамбардың намаз туралы айтқан көп-көп сынының бірі – «Кәпірлер мен мұсылманды айыратын шекарасы – намаз» – деді. Кімде-кім намаз оқуы керек. Оқымаса, пайғамбардың шариғатынан құр қалып, акіретте тозаққа лайық болады. Егер құрмет қылған адамың: «Маған деген достығыңды дәлелде» – десе, сіз қымбат сый – зат беріп немесе адал қызметіңізді ұсынар едіңіз. Егер Аллаға сенсек, тек сенемін деп шектелмей, Аллаға деген сенімді оқыған намазбен дәлелдесек керек. Намаз оқымаған, құдайға сенген кісілердің иманға сенімі, дәлелі жоқ, тиянақсыз иман болады. Құдай тағала Құран-Кәрімде пенделеріне жүктеген парызы – [намаз]. Сондықтан намаз оқымағандар – Алланың бұйрығын орындамағандар болады.

Алла тағала намазға мән бермеушілерді 15 түрлі жазамен жазалайды: алтауы осы фәни жалғанда, үшеуі – өлім халінде, үшеуі – қабір ішінде, үшеуі – қиямет күні.

Фәни жалғандағы алты жазасы:

1. Ризығы кем болады.
2. Береке қашады.
3. Жақсылық қасиеті жоғалады.
4. Дұғадан құр қалады.
5. Істеген жақсылығынан қайыр таба алмайды.
6. Алла қылған дұғасын қабыл қылмайды.

Ажал келін, өтер халде жатқандарға жазасы:

1. Қор болып, жаны қиналады.
2. Аузына қанша құйса да, сусыны қанбайды.
3. Аш қалады.

Қабір ішіндегі үш жазасы:

1. Қиямет күніне дейін азаптайтын періште жібереді.
2. Қабірі қараңғы болады.
3. Өте қорқынышты қабірде жалғыз қалады.

Қиямет күнгі үшеуі:

1. Сұрақ-сауалы көп болады.
2. Құтаманың құдығына салынады.
3. Қыл көпірден айдалады.

Не себепті Аллаға тілек жетпейді?

Бес түрлі себеп: 1. Мүрдер. 2. Мүшірік, 3. Мұнафық, 4. Битғат, 5. Тоқзиф.

«Бұл бесеу тұрғанда, аспанның есігі жабық» – делінген.

Дұға оқып, әрқашан Алладан сұрасақ та, қабылдығы жоқ, себебі не?

Хазіреті шайхы фәниден Ибраһим ибн Адам Басар жерінде көшемен жүріп келе жатып, жиналып, сөйлесіп тұрған адамдардың жанына келіп, сәлем беріп тұрады. Сол жиылып тұрған адамдардың ішінен біреуі:

– Алла тағала хазіреті Құран Ғафілимде ... «Ей, пенделер, менің өзімнен дұға қылып сұраңдар, қабыл қылам», – деген.

– Бұл қалай? Әрқашан Алладан сұрап, дұға қылсақ та, еш қабыл сәті жоқ. Тақсыр, бұған не айтасыз? – деп сұраған.

Сонда Ибраһим ибн Адам хазіреттің айтқаны:

– Ей, Басар ағалары, он түрлі іспенен жүрек нұрын сөндіргенсіздер, соның үшін дұғаларыңыз қабыл болмайды:

1. Алла «бар» – деп танысындар, Алланың ризалығын өтеп, ғамал істемейсіздер.

2. Құранды оқып, Алланың сөзі деп сенесіздер де, Құранның жолымен амал қылмайсыздар, жүрмейсіздер!

3. Пайғамбарды жолбасшымыз деп сенесіздер, оның сүннәтінің жолын тұтпайсыздар, орындамайсыздар.

4. «Шайтан – біздің дұшпанымыз», – деп, тілдеріңізбен айтасыздар да, шайтанның жолына ересіздер.

5. «Мекенім – жұмақ болса», – деп тілейсіздер, жұмаққа кіруге себеп болатын ғамалдарды істемейсіздер!

6. Жаһаннамнан құтылу дағуасын айтасыздар, өздеріңізді көре, біле, отқа тастайсыздар.

7. Өлім-хақ, өлмей қалмайсыздар, тілдеріңіз айтады, оған еш дайындықтарыңыз жоқ, әлі мә ғафылдықтасыздар.

8. Басқа адамдардың фәтуа ғайыбын іздеумен жүріп, өз ғайыптарыңызды көруден бос қалғансыздар.

9. Алланың берген инғам ихсанына берген нығматларын айтып, ішіп-жеп пайдаланасыздар да, шүкіршілік етпейсіздер.

10. Өлген адамдарыңызды апарып қабір ғазабына қыласыз да, одан ағзаланып, ғибадат алып қайтқан жоқсыздар! Міне – соның үшін дұғаларыңыз қабыл болмай, босқа жойылады. Саудагерде иман жоқ – арын сатады. Отірікшіде иман жоқ – жанын сатады. Ғайбатшы мен өсекшіде иман жоқ – құтамада жатады, – деп жүріп кетеді.

Адам екі дүниеге жаратылған:

1. Жалған дүние, 2. Қиямет дақыл дүние.

Адам жалған дүниеге ессіз, сәби болып келеді. Осы сәбилік кезінде Алла жалғанда үш нәрсе жазған: 1. Ғұмыр, 2. Ризық, 3. Кәсіп. Осыны ақыл-есі кіріп өскен соң, өзіне берген зерде ақылымен кәсіп етіп, пайда – зиянды айырып, тіршілік қамын өле-өлгенше ойлайтын қылған. «Ал, қиямет бақым дүниеге осы жарық дүниеде жүргеніңде бірыңғай жалған дүниеге қызығып кетпей, ол дүниеде де жина!» –

деген. Ол – Аллаға деген ғибадатың, мұны еш ұмытуға болмайды. «Жерге не ексең, соны аласың» – деген.

Ұлықпан [Лұқман] хәкімнен бір халфе сұраған екен:

– Тақсыр, сіз жалған дүниенізге өте ризасыз. Алла жаратқанда, жалғаныңызды берген екен, өйткені 1000 [жыл] жасадыңыз ғой. Бірақ бақи дүниеге өзіңіз дайындалуыңыз керек. Алла солай деген емес пе? Оған не дайындығыңыз бар? – деген.

Әулие:

Әзірше төртеуін тауып тұрмын, – депті.

– Сол қалайша?

– Бірінші, намаз оқып, қабірдің жарығын таптым, – депті.

– Екінші, Құран танып оқып, Әнкүр-Мәңкүрдің сұрағына жауап таптым, – депті.

– Үшінші, ораза, тәшпі тартып, қыл көпірден өттім, – депті.

– Төртінші, жамағаттарға хәдіж ақыл-кеңес хикмет айтып, пейіштің көлеңкесінен сана таптым, – депті.

– Жалғанда әкірет дүниесін осылай іздестіріп, жинап жүрмін, – депті.

Адам дүниеден өтер халде иман айтылмаса, шайтан ұрығын азғырып, алып кетеді. Қасында діннәрлер болу парыз.

Мәшһүр-Жүсіптің «Намаз туралы» өлеңі

Таудан биік күнәміз, кішкене емес,

Кешем десе, Аллаға қиын емес.

Намаз оқып: «Лә-иләһи иллолла!» – деген пенде

Тозаққа еш уақытта күймек емес.

Тайтаңдай бер, о пенде, тайтаңдай бер,

Келер әлі артыңда ала қарға қартың да.

Түсінерсің бірақ ерте, бірақ кеш онан не пайда?

Тілің келмей жатса касиетті әлһамға?!

Қабыл болды-ау бұл күнде Ібілістің тілегі,
Қоныс болды-ау шайтанға адам жүрегі!
Біле білген адамға арман екен ақ өлім,
Осы жүрген жандар бір күні түп-түгел өледі.

Ұғынайық, жуынайық,
Бес уақыт намазға жығылайық.
Қашпаңыздар, қашпаңыздар, ақсақалдар,
Бұл істі бастаңыздар!
Бір Алланың барын сезінейік,
Өнер жидым, өрен бидің
Аруағы қолдасын Төле бидің!
Ойға бардым, қырға бардым,
Айдаболдан артық аруақты таба алмадым!

Тәубе неге қылмаймыз біз бір есер?!
Есер пенде шайтанмен әзілдесер.
Тау мен тастай күнәң болса-дағы,
Құдайға шын жалынсаң, өзі кешер.

Құдайға жат та жыла, тұр да жыла,
Қасірет пен қазаны көрсең, шыда.
«Тәубе қылса, Құдайым кешем!» – депті,
Кешпейтұғын бізде бар екі-үш күнә.

Бес уақыт намаз оқымасаң,
Ораза ұстап, жаныңды қинамасаң,
Кешпейтұғын Алланың сол күнәсы –
Атаң менен анаңды сыйламасаң!

Ей, жастар-ай, жастар-ай,
Қосылар ма екен бастар-ай?!
Қырып-қырып сақалын
Төлерде аздау, масқара-ай!
Ақсақалдық үлкендіктен белгі жоқ,
Бәрі де әйелдеріне тартқандай.

Қожаларға

Бұл елдің жөн сұраймын қожасынан,
Қожа сараң келеді ел басынан.
Қаңғып кеп Қаратаудан, есек мініп,
Байыған соң, айрылды тәубесінен.

Қожаның шошаң келер төбетейі,
Бүлкілдер, ысқап алса, көмекейі.
«Қай жерде кесілмеген бала бар?» – деп,
Аңдығаны – баланың шүметейі.

Мен құдайдан сұраймын денге саулық,
Жалған айтып жаныңа қылма жаулық.
Қожа, қожа дегенге қокиланба,
Қожа түбі – сарт екен Өгізтаулық.

Жасымнан ғылым іздеп көңіл бөлдім,
Мен жайын қожалардың көріп келдім.
Өгізтаулық сарттарды қожа дейді,
Қазақ-ай, мен өлгенде сенен көрдім.

Құдайдың бергеніне көп-көп шүкір,
Шүкірлікпен қылайын пікір-зікір.
Түркістанға апар да базарға сал,
Жүз қожаға өтпесем, бетке түкір.

Үш-үштен басын коссам, тоғыз әріп,
Оны білсең, болар еді калам-шәрип.
Пайдаң жоқ өмір бойы маған қылған,
Ұрайын тап енеңді нақу сарп.

Аулақ жүр, жырағырақ менен мантиқ,
Мылжың жоқ, ойлап тұрсаң, сенен артық.
«Ғылыммен», өтсе күнің, оңбағаның,
Мың «ғылымнан» «Ғайн мим ләм» артық.

Оқиды атақ үшін нақу – мантиқ,
Молдадан өзі құрлы болуға артық.
Айрылып қой-қозыдан қалайық па,
Шариғат жолын жұртқа түзу айтып?!

Жалған дүние туралы

Дүние жанып-сөнген пеш секілді,
Не түнеріп батқан кеш секілді.
Несіне: «Тірі жүрмін!» – деп, мәз боласың,
Дүниеге бір көрінген түс секілді.

Алланың құдіретімен қалам келді,
«Адамдар сегіз түрлі кірмес» – дейді:
«Әуелі – бір Құдайға серік тартқан,
Екіншісі – кісі өлтіріп, жолды тосқан.

Зинашыл, дінге дұшпан болған,
Күншілдікпен дінінен қайтқан.
Ғайбат айтып, әрдайым арақ ішкен,
Мас болып, әртүрлі күнге түскен.
Бұл дүниеде тәубесіз болып өткен, –
Құдайға күнәһар бізді қылма!

Құдайға құл, Мұхаммедке
Үмбет қылсаң, қарап тұрма!
Аяғың жазатайым кетсе тайып,
Түсерсің жеті тозақ жанған торға!
Қазақтың және тағы сөзінде бар,
Жалғыз қайғы – тамұқта біреу қалар!
Арақ ішкен кісіні айтса керек,

Тамұқта көп жыл қалар ол бейхабар.
Мұны білсең, арақтан жүргіл жырақ,
Кітапта бар: күнәның анасы – арақ.
«Барлық күнә осыдан туар – дейді,
– Ғазабы баршасынан артығырақ!»

Айтқан және бізге пайғамбарым:
– Арақ ішіп ауырса, сұрама халін.
Тәубе қылмай, дүниеден өтер болса,
Оқыма – деген тағы да – жаназа намаздарын!

Арақ ішкен тағы да ұлы күнә,
Жырақ бол, бұл күнәһиден, мүмин пенде.
Бола ма мұнан үлкен саған қасірет,
Пайғамбар: «Барма, – десе – намазына?!»

Кітаптан айтты бізге хазіреті Ғосман,
Арақ ішкен тәңірге болар дұшпан.
«Күнәсымен пара-пар болар, – дейді,
«Екеу» – деп, бір Аллаға серік қосқан».

Кімде-кім бұл арақты: «Халал» – десе,
Ол шексіз діннен шыққан кәпір болар.
«Төрт кітаптың баршасы мағлұм» – дейді,
Әлғаз биләһи иа зұлжалал.

Өтірікті қожа мен молда айтады,
Бәрінен де үйлестіріп оңды айтады.
Біз жалған айтады деп ойлама деп,
Қожа менен молдалар жақсы айтады.

Пендеге: «Дүниеге қонақ» – дейді,
«Болады алдыңызда сұрақ» – дейді.
«Алладан ажал тағдыр жетіп келсе,
Қасында үш періште тұрад!» – дейді.

Бірі кепілдеме алады заманына,
Бірі – кепіл ризық тамағына.
«Және біреуі кепіл, – дейді,
– Дүниеде жақсы-жаман қамалына».

«Дем алыс бір күн бітіп қалар», – дейді,
«Бұл періште көп сынап алар» – дейді.
«Бұл пенденің бітті – деп – дем алысы,
Ғазірейілге баян ғып барар» – дейді.

«Ризығы таусылды!» – деп, сол мезгілде,
Оған тағам болмайды тамам елде.

«Бұл пенденің ризығы таусылды» – деп,
О дағы жауап берер Ғазірейілге.

Тағы да таусылды ғамалдары,
Аз ғана ойнап күлген замандары.
«Ғамалы бұл пенденің таусылды» – деп,
Барады ғазірейілге хабарлары.

Ғамали ізгі көңілі қызық болар,
Бұл дүниеде көңілі бұзық болар!
Ол адамның семіп (сеніп) айналасы,
Қарадан жазылған бір сызық болар!

Ей, жігіттер, бұл сөзге құлағың сал,
Осы айтқан сөзімнен ғибрат ал.
Кітаптын айтуынша, ай жарандар,
Аршының астында бір ағаш бар.

[Мәшһүр-Жүсіп түсінігі]:

Мұхаммед пайғамбар өзінің үмбетіне харам еткен: ақыл-есіне, денсаулығына кесел келтірсе, табиғатынан артық ішіп, адал асты құсып тастаса, сіңірмей, оны да «Харам» – деген. Ал, харамды білмей жеп қойса, нәжісімен түседі.

Егер денесіне жұқса, жуынумен кетеді. Ал, арақ ішсе, қанға сіңіп кетеді. Сіңген соң, «Хамар» деген шайтан болады. Жүректен орын алған Ібіліс қозғаса, кимас жарын талақ етеді. Сол себептен «Күнәсы ауыр, харамның харамы» – делінген.

Оқыған молдалар біле тұра: «Бидайдан жаралған – адал» – десе, ол – «Мүрдәр: діннен шыққан кәпір» – деген сөз.

Өте ауыр айтылған, Алла өзі сақтасын! «Көп жемдеген малдың өзін де 10 күн шөп пен су беріп, ішіндегі нәжісті жынға айналдырып барып, сою дұрыс» – дейді. «Әйтпесе етіне дәмі шығуы мүмкін, пейіш дәмі бұзылып» – делінеді.

Өлім алдындағы хал

– Алдынан қырық күн бұрын түсер – дейді,
– Ғазірейіл жапырақты қасына алар, – дейді.
– «Қырық күн өлместен, тірі жанды,
Періштелер алар» – деп айтар, – дейді.

Артында қалар соның көп малдары,
Болмайды бұрылуға еш халдары.
Қырық күннен соң, жарандар, сол адамға
Келеді Ғазірейіл жан алғалы.

Адамның тоқтау болар қастарына,
Өлген соң қиын іс түсер бастарына.
– Ей, пақыр, жаныңды аламын, – деп,
Ғазірейіл келіп тұрар қастарына.

Өлген соң болады заманақыр,
Өлген соң не болады адам пақыр?!
Қысылман уақытында: «Әй, күйдім» – деп,
Ол адамға келеді шайтан кәпір.

Өлген соң қайрылмайды мал басына,
Қара жер төсек болар жамбасына.
Қолына бір тостаған суын алып,
Отырар малғұн шайтан дәл басында.

Жауыз адам суға иманын сатар,
Иман сатып, ғазапқа жаман батар.
Жан қысылып жатқанда, қатты сусап,
Сол уақытта шайтаннан қауіп-кәтер!

Әлгі суды қолымен шайқақтатып,
Сұрайды: «Иа, пенде, ішесің бе?» – деп.
– Ішем мен, кемімейді мүшем, – дейді,
– Сусының қана қалса, маған беріп.

– Жолыңа не қылсаң да, түсем, – дейді,
Пендеге: «Айт! – деп айтар – Құдай екі».

Сол сөзін айтып, сол судан іше қалса,
Нағыз күнәһар болады жаман кісі.

Азбаса, шыбын жанға болар пайда,
Сол жерде таба алмассың ақыл-айла.
Иман сағып, сол судан іше қалса,
Ай-хай, дүние, барады жаман жайға.

Көп күнә, өлмей тұрып, құрылмайды,
Кей адам жан шығарда шырылдайды.
Жақсы қылған ізгу адам болса,
Неше шайтан болса да, бұрылмайды.

Ажал келіп, өлген соң, бой құртысар,
Иманды ұжмаққа құстай ұшар.
Құдай сүйіп, иманды болған адам
Шайтанға:

– Кәпір малғұн, кет! – деп айтар.

Жақсы адам осы сөзін білсін-дағы,
Мешіттің намазына кірсін-дағы.
Имандылар ұрсып жібереді,
Намазына Мұхаммедтің кірсін-дағы.

Бұл сөзге, жамағаттар, құлағың сал,
Құдай оңдап, солардай қылсын-дағы!
Әркімнің сокет айтқан тілін алар,
Ұжмаққа тура барар, ей, жарандар!

Шайтанға сол уақытта азбай қалса,
(Оқыған кітабында көрсетілер).
Сөзіне шариғаттың ерсеңіздер,
Шайтанға болмай қалса, ей, жарандар,
Қасына жолдас болар періштелер!

Сираттан өтеміз бе сау-сәлемат,
Ұжмақты көреміз бе біз ғаламат,
Ғазірейілге береміз не деп жауап?!
– Құлағың сал, бұл сөзге, ей, жамағат!

Дейді:

– Бұл жанымды берме маған,
Ғұмыры солғаны жоқ, әлі тамам.

Бір белгі өз қолыңмен көрсет маған!

Жан айтар:

– Жасайтын ғұмырым бар,
Ажал маған жеткен ғой, уақытым тар.
Бір белгі маған енді көрсетесің,
Бұйрықпен құдай сені жіберген [шығар].

– Бір құдай жолдас қылған иманыңды,
Иман жолдас нәпсіні қиғаныңды.

– Пенденіз:

– «Белгі бер», – деп айтады, – деп,
Барады бір Алланың дидарына.

– Белгі үшін сен келдің бе мұнда? – дейді,

– Құлымның ол айтқаны тура, – дейді.

– Жұмада кіпәраттан белгі көрсет,
Белгісіз оған зорлық қылма! – дейді.

Жұмаққа ғазірейіл жетіп барар,

Жұмақтан бір белгі қағаз алар.

– Бисмиллаһи, – деп, қағаз алар,
Алдына сол пенденің алып барар.

Құдайым рақым қылсын, өлгеннен соң,

Дүниеде шыбын жаның жерге енген соң.

Пенде сонда көнеді ғазірейілге,

«Бисмиллаһи!» – деп құдай есімін көргеннен соң.

Әуелі бастап пенденің аузына келді.

– Зікір шығар аузыңнан қарсы, – дейді.

– Менің айтқан сөзіме наншы, – дейді.

– Құдайға зарымды айтайын, – деп,

Ауыз зікірімен жалынар дейді.

– Енді сен одан басқа жерден алсаң,
Ей, ғазірейіл, болмай ма саған ғайып? – [дейді]

Сонан соң ғазірейіл келді қолға,
Жақсы, сірә, болмайды осы жолда.
«Садақа жетім басы сыйлап едім» –
Сонда Қол берді жауап ғазірейілге:
– Жазады меніменен қайтіп Құран?!
Мен осындай жақсылық қылғам,

Жан алар орын болмас енді саған!

Періште жол таппады сұрағына,
Ажал, шіркін, қарамас қабағына.
Екі қолдан жауапты естіген соң,
Барады мұнан былай аяғына.

Аяқ айтар:

– Жол болмас менен сұрап,
Бізбенен барған мырзаның халін сұрап.
Жамағат не ғылымның мәжілісіне
Бізбенен барған мүшкіл халін сұрап.

Таң қалар екі аяқтың жауабына,
Жан берудің қиын жарағына.
Екі аяқтан жауап алмаған соң,
Барады мұнан былай құлағына.

Құлақ айтар:

– Менен соң жоқ сұрақ саған,
Сіз бұрын айтпап па едін мұны маған?!
Менен қайтіп жол болсын, ғазірейіл,
Бізбенен естіледі зікір Құран.

– Жігіттер, құлағың сал мына сөзге,
Орайды екі қабат мақта бөзге.
Құлақтан жол тауып алмаған соң,
Келеді ғазірейіл екі көзге.

Көз-дағы ғазірейілге берер жауап:
– Саған жол жоқ, үңілме маған қарап!

Алады бұл пендеңіз көп-көп сауап!

Тамам дене таппады ақыл-айла.
Сонда да құтылуға бізге қайда?
Дүниенің бәрін қуып шығарған соң,
Ғазірейіл және барар бір Құдайға.

Құдай айтар дейді сөзді растап:
– Ажалдан құтылмайды пенде қашып.
– Ей, ғазірейіл, пендеме барып корсет,
Алақанға береді есімі мен мөрін басып.

Ғазірейіл мөрін басып алар дейді,
Мөрін алып пендеге барар дейді.
Құдай есімін көргеннен соң ғазірейілден,
Қиналып пенде болып қалар дейді.

Дүниеде бар болуың жоқпен бірдей,
Жігіттер, құлшылық қыл, көрге кірмей.
Бұл дүниеде иманды болған адам,
Өлерде жан ашуын қалар білмей.

Не пайда дүниеде тұрғаныңнан,
Жамандық күнә ісін қылғаныңнан?!
Имансыз жан ашуы қатты қиын
Қылышпен мың мәртебе ұрғаныңнан.

Өткен соң пайда болмас дүние – малдан,
Кетеді тіршілікте барша қолдан.
Имансыз жан ашумен қышқырғанда,
Істеме... әне, жаннан [күдер] үзген жан.

– Жаман, – дейді – күнәға мойын бұрған,
Туған соң, бір өлім бар, анамыздан.
Дүниеде құлшылық қып жүрген жақсы,
Сақтай гөр, – деп тілеңіз – имансыздан!

Қайта [адам] тұрмайды өлгеннен соң,
Дүниеде шыбын жанды бергеннен соң.
Көп болсаң да, көресің жалғыздықты,
Сізді қара жерге көмгеннен соң.

Өлімнен құтыла алмайды ешкім қашып,
Өлім, шіркін, кетеді көңіл басып.
Жан менен тән екеуі айрылады,
Жылайды бірімен-бірі арыздасып.

Тән айтар:

– Сен едің ғой менің жаным,
Сен кеткен соң, немене менің халім?!
Көп жылдай дәмдес болып, болдық жолдас,
Көрмесек, аманда бол, ғазиз жаным!

Не болар, сен кеткен соң, менің халім,

Көп жылдай сеніменен адам болдым.
Шарам бар ма, аман бол, ғазиз тәнім!

Жан айтар:

– Сен едің ғой менің тәнім,
Көп жылдай жолдас болған екі жарым.
Бір Құдай айырған соң, бар ма шарам?

Тән айтар:

– Сен едің ғой менің жаным,
Қайтейін, қош, аман бол, ғазиз жаным!

Жан айтар:

– Сен едің ғой менің бауырым,
Сенен қалып мен енді не боламын?!
Енді бізге көрмек жоқ неше мың жыл,
Айқай, дүние, аман бол, ғазиз тәнім!

Мұның бәрін көрсеткен Жаббар Құдай,
Құдайға құлшылық қыл жылай-жылай.
Екеуі бір-бірімен амандасып,
Жан мен тән айырылады мұнан былай.

Таусылмас жан мен тәннің жылауы көп,
Көп сөйлесек, біздерге етеді айып.
Жан мен тән екеуі жылар дейді:
– Әлдеқандай жайымыз болады?! – деп.

Өлгеннен соң, қайрылмайды мал – басына,
Қара жер төсек болар жамбасына.
Жан мен тән жыласып айрылған соң,
Мәйітті алып салар оң жағына.

Сонда өлік жатады уайым жеп,
Дұға қылсаң, есен болады жанға себеп.
Екі-үш кісі үстіне құман алып,
Келеді: «Сол мәйітті жуамын!» – деп.

Сонда өлік сушыға айтар дейді:
– Ей, жарандар, суыңды байқа, – дейді.
– Суыңыз жылы болсын, мені жусаң,
Ыстық, суық болса, жаныма батар, – дейді.

– Өлген соң, біз бейшара [пақыр], – дейді,
– Біз болдық заман ақыр, – дейді.
– Бұрынғы сайрандайтын дәурен қайда,
Қараңғы сыз жерде жатар, – дейді.
– Дүниеге адал болдық, біздер келіп,
Дүние өтіп кетті шауып-желіп.

Парда – ыстық, суық болса – суық,
Көп ренжіп жатар дейді нашар өлік.
Өлік айтар:

– Сөзімді тыңда, жандар,
Жуғанда маған зорлық қылмаңдар.
Бұрынғы, о, дариға, күнім қайда,
Енді көп қатты денемді ұстамаңдар!

Өлім деген жігітке қатты сұрақ,
Дүниеге келіп едік біраз күн қонақ.
Жуып енді болған соң ол мәйітті,
Келеді екі-үш кісі кебін орап.

Жамағат, құлағың сал мына сөзге,
Орайды екі кабат макта бөзге.
– Жамағатым, көрейін, тоқтай тұр, – деп,
Келеді осы өлімде «Алла – бір» – ге!»

Құдайым берген жақсы саламатын,
Ұжмақтың көреміз бе ғаламатын?!
Кебінді орайын деп жатқан шақта,
Кимайды елі-жұртын, жамағатын.

Пендесі рахматынан үміт етер,
Ол кезде көр ішінде дейді (ойлар) [өтер].
Өлген соң кетеді тағы халі,
Сұбыхан Алла акыретіне көрсетер.

Қалды-дағы кеудеден шығып жан,
Ажал жеткен уақытында сол адам.
Көміліп, қырық қадам кеткеннен соң,
Кіреді қайта тағы денеге жан.

Жердің асты – тар лақап оған кірер,
Мұхаммед сол уақытта қатты сасар.
Дос тілі уағда қылып қойған [соң],
Сәжде ғып, Құдайменен арыздасар,

Құдайым сол уақытта рахмат айлар,
Ғазаптан дінсіз көпір құтылмайды.
(Шапағат қыл, – деп, үміттенбейді),
Жүз намаз білсіз хат салат бар адамың,
Құдайым сол уақытта жарылқайды.

Кей пенде құр қалады шапағаттан,
Дүниеле бір Аллаға (шерек қатқан) серік қосқан.
Осындай қиын жерлер бар дейді ғой,
Жігіттер, жамандықтан қатты сақтан!

Бір мәртебе «Ләһін илолла» – деген пенде,
Тозаққа көпір құсап мәңгі жатпас.

Имандылар Сираттан жылдам өтер,
Жаббар құдай дидарын әм көрсетер.
Сегіз ұжмақ есігін ашып қойып,
Қуанып, шат болып, барып көрер.

Алдынан карсы шығар пырақ аты,
Хор қызындай болады жамағаты.
Бір мың жыл өткенін (өткесін) білмей қалар,
Құдайым өзі сүйген адамзаты.

Жақсы адам Сираттан жылдам кешкен,
Періштелер ұжмақта коріскен.
Құдай сүйіп, иманды болған адам,
Жасы артық кетпейді отыз бестен.

Жұмаққа кірген адам шексіз өлмес,
Көңіл сүйген нәрсеі һибат көрмес.
Әйбат болып жаралған сегіз ұжмақ,
Қызығы айтқанменен түгелденбес.

Жұмаққа кірген жанға құрал берер,
Алдынан қарағанда күн көрінер.
Хор қызының тырнағы жерге түсіп,
Қаранғы айларды жарық етер.

Тозаққа жазықты боп кірген адам,
Жеті тозақ ғазабы айтуынан.
Неше мың жыл жаны ғазап тартар,
Мыңнан бірі кітапша болмақ тамам.

Құдайдың қолы жетер болдыруға,
Біреуді жылатып, біреуді қуандыруға.
Он сегіз мың ғаламды жаратыпты,
Бір Алла өзі барлығын білдіруге.

Қамал тегіс айтуға келмес күшім,
Құдайдың ешкім білмес қылған ісін.
Жеті тамұқ, ғаршы, күрсі, лауқым ғалам, —
Бәрін де ажыратыпты достысы үшін!

Шапағат қыл, пайғамбар,
Болсын Құдай бізге жар!
Таянған ауыл сияқты,
Кәпірге кең, бізге тар.

Бір іс бірін алдайды,
Өтірік істі даулайды.

Пендеден кетті ұят-ар.

Е, жарандар, тәубе қыл,
Тәубені денің сау-да қыл!

Он сегіз мың ғаламды
Жияр жерің – алдыңда.
Жалақтаған нәпсінің
Тояр жері – алдыңда.

Қарасат күнінде
Солар жерің – алдыңда.
Ақыл-естен айрылар
Тонар жерің – алдыңда.

Азап пенен тозаққа
Барар жерің – алдыңда.
Тіріде тәубе қылмасаң,
Өтпес судың ішінде
Құлар жерің – алдыңда!

Тіріде тәубе қылғанда,
Сусын ішіп жаннаттан
Конар жерің – алдыңда.
Хор қыздарын некелеп,
Алар жерің – алдыңда.

Өтерсің бұл дүниеден, бай мен манат,
Болжаусыз бұл дүниеге – біз – бір қонақ.

Қу жалған өз бергенін өзі-ақ алар (жанар),
Қыларда жан тәсілім жаудай талап.
Бір жан жоқ құлшылық қылған есіне алып,
Жалғанды жолдас еткен несін талап?!

Төрт кісі өз бауырын алар тонап,
Өлген соң, оң жаққа сап, шешіндіріп.
Қайтасың, мынау жалғанда, жалаңаш кеп,
Мойныңа төрт қара бөз тесін алып.

Бай бармас, жанға тыныш жорғасымен,
Жан бармас, жанындағы жолдасымен.
Біреуге біреу қайыр қылмақ түгіл,
Болады әркім әлек өз басымен.

Қайырлы байлар, құдық кой,
Құрулы тұрған науасы.
Бай, танабың жарылар
Ат көбейсе, [шамасы]

Садақа – зекет бергізбес,
Мал қызығы көргізбес.
Бақташы шайтан сыртында
Ғалым сөзін ұқтырмас,
Шариғат сөзін жұқтырмас.

Адам – малдың билігі
Қанағат қыл, қу нәпсім,

Тәңір берген шалаптан.

Тәубе қылсаң, жанға пайда
Жаһал етсең, жаннат қайда?
Қу жалғанда жолдас етіп,
Ақы[мақ] нәпсім, дабырайма,
Қиямет алдында, көңілім, сабыр ойла!

Тәубе қыл, бір Құдайдан үміт етіп,
Тазарар, тәубе қылсаң, кірін кетіп.

Иманды имансызды айырмакка
Айдайды қыл көпірден біртіндегіп.

Қыл көпір имандыға даңғыл жол ғой,
Қиынын қияметтің осыдан біл.
Күн туар найза бойы тас төбеңде
Күнәнді жалғандағы жиып-теріп.

Қағазбен періштелер берер қолға,
Күнәні көзбен көріп оқығанда.

Береміз Хаққа жауап не деп сонда?!
Тәңірім Лауқ бұзбаққа жазған нәсіп,
Әртүрлі пендесіне берген несіп.
Тіршілікте тәубе қыл, ей жарандар,
Кетерсің керуендей бір күн көшіп.

Тәубе қыл, басқа қаза келмей тұрып,
Тәубең қабыл болады өлмей тұрып.
Тіршілікте тәубе қыл, ей жарандар,
Кіргізіп тар лақатқа көмбей тұрып.

Қорқамыз:

– «Қияметі қиын» – десе,
Жан қалмас барлығымен жиыл десе,
Алдыңда азап та бар, тозақ та бар.
Қу нәпсі, тіл алмайсың, тыйыл десе.

Қорқамыз қияметтің тарлығынан,
Жан қалмас: «Жиыл!» – десе, жарлығынан.
Ішінен сол Сираттың сұрау алар
Ғаламның он сегіз мың барлығынан
Аллаға қабыл болсын тілегіміз.
Мақшар тұр, Мұхаммед – сүйеріміз,
Азаптың періштесі ақырғанда,
Жарылар жан тітіркеп жүрегіміз!

Азаптың періштесі ақырғанда,
«Қайда – деп – күнәлілер?» – шақырғанда,

Көзіңе топырақ кіріп, есің кетер,
Сұрапыл жел тұрғызып сапырғанда.

Біреуі төрт шариярдың Ғалы қайдар
Ұжмақтан иманды құл орын сайлар.
Қарасат майданында бас қосқанда,
Төбенде күн жақындап, миың қайнар.

Кетеді сөйлей-сөйлей тіл менен жақ.
Бұл сөзді сөйлеуге етім шақ
«Сабыр қылсаң, сақтаймын – деген Құдай,

Отқа май құю күнәсы

Болмаса патшамыздың әділдігі
Нашарлар жүрмес еді болып тірі.
Бұрынғы келе жатқан ескі заңы,
Көп шығар арасында мұсылманы.

Сөйтсе де тастамайды бұл қылықты,
Бар ма, айтшы, акыретті ойлағаны?!
Қазақтың арғы заты, болған бағы, –
Хауажи тұрады екен Сырдан әрі.
Жиналған одан – бұдан қашқын екен,
Шаһарларға естіледі бұл хабары.

Бас тартқан Хауажи боп падишадан,
Көнбеген шарифатқа бәрі надан.
Ұрлық, зорлық, ел шапқан – қылды кәсіп,
Кәсібі келе жатқан неше атадан.

Бұлардың, кісі салды, сонда ханы,
Көрмеске ілтипатқа болмас мәні.
«Ханы жоқ, уағаласыз ел екен» – деп,
«Анхара атамыз, – деп – шұбырмалы».

Жіберді батырларды бәрі қуып,
Тіл алмай қалғаннан соң, көңілі суып.

Бұл күнде алты миллиондай қазақ болды,
Көбейіп біреуінен біреу туып.

Батырлар аттанысқа барған екен,
Қалмақты олжа қылып алған екен.
Сол қыздар мұнда келін бала туып,
Ана боп (бәрімізге) бөлек заттан [қалған екен].

Өз мирасын үйір етті тәңір атқан,
Байлары біртін-біртін өлгеннен соң.

Байы өлсе, шашын жайып, бетін жыртар,
Дауыс қып, қара киіп, ішін тартар.
«Ат қойып келіндер!» – деп, өлігіне –
Үйретті бұл пиғылды жаһит мұндар.

Үйретті күйеулеріне тәжімдерді,
«Келінге сәлем ет!» – деп, бағындырды.
Күйеу мен келінге май құйдырып:
«Отынан жарылқа!» – деп, табындырды.

Үйреткен келініне кесір кемпір,
Байы жоқ: «Қой!» – дейтін жесір кемпір.
Осындай жамандыққа басшы болып,
Кетеді отқа құйып майды кемпір.

Бұл жұмыс Мәжусиден болған ғадет,
Мәжуси өлгеніне шабады ат.
Мәз болып, өлгенінен құтылғанға,
Қуанып ат шабады біздің қазақ.

Және қара қазақтың наданына,
Құлақ салмас Алланың қаламына.
«Ас бермесе, атаусыз тастады» – деп,
Баһастан қылар кейінгі адамына.

Өлігі мен тірісін қабат боқтап:
«Тойғызбаса, неге елді шақырды?!» – деп.

Еш қалмай, келе жатыр осы ғадет,
Болыпты бұл жұмысқа кемпір себеп.

Ас бергенде, қылмаса табағын тоқ,
Аяқ – табақ қаратар, көбейтер шақ.
Ат шаппақ шарифатқа дұрыс болса,
Қылмай ма бұл жұмысты ноғай мен сарт?!

Дұрыс емес шарифатқа бармаңыздар,
Мәжуси бізге үйреткен – дінсіз кәпір.
Жазасын берер Алла ол жауыздың,
Әй, мүмин, шарифатқа қылғыл пікір.

Қазақта [жоқ] сол уақытта қожа-молда,
Құба қалмақ өтіпті талай заман.
Сол кемпірдің айтқанын ұстап алып,
Ісі жоқ намаз бенен оразадан.

Тағы жоқ сол уақытта қожа-молда,
Салатын оны жиып жақсы жолға.
Медіресе, арасында, сәл көбейіп,
Енді азайып келеді жылдан-жылға.

Қуаттап, алып жүрсе әркім дінін,
Жәһилік қалар еді әрбір форым.
Қажылар партияға басшы болды,
Шошимыз қажылардың көріп түрін!

Жұма күнінің қасиеті

Жұма күні Алла адамды жаратты, жаннатты жаратты. Расул Аллаға арнап салауат оқыса, қиямет күні он төртінші туған айдай басады. Жиылып бір қауым ел көрстанның қасында жылап тұр екен, тырдай жалаңаш.

– Неге әйел, еркек, бір-біріңізден ұялмайсындар? – дегенде, олар:
– Қайсымыз әйел, қайсымыз ер екенімізді ажырата алмаймыз, – деді. – Себебі артымызда құран оқып, көрінке садақа бермеген соң,

кебініміз тозып, жалаңаш болып қалдық. Жұма күні Алла тағала бостандық бергенде, туған-туыс, бала-шағалаларымыздың үйіне барып, босағаларында телміріп тұрамыз:

– Бізге садақа бер, құран оқы! – дейміз.

Бірақ олар оны естімейді, сол себептен аш-жалаңашпыз – деген.

Сондықтан жұма күні мешітке бару парыз етілген: «Бірақ мешітке дүние сөзі сөйленсе, және ғайбат айтылса да, 25 намазың күйеді!» – делінген. Хазіреті Жебірейіл ғалиһсалам келіп айтты:

– Әй, Мұхаммед, Құдай тағала сәлем жіберді сізге және үмбеттеріңізге, 10 түрлі нәрсе берді:

1. Алланың аты мен сіздің атыңызды қосып айтуды.
2. Үмбеттеріңізді барлық қауымнан артық қылды.
3. Жер жүзін үмбеттеріңізге мешіт қылды. Қай жерде намаз оқылса, қабыл қылды.
4. Үмбеттеріңізге Құранды қай жерде ашып оқыса болды.
5. Сізге және үмбеттеріңізге Алла тағала тағы періштелер (лоут) жіберді.
6. Сіздің жолыңызды барлық жолдан артық қылды.
7. Үмбеттеріңіздің намазы қаза болса, қашан, қай уақытта тауып оқыса, қабыл болады.
8. Құрбандықты адал қылды.
9. Барлық мақұлық, жан-жануардың көлеңкесі болады. Бірақ сіздің көлеңкеңіз болмайды.

10. «Сенің дұғаменен үмбеттеріне рахмат қылайын!» – деді. Басқаларды әулие қылдым, сені әулиенің әулиесі қылдым. Сен жәннатқа кірмейінше, басқа пайғамбарлар кірмейді. Сенің үмбетің кірмейінше, басқа пайғамбарлардың үмбеті кірмейді. «Күнәсы аз болсын!» – деп, үмбеттеріңнің өмірін аз қылдым. «Топырақта ұзақ жатып қалмасын» – деп, кейін жараттым.

Басқа қауымға 50 уақыт намаз бұйырдым, сенің үмбетіңе 5 уақыт намаз бұйырдым. Басқа қауым қағбаға бармайынша, күнәсын кешірмедім, қажетін өтемедім. Сенің үмбетіңді жұма намазын қай жерде оқыса, қағыбаның сауабын беріп, күнәсын кешірім қылам!

«Сондықтан дүние сөзі ғайбат айтылатын және патшадан, мүфтиден ұлықсаты жоқ имандар мен оқыған жұма намазына да са-

уап жоқ» – делінген, Мақрұм Алла тағала мен пайғамбар Жебірейіл арқылы 9999 рет тілдескен.

Болжам өлең

Мың да тоғыз жүз қырық үшінші жыл,
Жылқы шығып, қой кірер, мұны да біл.
Койдан қоңыр заманды бір көрерсің,
«Қой анасы бестен» – деп, бусайшы бел.

Жылан жылы өткізер жазды, қысты,
Жылқы жылы сапырылысып жұрт жүрісті.
Құлағын естігенді көз бір көрмек,
Көрерсің өлмегенің қой [жылы] бір дұрысты.

Өлмегенге бұл дәуір кезек тимек,
Пенде асығып, аптығып, иісіп – күймек.
Ұрған Құдай пендесін қан қақсатып,
Құшырланып, құшақтап, аяп сүймек.

Мәңгі бақи бұл дүние тұрмақ емес,
Қалжыратып, шаршатып бәрін тегіс.
Өлмеген құл көреді, асықпаңдар,
Бұл заман да таусылып, болар көмес.

Адыра, тұл қалады, құрып шаңырақ,
Кетеді айдалаға иесі аңырап.
Тірі кісі табысып бір-бірімен,
Койдай маңырап, қозыдай жамырасып.

Жұрт көреді Құдай ісі оңайлығын,
Қысы-жазы тығын жоқ, күнде шығын.
Пенде асығып, жеткенше асығады,
Құдай өзі көрсетпек құдайлығын.

Шайтанмен ел, құдаймен жат болды ғой,
Сол себептен жұрт біткен ғад болды ғой.
Жер мен көктің не пайда кеңдігінен,
Жақсылық, тыныштық деген қат болды ғой!

Кедейлік болар ма мұндай қиын,
Ойын-күлкі, ас пен той, қалды жиын.
Естігенің – жаман сөз, суық хабар,
Жұмыртқадай шайқалар күнде миың.

Ертегі емес, шын сөз ғой, құдай қаумы,
Қайда барсаң, жұрт болған хад қаумы?
Құдай жұп қып жаратқан екі түрлі,
Үшеу ара табылмақ хутық қаумы.

Бақталасты құдаймен басты, малды,
Соларға боп пәленің нақ қарсы алды.
Кейінгіге қисса ғып былшылдауға,
Аман-есен қалдырған осы шалды.

Деп жүрміз: «Құдай бар, – деп, – күшті»,
Сол сөз де болып кетті дәл екі ұшты.
Анық көңіл бекиді қараланып,
Құдайлықтан қылғандай, көрсетсе істі!

Дүниенің базарында арзан нарқым,
Нарқым арзан болса да, қымбат данқым.
Тіршілікте ағайынға кадiрiм жоқ,
Өткеннен соң, «Әттеген-ай!» – дерсiң, халқым.

Түгі кетіп, таудың тасы қалады,
Жақсысы кетіп, ағамның қасы қалады.
Қилы-қилы заман болып бір уақытта,
Ақшаның да құны жойылып, құр қағаз болады.

Көшірдім ақ қағазға Мәшһүр сөзін,
Бұлдырап көрмей барад екі көзім,
Дұғаға қолыңды жай, жамағаттар,
Мәшһүрдің енді көрмессiндер басқан iзiн!

[Жоғарыдағы мәтінге түсініктеме]:

1. Он бір ай, он екінші ай – қасиетті ораза айы. Бұл айда Аллаға ғибадат қылса, ораза ұстап, не қайыр садақа беріп, қатым оқытып,

Аллаға құлшылық қылса, он бір айдың күнәсынан құтқарады. «Ораза от – күнә отын өртетеді, келер жылға шекті» – делінген.

2. Он бір жыл, мұның 12-ші жылы – қой жылы. Осы он бір жылда жақсылық та келер, қиыншылық та болуы мүмкін. «Бірақ, қой жылы жақсарып отырған, тек қана ақырғы ғасырдың аяғында сол қой жылы бір рет өзгереді, сонан кейінгі қой жылы қайта түзеледі», – депті.

Ол өзгертін қой жылын былай дейін:

– Бір жылы болмаса, бір жыл «қой» жылы болады,
Баршылық, молшылық болса да, таршылық болады.
Қилы-қилы өзгеріс заман болады,
Ақша деген құнын жойып, қағаз болады.
Екі мың он үшінші жыл болады,
«Қойдан қоңыр заман» болады.

Көрген де арманда, көрмеген де арманда сол болады. Сондықтан «Жақсылық алда!» – деп сенуге болады. Алла үрім-бұтақ, жұрағатымыз бен дін мұсылманға көруімізге несіп етсін! Әумин! Алла акбар!

Мәшһүр Жүсін сөзінен жазған Т. Алдаберген ұғлы.

Қаржас шежіресі

Қаржастың бәйбішесінен – Алтынторы, Бегім; Бегімнен – 4, тоқалдан – (Құлықе) – үш бала. Алтынторыдан: Мәмбетәлі, Жолымбет, Бегімбет, Келімбет. Бұлар Жиделібайсында. «Үш» Жолымбеттен – Бірысқұл, төртіншісі – Азар. Қойсары – Қалқаман, мұнан – Бұқар. Ақдербес – Жарылғап – атакты Бұқар жырау. Бегімнен – Сатылған жалғыз. Бәйбішесінен: Қарақалпак, Тілеуберді. Бұдан – Қошқар, бұдан – Тәстен, Дулат. Тәстеннен – Тұяқ, бұдан: Мендіқұл, Баубек, Тілеген, Тәстенбек. Бұдан – Сағын, Мұсырман. Екінші әйелінен: Жансары, бұдан – Елбай. Тоқалынан: Оразбай, Жантуған. Тәстеннен – Атанбек, Батырбек, Майлыбай, бұдан – Есенаман, Жарқын. Мәмбеттен – Қуантай, Шоқпар. Елбайдан – Есберлі, Есен. Көбектен – Қырлытау, Қонысбай, бұдан: Ташмағамбет, Ысқақ, Тілеукең, Оразбай, бұдан – Дербісәлі, Айдар. Байтуғаннан – Жаңабай, Дос. Жаңабайдан алты бала: Жамбыл, Ералы, Жайқасқа, Құлбол, Дауылбай, Қаратал, Жанболды. Бұдан төрт бала: Амантай,

мұнан – Түгелбай, Жаңбырлы, Сатылған, мұнан – Қоныс, мұнан – Майлыбай, бұдан – Есенаман, Жарқын. Екінші әйелінен: Жансары, Танат, Дәлік, Ақтан, Атанбек, Батырбек, Тауасар. Атанбектен – Өтеу, Жанқылшы, бұдан – Тұрсынбек, Нұрахмет. Өтеуден – Байғабек, Ермек, Келдібек. Ермектен – Еркебұлан, Қуандық. Еркебұланнан-Жантемір, Қуандықтан-Құдайберген, Найзабек, Үкібай. Есенаманнан: Итқара, Нияз, Мырзағұл, Жанәлі. Жарқыннан-Бақыр. Бұдан: Шоман, Ойман, Өтен, Баян, Жаулыбай, Талас, Тоқсан. Әлімбеттен – Дәулет, Үмбет, Қасаболат. Тілеуден – Анай жалғыз. Дәулеттен-Ырысқұл, Байболат. Ырысқұлдан – Ақша, бұдан – Жиенәлі, Маман, бұдан – Анайдың бәйбішесінен – Нияз жалғыз, тоқалдан – Құл, Жәдігер. Үшінші әйелден: Құдайқұл, Мырзағұл. Анайдан бес бала. Нияздан – Құтыбай, Татыбай, Бөгембай, бұдан – Аманжол, Төлеміс, Атығай, Ноғай, Еркекей. Атығайдан – Жұмабай, бұдан – Әшірбек, Жансары, бұдан – Қарауыл. Қаражігіт бидің қызы, аты – Сырға, бұдан – Тоққожа жалғыз. Жансары мырза екінші әйел аламын деп Қуандық – Сармантай-Жұмабайдың қызын сұрапты. Жұманда жиырма мың жылқы бар екен.

– Жансарының қанша жылқысы бар? – деп сұрағанда,

– Жансарыда төрт мың жылқы бар, – депті.

– Төрт мың жылқысы бар кедейге берем бе? – депті, төрт мың жылқысы бар Жансарыны кедейсініп. Сонда қасындағы Жұманның жолдасының бірі сол екен: кедейсінін отырғаны – Жансары.

Мырза елі кедейсініп, оны «мырза» – дейді.

– Төрт мың жылқысы сенің жиырма мың жылқыңа жарап береді, – депті.

Жұмекең бұл сөзге ашуланып, ерегісіп:

– Мен ол кедейді көремін! – деп, қасына қырық кісі ертіп, Жансары көшіп келе жатқан көшінің бір шөл жерге қонғанын аңдып келіп, түсе қалыпты. Жансары мырза мінсіз «жауыз» ақ биені байлатып, екі-үш сауып, семіз ақ байталды сойып, биенің сүтімен асып, сабадағы қымызды сапырып, ет пен қымыз келген мейман түгіл, басқа елдің кісісіне жеткілікті болыпты. Жұмакеңнің қолына қол жуғызуға да, су орнына сүт құйған.

Сонда Жұмекең:

– Мына Жансары жарайды екен, – деп, қызын беріпті.

Қызының аты – Дәмелі. Бәйбіше аталған Дәмеліден туған: Түменбай, Қошан, Жарылғап. Жансарының үшінші әйелінен туған Жалбыз-жалғыз. Жансарыдан бес бала бар. Көккожадан: Омарбек, Айдарбек, Анасбай, Тұманбай, бұдан – Оспанбек. Қошаннан: Бұкарбек, Рүстембек, Түркістанбек, Шаңғыбек. Жарылғаптың алғаны – Қуандық: Темеш бидің қызы, аты – Ұлжан, бұдан: Базарбек, Үргенішбек, Түсіпбек, Опабек, Жалбыр. Бұдан: Ахметбек, Рахметбек, Жұмабек, Тілеубай. Үргенішбектен – Сапабек, Баби, Жақым. Бабидан – Ашубасар. Анайдың екінші әйелінен: Құл, Жәдігер, бұдан – Қаныш Сәтбаев. Мырзағұлдан бес бала. Сатыбалды, бұдан – Ақаю, Сәтіген, Байкісі, Жанкісі, Құшыл, Ақмырза, Азына, бұдан: Тайжан, Сейтен, Жанмырза, Қоңырат. Бұдан: Етбай, Мықтыбай, Сәтбай, Жанмырза, Айдос, Жандос, Айымдос. Сәтбайдан – Байкісі, Жанкісі, Күшік. Жанкісіден тұқым жоқ. Байкісіден – Ордабай, бұдан – Мақан. Күшіктен – Шорман, бұдан – Мұса, Мұстафа, Аужан, Иса. Мұсадан – Біләл, Садуақас, Жәми, Кәми. Мұстафадан – Қанафия, Мәлік, Заркеш. Исадан – Зында, бұдан – Ақкүс, Такибар, Аужан, мұнан – Әмір, мұнан – Аспандияр. Бірден-бірге алынған айтылған сөз. «Естідім, көрдім» – деп, ешкім де айта алмайды.

Сауалдар және олардың шешулері

1. Қаракесек – Бекболаттың заманы: «Қасқыр – деген заман еді, – жамандық пен бұзықты басқа ұр!» – деген заман еді.
2. Айдабол – Тайкелтір заманы: «Түлкі – деген заман еді. Ойын-күлкі сауық» – деген заман еді.
3. Қаракесек – Алшыбайдың заманы: «Қарсақ – деген заман еді. – Біреудің бір нәрсесін арбап-алдап алсақ!» – деген заман еді.

1. «Ашу – атасын танытпайды», – деген.
2. «Аштан өлгеннің – моласы жоқ», – деген.
3. «Ақырбайдың баласы аштан өлер», – деген.

... «Зекетсіз біткен малы – жалғандағы бейнеті, ақыреттегі азабы» – деген. «Сонда, қазіргі байларымыз түбі аштан өледі екен-ау, зекетсіз малы ақыры өзіне жау болып, түбіне жетеді екен!» – депті.

Құнанбай мен Мұса мырза бір жерде бас қосқанда, кезекті сөзге тоқтамай, Құнанбай сөйлей беріпті. Мұса мырза үндемей, тыңдай берген екен. Аттанарда Мұса мырза Құнанбайға:

– Үш ауыз сұрар сөзім бар, [жауап] айтасыз ба? – дейді.

– Айтайын, сұра – дейді.

Сонда Мұса мырза:

1. Тұман түбі не болады?

– Тұман түбі – жұт болады, – [депті Құнанбай].

2. Тұмау түбі не болады?

– Тұмау түбі – құрт болады, – [депті Құнанбай].

3. Тоқтаусыз көп сөйлегеннің түбі не болады?

– Көп сөйлеген түбі – қырт болады, – [депті Құнанбай].

– Жарайды, осы еді! – деп, Мұсаны аттандырып қоя берген. Былай шыққан соң, жолдастарына Құнанбай айтқан екен:

– Сүйіндіктің бақытын да, сөзін де ешкім ала алмайды екен! «Менің алдыма кім шығады?!» – деп, сөйлей берем, – деп, енді «қырт» атандырып кетті-ау! Енді менің тоқталған, жеткен жерім – осы. Мына Сүйіндікке Құдай түгел берген екен! Аруағы артық, үйткені Сүйіндікте төрт тіреу бар. Айдаболда – Төлебай, Орманшыда – Қорабай, Күлікте – Шобалай, Қаржаста – Мырзағұл!

Абылай және Қалдан хан

Абылай Халдан (Қалдан) ханға:

– Мен қазақ мемлекетін құру үшін, [үш] жүздің басын қостым, бірақ уақыт болса, кәрілік те таяп тұр. Мен үлгере алмаған күнде де осы бетімен мемлекет болып кетуі мүмкін бе? – депті.

Сонда Халдан хан:

– Менің саған үш сөзім бар, сұрайтын, – дейді.

– Сұраңыз.

1. – Елінде қой көп бола ма? – депті.

– Иә, көп болады, – депті.

– Онда қойшысы – ұры, өтірікші еліңнің дау-жанжалы көп болады екен, – депті.

2. – Елінде сиыр, жылқы көп бола ма? – депті.

– Көп, – депті.

– Ет жеп, қымыз ішіп туған балаларың есірік болады екен, – депті.

3. Елің егін сала ма? – депті.

– Салмайды, – депті.

– Олай болса, жер емшегін ембеген ел әлі де болса, неше аударылып, қозғалып, жуырда өз алдына мемлекет боп орнықпас, – депті. – Қазақтың жауы – қазақ – деген.

Қанатты сөздер

Үлкен тау төбе болар – тас кеткен соң,
Жақсы ауыл ұры болар – бас кеткен соң.
Қадірі бәйбішенің бола бермес,
Қолынан қара саба ас кеткен соң.

Ақсақал төрде отырып не болады,
Келіннен: «Тыныш отыр!» – деп, сөз жеткен соң?!
Ер жігіт мырза болып, не болады,
Қолдан – дәулет, басынан бақ кеткен соң?!

Ханның да қара тілін ала бермес,
Бастан – тәж, астынан тақ кеткен соң!
Әкеден бала безер күн болады,
Қуат кеміп, сексенге жас жеткен соң!

Қазір де «Қара шал» зары шығып, айтылып та жүр. Болашақты сол кезде болжағандар [айтып еді]:

Бағынба, қазақ, орысқа,
Бағынсаң, қазақ, орысқа –
Екі бастан амандас
Сарыарқа деген қонысқа!

Билігін кетер басыңнан,
Берекең кетер асыңнан.
Тектен текке күйерсін
Көршілесің, қасыңнан.

Қызығып тұрсын байқамай,
Күйінгеннен айтам-ай!
Көрінісі орыстың –
Текеметтің түріндей.

Ойлайтыны – арамдық,
Теріден аққан іріндей.
Абақты деген үйі бар,
Сонда қазақ қамалар.
Жемтігіне шыбын үймелей,
Бір емес, сорың мың қайнар!

Сүлейменұлы Сейіл әңгімесі

Мысалы, Сүлеймен пайғамбардың баласы [Сейіл] сейілге шығып, бір жайран кездесіп, соны қуып кетеді. Аңның қызығына түскен бала атын болдыртып, енді қайтайын десе, өзінің қарны ашқан, әрі шөлдеген, атын жетектеп, құр сүлдері келе жатып бір қалың өсіп тұрған қып-қызыл алмаға кез болады. «Е, Құдай тарыққанда, маған кездестіргенің ғой», – деп, бала қуанып, асап қалады. Аузына удай болып тиеді. Сасқанынан түкіріп тастайды. Енді бір өзекке келсе, бір қара қаншық буаз, күшіктейін деп жатыр екен. Бірақ, күшіктері енесінің ішінде туылмай [жатып], шәуілдеп үріп жатыр екен. Мұны көріп, шошып кетеді: «Маған не керемет болады?!» – деп.

Енді сол өрге шыға келіп еді, бір үлкен қара құс бір ойға барып қонып, қайта тасқа келіп тұмсығын ерсілі-қарсылы сұртеді. «Бұл не ғажап?» – деп, әлгі жерге барса, өлген адамның денесі жатыр екен, соны қара құс жеп, тұмсығын сұртуу – сол екен. Мұнан жаман зәресі ұшып: «Алла маған не керемет көрсеттің?!» – деп, бабасына келіп айтады бар көргенін: «Сонан өзім қорықтым», – деп. Сүлеймен пайғамбар бұл оқиғасын былай деп шешіпті:

– Алғашқы, сырты әдемі, қызықтырған алмаң – кейінгі болар пенделер: сырты сондай, іштері бір-біріне удай болады.

Екінші, қара қаншықтың тумай жатып, ішінде үріп жатқан күшігі – сол пенделерден туатын ұрпақтар: туа жағаласып, ғайбаттап, түгіңді қоймайтындар, ештеңеге көздері тоймайтындар.

Үшінші, келер сол заманның молдалары олген өлікті олжалап, малын алып, етін жеп, тұмсығын тасқа сүртіп жүрген қара құс сияқты [болады].

Сол себепті Хұжырат сүресінде Құрандағы бір аятта (II-аятта) айтылған: «Ей, мұсылмандар, тым құмаршыл болудан сақтаныңдар! Біріңе-бірің кінә іздемеңдер! Бірің туралы бірің өсек айтпаңдар! Көз жұмғаннан кейін ағайындарыңнан ет жемеңдер – күнә!

– Қазіргі ақсақалдар, ерте кездің ақсақалы үйінде күнде жылқы етін жеп отырған жоқ. Сондықтан: «Жақсы жылқы сойып па, қазысы қалай екен?» – деп, тайлы-таяғы калмай барып, жеуге дайын, намазсыз, дәретсіз алаяқтар! – депті.

Бұл өтетін адам ауырып жатқанда, бір де-біреуі барып, көңілін сұрап, кешу алысу дегенді білмейді, «Өлді» – деп естісе, «Күнфиаһу» – дейді.

АТТЫҢ СЫНЫ

Айғай шықса даладан,
Тігіп құлақ қараған.
Мылтық белді, серке сан,
Іш бауырынан жараған.
Жабыса қатқан қоң еті,
Сүйем шыққан – елі көтті.

Тостағандай бұлтияр –
Екі санның ішкі еті.
Сүрініп аяқ баспаған,

Әрбір өнер бастаған,
Сондай жолы жарасаң,
Мойнынан төмен аспаған.

Күміс кұйрық жылт етер,
Тақымына жылп етер,
Балғадай боп төрт аяқ,
Қара жерге дік етер.

Салыңқы төсті, зор кеуде,
Жер тарпиды жем жерде.
Сағақ жері үзіліп,
Секіріп тұрса белдеуде!

[Жүйрік аттың белгілері]:

1. Жүйрік – көп жылқының шетінде жүреді.
2. Астыңғы еріні – үстіңгі ернінен ұзын, салпы келеді.
3. Екі танауы түрілген, сайғақтың тұмсығына ұқсас келеді.
4. Танауының ішінде не бес, не алты тесік болады.
5. Шапқанда алдыңғы екі тұяқтың ізіне екі артқы аяқтың тұяғы дәл түседі, асып түссе – ұшқыр, кем түссе – болдырғыш.
6. Ең аяққы, қорытынды мүшесі – сиетін жері – бір-ақ сүйем болады.

Лә иләһи иллолла – иманымыз,
Иман айтып Хаққа мойын (ұсынамыз) [бұрғанымыз].
Өлген ердің артында ұл қалмаса,
Күнфиаһу тұржағун болғанымыз.
Лә иләһи иллолла – иманымыз,
Иман айтып Хаққа мойын (ұсынамыз) [бұрғанымыз]!
Өлген ердің артында мал қалмаса,
Көңіл айта келмейді туғанымыз.

Мұса мен қожа

Каратаудан келген бір қожадан Мұса мырза сұрапты:

– Тұрмыстарыңыз қалай, қыстан қалай шықтыңыздар? – деп.

Сонда қожа:

– Иншалла, шүкірміз, бір қораз, екі күрәлік сойып, өте тоқ болып шықтық, – дегенде, Жапар ақын шыдай алмай:

Ет жеп, қымыз ішкен дүрдей болар,

Бір құдай бәрімізге бірдей болар.

Қарнын көк шөп тескен қу қарасарт,

Қырдағы ел құдайыңмен бірдей болар!

Себебі бұларды Құлжа молда:

– Қырдағы елде [қожа] жоқ, бізге кел, – деп шақырғанда,

– Аштан өлейік пе: егін салмайды, сауда істемейді, жалаңаш жүреді қазақтар – дейді екен.

Келгесін сары қазы, сары қымыз ауыздарына тиіп, дәнiккен соң, бiрiнiң артынан бiрi көшiп келiнтi. Мұса әуелде өзi шақырған соң, сөзiн екi қылмай, әр жерге сыйыстырып, әр атаға бөлiн жiберген көрiнедi. Қожалардың негiздерi – өзбектiң, ноғайдың арасында қағылып – соғылып жүрген Өгiзтаулық сарт көрiнедi. Тұрақты мекенсiз халық болса керек.

Мұқыш сауалына жауап

Мәшһүр-Жүсіптен Мұқыш Бағынбайұлы сұрапты:

– Кәріліктің шегі қай жас болады, молда аға?! – депті.

Сонда берген жауабы:

Бірінші – алыстағыны көзі көре алмайды.

Екінші – қатты етті қатыр-құтыр шайнай алмайды.

Үшінші – қасындағы жатқан әйелді к... жарамайды.

Кәріліктің белгісі, міне, дәл осындай болады, шырағым, – деген екен.

Алла жарлығы

Бір Алла Жебірейілге қылды жарлық:
– Таһаратқа пайғамбарды үйрет барып!
Жебірейіл көктен қазір келгеннен соң,
Пайғамбар қарап тұрды қайран қалып.

Жебірейіл жарлықпенен келді жерге,
Мен жаздым: «Үйренсін!» – деп бәрімізге.
Мұхаммед пайғамбарға амандасып,
Қанатын сол арада соқты жерге.

Қанатын соққан жерден бұлақ ақты,
Адамша суретімен таһарат алды.
Мұнан соң, таһарат алып, намаз оқу,
Біздерге парыз болып сонан қалды.

Пайғамбар сонан кейін [таһарат] алған,
Біздерде таһарат алу сонан қалған.
Намаз оқу – Құдайдың бір парызы,
Пенде деген мұсылман мойынға алған.

Зинақор туралы

Сөйлеп қал осындайда, қызыл тілім,
Өтіпті нелер жүйрік бізден бұрын.
Баяғы өтіп кеткен бір заманда,
Айтайын хикаясын бір молданың.

Болыпты сол заманда сұлу қатын,
«Сұлу» – деп, айтпайды екен ешкім атын.
Жамағат, тыңдағанға бір жаман іс,
Айтайын сол қатынның қылған ісін.

Сол қатын сұлу еді – жұрттан артық,
Сәулесі нұрлы екен – жұрттан артық.
Бар екен сол қатында жалғыз бала,
Мектепке берді апарып, қадам тартып.

Мектепте оқып жүрді бала сонда,
Баланы оқытады, көріп молда.
«Баласы сұлу қатын, кел!» – деп айтар,
Әрқашан шақырғанда сабағына.

«Сұлудың ұлы» – деп, көрген сайын,
Оқытып, тәрбиелеп күн-түн сайын.
«Молдекең күнде мені ұялтады» – деп,
Баласы анасына айтты жайын.

Пікірін молдекеңнің қатын білді:
– Басқадан, балам, сені жақсы білді.
Тақсырға бір хайланы жасамаққа,
Ойына бір қиялды мақұл корді.

Балаға анасы айтты:
– Тыңда, балам,
Мектепке барсаң ертең, ұрып қадам.
«Молдеке, апам сізді шақырады» – де,
Болып кетсін үйге мейман, кешке болсын!»

Азанмен мектепке бала жетті,
Хабарын молдекеңе баян етті.
Сұлудың шақырғанын естіген соң,
Көңіліне молдекеңнің шаттық жетті.

Сұлудың молда кешке үйін тапты,
Артықша құрметленіп, көңілі шапты.
Молдаға қатын айтты:
– Етемін енді сізбен мен бір шартты.

Шартымды мақұл дейсің, қабылдасаң,
Болмайды бұл көңілден шыға алмасаң,
Менімен ашынаһырың баһрар болар,
Сөзіме бұл айтқан тоқтамасаң!

Тақсыр-ай, меніменен келдің ойнай,
Жігіттік қызығына жүрсіз тоймай.
Менімен бір төсекке жатпақ болсаң,
Шешемін үстіңізден киім қоймай.

Егер де бір сертіме көнбесеңіз,
Қайта бер, ауқат ішіп, әуре болмай.

Молданың ышқы кетіп, көрді мақұл,
Шешініп, тыр жалаңаш болды ақыр.
Көйлек пен штанын шешіп беріп,
Төсекке тыр жалаңаш кіріп жатыр.

Әкелді бір диірменді қатын тұрып,
Молдекең төсекте жатыр бұғып.
Үлкен екі табаққа бидай салып,
Үйінің бір бұрышына қойды құрып.

Молдекең төсекте жатқан шақта,
Бір кісі айқайлайды есік жақта.
– Япырм-ай, ерім менің кеп қалды-ғой,
Кетіп ед жолаушылап алыс жаққа!

– Кіргіз, – деп, айқай салды – есік ашып!
Молдекең қорыққаннан қалды сасып.
Болдырып әрлі-берлі жүгіреді:
«Енді мен құтылам, – деп – қайда қашып?!».

– Қорықпа, -қатын айтты, – молда, – деді,
– Құтқарам, босқа қапа болма! – деді.
– Жаулық пен көйлегімді киіп ал да,
Ала бер диірменді қолға, – деді.

Қатынның айтқан тілін алды молда,
Қасына диірменнің барды молда.
Қатынның көйлегін киіп алып,
Басына ақ жаулықты салды молда.

Киіп ап әйелдерше киімдерді,
Зулатып, тартып берді диірменді.
Шайтанның сөзіне еріп, жолдан тайып,
Молдакем сұлуының сыйын көрді.

Кіргізді мұнан кейін қатын байын,
Төсегін салып қойған етіп дайын.

– Ей, қатын, мына кісі қай әйел? – деп,
Сұрады әйелінен қатын байы.

– Әйелі:

– Ана үйдегі келін, – деді,

– Жата бер, жұмысың не сенің? – деді.

– Сен үйде жоқ болған соң, диірмен тартып,
Отыр ед айналдырып мені, – деді.

Байы айтты:

– Бәрекелді, балам, – деді,

– Тартып ал, ұялмай-ақ тамам, – деді.

– Денелі, еркектей-ақ бар екенсің,

Келер-ау, не қылсаң да (тамақ) [шаман], – деді.

Байымен қатын барып бір жатады,

Молдекең диірменді зулатады.

Жан терге, диірмен тартып, түсіп молда,

Жаулықтың етегімен құрғатады.

Тартқан соң диірменді тынбай сабап,

Бітіріп бидайды екі табақ.

Байы айтты әйеліне мойнын құшып:

– Жатсайшы, икемделіп бері қарап.

– Бұл үйде келін де бар, сен де барсың,

Жатсайшы екі ортаңда құр жатамын.

– Қайтейін, сақалыңмен балаларша

Сөз қылып, келініңді не қылғаның?!

Өкпелеп ақ некелі серігіне,

Ол өзі ұмтылды кеп келініне.

Келінжан, қайнағанды не қыласың,

Кез болдың көңілімнің желігіне.

Молдекең, ұмтылғанда, зытып берді,

Бұлдырап әрлі-берлі жүгіреді.

Сасқанынан ор қоянша арғып жүрін,

Жан дәрмен есікті ашады енді.

Көйлекке оралып жүр, жазыла алмай,

Кеп қалды бұ да шығып тайына [алмай].

Түнімен бір бұттай бидай тартқан,
Сорына, кез болды ғой, басы мұндай.

– Қалмаймын артыңыздан қайда барсаң,
Емес пе маған арман жайға қалсам?!
Мойныңа білегімді орай салып,
Келінжан, ақ дидарыңды аймаласам!

Сартылдап бұл сөзді айтып, қуды қатты,
Кісідей жете алмаған, кейін қапты.
Құтылып қуғыншыдан зордан молда,
Бір жерге оңашалау барып жатты.

Күрсініп, демін алып, біраз тұрып,
Өзінің ауылына келді (жетіп) [құрып].
– Ей, қатын, есігіңді ашшы, – деді,
Артықша айғайламай дыбыс қылып.

Етегі көйлегінің жырым-жырым,
Қан қашып, қусырылған танау-мұрын.
Шам жағып, бір кезде қатын келіп,
Байының мұндай болған көрді түрін.

Байының қатын қарап сылағына,
Шығады о жағы мен бұ жағына:
– Япырм-ай, осы менің молдамбысың,
Отыр ем: «Қатын ғой!» – деп, сияғына.

Шапан жоқ, басыңызды ластадыңыз,
Киімнің бәрін қайда тастадыңыз?
Отыр ем: «Қатын ғой!» – деп қиялында,
Танытты саусағыңыз бен басқаныңыз.

Қысылды осыншама өкпең неден,
Кез болдың не пәлеге өктем келген?
Киімін қатынның кидің қайдан,
Етегі көйлегіңнің көктелмеген?

– Қатын-ай, – молда айтты – сұрама жайды,
Еріңіз жазым болып, жолдан тайды.

Түндегі көргенінің бәрін айтып,
Қатынға бастан-аяқ тамамдайды.

– Сыр шашпа, қатын, жұртқа, ұрыс (қылып) салып,
Араз боп, өзді-өзіміз ашылмалық.
Барғанмен, бітірген ештеңе жоқ,
Құтылдым өзім бостан басымды алып.

Мұнан соң сөйлемеді қатын-дағы,
Молданың жалынбағы мақұл-дағы.
Жарасып қатынменен молда қалды,
Молдекең болмай қалды қалпындағы.

Баруға, шақырса да, қаймығады,
Барғанмен, асыл болды қай мұраты?!
Түндегі көрген қорлық естен кетпей,
Жүрегі май ішкендей шайлығады.

Баспады, шақырса да, ешбір қадам,
Көрінсе, сұлу әйел, құштар адам.
Балаға онан әрі үндемеді:
«Естісе сезер-ау, – деп, – дұшпан адам!»

Жарандар, құлақ салып, тыңда мұны,
Арамның молдадай ғой көрген (мұны) күні.
Осымен хикаясын аяқтайын,
Ішінде, айып етпе, болса міні.

Осы күні қор болған қожа-молда болды,
Бастаған ғақылық сөзі тозып [қаза] болды.
Бұл күнде залымдыққа араласып,
Тұз – дәмі жоқ, ләззатсыз боza болды.

Қожа-молда ғылым тастап, ұрлық қылды,
Ғылымның жарығын өшіріп можа қылды.

Осы күні қор болған сұлтан – төре,
Көрген жан, көруші еді аяқ өре.
Бір адам: «Сұлтанмын!» – деп, елге келсе,
Ат әкеп беруші еді жүзін көре.

Бұл күнде көрінгеннің қасында жүр,
Құндыздың ескісіндей, тозған көне.

Ерте кездегі кожа-молдалар осындай болғанда, қазіргілерге не жорық?! Қай-қайдағы [баратындары] мешіт болып, қулық пайдалану, ұрлық, ғайбат – бәрі сонда болғанда, сонда жүріп, сауатты қайдан таппақ?! Ешқандай жауапсыз, сұраусыз: «Бір – Алла!» – дегенге кім сеніп тұр?! Егер «Алла!» – деп жүрген болса, тілегіміз жетіп, қабыл болып, жер бетіне өсіп-өніп, сыймай кеткен болар еді.

Ел ішінде

Ел ішінде осы күн,
Алымнан басқа жаны жоқ.
Жұрт жанында қаны жоқ,
Сипатың (Сыңартың) бұқа пішінді.
Әркімге қалған күн құрысын!

Қала берсе, бұлардан
Кәріптерді олжалап,
Өсім алып, мал жиған,
Осы күнгі қалтылдақ,
Байларға қалған күн құрысын!

Қала берсе, бұлардан
Бақсылық құрып, елді жеп,
Кітап ашып, дінді жеп,
«Тәртіпті оқу залал!» – деп.

Қотыр ешкі, ақсақ қой,
Дінге қоса күнде жеп.
Осы күнгі бір пара –
Фідиядан келген деп.

Білімі жоқ, көңілі зор.
Дін мен күнге бірдей сор,
Молдаға қалған күн құрысын!

Бұған жалғас осы күн
Еже әбжат қалдырмай,

Оқытады балаға
Ақы-мақы сұрамай.

«Зекетке берген танаға,
Жақсы болар – деп молда:
– Ескіні бұзбай тұрар» – деп,
– Бастан айып бағынған,
Салсым медет бергіл! – деп,
Өзі сынды адамға,
Мүрит болып табынған.

Қала берсе, осы күн
Болыстықтың жолына,
Жүздеп-мыңдап шашылып,
Жылай кеткен мал құрысын!

Таспа қара, таңқы мұрт,
Надан сопы бұ құрысын!
Адастырған бұларды
Алдауыш ишан о құрысын!

Пайғамбардың хадисі

Оқып, біліп, орындамағандар – «Мұрдарлар» /кәпірлер/. Пайғамбарымыз екі нәрсе қалдырған: «Менің үмбетім, сіздерге екі нәрсе қалдырдым. Соны мықтап ұстап, құлшылық етсеңіздер [дұрыс]. Біреуі – Алланың парызы, екіншісі – сүннет. Расул Алланың хадисінде ешқандай кемшілік жоқ. Расул Алла сүннет әм қалдырды – тек қана. Құраннан басқа, жанынан шығарып сөйлемеген. Алланың кәлемі – мүмин болған ислам дінімен ғибадат ететін түзу жол. Егер де Құран ғүкімін, сүннетін хұқымен құлшылық еткен пенде – Алланың нағыз тақуа болған, мүмин пендесі – сол. Құран-Кәрімде айтылып, жазылмаған сөз – бәрі де бекер.

Солай болса, Алланың пайғамбары дінді кәміл етіп, түгел ғып Құранмен бірге тәмам ендірді. Құран сөзінде, пайғамбар хадисінде жоқ сөзді қосып айту – Аллаға кір келтіру болады. Кейіннен: «Кемі бар» – деп, қосалқы жазушы, не айтушы болса, «Алланың Құранын,

расулдің сүннетін өтірікші» – деген болады. Яғни, Құран сүннеті жөнінде «бұлай емес» – деп, жаңалық, шарифат қосып сөйлесе, ол адам – «Мұрдар», яғни, діннен шыққан кәпір деген. Әр адамның өзінің тұсында жаңалық қып шығарғаны – ол «Філхат». Ондай іс-зияндық, азғындық – Алланың парызы, пайғамбардың сүннетінде болмаған ғамал. Олар «Мүшірлік» – мұнафықтардың ісі. «Аһалы фиркатыһ» дінсіздер – «Уалагуму иланум» ғазат бұл аят ендірілді. Расул ғалайссаламның сауабын өзгертін, ақша алу хақында айтылған. Құранда: «Ақша ал» – деп көрсетілмеген. Осындай адамдарға Құранда ат қойылған: «Сүммә бүкүмүгрүміл – надан, көзіне шел қаптаған» – депті.

Құранда жоқ ғамалды қолданып, шындығын айтпай жүрсе, ол адам өзіне оттан азап әкелмек болмақ. Алла: «Менің нығыматыма шүкіршілік етпей, күпірлік, яғни қанағат етпесендер – істейтін жазам қатты. Нығыматымнан мұраттан денсаулық бермеспін!» – деген уағыдасы бар.

«Фідхат» жолына ерген, шүкіршілік етпей – ондай адамдарды Алла аздырады, сақтану керек. Құранда һәм сүннет хадисте айтылмаған, халықтың түрлі қолданып жүрген: «Філхат – ат қойып алу, исрап рия ету – Биям Аллаһу кілубили хату залалаһуту уа күлә залалаһуту йиһа фииннәри – мұндайлар – тамұқта!» – деген.

«Мұндай «Філхат» Құранда айтылмаған және сүннетте жоқ. «Бар» – деуші болса, «танзип» өтірікші, құлқының құлы, ақыретін дүнияға сатып күн көргендер, орыны – тамұқ!» – деген. Және «Исраппен (исраппен) істеген ғамалдарда сауап жоқ» – деген.

«Мұсылман болған пенделерге мақтаныш, ұрлық, өтірік, зина, өсек, бітпа, ғайбат, күншілдік, белхат, ірілік, тәкаппарлық – бұлардың барлығы – мұнафықтың ісі, ғаламат!» – дейді. Мұнафықтың мағынасы: «Сырты мұсылман, іші кәпір» – деген сөз. «Сүре «Бақыра – иннә илләзина яктумина». Құран – Кәримнен, Алла тағаладан хақылық әмір мағрұпын оқу және Алланың кәләмін оқып болып, қор болған, аз болған дүниеге қызығып, сату хақылығын айтпай, жасырушы және сатушы пенделерің құрысын! «Оттан басқа ешнәрсе аша алмайды» – деген садақаны бөлшектеп, «Құран қатымға – деп – ақшаға сан бұйырады. «Мысалы: 4-5 адам болса, қатым – құранға

Оқытады балаға
Ақы-мақы сұрамай.

«Зекетке берген танаға,
Жақсы болар – деп молда:
– Ескіні бұзбай тұрар» – деп,
– Бастан айып бағынған,
Салсым медет бергіл! – деп,
Өзі сынды адамға,
Мүрит болып табынған.

Қала берсе, осы күн
Болыстықтың жолына,
Жүздеп-мыңдап шашылып,
Жылай кеткен мал құрысын!

Таспа қара, таңқы мұрт,
Надан сопы бұ құрысын!
Адастырған бұларды
Алдауыш ишан о құрысын!

Пайғамбардың хадисі

Оқып, біліп, орындамағандар – «Мұрдарлар» /кәпірлер/. Пайғамбарымыз екі нәрсе қалдырған: «Менің үмбетім, сіздерге екі нәрсе қалдырдым. Соны мықтап ұстап, құлшылық етсеңіздер [дұрыс]. Біреуі – Алланың парызы, екіншісі – сүннет. Расул Алланың хадисінде ешқандай кемшілік жоқ. Расул Алла сүннет әм қалдырды – тек қана. Құраннан басқа, жанынан шығарып сөйлемеген. Алланың кәләмі – мүмин болған ислам дінімен ғибадат ететін түзу жол. Егер де Құран ғүкімін, сүннетін хұқымен құлшылық еткен пенде – Алланың нағыз тақуа болған, мүмин пендесі – сол. Құран-Кәрімде айтылып, жазылмаған сөз – бәрі де бекер.

Солай болса, Алланың пайғамбары дінді кәміл етіп, түгел ғып Құранмен бірге тәмам ендірді. Құран сөзінде, пайғамбар хадисінде жоқ сөзді қосып айту – Аллаға кір келтіру болады. Кейіннен: «Кемі бар» – деп, қосалқы жазушы, не айтушы болса, «Алланың Құранын,

расулдің сүннетін өтірікші» – деген болады. Яғни, Құран сүннеті жөнінде «бұлай емес» – деп, жаналық, шарифат қосып сөйлесе, ол адам – «Мұрдар», яғни, діннен шыққан кәпір деген. Әр адамның өзінің тұсында жаналық қып шығарғаны – ол «Філхат». Ондай іс-зияндық, азғындық – Алланың парызы, пайғамбардың сүннетінде болмаған ғамал. Олар «Мүшірлік» – мұнафықтардың ісі. «Аһалы фиркатыһ» дінсіздер – «Уалағуму иланум» ғазат бұл аят ендірілді. Расул ғалайссаламның сауабын өзгертіп, ақша алу хақында айтылған. Құранда: «Ақша ал» – деп көрсетілмеген. Осындай адамдарға Құранда ат қойылған: «Сүммә бүкүмүгрүміл – надан, көзіне шел қаптаған» – депті.

Құранда жоқ ғамалды қолданып, шындығын айтпай жүрсе, ол адам өзіне оттан азап әкелмек болмақ. Алла: «Менің нығыматыма шүкіршілік етпей, күнірлік, яғни қанағат етпесеңдер – істейтін жағам қатты. Нығматымнан мұраттан денсаулық бермеспін!» – деген уағыздасы бар.

«Фідхат» жолына ерген, шүкіршілік етпей – ондай адамдарды Алла аздырады, сақтану керек. Құранда һәм сүннет хадисте айтылмаған, халықтың түрлі қолданып жүрген: «Філхат – ат қойып алу, исрап рия ету – Биям Аллаһу кілубилі хату залалаһүту уа күлә залалаһүту йиһа фиіннәри – мұндайлар – тамұқта!» – деген.

«Мұндай «Філхат» Құранда айтылмаған және сүннетте жоқ. «Бар» – деуші болса, «танзип» өтірікші, құлқының құлы, ақыретін дүниәге сатып күн көргендер, орыны – тамұқ!» – деген. Және «Ысраппен (исраппен) істеген ғамалдарда сауап жоқ» – деген.

«Мұсылман болған пенделерге мақтаныш, ұрлық, өтірік, зина, өсек, бітпа, ғайбат, күншілдік, белхат, ірілік, тәкаппарлық – бұлардың барлығы – мұнафықтың ісі, ғаламат!» – дейді. Мұнафықтың мағынасы: «Сырты мұсылман, іші кәпір» – деген сөз. «Сүре «Бақыра – иннә илләзина яктумина». Құран – Кәрімнен, Алла тағаладан хақылық әмір мағрұпын оқу және Алланың кәләмін оқып болып, қор болған, аз болған дүниеге қызығып, сату хақылығын айтпай, жасырушы және сатушы пенделерің құрысын! «Оттан басқа ешнәрсе аша алмайды» – деген садақаны бөлшектеп, «Құран қатымға – деп – ақшаға сан бұйырады. «Мысалы: 4-5 адам болса, қатым – құранға

мынадай береді» – деп ризалық білдіреді. Егер, оларға ақша бермесе, құран-катым оқымаған болар ма еді? Міне, сатушы пенде, сатып алушы пенделер, аятта не айтады? Әл құран саудасын базарлаушы пенделер Алла тағаладан өлген пенденің істемеген ғибадатын барлығын көшіріп алып: «Енді жарылқады!» – деп, елші болып, кепілдік бола ма? Тағдыр ісіне қол жете ме? Өзінің халі қандай болады? Басқасын қойғанда, хатым оқып алумен не халде болатынын біле ме?! Құран сатып, ақша алудың күні – харам. Малы бар, үй – мүлкі бар, балалары бар, жәрдем алатын, дені сау адамның алуына қоспайды. Кәсіпсіз тапқан дүние – харам.

Сүлеймен пайгамбар да дүкенде балташы болып кәсіп еткен. Күнбе-күн кәсібі үшін [алғаннан] асқанын ғаріп-қасерлерге садақалық беріп отырған. Садақа – бақырларға, мүскіндерге беріледі. Молдаларға, жай-күйі бар адамдарға жатпайды. «Кісі хақысы болады, «Қарт үйі» сияқтыға берсең» – деген. Шартқа жүгінін, өсиетсіз ысқатқа мал берсе – харам. Өздері де харам тілейді, харам қылады. «Жалғанда кісі хақысынан құтылмайсың, қажыға жылап, талай жүз барсаң!» – деген.

Алла – жалғыз, әр нәрсені біледі, хазабы қатты. «Садақа – ұрлық малдан, кімдікі болсын, бір жерде жинаулы тұрған мал болсын, ақша болсын, дүние болсын – иесі бар мүлік – еншісі алынбаған, осыны алу – ұрлық!» – дейді. «Осыдан бір адам ұлықсатсыз алып, өлсе – жаназа бұйырмайды, [Құран] оқылмайды; садақа – ғаріп-қасер, мұқтажға берілсін!» – деген. Болмаған күнде – Алла жолына мешітке салу, дін оқуына барған шәкіртке беру. Өлік жөніндегі түрлі садақалар: жаназа намазы (ысхад садақа – бұл үшін тәуір жүргілуі керек) т.т. басқалар, тірі, арттағы адамдардың өздері өтейтін мұсылмандық парызы. Оны ешкім, еш молда алуға болмайды, ұлықсат жоқ. Құранда төрт жерде толық көрсетілген: «Берушінің, алушының – мойнына парыз».

Садақа туралы

Бірінші – өткен аруақтарға оқыған дұға – сауап. Екінші – тірі адамдарға берген садақа – сауап.

Салауатпен – дұға қабыл болады. Садақамен – тілек қабыл болады.

Көрсетіп берген садақан – кәріпке, адамдарға үлгі болады. Көрсетпей берген кәріпке садақан: «Алланың ризалығы үшін!» – деп, о дүниеден күнәнды жойып, пәк қылады.

Садақа беруде он қасиет бар: 1. Жалпы таза қылады, пендеден күнәны жоқ қылады. 2. Келген пәлені қайырады. 3. Ризығы кең болады. 4. Аршының [ғарыштың] көлеңкесінде отырады. 5. Сұрағы жеңіл болады. 6. Алла сауабын таразыға салғанда, ауыр болады. 7. Қыл сираттан найзағайдай өтеді. 8. Дәрежесі жаннатта болады. 9. Дүниеден өткенде – иманмен өтеді. 10. Зекет, пітір, құрбандық, – өзің үшін. Ақыретте иман байлығың орындалмаса – күнә.

Дұғаменен аруақтар байды – үлкен сауап. Садақаның сауабы – тек қана кәріпке беру. Барға берген мың теңгең – бар ғибадатыңды күйдіреді. Кәріпке берген бір теңгең – басыңа иман үйдіреді.

Алладан сұраған – құстай ұшады.

Адамнан сұраған – мұрттай ұшады.

Егер де барлық асхаплар ұжмақ дәмін татқан болса, онда – мұсылмандар еш сауал, ғазап, тозақ көрмек емес екен. Пайғамбарымыз өзі де қатты өкінген екен: «Қателеспес пендем болмас» – деп.

Сопылық – білген жанға – зордың зоры,

Сопылық білмегенге – сордың соры.

Сопылық – Қап тауының ар жағында,

Кей жанның зұлымдықпен жеткен қолы.

Би болмас – белін жалпақ буғанменен,

Пәк болмас – заты харам туғанменен.

Кей надан көзін жұмып құр шөллейді,

Сопылық бола ма құр көз жұмғанменен?!

Шежіре өлең

(екінші нұсқа)

Күліктің ең үлкені – Тілеуімбет,

Қайратты, қайсар екен, қайтпаған бет.

Бір өзінен он алты ұл туып-өсіп,

Соғысып көп қалмақпен, болыпты мерт.

Он алты ұлдың он төртін қалмақ алған,
Мен айтпаймын өтірік сөзді жалған.
Бесім, Қойтан – екеуі қалып тірі,
Мінекей, біз солардан нәсіл қалған.

Ақжігіт – дәл Бесімнің өз баласы,
Толықсып бірдей өскен мал мен басы.
Санжасар, Мыңжасар, мен Жүзжасар туып,
Туысқан Көпей, Мағырып – аналасы (Шешесі ортақ дегені – Л.Ж.).

Дүниеден кім қалады кетпей көшіп?!
Ойламаймын, уақыты жетпей, тосып.
Солардың біз-бір жүрген жұрағаты,
Көпеев – фамилиясы, Мәшһүр-Жүсіп.

Ақтамақ пен Қанай шешен

Ақтамақ шешеннен Қанай шешен:

– Ер басында бақыт нешеу, кемдік нешеу, құлазу нешеу? – деп сұрайды.

Қарауыл – Қанай шешен былай деп жауап береді:

– Ер басында бақыт – бесеу, кемдік – үшеу, құлазу – төртеу.

Астыңдағы атың жүрдек болса, жалғанның пырағы.

Алғаның жақсы болса, үй мен қонақтың тұрағы.

Атаң – асқар тау, шешен – қайнар бұлақ.

Балаң жақсы болса, екі көздің шамшырағы.

Міне, бес бақыт – осы.

– Атың шабан болса, жалғанның азабы.

Алғаның жаман болса, дүниенің тозағы.

Балаң жаман болса, көрінгеннің мазағы.

Міне, үш кемдік.

– Осы қалың ел көшсе, көл құлазиды.

Қаптаған мал кетсе, бел құлазиды.

– Нарқын танымаған сөз құлазиды.

Қатарынан айрылған шал құлазиды.

Міне, төрт құлазу – осы.

Алланың адамға жауабы

Әр кісі көр басында шығып тұрар,
Баршасы сонша жанның бас көтерер.
Тірілмей әр кез қалмас ибин адам,
Бір аттың тұяғынан мың кісі ерер.
Күнәлы, сорлы болған пенделердің
Соңынан нама келіп, яки артта,
Бәрін де күнәсының салар хатқа.

Пенде айтар:

Жаныңда мен тынбай жүрдім,
Дүниеде әрбір түрлі қайыр қылдым.
Келеді нешік нама мұндай маған,
Кәріпке нәрсе беріп, хасын білдім.

Астан – қайыр, малымнан – зекет бердім,
Ораза мен намаздан әм құтылдым.
Білдірші құдіретіңмен, құдауанда,
Бұл намада ешбірі жоқ олардың.

Алла айтар:

– Жақсы қылдың қайыр ісін,
Бірақ сен істемедің менің үшін.
Ол қылған қайырыңды мақтан қылдың,
«Атыңды – сен ойладың, – әркім білсін!»
Ораза мен намазың рия болды,
Сауабың соның үшін жазылды кем!

Пенде айтар бір Құдайға зарын қылып:
– Намазды оқып едім түнде тұрып.
Парыздан мойнымдағы құтылып ем,
Жолында, кеш те күндіз, тынбай жүріп.

Алла айтар:

– Маған қылдың көп жақсылық,
Бәрін де қызметіңнің тұрмын білін.
Дүниеде тірі жүрген уақытыңда,
Әркімді сырттан жүрдің ғайбат қылып.

Ізбасты шешен сөзі

Отырсам, «Опақ» – дейсің,
Тұрсам, «Сопақ» – дейсің,
Ел шетіне жау келсе,
«Ізбастыдай ұл тумас» – дейсің.
Жау кеткен соң, «Қубас» – дейсің.
Аласаны атқа санама,
Жаманды затқа санама.
Бір сынаған жаманды егіз-екі сынама.
Тіріде сыйласпаған туыстың –
Көзіне құм құйылсын,
Өлгеніне жылама!

Үш сұрақ:

1. Балдан тәтті не бар?
2. Қылыштан өткір не бар?
3. Ащыдан ащы не бар?

Жауап:

Балдан тәтті – бала бар.
Қылыштан өткір – тіл бар.
У-дан ащы – әдепсіз адамның аузынан шыққан сөзі бар.

Ақайдың Хасенінің Олжабаймен кездесуі

Қаракесек – Ақайдың Хасені Олжабайға кездесіп:

– Сіз кім боласыз? – дегенде, Олжабайдың айтқаны:

– Жұпыны киініп жүр екен. Ағаштың түбі[нде] бір бұтақ басқаға ұқсайды. Арғы атам сол ағашқа ұқсайды. Қанжығалы Исабектен Есен туып, Жағыпардан біз төрт арысқа бөлінгендей, менің атам Жиеншеден тарайды, алты ауыл баласы:

Адам[нан] туған – Ақша батыр,

О-дағы ата-баба жолын қуған.

Ақшадан туған екен – ер Бөгенбай,

Ел қамын Едігедей жер – Бөгенбай.

Қалмақты қысқа күнде қырық шауып,

Үш жүзге олжа салған – сол Бөгенбай.

Бөкеңнен туған Әлі – бел баласы,
Би Бағай одан туған – ел данасы.
Сөз конған Саққұлақтай би Бағаннан,
Қазақтың атын білмес қай баласы?
Сақаңнан Нұралыдай әкем туған,
Өзі оқтай, о да шыққан қалың қудан.
Кездесіп, ақырғы ер Олжабай,
Ішкізген зәһәрін езген удай.
Бір күнде жақты Олжабай, жақсы Олжабай,
Кеше бүркіт болғанға,
Бұтақ керек болғанда,
Өткен күнде Көкшетаудай, – деген екен. Қасен тұрып
көріскен екен дейді.

Үгіт өлең

Көтердің ол пенделердің күнәларын,
Сырттан ғайбат қылып, айттың бәрін.
Қайыр-садақанды барға бердің,
Орнына сауаптарың өшті сенің.

Алла айтар:

– Топырақтан адам қылдым,
Дүниеде ғылым-хикмат бәрін білдің!
Жердегі мақлұқаттың баршасынан,
Абзал боп әуелінде жаратылдың.

Ақ жолды оқу бердім – білмек үшін,
Мәжитке аяқ бердім – жүрмек үшін.
Он екі ағзамыңды түгел бердім,
Дүниеде бұйрығымды қылмақ үшін.

Көз бердім: «Оқысын, – деп, – Құран көріп!»
«Зікірді айтқыл», – дедім, тілді беріп.
Өзімнің күдіретіммен күнбе-күнгі,
Ырзықты тұрып едім, әм жіберіп.

«Менен – деп ойламадың – оның бәріп».
«Әркімнің кәсібі» – деп, малын алдың.
Зәредей таразыда сауабың жоқ,
Бұл күнде нешік болар сенің халің?»

Пенде сөзі:

Есігіп, кәріп пенде көп қайғырар,
Жері жоқ, онан басқа мойын бұрар.
«Иа, Алла, арызымды тыңдашы!» – деп,
Топыраққа бетін сүртіп, жылап тұрар.

Айтар кәрін пенде, кылып нала:
– Бар еді менде сүйікті ата-ана.
Олардан: «Шапағат бер!», – деп – мен сұрайын,
Баруға рұқсат берші, Хақ тағала!

Тілегін Хақ тағала қабыл қылды,
Пенденің баруына рұқсат берді.
Көзінен қатпар-қатпар жастар ағып,
Алдына атасының пенде келді.

Мәшһүр –Жүсіп пен Зілғара

Мәшһүр-Жүсіп Ақмолаға барғанда, халық: «Мәшһүр кепті,
Мәшһүр кепті! – деп шуласып, әбігер болып жатады, – сәлем
береміз!», – деп. Мұны Зілғара би естип:

– «Немене естерің шығып сонша, ол – кім? Оны мен көрейін!» –
деп, Мәшһүр отырған үйге: – Кәне, Мәшһүрің қайда? – деп, сәлем-
саулық жоқ кіріп келеді. Мәшһүр-Жүсіп сонда айтады:

Ит болсаң, жүрер едің барақ қана,
Үрер ең, жан-жағыңа қарап қана.
Үлкен итке шамаң келмей,
Жүрер ең кіші итті талап қана.

Ат болсаң, жүрер едің саяқ қана,
Кедейдің жауыры батқан арқасына.
Төрт аяқты малғұн сен болмасаң,
Бермекпісің сәлеміңді қ... ның қақ басына?! – дегенде,

– Ғафу етіңіз! – деп, қолын ұстапты.

Бірақ бір жөнді жосқын сұрақ қойып, бір тоқтатып, сөзден ұтпақ болады: «Халық алдында ұятты болмайын!» – деп:

– Таксыр, кәріліктің белгісі қандай? – дейді.

Мәшһүр-Жүсіп:

– Кәріліктің белгісі үшеу, – дейді:

1. Көзіннен жас ағып, алыстағыны көре алмайсың.

2. Тәтті піскен қатты дәмді катыр-құтыр шайнап жей алмайсың.

3. Жаныңда жатқан қатыныңды шатыр-шұтыр айдай алмайсың, – депті.

Зілғара ештеңе дей алмайды.

Отырған жұрт ду күлісіпті. «Ауруда – шаншу жаман, сөзде – қаңқу жаман» – деген. «Зілғара онан кейін ол елде тұра алмай, Ой бойына, Бәсентиін еліне кетіпті» – дейді.

Мәшһүр-Жүсіптің келініне көңіл айтуы

Шарафидің бір кішкентайы қайтыс болады. Түскі шай үстінде келіні мен ұлы кішкентайларын есіне түсіріп, жылай беріпті. Сонда Мәшһүр-Жүсіптің айтқан жұбатуы:

Жылама, балам, жылама,

Жылағанмен бола ма?!

Алла берер есесін!...

Екі арыстарың аман болсын,

Келер жылы осы уақытта

Бір кішкентай тасағы бар ұл

Біздің үйге пайда болсын,

Аты – жас Сүйіндік болсын!

Аллаһу әкбар! – депті.

Мұнан кейін екеуі де жылағандарын қойыпты.

Құран туралы

Иман келтір әуелі: «Алла – бір! – деп,

«Мұхаммед – Хақ расул пайғамбар» – деп.

«Діп үйрет – деп жіберген, – елші досы,

Құлдарыңды Хақ жолына көндірсін!» – деп.

Осы себепті Алла пайғамбарымызға құран, бұйрық кітап түсірген.

Бірінші, Құранның мағынасы – бұйрық. Екінші, сүренің мағынасы – насихат. Үшінші, аяттың мағынасы – ақыл, кеңес. Бұйырған: «Насихатта, ақыл-кеңесінді айт, дінге кіргіз!» – деген.

Бірақ, кейінгі молдалар, керісінше, дінді халыққа насихаттаудың орнына, оңай ақша табу кәсібiне айналдырып, қараңғы, түсінбеген халықты мәңгүрт санап, аңқауды алдап, кедейді қанаған. Бұл үшін Мәшһүр-Жүсіптің айтқаны:

Сиқырын он қашырға шайтан артқан,
Мұның бәрін жожа-молда сатып алған.
Кедейді қанап, аңқауды алдап,
Шайтаның сиқырымен пайда тапқан.

Іздесең сауап, молдалар,
Құран оқы молаға!
«Қасына түне!» – демейді.
Келiңдер қайтып қонаға!

Өлім – барды шашады,
Жоқтың артын ашады.
Қосылып сендер тонама!
Жылап-сықтап жатқанда,
Олжадан ойың барларың –
Қараң өшсін, жолама!

Құран оқып, күңіреніп,
Сары уайымға саласың!
Берсе, қағып аласың,
Соларың дұрыс бола ма?!

Тәңір алдына барғанда –
Шарифат, төрт иман тұрар жері,
Түгендеуге келмейді ердің ері.
«Калам-шарип жолын тұтпағандар
Болады, – деп айтады, – малғұн пері».

Дінді бұрмалаушыларға (екінші нұсқа)

Дін қайда, осы күні білім қайда,
Тұрған жоқ, анық көңіл бір Құдайға.
«Лақ-тоқты аламын, – деп жүрген жаннан
Ойлайсың: «Тиеді, – деп, – кімге пайда?!»

Шариғат – кітап сөзі қалды тозып,
Бел асты, шылғи өтірік шыннан озып.
Дүние үшін молдалардың пейілі азып,
Бұлар жүр быт-шыт қылып, дінді бұзып.

Осылай жүріп жатыр дін сарсаңда,
Көбейіп қожа-молда бұл қарсаңда.
Жалғанда кісі ақысынан құтылмайсың,
Қажыға жылу жинап, жүз барсаң да.

Айналайын, шариғат,
Атың бар да, затың жоқ,
Бастырушы – бір өзгертіп.
Айтушы – екі өзгертіп,
Өртеп жіберетін кітабың көп.
«Жаназа оқыдым», – деп, бір алып,
«Құран шықтым» – деп, екі алып.
Кәріп садақасын және алып,
Суық қолды, сұм алаяқ,
Асып өлтірер молдаң көп!

Төлепберген ескертпесі:

«Расында, кәзір де, кейбіреулер дінді уағыздаудың орнына – осы садақаларды өздері қағып алуда екені [де соны] дәлелдеп тұрған жоқ па?! Одақтың кезінде Құран сатылған жоқ. Ал, қазірде «Сату – өте күнә!» – деп ескертілсе де, Құран да, иман – шарт та сатылып қалады. Ол үшін Мәшһүр-Жүсіп ағамыз:

Қожа-молда дегенде, қожа-молда,
Оқитының – Құран сөзі күнде, молда.

Біле тұра, Құран сөзін ақша қылған,
Түбінде шырылдар жан өзін, молда! – деген.

Мәшһүрді «Бар екен» – деп есіне алсын,
Аяғын аңдамаған қия салсын.
Жасымда қожа кесін, сүндеттеген,
Жақтырмаса, қалғанын кесін алсын.

Бұл әділетсіздіктеріне төзе алмай, [қожа-молдалардың] қылықтарын ашына жазғаны.

Дұға туралы

1. Дұғаң – салауатпен сауап болады.
2. Тілегің – садақамен сауап болады.
3. Барға берген садақаң – бар ғибадатыңды күйдіреді.
4. Кәріпке берген бір теңге – басына иман үйдіреді.

Бұл пендесін: «Кәріпке бір теңге берген үшін, Алла, пейішке жібер!» – дейді екен. «Ал, «барға» бергенді – Әңкүр-Мәңкүрге апар. Бұл байлық, барлықты қайдан тапты, кәрібімді неге ескермеген екен?!» – сауал алдыруға. Барлық сауап пен күнә-садақа беруде. Құранда Бахара сүресінің 173 аят[ында]: «Құран сөзін ақшаға сатқандарды Алла азаптайды, орны – тозақ», – [делінген]. Ал, 38-аятта: «Аяттарды бұрмалау, дүние үшін тозаққа мәңгі қалады», – [делінген]. (40-аят, Бахра сүресі) 78-аятта: «Кітапты қолдан жазып, Алланың сөзін ақшаға сатқандар – тозақтың түбінде шырылдайды», – [делінген].

[Төлепберген түсіндірмесі]:

«Молдалар осыны Құраннан көріп – біле отыра жасағаны үшін, Мәшһүр-Жүсіп бабамыз қожа-молдамен өле-өлгенше қас болып, неше түрлі сын жазып кеткен көрінеді».

Дін түзелмей – ел түзелмейді. Уағыздаушы көбеймей – өз бетімен ешкім үйренбейді.

Алланың бұл бұйрығын орындамағандықтан, күнә көбеюде. Бір кезде: «Дінімізді бермеді» – деп, Одаққа наразы болды. Ал, берді, не өзгеріс?! Арақ әлі сол қалпы. Бұл дін уағыздаушылардың кемдігінен

көрініп тұрған кемшілік емес пе? Сондықтан [шала] молданың қасиеті – аруақтардың қасиетімен атын жаңғыртушы. Алланың қасиеті – мешітінің шаңырағын көтеруші. Мәшһүр атамыздың хикметін жинаушыға және ескерткіш музейін салушыға Алла әлемнен асқан абыройлы бақ берсін, осы бабалардың аруағы қолдасын!

Зекет, иман туралы

1. Бауыздалмаған мал – харам болады.

2. Астықпен жемделген малдың жыны нәжіске айналып, етке дәмі шабады. Оны соярдан бұрын он күн шөп пен су беріп, ішіндегіні жынға айналдырады, еттің пейіш дәмін орнына келтіреді.

3. Зекетсіз мал – харам, малдың берекесі кетеді.

Беріңіз халал малдан қайыр – зекет,
Болмайды харам малда еш берекет.
Өзі кемісе, мен оған кепіл – міндет,
Жолықпайды халал малға еш әрекет.

Мал үшін дүние ақыретте тартар обал,
Екінші улар нәрсең – дәл осы мал.
Сол у-ды қайтаратын дәрісі – осы,
Малыңнан зекет берсең, болар халал.

Бермесе, қияметте жылан – шаянға іші толар,
Иісі боқтан сасық, жаман болар.
Қой басып, сиыр сүзіп, жылқы таптап,
Әр жерде бір домалап, жатып-тұрар.

Періште сол еркіне қоймай айдар,
Бұрқылдап төбесінен миы қайнар.
Сипатпен осы айтылған келеді екен –
Бермеген зекеттерін сараң байлар.

Келеді бір түрліні періште айдап,
Аузынан ірің ағып, соры қайнап.
Салбырап кеудесінен тілі шығып,
Тілдерін аузындағы қырш-қырш шайнап.

Бұлар сол – ұғып, ұқпай босқа қалған,
Шын болмай, айтқан сөзі болып жалған.
Жұртқа айтып, ғамалды өзі тұтпай,
Бос қалған, біле тұра сол ғамалдан.

Иман түрлері

Бірінші, малдың иманы: «Аллаһу әкпар» – тірі кезінде айтылады.

Екінші, адамның иманы: «Лә иләһа иллолла». Бұл да адам тірі жатқанда айтылады.

Адамның [сол иманды] қайталауына тілі келсе, өте жақсы. Әйтпесе, естірте айту керек. Себебі, сол ауырлаған шақта «Ібіліс» шайтан ол адамның ұрқын аңдиды: азғырып алып кетпек үшін. Сол себепті мұсылмандар, имамдар, қатты сақ болулары керек.

Және парыз етілгені:

Өтер халде пенделер –

Қасында бол, молдалар!

Алып кетсе ұрқын «Малғұн»,

Үлкен сауал – сол болар.

Өздерің қорық құдайдан,

Сенетіндей адамдар.

Он парызға мұқият бол,

Мойныңдағы атқарар!

Көз жұмылмай тұрып айтылған иман – иман. Көз жұмылғаннан соңғы айтылған иман – күмән. Өйткені, «Ібіліс» шайтан өтер халде Әбузікірия әулиені де айналдырған – ұрқын әкетпек боп.

Он парыз туралы

Сегіз қалиматын ауру адам қасында отырып айту керек: 1. Қалиматун тайба, 2. Қалиматун шаһада, 3. Қалиматун таухид, 4. Қалиматун радил күффри, 5. Қалиматун истиғфар, 6. Қалиматун намжид, 7. Иман мұжмал, 8. Иман Мүрсал.

1. Қалиматун тайба айтса, иманды болады.

2. Қалиматун шаһада айтса, жаны жәннатта болады.

3. Қалиматун таухид айтса, тозақ отынан сақтайды.
4. Аятлы күрсі (куфра) оқыса, жаны қиналмайды.
5. «Ықылас» сүресін оқыса, ұрқына екі періште ие болады.
6. «Ықылас» сүресін қырық бір қабат қайталаса, шаһит болады.
7. «Иасин» оқылса, «Ібіліс» шайтан қуылады.

8. Қабірге [олікті] таза, ораза, намазы бар адам орналастыруы керек. Сырт аяқ киімсіз, жаз – жалаң аяқ [болсын]. Зұлман періште келгенде, марқұмға пейіш иісі бұзылмау үшін. Аяқ киімде құзыр болады, әр жерді басады.

9. Бас топырақты майда елеп, жастық қып салу – бұл сауап топырақ. Күнәсы артық болса, сол топырақтан салса, сауабы артылады. Және жаназа намазына тұрмағандардан жаназа намазына тұрғандар көп болса, Алла жарылқайды: «Жалғанда да сыйлы адам екен» – деп. Періштелердің сауалы жеңіл болады. Расулге Жебірейіл айтты:

– Қайран қалам,

Осындай Жаббар құдай айтты сәлем:

«Тозаққа бір пендесін жандырмайын,

Ғұмырында көркем мінезді боп,

Бір қалима айтса маған!»

Міне, бұл пендесін сол жалғанда жағымды көркем мінездіге жатқызады.

10. Топырақ салып, салауатпен жауып, сонан соң «Иасин» дұғасын оқыса, шайтан қуылып, 23 құран – қатым сауабы болады.

Осы он парыз түгел орындалған болса, Алла жарылқайды. Сондықтан, өткен пенденің иманды-имансыз болуы – соңында тірі қалған мұсылмандардың осы парызды орындалуында. Осы себепті Мәшһүр-Жүсіп бабамыздың тағы бір хикаяты:

Шарифат, төрт иман тұрар жері.

Түгелдеуге келмейді, ердің ері,

Қалам – шарип жолын тұтпағандар,

«Болады, – деп айтады малғұн, пері».

Мағынасы: «Шайтан» деген – осы шарифат қағидасын,

Құран сөзі – құдай сөзін орындамағандарды «Мұнафықтар» – деген. Ал, Құранда Ниса сүресі, 88-аятта: «Қайдан тапсаңдар да,

ұстап өлтірілсін мұнафықтар – деген. «Ал, ұрылардың қолы шабылсын!» – деген. Сондықтан, құран оқып, ақша алу, құран сөзін бұрып айту, құранда жоқ сөзді айту – мұнафықтардың ісі – делінген. Құранда еш жерде: «Ақша алынсын» – деп, жазылмаған.

1. Барға берген мың теңге – бар ғибадатыңды күйдіреді.

2. Кәріпке берген бір теңге – басыңа иман үйдіреді.

Осы себепті, Алла тағала пендесін екі рет көреді: бірі – адам өтіп, жуылып, қалампыр мен иісті пейіштеп киіндіргеннен киін. Періштелерімен келіп көреді: «Өмірінде кәріпке бір теңге берді ме екен, менің ризалығым үшін?» – деп, егер берген болса, Алла сол жерде жарылқайды.

Періштелерге Алла сөзі

Бір теңге берген кәріпке құдай үшін,
Сөзін жылы шырай ғып, оған жүзін.
Құдайым періштеге айтады екен:
«Көрдің ғой қылған қайыр менін үшін!»

Беріпті мені ойға алып малын қиып,
Шайтанның тілін алмай, нәпсі тыйып.
«Берем, – деп бір теңгені сатып апты,
Иманның жеті шартын бірдей жиып».

Жарайды, міне, пендем, пәле, ерім,
Жарылқар ілгергі күн оңлар жерім.
Өзімнің анық пендем екеніңе,
Мінекей, мен құдайлық бастым мөрін.

Бұл пендем жақсылықтан ойлаған ой,
Сол көрер көп ішінде айт пенен той.
Қойған соң мен мөрімді не қыласың,
Періште, сендер-дағы қолыңды қой! –

деп, сол бетте жаннатқа жібереді, Зұлман Әңкүр-Мәңкүрдің тереуіңсіз, міне – осы ғамалдардың орындалуының жақсылығы.

Төлепберген түсіндірмесі:

«Кейде: «Аруақ, қолдай гөр!» – дейміз. Сол аруақ қайда, кім біледі? Дәлелдің жағдайы осылай, әулие Зайыттың жағдайы ана-

дай, әулие емес. Кеудесінен жаны шығып кеткен пенденің дәлелсіз жағдайы не болмақ? «Өлі байымай, тірі байымайды» – деген, әлде аруақтар риза болмай, елдің берекесінің төмендеуінде ме?!».

Келер заман адамы,

«Көп білем» – деп дана болар,

Надандығы халыққа мәлім болар.

Шариғат, хадиспен жұмысы жоқ,

Құранды қате оқып, күнә болар.

Оқыған ғұламалар таусылған соң,

Ақыры сол наданды молда қылар.

Өзіңнен туған бел балаң –

Саудагердей сарт болар.

Бірге туған жақының –

Алаштан бетер жат болар.

Сыйынған пірің: молда – саудагер,

Бір Құдайға шет болар – деп, Мәшһүр-Жүсін атамыз айтқандай, Алла шет қып, қазіргі діндарларымыз шариғат ғамалын орындамай, солай қараушылықта сияқты. Бір кезде құранды да сатты емес пе? Ал, құран, құдай үшін ақша алу – мәңгі тоқталатын түрі жоқ. Сондықтан «Мұнафықтар» көбеймесе, азаятын сияқты емес.

Тілектің қабыл болмау себептері

1. «Алла бар» – деп танысыздар, парызын өтеп, ғамалын істемейсіздер.
2. Құранды оқып, Алланың сөзі деп сенесіздер де, құран сөзімен жүрмейсіздер.
3. Пайғамбарды: «Жол басшымыз!» – деп айтасыздар, оның сүннетін орындамайсыздар.
4. «Шайтан біздің дұшпанымыз» – деп айтасыздар, жолына ересіздер.
5. «Мекеніміз жұмақ болса екен!» – деп тілейсіздер.
6. Жаһаннамнан құтылудың орнына, өздеріңді біле тұра отқа саласындар.
7. Алланың берген ихсанын, нығыметін ішіп-жеп пайдаланасыздар, шүкіршілік етпейсіздер.

8. Басқа адамның фатуасын, ғайбатын айтасыздар, өз фатуаларыңды білмейсіздер.

9. Өлім – хақ, өлмей қалмайсыздар, тілдеріңіз айтады, әм оған еш дайындықтарыңыз жоқ, әм қапылықтасыздар.

10. Өлген адамдарыңызды апарып, қабір ғазабына қалдырасыздар. Одан ағзаланып, ғибрат алып, нысапқа қайтқан жоқсыздар.

Бұл сөздің мағынасы: Адам өтерде, халі азайып жатқанда, жаны кеудесінде тұрғанда – он парыздың ішіндегі орындалатын пенденің дүниеден өтерде айтылмаған дәлел – иманы. Сондықтан шарифат қағидасы бойынша, дәлел тек адамның кеудесінде жаны бар уақытта оқылу керек.

Алла тағалаға пенденің тілегі жетпеуі себебі: бес түрлі жағдаймен пендесіне наразы боп, аспанның тілек есігін жапқан, ол:

1. Мұрдар, 2. Мұнафық, 3. Мүшірік, 4. Філхат, 5. Тағзым.

1. Мұрдар – «Діннен шыққан, кәпір» – деген сөз. Құранда жоқ сөзді айтып, бар деушілер.

2. Мұнафық – «Сырты мұсылман, іші кәпір» – деген. Мұсылман болған пенделерге мақтану, ұрлық, өтірік, бітіна, ғайбат, күншіл, пендешілік, дүниеқорлық, зина, ірілік, тәкаппарлық – бұлардың бәрі – мұнафықтың ісі.

3. «Мүшірік» – надан – деген, Расул ғалайссаламның сауабын өзгертіп, ақша алу. Құранда «ақша ал» – деп көрсетілмеген. «Көңіл көзіне шел қаптасын!» – деген. Құранда жоқ ғамалды қолданып жүрсе, отпен азапталып, тілегін қабыл етпесін!

4. «Філхат – рия ету» – құранда, хадисте жоқ. Түрлі халықтың ат қойып алып, өткізіп жүрген дәстүрлі ысырап, рия. Мұндай філхат – құранда жоқ, орыны – тамұқ» – деген.

5. Тағзым: Сүннетте, құранда жоқ сөзді – бар деушілер, өтірікші, құлқының құлы, ақыретін дүниеге сатып, күн көруші азғындардың орыны – тамұқ.

Енді бір жағдай: өткен адамның үйінен дәм ішіледі. Молда садақасын, кейде қамыр садақаны – молда алады. «Егер де осыдан кейін, кешінде сол ысхат намазы оқылмаса, сол күнгі ішкен дәм, берген малы – доңызбен пара-пар» – делінген.

Төлепберген түсіндірмесі:

Бұл сөздің арасында өз пікірім де бар, атаның сөзінен ұғынғаным бойынша.

Алла ғұмырыңды ұзақ қылсын, қадірлі ақсақал болуыңа жазсын, үрім-бұтақ өсіп-өніп, арманға жетіп, осы Алланың үйі – көр мешітің қасиетті Бұқар бабамыздың, Мәшһүр-Жүсіп бабамыздың, барша ата-бабалардың аруағы жебеп – желесін! Бар ризығым осы.

Осы дәптердегі қағиданы артық сөздерді костырмай, жеке етіп бастырып алса, бойға салып, анда-санда, я керек жағдайда жамағаттарға мәлім етсе, үлкен сауап болар еді. Әркім аруағын иманды ғып атандыруына мұқият болып, ынта-жігер, зер салар еді. Сонда пенде төсек тартып, сыркат ауырлағанда, қауіптеніп, кеудесінде жаны барда «дәлел – иманын» айттырар еді. Білмеген «у» ішеді, амал не?

Дүние үшіп жанның бәрі қайғы жеген,
Ешкімді күйдіремін текке неден?
Кісі тап та, айт маған, басым құрбан,
Анық көңіл, шын ниетпен құдай деген.

Алуан-алуан шарифат бар,
Тек шатақ үшін жаралған.
Алуан-алуан молда бар,
Тек алу үшін жаралған.
Сұрауменен сұрамшақ күн көреді,
Ұрлықпенен сұғанақ күн көреді.
Үзіп-жұлып молдалар күн көреді.
Үзін-жұлып молдалар күн көрмесе,
Бұл байғұстар аштан өледі.

Таудың түгі кетіп, тасы қалды,
Ағайынның жақсысы кетіп, өңшең жауқазы қалды.
Құранда: «Минал жәнәт әннәс» қалды.
Ағузыны созып, ауызын қиғаштап молда [оқып],
Бұл күнде «Я аю әннәс» қалды.
Мың ғылымнан «ғайн мим ләм» артық,

Оқиды атақ үшін – наһу мантық.
Айырылып қой-қозыдан қалайық па,
Халыққа шариғат жолын түзу айтып.

Молдалардың мақсаты – мал таппақ,
Құдайдың мүлкі, ұжмақтың кілтіне ие болмақ.
«Құдайы садақа беріңдер!» – деп,
Аңқау елді алдап, ақымақ қылмақ.

Қазақтың ырымдары

Табалдырықты баспа. Босағаны керме. Босағаға сүйенбе. Үйде ыскырма. Үйді айналып жүгірме. Жағыңды таянба. Таяққа сүйенбе. Бөркінді теріс каратып киме. Нанды бір қолыңмен үзбе. Мойнына белбеу салма. Бейуақытта жылама. Бейуақытта кісіге көңіл айтпа. Бейуақытта ұйықтама. Жалғыз ағашты шаппа. Айға қарап дәрет алма. Бейітке қарап қолыңды шошайтпа. Суға түкірме. Суға дәрет сындырма. Күлді баспа. Малды теппе. Сүтті төкпе. Тұзды баспа. Бүйіріңді таянба. Қолыңды төбеңе қойма. Көк шөпті жұлма. Мал қораға дәрет сындырма. Адамды айналма. Үйге қарай жүгірме. Тізеңді күшактама.

Лұқман хәкім ғибраты

Лұқман хәкім: «Төрт жүз пайғамбармен жолдас болдым, солардан біраз сөз үйрендім, әм бойымда сақтадым», – деген.

1. Намазға кірсең, көңіліңді сақта.
2. Жасы 14 жеткен қыз баланы орнында [сақта].
3. Өз әкең болса да – біреуден нәрсе сұрап алу керегі жоқ.
4. Өлген адамды тез жерлеуге асық.
5. «Істеген жамандығын басқа біреу көреді-ау!» – дегенен де жауыздық.
6. Шындықты айту – адалдық.
7. Ала сөйлеу – арамдық:
 - а) мысалы, «Өзіміз екен» – деген сияқты [ала сөйлеу].
 - ә) «Сондай арам жандар» дегенмен [сөйлеу].

8. Ыстыктан – ет күйеді,

Ұяттан – бет күйеді.

9. Білімді -мынды жығады, білекті – бірді жығады.

10. «Ұрып, оймен жүргенше, ұрғызып, қырмен жүрсін» – деген.

Төрт нәрсеге талап қылдым:

1. Қабірдің жарықтығын – күнде намаз оқумен таптым.

2. Мәнкүр-Нәнкүрдің жауабын – Құран оқудан таптым.

3. Қыл көпір-сираттан тез өтуді – ораза мен садақа берумен таптым.

4. Ғаршының көленкесін – оң ғибадаттан таптым.

/Мұның мағынасы – көпшілікке шарифат, ақыл, хикмат айтуы/.

Молдалар туралы (үшінші нұсқа)

Іздесең сауап, молдалар,

Құран оқы молаға!

«Қасына түне» – демейді,

Келіңдер қайтып қонаға!

Өлім – барды шашады,

Жоқтың артын ашады.

Жылап-сықтап жатқанда,

Сендер қосылып тонама!

Олжадан ойың барларың –

Қараң өшсін, жолама!

Құран оқып күңіреніп,

Сары уайымға саласың!

Тәңірі алдына барғанда,

Соларың дұрыс бола ма,

Берсе, қағып аласың?!

Молдалар өзгелерді: «Кәпір», – дейді,

Өзі – надан, наныңыз, түк білмейді.

Өзімшілдік көкейін тескен молда,

Аузына келгенді айтып, жанын жейді.

Сұрқия, сопы молда алма тілін,
Беті – тұнық, асты – лай, ол – бір жылым.
Өнерсің, өнеге алсаң, үлгілі елден,
Адамшылық өнермен берер білім!

Алаяк, сұмдарға ерсең, болмас жолың,
Қазағым-ау, қаңғырып, кайнар сорың!
Өнер-білім үйренсең, еңбек етіп,
Мазақ болмай, елдікке жетер қолың!

Осы күні жақсының бірталайы
Ұры-қары, қу-сұмның жан жолдасы.
Қазақ қайтіп ел болар, қарағым-ау,
Өз құлқыны – басшының ойлағаны?!

Ұзамай бүлінеді сөздің расы,
Кәсіпсіз ұрлық қылған кәрі-жасы.
Николайдың иісі осы елде тұр,
Опырар ма сәулесіз өңкей масы?!

Арақтың залалы

Алла тағала Расулмен 9999 рет Жебірейіл ғалайссалам арқылы кездескен. Сонда Алла тағала пайғамбарымыздан сұраған:

– Харамда – харам нені қыласың? – дегенде,

Пайғамбар:

– Мен өзімнің үмбетіме өзінің денсаулығына және ақыл-есіне зиян келтіретін адал дәмді нысаптан асырып ішіп, құсса, сонда артынан шыққан зәрдей етем. Мұнан да харамды арақ етем. Тіпті, атын атамай, «хамар» – десін-демесін. Себебі харамды жесе, нәжісімен түседі, ал денесіне тисе, жуумен кетеді. Ал, арақ іпсе, қанға сіңіп, «Хамар» – деген шайтан боп кетеді. Жүректе Ібіліс қосылып, қанды көтерсе, өзінің қияметтік жарын талақ еткізеді және ата-анасын да сыйламайды. Адамды аздырушы дауасыз дерт – жау – [арақ].

Ұл он беске келгенде,
 Қолындағы қобызың.
 Ұл он бестен асқан соң,
 Тіл алмаса, доңызың.
 Шешектен өлін қалмаса,
 Жасында күйеу алмаса,
 Бәрінен де – қызың жау!
 Аздырып жүрген жастарды,
 Оқытпай жүрген намазды,
 Қанға сінген ақ арақ,
 Дауасыз дерт, нағыз жау!

Қазақ шежіресі (он үшінші нұсқа)

Хауа ана[ны] Адам атаның 20 жасында сол қабырғасынан жаратты. Адамға Хауаны Жебірейіл қосыпты, некахлап. Неке содан қалды. Алла тағала өз құдіретімен тоғыз саулық, бір қошқар, бір буаз сиыр, бір түйе, пар өгіз берді: «Егін сал, диқаншылық қыл», – деп, Жебірейіл періште үйретіпті. Атамыз Адам мың жыл жасапты. Қарпат тауына қойылды. Жеті жылдан соң, анамыз Хауа ана опат болды, Житдаға қойылды. Ыдырыс нәби 400 жыл тұрды, қазір ұрмақта. Ыдырыс ұлы – Мұтшалық, оның ұлы – Ламақ, оның ұлы – Нұх пайғамбар. Нұхтан: Хам, Сам, Жаппас. (1. Паранақ, 2. Хапты, 3. Хара, 4. Жатап) еді. Бұлар бұл жақта жоқ еді. Самның балалары: 1. Ғараб, 2. Ғажам (3. Аруш, 4. Шамдат, 5. Иран, 6. Тайран) еді. [Топан судан аман қалған] Нұхтың бір баласы – Жаппас, мұның балалары: 1. Түркі, 2. Хазар, 3. Сақлаб, 4. Қимари, (5. Минкі 6. Шын, 7. Тариф). Жамшит патша – Рүстемнен; Дастан Теғеран уалаятынан шықты. Жамшит Иранға үш жүз жыл патша болды. Мұсылман Жамшиттің Рүстем – Дал баласы; Шиштен – Ғада ұлы Адаш әулетінен туған, жүз жыл патша болды. Самның баласы – Ғараб, мұның баласы – Арағашал, мұның баласы – Ғайыр, мұнан – Шалым, мұнан – Арғуан, мұнан – Ашрақ, мұнан – Нағұр, мұнан – Тарых, мұнан – Азар, одан – Ибраһим. Бұдан [Ибра-

гимнен] сегіз: Аждаһамыз, Смағұл, Шаранамыздық, Ыскак, Баяхсал, Яшпак, Замыртен, Яшух. Бұдан Ибраһим ғалайссаламның заманында тілдер 18 түрлі болып бөлінді. Хам ұлынан 36 түрлі болып, Бабас ұрқынан шықты. Сонымен 72 тіл болып, 72 жігіт болды. Мұтшаһыр Ибраһим заманында салынды. Ғарабстан – жер аты. Тағба Байтулла эзіреттерін Ибраһим пайғамбар салды. Смағұл Матада туды. Смағұл пайғамбардың ұлы екеу еді: 1) Ғайыз, 2) Жақып пайғамбар, бұдан он екі еді: 1) Ұртөбел, 2) Шамгун, 3) Яғут, 4) Лауиса, 5) Жадан, 6) Напшал, 7) Ястабыр, 8) Забулан, 9) Қазтура, 10) Дана, 11) Исуп, 12) Биснамин. Осы он екі ұлдан «Банисрайыл» атанып рух жайылады. Мұса ғалайссалам – Жақып пайғамбар ұлы. Мұса баласы – Біриан, мұнан – Яумур, мұнан – Ғимран, мұнан, хазіреті Мұса ғалайссаламнан – Арын пайғамбар. Мұса анасы; анасы – атасы болады екен. Шыттан – Тыны, Райан, Мәлік ұлдары, Мұқасап баласы – Перғауын 400 жыл патшалық құрды. Мұсаға қарсы болды. Ніл дариясына ғарық болды. Дәуіт пайғамбар Якуб осы Яһут ұрқынан еді. Дәуіттің әйелі Айшадан – тоғыз. Сүлейменнің анасы болып еді. Зұлқарнайын – Банисрайыл тұқымынан еді, анасының мырза жаны еді. Зұлқарнайынның екі мүйізі бар еді: бірі – пайғамбарлық келгенде түсіпті, бірі – екі мәртебе дүниені кезді, сонда түсті. Мәңгі суын іздеді, несіп болмады. Мәңгі суы Илиястан Қызыр ғалайссаламға несіп болды.

Дүние жүзін биледі, Қауағызкатка патшалық істеді. «Күннің үш жүз алпыс батар орыны бар. Әр күнде әр орынға батады» – деп айтты. Зұлқарнайын көп панар (фонарь) кондырды, әр жерге белгі салды. Қасына бір үй салды, сегіз қабат. Ғалайссалам Яһут ұрқынан еді. Анасы жоқ еді. Анасы – Мариям, атасы – Ғұмран. Бұл Ғайса пайғамбар көкте тірі тұр. Ақыр заманда жер жүзіне келер. Смағұл ғалайссаламның ұлы – Хайдар. Жидар ұлы – Камал, Набитаның ұлы – Адат. Одан: Ар, Ұран, Хунан, Мамыт, Назар, Мазур, Мүзір, Илияс, Мүдірхан, Күзалма, Канана, Кұрайыш, Нәзірмәлік, Баһір, Ғалыпғат, Адабат, Қағат, Мұра, Қалап, Қоза, Ғабдулманат, Әшім, Ғабдумуталап. Мұнан он бір: 1) Марс, 2) Мақум, 3) Жақыл, 4) Ғабдулшаме, 5) Забыр, 6) Абуллаһаф, 7) Хамзе, 8) Әбутәлін, 9) Ғаббас, 10) Арыснас, 11) Ғабдолла. Мұнан-Нұрмұхаммед, Мұстафа – осылар. Әбубәкір Муражың ұлы – Тыйым, мұнан – Қағап, бұдан – Омар, оның ұлы – Қахап, оның ұлы – Әбубәкір. Рази аллаһу ғанһа Ғұмар қағаптың бір

ұлы – Зарах, оның ұлы – Қасрат, оның ұлы – Ғабдолла, оның ұлы – Әриах. Ғабдолғазиз Напыл ұлы, Қатап ұлы-Ғұмар, Ғыбан, хазіреті Ғұсман.

Хазіреті Ғалы Әбутәлінулы. Нұх пайғамбардан: Ғылым, Хам, На-жанен. Хамнің нәсілінен: 1) Заң, 2) нұрды, 3) Қанлық, 4) Тәжік – қара жұрттар шықты. Сәмік нәсілінен: Ғарап пен Ғажам. Пайғамбарлар – Ғараптан шыққан. Наумурт, Наушар туған. Атымтай қайсар патша болған, Дарғажамнан шықты.

Енді өз атамыз – Бабас, 36 рулы елден шықты. Бабастың ең үлкені – Түрік, мұнан – Түтік, мұнан – Бакухан, мұнан – Кішікхан, мұнан – Кінісхан, мұнан – Алшын хан, мұнан – Монғол-татар. Монғол көп жұртты болып өсіп-өнді. Бұл күнде «Монғолский» – деп атайды. Монғолдың бел баласы – Қарахан, мұнан – Өзіхан. Монғол нәсіліпен әуелі мұсылман болған – Өзіхан екен. Осы Өзіхан заманында кітап, не пайғамбар жоқ екен. Іштен туа Әлхам болып, «Алла!» – деп туды. Бұл өзі өскен соң, ұлық патша болды. Дүние жүзіне дәуірі жүріп, көп уалаяттар айтты, қанша жұртты мұсылман қылды. Үздік-үздік алты баласы болды: 1) Айхан, 2) Күнхан, 3) Жұл-дызхан, 4) Көкхан, 5) Таухан, 6) Теңізхан. Мұнан бұрын бұл аттар-ды ешкім баласына қойған емес. Біздің қазақ – Түріктің бел бала-сы, онан соңғы Қараханнан – Өзіхан туды, мұнан-Екінал. Осы күнгі жүрген қазақтың баласына қойған аттарынан мағлұм. Өзіханның дәуірі жүріп тұрған заманда бір жұртқа соғысу үшін қыс күнінде барған екен. Сонда өзіне Өзіханның жанында жүретін, жақсы көретін өз атасы бір Түріктің баласынан үйіндегі қалған әйелі буаз қалған, босанар кезде бір іші қуыс, шірік ағаштың ішінде толғатып, бала-сын сонда тауыпты. Ол заманда қуыс шірік ағашты «қыпшақ» дейді екен. Сол үшін, баланың атын – «Қыпшақ» – деп қойған екен. Өзіхан қолына алып, асырап-сақтап, жігіт болған соң, көп күшін беріп: «Еділ-Жайық бойына барып, жаулап, ел-жұртын ал!» – деп жіберген екен. Сол уақытта Еділ-Жайық бойында Орыс, Олақ, Башқұрт, Ма-жуси – деген халықтар бар екен. Бұл Қыпшақ батыр осы айтылған жерді өзіне бағындырып, қол астына қараған жұртқа «Қыпшақ елі» – деп атандырған. Сол Қыпшақ Еділ-Жайық 400 жылдай көп бір ел билеп-төстеп, «Тоқсан екі баулы Қыпшақ» – атанған. «Қыпшақ көп пе, қытай көп пе?» – деген сөз осы Қыпшақ екен, ел мақалында

айтылған. Осы Өзіханның алты баласынан 24 немересі болады. Және Кайастан, Кефкон, Тұрғатлы, Кірелі, Сұлтанұлы, Оқылы, Көкілі, Сулы, Арыстаты, Жамы, Жүрімші, Қайсуырғы, Қажыжұрт, Қырғыз. Сонан бері кім өтіп, кім қалғаны белгісіз. Біздің нәсіліміз – Түріктен, шаһар жұртымыз – Түркістан. Өзіханның заманында халықтың қыстауы – Қаракүм; Сыр бойының жағасы – жайлауы. Ұлытау мұнан заман кейін Түркістан шаһарынан, монғол нәсілінен Өзіхан ұрқынан «Токсан екі баулы» қыпшақтан тоқсан екі кісі «Ғарап жұртынан, Мекке, Мәдина шаһарынан Мұхаммед пайғамбар шықты» – деп естіп, бала-шағасымен, үй-ішімен көшіп, іздеп барып табысып, пайғамбар кәпірлермен бір соғыс үстінде тұрғанда, қосарласып, көмектесіп, жәрдем тигізіпті. Бұлардың өз аяғымен барып және соғыс үстінде кез болып, күш көмек тигізгендіктен, «Ансары» атанып, дәл сол жерде «ансарылар» – деп, жәрдем берушілерді айтады екен. Сонда барған 92 адамның басшысы – Мәлік мырза деген еді. Ол Мәлікпен бірге туған ағасы Аққосе деген ту ұстап еді. Өзі өлгенше, өмір бойы, қартайғанша калып, пайғамбарымыздың соңғы билерінен болды. Осы барған 92 кісіден өлгені ажалынан өліп, қалғаны өз жұртына қайтыпты. Ол уақытта Барақ билеп, Монғол жұртының қолында еді. Мәлік пен анасы бата алып, кошіп шығып, Бариабасара уалаятына барып, энде мал-басымыз көбейіп, жүз алты баласы болып, 126 жыл ғұмыры болды, бай болды. Әнестен- [Жабал, одан] – Мағаз. Мұнан – Шұһабыл, бұдан – Ақшолпан, илан Қораш. Мұның ұлы – Алаш. Алаштан: Сейілхан, Жайылхан, Елхан. Ақшолпан, илан Аққурай, мұнан – Аламан, мұнан – Алаш, мұнан – Сейілхан, Жайылхан, (Елхан). Сейілханнан – сегіз арыс Түрікпен. Елханнан – Қондыгер, Құбагер. Жайылханнан – Майқы. Майқыдан: Өзбек, Сыбан қыз алып, шаһарда қалды. Сыбанның түйесі көп, көшпелі болды. Баласының аттары: Айырқалпақ, мұнан – Қазақ, Созақ. [Созақұлы – Қарақалпақ]. Қазақтан туған: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Осы үш жүздің аталары – осы үш жүздің адамы. Ағайынды үшеуі енші алуға бөліспей жүріп, біріне-бірі сеніспей, үш жүзден өзіне ерген кісіні жинап сөйлесін, сөзге келіп алса, осы жүзден топтасыпты. Осы кездегі адамдар... бірінен-бірі қорғанбайды, ерегісе соғысып та қалады. Ешкімнен қорықпайды, өйткені ол заманның адамдары ешбір жаннан қорықпайтын адамның үш жүзге [бөлінуі]

осылай атанды: 1. Ақарыс, 2. Жанарыс, 3. Бекарыс. Ақарыс – Үйсін балалары: 1) Ошақты баласы – Дәулет, Көген балалары: 1) Ботбай, 2) Шымыр, 3) Ошақты, 4) Жасы – Төле би – осы Үйсін таптан шықты. Кіші жүздің балалары – Бекарыстан: 1) Алшын, 2) Табын, 3) Тама, 4) Жағалбайлы. Адайлар – бұ да Кіші жүз.

Өз атамыз Орта жүз – Жанарыстың қатыны бала көтермей, кешігіп жүргенде, бір күні үйіне алты қожа бір жаққа жолаушы бара жатып, келіп қона қалыпты. Алтауына алты қой сойып күтіп: «Маған перзент үшін бата беріңдер!» – дейді. Сонда алтауы бірдей қол көтерін, бата беріп: «Қатының алты ұл табады. Алтауы да өсіп-өнеді. Осы алтауымыздың атын алтауына қой!» – депті.

– Аттарыңыз кім? – дегенде,

– Аттарымыз: 1) Қарақожа, 2) Аққожа, 3) Ақтанқожа, 4) Дарақожа, 5) Есімқожа, 6) Қосымқожа [депті].

Қожалардың бата беруімен әйелі бала көтеріп, әуелі Қарақожаны тауыпты. Осы аталған алты қожа туады. Енді осы алтауынан тараған: 1) Қарақожадан – Арғын, 2) Аққожадан – Найман, 3) Ақтанбердіқожадан – Қыпшақ, 4) Дарақожадан – Қоңырат, 5) Смағұлқожадан – Керей, (Уақ), 6) Қосымқожадан – [Уақ] және [әкесі белгісіз] – Тарақты. Орта жүз: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ, Тарақты – жеті арыс ел болды.

Енді өз атамыздан сөйлейін.

Өз атамыз – Қарақожа. Бұл кісінің зираты – Ташкент шаһарында. «Арғын ата-Қарақожаның зираты» – деп сөйлейді. Қарақожаның бел баласы – Арғын. Бәйбішесінің аты – Аргүл, тоқалының аты – Момын. Жүз алты жасқа келгенде, алған тоқалының аты – Айнакөз. Аргүл бәйбішеден: Құтан, Бұтан (жасында өліп, тұқым қалған жоқ). Құтаннан: Мейрам сопы, Қарашаш деген қызы болды. Перзент тілеп, бір ғазизден бата алып, екі бала болыпты. Сол уақытта бір шайыр айтқан екен:

Сұрасан, Арғын атам-ды, ер Құтан-ды,

Солтанбек абыздан ол бата алды.

Мейрам – ұлы, Қарашаш – бір қыз туып,

Қуандық, Сүйіндік сонда атанды.

Құтан бабамыз жасында өліп, бабам[ыз] Мейрамды үлкен анасы – Аргүл өсіріп, катын әперіпті. Сол үшін білмеген адамдар, көбірегі Мейрамды «Арғынның бел баласы» – деп те сөйлейді.

Ақкожадан – Найман, бұдан: 1) Бағаналы, 2) Мұрын, 3) Қаракерей, 4) Матай, 5) Сыбан, 6) Бөрі Қаптағай, 7) Байжігіт, 8) Қызай, 9) Садыр, 10) Қабанбай батыр. Қаракерей[ден] – Қабанбай шықты, Өскеменде тұрады. Керей баласы – Кешу, бұның баласы – Жәнібек. Одан: Ақсары, Қарасары. Уақ баласы – Жамансары. Боздақ, Қарағайшағы, Қамбар – осы таптан шықты.

Мейрам сопы бабамыздың зираты – Шыршық бойында, «Мейрамкөл» – деген жерде. Бәйбішесі – Алшын: Құдыс байдың қызы екен, аты – Нұрпая бәйбіше атанған екен. Мұнан туған екі бала: 1. Қуандық, 2. Сүйіндік. Мейрамның тоқалынан екі бала: 1. Бегендік, 2. Шегендік. Мейрам бабамыздың үшінші әйелінің аты – Қарқабат, бұдан туған Болатқожа келе-келе «Қаракесек» атанды. Және бір Мейрам бабамның бәйбішесімен еріп келген, жері алыс болып, қайта алмай қалған жеңгесіне астыртын аяғын салып, онан туған баланың атын «Шұбыртпалы» қойған.

Мұның тұқымы – атақты Ағыбай батыр. Қуандықтан туған: 1. Алтай, 2. Қарпық, 3. Жошы, 4. Темеш, 5. Аманқарт, 6. Бoryш, 7. Есенқарт.

Алтай баласы: 1. Алысай, 2. Нұрбай, 3. Мойын, 4. Әлике, 5. Байдалы, 6. Сайдалы.

Қарпық баласы: 1. Тінәлі, 2. Тоқа, 3. Мәмбет.

Мойын баласы: 1. Аралбай, 2. Қалыбек, 3. Сармантай, 4. Қареке, 5. Мұрат, 6. Сарша, 7. Тінекей, 8. Кенжеқара.

Қаракесек балалары: 1. Қояншы, 2. Тағай, 3. Әлке, 4. Сырым, 5. Қарсен, 5. Керней. Қазыбек – Әлке табынан.

Сүйіндік тұқымдары: бәйбішесі – Ұлы жүз – Үйсін: Өгіз бидің қызы. Мұнан туған екі бала: 1. Оразкелді [Бегендікұлы – Л.Ж.], 2. Суғыншы. Оразкелді баласы: Қаржас – жалғыз. Суғыншы баласы: 1. Мәжік, 2. Шуманақ. Мәжіктен екі бала.

Қаржастан (бәйбішеден): Құлыке, Бегім, Алтынторы. Шуманақтан – Жолболды, Жанболды, Құлболды.

Мәжіктен: Малай, Жәдігер – Атбасарда болу керек.

Жолболдыдан: Орманшы. Құлболдыдан: Тұлпар, Айдабол, Күлік, Ақбура, Майлытон, Шегір.

Айдаболдан туған: 1. Жанқозы, 2. Малқозы, 3. Қарақозы, 4. Аққозы, 5. Бозқозы, 6. Қожакелді, 7. Тайкелтір [Кенжеқозы].

Бозкозыдан тұқым жоқ болу керек.

Енді Жанболдыдан: Төлебай, одан: Қосқұлақ [Төлебай], Лапак. Төлебайдан: Еламан, Едіге, Жолан, Елкелді, Малкелді. Лапақтан: Мамыт, Көсте, Қосқұлақ. Қосқұлақтан: Арал, Бодаш, Мыртық, Тұманбай. Бұдан: Өлмесек, Тышқанбай. Өлмесектен: Абат, Шапат, Алатай... штан – Ысқақ, Малгелдіден – Ақбанбай жалғыз. Ақбанбайдан – Темірболат, Әділше, Секербай, Бөктергі.

Еламаннан: Жәуке, Текебай, Көрпембай, Тұрсынбай, Шонты.

Тұрсынбайдан: Құдияр, Бәзіл, Боштай, Шоқыбай, Қылжырбай, Тәсібек, Байтен.

Едігеден: Қикара, Шоң, Торайғыр, Жолболды, Сарман.

Арғын бабамыздың екінші әйелінің аты – Момын. Мұнан туған: 1. Ақсопы, 2. Қарасопы, 3. Сарысопы, 4. Арықсопы, 5. Нәдірсопы.

Ақсопыдан туған – Қанжығалы, Қарасопыдан-Қарауыл, Сарысопыдан – Тобықты. Арықсопыдан туған – Атығай, Нәдірсопыдан – Бәсентіін. Арғын бабамыздың [үшінші] тоқалының аты – Айнакөз, бұдан туған: Сарыжетім, Шақшақ батыр. Бұл айтылғаннан басқа Арғын атамызда төрт бала бар, «Төрт қатыннан» – деп те айтады. Әйтеуір Арғын баласы, бұлар Жиделібайсында болу керек. Асылы Арғын он екі атаға тарайды. Жұрт аузында белгілі аталарын ғана айтады. «Алты атаның ұлы Арғын» – деп сөйлейді. Өз атамызбен кетіп қалдық, Момын шешемізге айналайық. Ақсопыдан – Қанжығалы, аты Ішпек екен. Бір досы қанжығасын алып кетіп, содан «Қанжығалы» атанған екен. Қанжығалы баласы – Қармыс. Қармыстан: Есен, Бозым. Есеннен жері рулы ел таралды. Есеннің баласы – Майлы, мұнан – Барақ, Шабак, Ойым. Мұнда он бала болды, жетеуі – Жиделібайсын, Иран жұртында, үшеуі – мұнда, ортаншысы – Толыбай, кішісі – Ораз еді. Енді Барақ баласы – Лабаш, Кішкентай. Шабак баласы – Елболды, мұнан – Жаңаберлі, мұнан – Кішкен, мұнан – Нияз, екінші – Есіркеп. Анданың баласы – Құскелді, бұдан – Ақбағыс, Таңқы, Байдәулет.

Толыбай баласы: Қашар баласы – Қой, Қойсары. Тұрсын баласы: Токтауыл, Дауыл, Сүгірәлі, Жақсылық. Енді Ораз баласы – Жолымбет, – осымен жеті рулы ел болды. Енді Бозым баласы – Қамбар, Жұпар, Қармыс. Жұпардан төртеу: Қаратома, Жисын, Анда, Шағалақ. Қаратома ұлы – Бегінбет, Бетпен, Бірімбет. Енді Бегінбет баласы –

Әлібек, мұнан – Оразгелді, Бейсен. Қалдың баласы – Қожым деген ел еді. Енді Сырымбет баласы – Боранбай деген ел еді. Жисін баласы – Алдуан, мұның баласы – Ақша, бұдан – Бөгенбай. Мұның үш әйелінен он бір бала бар еді. Бірінші әйелінен – Тұранәлі, Тұрымбет. Тұранәлі баласы – Бапан, мұның баласы – Саққұлақ, бұдан – Нұралы. Қармыс баласы: Әжібай, Баймен, Ожым. Мұнан-Қара, Мұрат. Әжібай баласы: Мәжік, Жарыншы, Мәмбетқозы, Мәмбетқұл, Ақтамақ. Ақбура, Машық. Мәжік баласы – «Қара» – деген ел, Жарша баласы – «Құдайберлі» – деген ел. Мәмбетқазы баласы – Ораз, бұдан: Абыз, Шумақ – деген елдер. Мәмбетқұл баласы – Құдияр – «Құрманқұл» – деген ел. Ақтайлақ баласы: Ақбура – Тентек деген ел, бұлар – Керекуде. Құдайберлі баласы: Қайғы, Малай, Түлкі, Досқана. «Ораз өлген соң, қатынын қаракүзде Құдайберлі алған, жаңағы Түлкі мен Досқана сонан туды» – дейді. Қайкының баласы – Киікбай, бұдан Атажан, Мәден, Бозай, бұдан тоғыз еді. Малайбаласы: Сапа, Қожагелді, Қармыс. Досқара баласы: Тілеуберлі, Жарылғап. Тілеуберліден: Жакыпбай, Қабанбай, тоқалдан – Ақыл, Баласары. Жарылғап баласы: Атантай, Ботантай, Тайлақ, бұдан – «Самсық» – деген ел еді. Төлекенің баласы – Анак, Жананай, Жанқошқар, Жанабір, Шикөтен, Мұрат – «Қомса» – деген ел. Шикөтен – Табылды еді, Анак баласы – Солтанкелді, оның баласы – Қасен, Дада, Сазан, Ғұсман. Жанқошқар баласы – Алтыбай, Тоңша. Алтыбайбаласы – Сырымбет, Жолымбет. Тоқаша баласы – Мәмбет, Бағыс. Жаңатай баласы – Тайпақ, Малбақты, Баубек, бір қатынынан – Бапыш, Қонжы, Жаңбыршы. Тапақ баласы – Тілеу. Барқан баласы – Қаржолтай, Шымырбай. Малбақты баласы: Туырлықбай, Қыпшақбай, Тоқа. Тұяқбай баласы – Жанбазар, оның баласы бесеу еді.

Қарасопыдан – Қарауыл, Сарысопыдан – Тобықты, Тобықты баласы – Ырысбек, Дәулетбек. Ырысбек баласы – Мұсабай. Мұның баласы – Сүйірбас, мұнан – Ұлысары, Ұлықішік, мұнан – Бегімбет, мұнан – Әнет, Әйтiк, бұдан – Олжай, мұнан – Айдос, мұнан – Ырғызбай, Қырғызбай, мұнан – Өскенбай, мұнан – Құнанбай, Құдайберлі. Құнанбайбаласы – Абай (Ыбырай), Құдайберлі баласы – Шәкәрім.

Арықсопыдан – Атығай, Нәдірсопыдан – Бәсентиін, мұнан – Апай, Бөрі, Саба, Актілес, Күшік. Казанғап деген адам – Бөрі табынан шықты және Момын шешемізден – бір сопыдан Есен, Аман,

Амалдық, бұдан Сарыжетім, Шақшақ еді. Жәнібек – Шақшақ табынан еді. Амур дариясында болды. Енді өз атамыз – Қаржасқа келейік.

Қаржастан үш ұл туған: 1. Күлік, 2. Алтынторы, 3. Бегім. Қаржастың бәйбішесінен – Күлік, бұдан – 1. Ойым, 2. Тілеу, 3. Әлімбет. Телі, Ойымнан – Өген, Баян, Жаулыбай, Сақау. Тілеуден – Талас, Токсан. Әлімбеттен – Дәулет, Үмбет, Қасболат. Теліден – Анай жалғыз. Дәулеттен – Ырысқұл, Байболат. Ырысқұлдан – Ақша, бұдан – Жиенәлі, Маман, Манан, Келден, Анай, бұдан – Нияз, ортаншы әйелден – Мырзағұлдан туған – Сатыбалды, Сәті, Ақмырза, Жанмырза, Баймырза, Наурыз. Сатыбалдыдан – Атақан. Сәтиден туған – Байкісі, Жанкісі, Күшік. Ақмырзадан – Азына, бұдан – Талжан, Сейтен. Жанмырзадан – Қоңырат, Мықтай, Сәтбай, Қасен, Мағауия. Баймырзадан туған – Айдос, Жандос, Айымдос. Жанкісіден туған – жоқ. Байкісіден – Ордабай, мұнан – Мақан, бұдан – Омар, Жапар. Күшіктен – Шорман, бұдан – Мұса, Мұстафа, Аужан, Иса. Мұсадан – Садуақас, Мұстафадан – Қанафия, Мәлік, Заркеш, Хамза. Исадан – Зында, Баттал. Нияздан туған – Бөгенбай еді. Бәйбішеден – Аманжол, Төлеш, екінші әйелінен – Байсары, Қойсары, Жансары. Аманжолдан туған – Атығай, Тоғай, Ербекей. Атығайдан – Жұмабек, бұдан – Әшірбек. Өз атамызға келейік. Бөгенбайдың кенжесі – «Жансары мырза» атанған кісі екен. Жансарының бәйбішесі – Қарауыл: Қаражігіт бидің қызы екен, аты – Сырға. Бұдан – Тоққожа жалғыз екен. Тоққожа жалғыз болған соң, анамыз Сырға Жансары атамызға: «Енді бір әйел ал!» – деген екен. Жансары бабамыз екінші әйел алам деп, Қуандық – Сармантай, Жұманбайдың қызын сұратыпты. Шорманда жиырма мың жылқы бар екен. Шорекен:

– Бұл қыз сұрап отырған Жансарыда қанша жылқы бар? – деп сұрайды.

– Төрт мың жылқысы бар – дейді. Жүмекең:

– Төрт [мың] жылқысы бар кедейге қыз берем бе? – депті. Сонда Жансарыны кедейсініпті. Сонда қасындағы Жүмекеңнің өзінің бір жолдасы айтады:

– Жүмеке, сіз кедейсініп отырған Жансары елі «Жансары мырза» – деп сөйлейді. Сол, шынында сіздің қырық мың жылқыңа жарай бере алады – депті.

Жүмекең бұл сөзге ерегісіп:

– Ол қайдан маған пар кеп, тең бола алады? Мен ол кедейді көре қояйын! – деп, қасына қырық кісі ертіп, Жансары көшіп келе жатқанда, көш үстінде, бір жол үстінде бір шөл жерге көшіп келе жатқанда қонғанын аңдып келіп, түсе қалыпты. Жансары мырза меңсіз жүз ақ биені байлап, үш сауып алып, семіз ақ байталды сойып, биенің сүтіне ет асып, сабадан қымыз құйып, сапырып, ет пен қымыз келген мейман түгіл, басқа елдің кісісіне де жеткілікті болыпты. Жұмекеңнің қолын су орнына сүтпен жуғызыпты. Сонда Жұмекең:

– Мына Жансары жарайды екен, – деп, қызын беріпті.

Қыздың аты – Дәмелі екен. [Бұдан] туған – Түменбай, Қошан, Жарылғап. Жансарының үшінші әйелінен туған – Жалбыр. Жансарыдан бес бала бар: 1. Токқожа, 2. Түменбай, 3. Қошан, 4. Жарылғап. 5. Жалбыр.

Токқожадан – Омарбек, Айдарбек, Анапия. Түменбайдың әйелі Қуандық – он екі мың жылқысы бар Сапақ бидің қызы екен, аты – Ақбет, әйелдерге «болыс ене» – атанған.

Тұманбайдан-Оспанбек. Қошаннан-Бұқарбек, Рүстенбек, Тұрысбек, Шайқыбек. Жарылғаптың әйелі – Қуандық: Темеш – Тілеулі бидің қызы екен, аты – Ұлжан. Ол анамыздан, [яғни] Жарылғаптан туған: Базарбек, Үргенішбек, Түсіпбек, Опабек. Үргенішбектен туған: 1. Сапабек, 2. Баби, 3. Жәкіш.

Сапабектен: Мұхаммедсадық, Мұхаммедсалық. Бабидан – Ашубасар. Жалбыр атамыздан туған: 1. Ахметбек, 2. Рахметбек, 3. Жұмабек, 4. Тілеубай. Бағана[ғы] Қаржастан туған екі ата қала берді, біз атамызбен кете бардық.

Алтынторыдан – Мәмбетәлі, Жолымбет, Бегімбет, Келімбет, Артықбегімбет. Келімбет тұқымдары Жиделібайсында болуы керек. Жолымбеттен – Ырысқұл, Назар, Қойсары, Қалқаман. Мұнан – Бұхар, мұнан – Ақдербес, Жарылғап, атақты Бұқар жырау. Бегімнен-Сатылған жалғыз. Сатылғанның бәйбішесінен – Қарақалпақ, бұдан – Тілеуберлі, бұдан – Қошқар, бұдан – Тастен, Дулат. Тастеннен – Тулак, мұнан – Меңдікұл, Баубек, Тілеген, мұнан – Сағын, Мұсырман. Сатылғанның екінші әйелінен – Жансары. Оның бәйбішесінен – Елібай, Жансарының үшінші әйелінен – Оразбай, Байтуған. Таңатан – Атанбек, Батырбек. Қоныстан – Майлыбай, мұнан – Аман,

Жарқын. Мәмбеттен – Құнантай, Шоқпар. Елібайдан – Есберлі, Көбек, Есей. Көбектің бәйбішесінен – Қызылтау, мұнан – Құндыбай, мұнан – Ғашмағанбет, Ысқак, Тілеукеш. Оразбайдан – Дербісәлі, Айдар. Байтуғаннан – Жаңабай, Дос. Жаңабайдан алты бала бар: Жанбұл, Жүрәлі, Байғаска, Құлбол, Дауылбай, Қаратал. Жанболдыда жеті бала, біреуі – Амантай, мұнан – Түгелбай, Жаңбыршы. Сатылғанның үшінші әйелінен – Қоныс. Қоныстан – Майлыбай, мұнан – Есенаман, Жарқын. Сатылғанның екінші қатынынан – Жансары, Таңат, мұнан – Атанбек, Батырбек, Тауасар. Атанбектен – Өтеу, Жанқылыш, бұдан – Тұрсынбек, Нұрахмет. Өтеуден – Найзабек, Келдібек, Ермек, мұнан – Еркебұлан, Қуандық, мұнан – Жантемір. Қуандықтан – Құдайберген. Найзабектен – Үкібай. Есенаманнан – Итқара, Нияз, Мырзалы, Жанәлі. Жарқыннан – Бәкір, мұнан – Шоман.

Төлепберген түсіндірмесі:

«Енді [бұл шежірені] Садық аға өлеңі қорытындылайды»:

Шежірені мен де оқиын,
Білмесем де күллісін.
Талай жазған ғалымдар
Не жақсының (өлгенін) үлгісін.
Бірде қазақ баласы
Анадан мұсылмандық ат алған.
Іздеп барып пайғамбарды,
Ансарлардан болып ат алған.
Пайғамбарға ту ұстап,
Отыз үшке қосылып,
«Сақаба» болып атанған.
Біздің қазақ атасы,
Шындығы – Түріктен:
Қарақалпақ, өзбекпен
Қазақпенен бір туған,
Қарақалпақ, өзбек, түрікмен өзгермейді.
Өркім қуып тінткен,
Сонша көптен озған, мумин жоқ,
Айдабол, Қаржас көктен түсіп,
Ел болған жоқ – шындық.
Жатса да, жаман болады

Бірлікті шайқап тірілген.
Біздің қазақ атасы
Түрік інінде өз қанынан,
Іздеп барып пайғамбарды,

Ансарылардан атанған.
Пайғамбарға ту ұстап,
Отыз үшке қосылып,
Сақабалардан аталған.

Бұл шежіре[ні] Мәшһүр мен Саққұлақтан біз алдық,
Солар жазып қалдырғандықтан, «Қате жерін кешір!» –
деп, біз сұраймыз.

Рахматы, кеңшілігі көп жалғыз хақтан!

Оқыңыз, түсініңіз, әбден қанып,
Таралған аталарды бұтақ жайып.

«Шарапаты әулеттің маған үмбет болсын!» – деп,

Пайғамбардан біздің бабамыз бата алған.

Біздің қазақ атасы жақсылыққа келгенде,

Қалған емес қатардан.

Қазақта талай ғалым бар,

Құранды оқып, жаттаған,

Шарапатлы көп шыққан –

Осы Қазақ атамнан.

Соғыста талай жау жеңіп,

Талай асқан асқардан,

Бұл қазақтың баласын

Жарылғап, сақта, Жаратқан!

Аман өткіз Мақшардан,

Үкіметке қызмет қыл,

«Таза сақта қалпыңды» –

Сұрайтыным жастардан.

Қазақта олқы бір жер жоқ,

Қарасам талай дастаннан.

Біләл ұлы Діншеге жазып берген,

Баласы Сапабекұлы Мұхаммедсадық.

Мұса Шорманов талабы және Мәшһүр-Жүсіп

Медреседе оқып жүргенде [9 жасар] Мәшһүр-Жүсіпті Мұса мырза [1867 ж.] алдына шақыртып алып:

– Балам, сен өлең жазады дейді. Осы арада ойланбай, бір ауыз өлең айтшы! – депті.

Сонда Мәшһүр-Жүсіп ойланбай мынаны айтқан:

Адастым ғылым іздеп ақылымнан,

Сөзімнің, қисығы көп, мақұлынан.

Ер жігіттің дұшпаны он болады,

Тоғызы – жақыны мен қатынынан.

[Сонда Мұса]:

– Түсінікті. Енді басқадай бір ауыз айтшы! – депті.

Сонда Мәшһүр [айтқаны]:

Ырзық – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,

Бөріден сақтанады ердің ері.

Қолында сол қойшының болса таяқ,

Жоламас бөрі түгіл жын мен пері.

Түсініктер

Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (үшінші нұсқа)

Бұл нұсқа Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын жинауда оның жиені Жолмұрат Жүсіпұлынан (1894-1977) кейін екінші аталуға лайық, кезінде ақын атқосшысы болған Иманғали Маненов (1903-1993) жазбасы (1-папка, 208-217 б.) бойынша енгізілді.

Шоң бидің қар кетуіне орай айтқаны

Бұл да сол жазбаға (Иманғали, 1-папка, 217-220 б.) сүйеніп ұсынылды.

Мәшһүр-Жүсіптің «Нәпсінін айдауында» өлеңі

Бұл да сонда, яғни Иманғали жазбасы арасында сақталған Мұхаммедфазыл (1890-1969) жазбасы негізінде әзірленді.

Мәшһүр-Жүсіп сыны

Бұл да сол жазбадан (Иманғали, 1-папка, 240 б.) алынып кіргізілді.

Хұсайынның тапқырлығы

Бұ да содан (241 б.) алынып берілді.

Пайғамбарлар туралы

Бұ да – соған (243-251 б.) иек арту жемісі.

Қазақ шежіресі (оныншы нұсқа)

Қазақ шежіресінің алғашқы 6 нұсқасы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша 10-томда (3-319 б.) орын алса, Мәшһүр-Жүсіптің әр жылдары әр жерде жазылған жазбаларының кейінгіге толық жетпегені ескеріліп, одан көшірушілер: Жолмұрат пен Мұхаммедфазыл жазбалары шежіренің 7, 8 – нұсқалары ретінде сол томда (319-436 б.) келтірілгені мәлім. Қазақ шежіресінің тоғызыншы нұсқасы Алматыдағы ОҒККҚ-да Мәшһүр-Жүсіп жазбасы жинақталған 1171-папка мәтіні бойынша 11-томда (207-208, 210-211 б.) берілгені белгілі. Бұ жолы Мәшһүр-Жүсіп шығармаларынан не тікелей көшірілген, немесе соның ел арасынан жиналған үлгісінен алынған Иманғали Маненов жазбаларын (3-папка, 136-157 б.) «Қазақ шежіресінің» оныншы нұсқасы ретінде жеке ұсынғанды жөн көрдік.

Осы орайда «Қазақ шежіресі» мәтіндеріне байланысты бұрын да айтқанымыздай, әр нұсқа арасында ерекшелік болуының бірінші

себебі Мәшһүр-Жүсіптің әр кезде әр жерде әр адамнан түрліше есту мүмкіндігінен екенін қайталап еске саламыз. Сонымен қатар Мәшһүр-Жүсіптен көшірушілердің де түпнұсқамен шектелмей, ара-тұра ел арасындағы басқа да нұсқалармен салыстырып жетілту ықтималдығына да көңіл бөлген жөн. Қазақ шежіресінің он бірінші нұсқасын қағазға түсірген Әзмұхаммед Жанқошқарұлы, негізінен алғанда, Мәшһүр-Жүсіп жазбасына сүйенумен бірге сол кезде ел арасына кең тараған Шәкәрім кітабына (1911) иек артуды іске асырғаны анықталды.

Сондай-ақ ел арасында ауызша таралғандықтан, ол үлгілерде түрлішелік, ақиқаттан ауытқу, шатастыру да ұшырасады. Мәселен, Әшім Қарақызыл қағазға түсірген «Қазақ шежіресінің» он екінші нұсқасындағы Арғын шежіресі бөлімінде: Арғын – Мейрам – Сүйіндіктің Суғыншы деген баласынан туған Шуманақты Суғыншы інісі ретінде қате көрсету т.с.с. тәрізді кемшіліктер орын алуы шежірелердің көп нұсқаларын үнемі салыстыра сараптау тиімділігін дәлелдейді.

Сонымен бірге әр көшірме нұсқада көшірушінің ел аузынан өзі жинағанын қоса беріп отыруы мүмкіндігін де еске саламыз. Сондай қосымшалары, өзгешеліктері болса да, олардың Мәшһүр-Жүсіп томдарына енгізілуі мәтіндердің, негізінен алғанда, сол кісі жазбаларынан алынғандығынан екенін ескеруден туып отырды.

Мақал-мәтел, қанатты сөздер

«Мақал-мәтелдер және қанатты сөздер» топтамасы бұдан бұрын Мәшһүр-Жүсіп жазбаларындағы аталымдар бойынша әр тұста түрлі тақырыппен беріліп келсе, бұ жолы Иманғали Маненов жазбасы (3-папка, 160-164 б.) бойынша келтіріліп отыр.

Абылай өкініші

Бұдан бұрын Бұқар жыраудың «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай» өлені Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1170-папка, 860 б.) бойынша 7-томда (мәтіні – 25 б., түсінігі – 307-308 б.) орын алғаны мәлім Бұ жолы орналасу ретіндегі, жеке сөздеріндегі ерекшеліктерді ескерін, Мәшһүр-Жүсіптің ертерек жазған, бізге жетпеген бір нұсқасынан алынған болар деп есептеп, бұл мәтіннің жеке берілуін жөн санадық.

Көтеш пен Күмпейе айтысы (екінші нұсқа)

Бұл айтыстың көлемдірек түрі, яғни бірінші нұсқасы бұдан бұрын тікелей ақын (1178-папка, 212 б.) жазбасы бойынша Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 6-томында (210-212 б.) жарияланса, бұ жолғысы Иманғали жазбасы (Иманғалидың Мәшһүр-Жүсіптің екінші бір бізге әзір жетпеген қолжазбасынан көшіруі мүмкіндігін де ескерген жөн. Л.Ж.) негізінде екінші нұсқа ретінде алынды.

Бұхар, Самарқанды қазақ шапқанда (екінші нұсқа)

Бұл мәтіннің бірінші нұсқасы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (7-папка, 309-310 б.) бойынша бұдан бұрын 8-томда (166 б.) жарық көргені белгілі. Бұ жолы сөз қолданысы ерекшелігін, яғни Мәшһүр-Жүсіптің басқа бір кеңейтіп жазған үлгісі болуы ықтималдығын ескеріп, екінші нұсқа ретінде беріп отырмыз.

Насихат толғауы

Бұқар жыраудың «Бірінші тілек тілеңіз» өлеңінің Мәшһүр-Жүсіп жинаған осы қанатты сөздер ішіндегі «Бірінші тілеу тілеңіз» – деп басталатын мәтінді дамыту, жетілдіру үлгісі екені енді анық байқалып отыр. Біздіңше, Бұқар жырау өлеңі фольклорлық мәтіннің бағытына иек арта отырып, оған қазақ ұғымына сай, ұлттық пішінге, автор стиліне бағындырылған Ислам дініне үгіттеудің өзіндік түрін туғызған. Мәселен, мұнда: «Бесінші тілеу тілеңіз // Қатардан кейін қалмасқа» – делінсе, Бұқар жырауда кейінгі тармақ екеу болып: «Бес уақытты бес намаз // Біреуі қаза қалмасқа!» – деп, заман талабына: исламнан бездіріп, басқа дінге шокындыруға қарсы тұра білуге, ақын азаматтығына, стиліне бейімделген тың үлгі туған. Мұны шығармадағы кейінгі тармақтар туралы да айтуға болады. Мәселен, мұнда: «Алтыншы тілеу тілеңіз // Ақымақтың тілін алмасқа» – делінсе, Бұқар жырауда тағы да төніп келе жатқан отарлау қаупіне қарсы шығу алға шыққан: «Алтыншы тілек тілеңіз: // Алпыс басты ақ ордаң, // Ардақтаған аяулың // Күнінде біреуге // Тегіннен – тегін олжа болмасқа!»

Қазақ түбі (үшінші нұсқа)

Бұл мәтіннің бірінші нұсқасы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1177-папка, 265-292 б. бойынша бұдан бұрынғы 8-томда (3-29 б.), екіншісі 1176-папка, 100-123 б. негізінде 8-томда (30-49 б.) жарық көргені

белгілі. Бұ жолғыда өзіндік өзгешелік т.с.с. бар екені ескеріліп, тағы да бізге жетпеген Мәшһүр-Жүсіп жазбасының үшінші бір нұсқасы көшірмесі болуы ықтималдығына табан тіреп, үшінші нұсқа ретінде жеке келтіріп отырмыз.

Халық өлеңі

Авторы белгісіз, халық арасына кең тарап, Мәшһүр-Жүсіптің қағазға түсіруімен жеткен бұл үлгіні фольклорлық туынды ретінде кіргіздік.

«Қырық парыз» мәнісі

Иманғали жазбасы (3-папка, 287-290 б.) бойынша даярланды.

Пайғамбарлар туралы

Бұ да Иманғалидан (3-папка, 291-301 б.) алынды.

Жиренше шешен әңгімелері

Ұста тұспалы және Жиренше (екінші нұсқа)

Осы әңгіменің бірінші нұсқасы ертеректе жазылған Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (11-папка, 307-310 б.) бойынша бұдан бұрын 6-томда (85-86 б.) берілсе, кейін жазылды делінген екінші нұсқасы Иманғали жазбасынан (3-папка, 304-305) келтірілді.

Өтірік пен шынның арасы (екінші нұсқа)

Бұл әңгіменің бірінші нұсқасы Мәшһүр-Жүсіптің ертеректегі жазбасы (11-папка, 298-310 б.) негізінде «Жиренше шешен» (бірінші нұсқа) аталымы ішінде (6-том, 71-74 б.) басылғаны мәлім. Бұ жолы Иманғали (3-папка, 305-306 б.) бойынша екінші нұсқа ретінде берілді.

Жиренше мен бөтен жұрт әйелі

Бұл әңгіменің бірінші нұсқасы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (11-папка, 298-306 б.) бойынша бұрын 6-томда (76-77 б.) келтірілсе, бұ жолғысы екінші нұсқа ретінде Иманғалидан (3-папка, 307 б.) алынды.

Мәшһүр-Жүсіптің «Миғраж» дастаны (төртінші нұсқа)

Мәшһүр-Жүсіптің «Миғраж» дастаны алдымен әулеттік мұрағаттағы Мұхаммедфазыл (2-папка, 96-102 б.) көшірмесі бойынша ҚР ҰҒА хабарлары (Тіл-әдебиет сериясы, 1994, 3, 56-66 б.) журналында жарық көрді (Өзірлеген Г.Қ. Жүсіпова). Кейіннен әулеттік

мұрағаттағы Иманғали Маненов көшірмесі (2 папка, 46-58 б.) мен Жолмұрат (3-папка, 104-112 б.), Мұхаммедфазыл және Алматыдағы ОҒКҚК, 1171-папкадағы белгісіз біреу көшірмесі салыстырыла отырып, Мәшһүр-Жүсін шығармалары 2-томындағы «Жетпіс бап» шығармасының 15-бабы ретінде (146-160 б.) кіргізілгені мәлім. Одан соң кейінірек қолға тиген Мәшһүр-Жүсіптің ең көне өз жазбасы (II-папка, 23-36 б.) шартты түрде екінші нұсқа саналып, 11-томда (263-277 б.) берілді. Сонымен бірге дастанның үшінші нұсқасы саналған мәтін Иманғалидың екінші бір жазбасынан (1-папка, 98-142 б.) алынып, 13-томға енді. Осы орайда бұл үшіншінің алдыңғы бірінші, екіншіге ұқсамайтынын, соның жалғасы саналуға лайық дербес нұсқа екенін ескеріп, осы жолғы төртіншіні, әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің ортаншы ұлы Әмен Көпеев (1888-1921 жж.) жазбасын (1-16 б.), сол алғашқы екі нұсқамен салыстыру жүргіземіз:

1. Төртінші нұсқа біздің қолымызға тиген мәтін бойынша «Ал-дымнан жетін келді бір келіншек» – тармағымен басталады. Бірінші, екінші нұсқаларда, яғни неғұрлым толық сақталғандарында бұл 11-шумақтың (яғни 41-жолдың) басы екенін, демек төртіншіде бастапқы 40 тармақ мүлде жоқ екенін еске саламыз.

2. Бұрынғы екі нұсқада «жүрме» сөзі тұрса, бұ жолғыда оны «барма» алмастырған.

3. Біріншіде және осы жолғы төртіншіде: «Бисмилланың мимінде кеш пе, ерте ме» – делінсе, екіншіде басқаша: «Міндім: «Бисмилла!» – деп, кеш, ерте ме» – деп өзгергені түсінік бөлімінде (II-том, 402 б., 520 – түсінік) ескертілген.

4. «Құдыс Шәріп» сөздерінің қазіргі аталымы бірінші нұсқада (2-том, 372-беттегі 198-түсінікте) «Иерусалим» – екені дұрыс көрсетілген.

5. Бұдан кейінгі бір шумақтың бастапқыларда бар болып, бұ жолғыда ұшыраспауы кейінгіде шығарма аяғы сақталмағандықтан, жалпы көлемі бірінші нұсқадағыдай 125 шумақ, екіншідегідей 123 шумақ емес, 92 шумақ, яғни 33, не 32 шумақ (132 тармақ) кем болуымен де ерекшеленеді.

6. Осы төртіншіде: «Оңнан келген» – делінсе, біріншіде және екіншіде – «солдан келген».

7. Біріншіде: «Егер де мойын бұрсаң», екіншіде: «Егер сен мойын бұрсаң» – қалпында келсе, бұ жолы: «Қарасаң сен егер де» – түрінде келтірілген.

8. «Насара» сөзіне біріншіде «Христиан» анықтамасы (2-том, 372 б.) дөп келетіні ескертілген.

9. Мұнда және біріншіде «назаланып» болса, екіншіде «жазаланып» (II-том, 265 б.) екеніне көңіл бөлеміз.

10. Мұнда және біріншіде: «Құдыста жан-жануар бәрі келді» – делінсе, екіншіде «жан-жануар» сөзін «тамам аруақ» ығыстырған (II-том, 265 б.).

11. «Саруары» сөзіне біріншіде «көсем» анықтамасы (2-том, 372 б.) берілген.

12. Осы тармақ басы біріншіде: «Алдынан сәлем берген» – делінсе, екіншіде: «Бәрінен бұрын келген» – деп өзгертілген. Ал, бұл жолғыда: «Ол жерде сәлем берген» – түрінде қоныс тепкен.

13. «Һәфт зәмин» сөздері біріншіде (2-том, 372 б.) «жеті жер» – деп дұрыс аударылған.

14. Бұ жолғыда және біріншіде екінші тармақ «қызмет етті» сөздерімен аяқталса, екіншіде басқаша: «құрмет етті» (II-том, 265 б.).

15. Біріншіде: «Ашылды әуелгі көк – аспан төрі», екіншіде: «Ашылды әуелгі аспан есіктері» – делінсе, мұнда сәл басқаша: «Ашылды әуелгі есік-аспан төрі».

16. Біріншіде тармақ соңы: «сонда көрдім», екіншіде: «жүзін көрдім» – қалпында орын алса, бұл жолғысы мүлде басқа: «жүзі көркем».

17. Біріншіде: «Қош келдің, бәрекелді, ай, балам» – дейді – делінсе, екіншіде «бәрекелді-ай» орынын «бақытың ашылсын» иеленген. Бұл жолғыда белгілі бір ұғымды нақтылай түсу алға шыққан.

18. Бірінші мен мұндағы жол басындағы «тоқталмай» сөзі орынында екіншіде «бөгелмей» сөзі тұр (II-том, 366 б.)

19. Біріншіде: «Төртінші жетіп қалдық біздер көкке» – делінсе, екіншіде «төртінші» орынын «үшінші» иеленген. Мұнда басқаша: «Екінші және жүрдік біздер көкке».

20. Біріншіде: «Ол жерде Ғазірейілге мініп алып» – делінсе, екіншіде «Ғазірейілге» сөзін «Жебірейілге» алмастырған. Ал, мұнда

«Исрафилдің» болып, үш нұсқада үш түрлі аталуы ой саларлық. Біздіңше, тікелей Мәшһүр-Жүсін жазбасының (екіншідегі) өзі ең көне болғандықтан, ақынның кейінгі жазбасы табылғанша, ескі болса да, екінші түпнұсқаны ең жақыны деп санаған дұрыс.

21. «Есік ашты, мен барып тура кірдім» – деп, біріншіде және бұ жолғыда бірдей берілсе, екіншіде өзгеше: «Аспанға жетінші көк барып кірдім» (II-том, 267 б.).

22. Біріншіде: «Қош келдің, бақытын ассын, балам!» – деді – калпында тұрса, екіншіде «бақытың ассын» дегенді «жолың болсын» ауыстырған. Бұ жолғыда ортадағы сөздер тағы да басқаша: «жаннат асқан».

23. «Сиратул Мұнтақаға» сөздеріне біріншіде «соңғы көпір» анықтамасы берілген.

24. «Төрт өзен сонан аққан бір сағым нұр» – жолы біріншіде және осы жолғыда біркелкі болса, екіншіде «сонан» орынын «саулаи» иемденін, «бір сағым» дегенді «бәрі де» ығыстырған.

25. Біріншіде: «Палак дая болғанда», ал, мұнда: «Болғанда палак дая» – делінін ұксап тұрса, екіншіде «дая» сөзін «дария» алмастырған.

26. «Сыдира» сөзіне біріншіде: «Жетінші қабат көкте өсетін, одан әрі періштелер де, пайғамбарлар да өте алмайтын ағаш» – деген анықтама (2-том, 372 б.) келтірілген.

27. Біріншіде: «Алдымда Жебірейіл бар, соған ердім» – делінсе, бұ жолғыда: «Жебірейіл кейін қалды, жаңа көрдім», – деп өзгертілген. Назар аударарлық жәйт: осы төртінші мен екінші арасында ұқсастық басым болуы: «Қалғанын Жебірейілдің жаңа білді».

28. «Өзінің сипатын да сонда көрдім» – деген тармақ «сонда» сөзімен «жаңа» сөзі алмасуы болмаса, біріншіні сөзбе-сөз қайталаған. Ал, екіншідегі осы соңғы жол мүлде басқаша: «Форымына осал сурет кірген енді» (II-том, 268 б.).

29. Бірінші мен бұ жолғыдағыны «Мен еліттім Мұхаммедті» сөздері орынын екіншіде: «Мен – Мұхаммед, Хақ пайғамбар» иеленген.

30. Мұнда тармақ соңы «лақазда өтіп», ал біріншіде соған орайлас «лезде өтіп» – делінсе, екіншіде «арман өтін» (II-том, 268 б.) – деп, өзгерген.

31. Мұнда және біріншіде тармақ соңы «тегіс өтіп» – деп тамамдалса, екіншіде басқаша: «арман өтіп».

32. Бұл мәтін: «Сәлем Аллаға және салауаттар, жақсылықтар» – деп, тәржімаланған (2-том, 372 б.).

33. «Ассалемү» сөзі «Алланың сәлемі» – деп аударылған (2-том, 372 б.).

34. «Ғалайкиһа» сөзіне байланысты: «Ғалайка» – сізге (саған), «ғалайна» – бізге» – түсіндірмелері (2-том, 372 б.) келтірілген.

35. «Рахматулла» сөзінің Алланың аты екені дұрыс берілген (2-том, 372 б.).

36. Бұл сөздердің: «Бізді естиді және бізге береді» – мағынасын беретіні сонда (2-том, 372 б.) ескертілген.

37. Бұл сөздер: «Раббымыз, бізге тұтқындықтан шектеу қойма» – деп аударылған.

38. «Илләһ» – сөзі «Құдай» – дегеннің баламасы екендігі ескертілген (2-том, 372 б.).

39. «Жиылар барша үмбетің жасыл туға» – тармағын маңдай еткен осы бір шумақ бірінші, екіншіде жоқ, тек осында орын алуымен ерекшеленеді.

40. Бірінші мен осы төртіншідегі «Әйтеуір күнәсы ауыр пенделердің» орынына екіншіде: «Болғандай күнәсы ауыр үмбеттерім» – деп жазылғанын да ескермей болмайды.

41. Алғашқыда және осында: «Тоғыз жүз және тоқсан мың сөйлескен» – делінсе, екіншіде «мың» орынын «сөз» иеленген.

42. Мұнда және төртіншіде: «Құбылып көрінеді қызыл-жасыл», – делінсе, біріншіде «көрінеді» емес, «түрленеді» жазылған.

43. Мұнда және біріншіде: «Не барын тамаша етіп білейін деп» – делінсе, екіншіде, яғни Мәшһүр-Жүсіптің алғашқы жазбасында: «Бұл үйде не бар, [не] жоқ, білейін, – деп» – қалпында алынған.

44. Мұнда және екіншіде тармақ соңы: «көзім салдым» сөздерімен тамамдалса, біріншіде «қайран қалдым» екендігі де көңіл бөлерлік.

45. Мұнда: «Құдайдың жарлығына мінкір с[а]лып» – түрінде келіп, біріншіде: «Құдайдың бірлігіне іңкәр болып», – делінсе, шартты түрде «екінші» аталған нұсқада: «Құдайдың құдіретіне ғасы болып» – қалпында келтірілуі де ой саларлық.

46. Бірінші мен екіншіде: «Бұтағы, миуасы жоқ жап-жаланаш» – делінсе, мұнда жол басы: «Жапырағы, бұтағы жоқ» – түрінде көрініс тапқан.

47. «Зарре» сөзіне 2-том түсінігінде (372 б.) «кішкене бөлік» – деген анықтама берілген.

48. Бірінші, екіншіде: «Махшарда жанған отқа» – делінсе, мұнда: «Ішінде жеті тозақ» – түрінде қоныс тепкен.

49. «Нәпіл» сөзіне екінші том түсінігінде (372 б.): «Мұсылмандардың өз еркімен (сауап үшін) орындайтын амалдары» – деген анықтама бар.

50. Біріншіде: «Хор қызы үйден шығып» (2-том, 156 б.) – деп айтылып, бұ жолғыда «үйден шығып» орынын «Ғылман ұлдан» – иемденсе, екіншіде де кейінгіге үйлес «Ғылман ұлан» (II-том, 273 б.) орын алған.

51. Екіншіде: «Біздер де қуанайық наумит қылмай» – кіргізілсе, бұ жолғыда және біріншіде «наумид» сөзін «намард» алмастырған.

52. Мұнда және біріншіде: «Пырақ бар алты айшылық жолды басқан» – қалпында өрілсе, екіншіде «айшылық» сөзі «жылдық» – деп өзгерген.

53. Біріншіде: «Көк күркіреп, жеті жер теңселді көк, // Аспанда, періштелер шулаған көп» – жолдары сап түзесе, екіншіде және бұ жолғыда «көк» сөзін – «көп» ауыстырған. Сонымен бірге – бірінші, екіншідегі «көп» сөзін бұ жолғыда «кеп» сөзі алмастыруы да көңіл бөлерлік.

54. Біріншіде: «Шошыпты пайғамбарым сол уақытта: // «Япырмау, заманақыр болды ма?» – түрінде сап түзеген тармақтар мен екіншіде онша айырма байқала қоймаса, бұ жолғыда өзгеріс бар: «– Япыр-ай, жер жүзіне не болды? – деп, // Шошыпты пайғамбарым: Немене?! – деп».

55. Мұнда: «Белгісіз көрінбейтін су түбі екен» – делініп, біріншіге ұқсап тұрса, екіншіде «көрінбейтін» – дегенді «көрмеген соң» ығыстырған.

56. Мұнда және біріншіде тармақ басында «біткен жоқ» орын алса, екіншіде «піскен жоқ» енгізілген.

57. Екіншіде: «Сахарада: «Бір Алла!» – дегеніме» – делініп, біріншіге ұқсастық басым болса, бұ жолғыда «бір Алла» – сөздерін «Біреу» ауыстырған.

58. Біріншіде: «Таласып хор қыздары махшар күні» делінсе, бұ жолғыда «махшар» сөзі «қиямет» сөзімен ауыстырылған. Ал, екінші нұсқада өзгеріс басым: «Тақсырдың бетіндегі сол қарасын» (II-том, 275 б.).

59. «Бір көлді жалғыз тырна жағалады» (біріншідегі), «Бір тырна айдын көлді жағалады» (екіншідегі) жолдарында үндестік, үйлестік басым болса, бұ жолғыда айырмашылық басым: «Баласын алам десе, сабалады».

60. «Хор [қызы] болса, Хақ қасында мал-мүлкі жоқ» – делінін, біріншімен бірдей болса, бұл шумақ екіншіде жоқ.

61. Мұнда: «кебінің» сөзі тұрса, біріншіде оны «жерінің» – ауыстырған. Ал, екіншіде ол «нәрсенің» – деп өзгертілген.

62. Бірінші мен осындағы «рухы тұр» – дегенді екіншіде: «құрулы» – сөзі иемденген.

63. Мәшһүр-Жүсіптің «Аллатану сабағы» енбегі Мұхаммедәменнің (1888-1921) әулеттік мұрағаттағы көшірмесі (67-90 б.) бойынша берілді. Бұл мәтіннің бастапқы бөлімі бізге жеткенімен, жалғасы сақталмағанын және ара-тұра оқылуы қиын мәтіндер кейінгіге қалдырылғанын да ескертеміз.

64. Мәшһүр-Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабына енген өлендер шоғыры бұған дейін 1907 жылғы кітабы бойынша 4-томда (58-79 б.) жарияланғаны мәлім. Енді сол кездегі баспадағы цензура, қысқару т.с.с. әсерін қабылдау мүмкіндігін ескеріп, жұртқа бұрын танылған ол нұсканы мәтіннің бірінші нұсқасы ретінде санап, осы жолғыны ең алғаш қағазға түскен үлгі көрінісі болар деген түйінге жүгінін, бұл мәтінді екінші нұсқа ретінде ұсынып отырмыз. Мәселен, осындағы бірінші шумақ 1907 жылғы кітапта мүлде жоқ. Бұдан әрі мәтіндердің жеке әріп, дыбыс өзгешеліктерін тізе бермей-ақ негізгілерін көрсетіп отырамыз.

65. 1907 жылғы кітапқа «есіттірмей» – сөзі енсе, бастапқыда оның «қойды жоқ қып» қалпында болғаны осы жолы анықталды.

66. 1907 жылғыда орын алмағандықтан, 4-томға да енбеген «емес» сөзі түпнұсқа бойынша толықтырылды.

67. Біріншіде: «Қосыл кісі басына» (4-том, 65 т.) – делінсе, мұнда «Сен-дағы адам болып» – қалпында жазылған.

68. 1907 жылғыда: «Партия болысуды қоймадың ба?» (4-том, 65 б.) – делінсе, мұнда «болысуды» сөзі – боп, болыста» – деп сәл өзгертілген.

69. Алғашқыда: «Сол үшін жол таба алмай жұрт адасты (4-том, 66 б.) – делінсе, бұ жолы сөздердің орын ауысуы, жеке сөз алмасуы бар: «Жол таба алмай сол үшін халық адасты» (Мұхаммедәмен көшірмесі – 143 бет).

70. Бұрынғыда: «Тырысты сөндіруге Ислам нұрын» – делінсе, енді Мұхаммедәмен бойынша түпнұсқадағысы одан да өткірірек екені, яғни «нұрын» орынын «дінін» иеленгені анықталды.

71. Әуелгіде, яғни 1907 жылғыда: «Паналар жер таппады-ау қысылғандар», – делінсе, бұ жолғыда: «Тасалар жер тапты ма қысылғандар!» – қалпында өрістеген.

72. Бірінші басылымдағы «халқым» орынын түпнұсқада «қайран» сөзі иеленген.

73. Әдепкідегі: «Таңның атып» – сөздері мұнда сәл басқаша: «Таң жаңа атып».

74. Алғашқы басылымда: «Көп болды көз жасына қалған жан-дар» – деп берілсе, Мұхаммедәменде «көп болды» сөздерін «көп жұрттың» ығыстырған.

75. «Ингам» сөзіне 4-том түсінігінде (433 б.): «Араб сөзі: «Наград, сыйлық...» – мағыналарын береді» – деген анықтама келтірілген.

76. «Миллет» сөзіне де 4-томда дұрыс түсінік берілген: «Араб сөзі: Ұлт, халық мағынасында қолданылып тұр» (433 б.).

77. Тармақ соңындағы біріншідегі «ұстап» сөзін мұнда «ойлап» ығыстырған.

78. 1907 жылғыда: «Дін, ғылым үшін ынтымақ қылысындар» – келтірілсе, мұнда «дін» ұғымын бөліп, дамытып көрсету үшін де, «ғылым» орнын «қамы» сөзі иеленген.

79. Бұрынғыда: «Соңынан сол мұсылман сен де шұбал, //Көбейтін дін исламның көркейт нұрын» – жолдары сап түзесе, бұ жолғыда «шұбал» сөзін «шыдап», «нұрын» – дегенді «тойын» алмастырған.

80. «Муафиқ» сөзіне 4-том түсінігінде (433 б.): «Араб сөзі – үйлесімді, сайма-сай, сәйкес мағынасында берілген» – деген анықтама бар.

81. 1907 жылғыдағы «мұсылмандар» сөзі түпнұсқада «дін мұсылман» – делініп, «дін» ұғымына назар аудару ерекше орын алғаны мәлім болды.

82. Бастапқыда: «Деген бас жан бұрмасын ислам дінін» – тармағы біртүрлі ұғынықсыздық тудырса, енді түпнұсқа бойынша ұғым нақтылығы калпына келді: «Деген жан, бас бұрмасын, ислам дінін» (Мұхаммедәмен – 146 б.).

83. Әуелгідегі «жолымызда» сөзінің орынын екінші нұсқада «алдымызда» иеленген.

84. «Публик боп» сөздері туралы 4-том түсінігінде: «Орыс тіліндегі публиковать» сөзін алып, «жариялау» мағынасын беруге қолданған» (433 б.) – анықтамасы бар.

85. 1907 жылғы кітаптағы «Цензорсыз» орынына бұ жолғыда «тексерусіз» қолданылған.

86. 4-томдағы «сұрасаң дәурен» – сөздері мұнда «дәурен сүрсен» – деп кіргізілген.

87. Бұрынғыдағы «тұрған» сөзін кейінгіде «шыққан» алмастырған.

88. Бұдан әрі бір беттің екінші жағы жыртылғандықтан, онда тұруға лайық сөздер квадрат жақша ішіне алынғанын және аяғы жетпегенін еске саламыз.

Аллатану сабағы

Бұл да Әмен Көпеев жазбасынан (67-89 б.) кіргізілді.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабындағы өлеңдер шоғыры

Бұл да Әмен жазбасы негізінде (142-149 б.) келтірілді.

Мәшһүр-Жүсіптің «Жұлдызнама» туындысы

Бұл мәтін Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын бізге жеткізушілердің бірі Рақымжан Мәкішев жазбасынан (188-209 б.) алынды. Бұған дейін оның «Қиямет ахуалы» (Мәшһүр-Жүсіп қиссасы) бойынша жазғаны «Жетпіс бап» ішінде (Шығ., 2-том, Павлодар, ЭКО, 2003, 280-315 б., түсінік: 363-366 б.) орын алғаны, түрлі мәтіндерге салыстыру жүргізілгенде, пайдаланылғаны белгілі. Бұл мәтінді оқығанда, онда қауіп-қатер т.с.с. айтылғандарды тек бір мағынада қарғыс т.с.с. қабылдамай, кең ұғымда сақтандыру т.с.с. тұрғысынан айтылғанын зерделеу керектігін еске саламыз.

Уағыз

Бұл туынды Мәшһүр-Жүсіп мұрасын бізге жинап жеткізушілердің бірі – Мұхаммедсадық Сапабекұлы (1904-1985) көшірмесі бойын-

ша ұсынылып отыр. «Жүрегін Ханнас алған соң» – дегендегі Ханнас кім?» – десек, Мәшһүр-Жүсіптің «Адам ата мен шайтан» (4-том, 289-292 б.) өлеңінде шайтан алдауына сенін, тыйым салынған жемісті ауызға салып, сол үшін жұмақтан қуылғаннан кейін, азғырушы шайтан баласын Адам атаның «Қайнатып, қазанға сап» ас қылғаны, содан кейін «желінді» – деген Ханнастың адам ішінде жатып, азғыруға көшкені айтылатыны мәлім. Біздіңше, бұл жерде де әңгіме сол азғырушы шайтан баласы Ханнас туралы болып отыр.

Пайғамбардың бала кезі

Әлемдік көркем әдебиетте ең көп жырланған аса ірі тұлға Мұхаммед пайғамбардың өміріне, қызметіне арнап Мәшһүр-Жүсіптің де көп туынды арнағаны белгілі. Жеке сүйсіну мен сөз арасындағы лебіздерді, оқиғалы өлендерді былай қойғанда, пайғамбар өміріне арналған дастандары – өз алдына бір шоғыр. Бұған дейін пайғамбар өміріне арналған ең көлемді «Хаятбақшы» дастаны 3-томда (мәтіні: 113-174 б., түсінігі: 349-357 б.), «Пайғамбардың нұры» 4-томда (мәтіні: 292-297 б., түсінігі – 483 б.) орын алғаны мәлім. Сонымен қатар Мұхаммед өмірінің ақырғы сәттеріне арналған: «Пайғамбардың ақтық үні» 4-томда (мәтіні: 315-319 б.). «Пайғамбардың дүниеден өтуі» 3-томда (мәтіні: 175-192 б., түсінігі: 357-360 б.), Пайғамбар көз жұмуын бейнелеген «Расулдің өлімі» 4-томда (мәтіні: 319-334 б., түсінігі – 485 б.) жарық көргенін еске саламыз.

Бұ жолы әулеттік мұрағаттағы Мұхаммедсадық жазбасы (302-325 б.) бойынша ұсынылып отырған «Пайғамбардың бала кезі» дастанына оқиғасы, сюжеті орайлас «Мұхаммед пен Әбу жаһил» өлеңі фабуласына назар аударған жөн. Мәшһүр-Жүсіпті көзі көрген, оның мұрасын жинаушылардың бірі – Сұлтанмахмұт Иманмәдіұлы жазбасы бойынша әзірленген ол туынды 1-томда (мәтіні: 43-50 б., түсінігі – 384 б.) басылғаны белгілі. Кейіннен бұл мәтіннің басқа бір нұсқасы табылып, ондағы айырмашылықтары бар шумақтар ғана іріктелін, «Мұхаммед пен Әбу жаһил» туындысының екінші нұсқасы ретінде 13-томда (50-51 б.) жарияланғаны мәлім.

Бұл туындылар Мұхаммед пен Әбу жаһилдің бала кезіндегі бәсекесіне, күш сынасуына, сол арқылы Мұхаммед күштілігіне ден қоюға арналған. Оқиға ретіне қарасақ, алдымен «Мұхаммедтің бала

кезі» орын алып, мұның жалғасы тәрізді «Мұхаммед пен Әбужаһил» туындысы кейін берілуге лайық. Сондай-ақ бұл екі шығармада жекпе-жекті ертеңге қалдыруды ұсынған Мұхаммед сөзі мен әрекетінде және одан кейінгі жекпе-жек сәттерінде қайталау орын алғанымен, «Мұхаммед пен Әбужаһил» туындысына қарағанда, бұл дастанда оқиға барысы мен кейіпкер сөздері неғұрлым кеңірек алынуымен ерекшеленеді.

Сөз соңында айтарымыз: «Пайғамбардың бала кезі» дастанының бастапқы бөлімі бізге жетпегенін, демек алдағы уақытта толықтыруға зәру екенін еске саламыз.

Әбубәкір мен Нұрым айтысы

Бұл айтыс та Мәшһүр-Жүсіп мұрасын жеткізуші Мұхаммедсәдік Сапабекұлы көшірмесі (326-336 б.) бойынша ұсынылып отыр. Онда «Әбубәкір молда мен татар Нұрым ақынның айтысы» – деген тақырып орын алған.

Мәшһүр-Жүсіптің «Қыншымыш» дастаны

Бұл шығарма Мәшһүр-Жүсіптің мұрасын жинаушылардың бірі – Сұлтанмахмұт (Шолтым) Иманмәдіұлы көшірмесі (68-90 б.) бойынша әзірленді.

Алғашқы пайғамбарлар өмірінен ғибрат

Сұлтанмахмұт көшірмелері топтамасы ішінде орын алған Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (227-228 б.) бойынша даярланды.

Әділшенің тапқырлығы

Бұл да Сұлтанмахмұт Иманмәдіұлы жазбасынан (233 б.) алынды.

Көне мағлұматтар

Бұл да Сұлтанмахмұт жазбасы (255-258 б.) бойынша берілді.

Мәшһүр-Жүсіптің «Ташкент сапары» өлеңі

Бұл өлеңнің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мұхаммед-фазыл (1-папка, 40-43 б.) көшірмесі бойынша бұдан бұрын 2-томда (28-31 б.) басылды. Қазір бұл нұсқаның Жолмұрат көшірмесі (1-папка, 25 б.) бар болуымен бірге, Алматыдағы ҒА ОҒКҚҚ-да сақталған 1173-папка ішіндегі Жолмұрат көшірмесі (9-топтама, 33-34 б.) орын алғанын еске саламыз. Кейін қолға тигендіктен, енді ұсынылып отырған екінші нұсқадағы жеке әріп т.с.с. бәрін тізбей-ақ, негізгілеріне тоқталып өтеміз.

1. Бірінші нұсқада өлең басы: «Жігіттер, өлмейін деп, қапы қалма» (2-том, 28 б.). – деген шумақпен басталса, бұ жолы Сұлтанмахмұт Иманмәдіұлы жазбалары ішіндегі белгісіз біреу жазбасы бойынша (259-260 б.) туынды: «Бисмилла, сөздің басы болса, ұнайды» – дегенді маңдайша еткен шумақпен алмастырылды.

2. Бұрынғыда: «Кеудеме Құдай өнер берген шақта // Бетіне ақ қағаздың атша желдім» – делінсе, бұ жолы «кеудеме» орнына – «өзіме», «берген шақта» дегенді – «бергеннен соң», «бетіне» сөзін «жүзіне» – алмастырулары орын алды.

3. Әуелгідегі «жүре алмай» дегенді «қамалып», «жерлерде» сөзін «әр жерде» ауыстыруы да – өзгешелік белгілері.

4. Біріншіде: «Жағдайсыз ауылдарға мен қона алмай» – делінсе, екіншіде басқаша: «Қона алмай жайсыз елге сол жолдағы». Сондай-ақ шумақтың төртінші жолының басы «тау асып» – болса, бұ жолы оны «таң асып» ығыстырды.

5. «Тапсырдым бір құдайға мен басымды» – деп басталатын тармақ әдепкіде 20 – шумақ ретінде орын алса, бұ жолы ол шумақ алға шығып, 8-шумақ ретінде берілді.

6. Алғашқыдағы: «Құданың күдіретіне қарасаңшы» – тармағы да кейінгіде: «Құдайдың бір өзіне сүйенген соң» – деген алмасуға иек артты. Сонымен қатар соңғы жолдағы: «Шығып кеттім дөңнен-дөңге» – дегенді «күннен-күнге шықтым дөңге» ауыстырды.

7. «Жолымда қала берді Байбек аулы» – дегенді ту еткен шумақ әуелгіде 6 – шумақ ретінде келтірілсе, бұ жолы ол кейін жылжып, 10-шумақ болып тұр. Сондай-ақ бұл шумақтың үшінші жолы алдыңғыда: «Намаздыгер, намазшам арасында» – делінсе, кейіннен оны «Жағдайсыз елдерге мен қона алмай» – тармағы ығыстырды.

8. Бастапқыда шумақ соңы: «Жол жүрмей» – деп аяқталса, енді «жол» орынын «көп» сөзі иеленді.

9. Үшінші тармақ басында бұрынғыда: «бәрінен» сөзі тұрса, енді оны «түңіліп» сөзі жаңалады.

10. Алдыңғыдағы: «О дағы: «Үш теңге» – деп, нияз берді, // Қалған жоқ қарап тіпті босқа жайға» – тармақтары енді: «Бір теңге ықыласымен нияз берді, // Қалған – жоқ, үн-түн жоқ, қарап жайға» – деп, біраз өзгертілді.

11. Біріншіде екінші тармақ соңы: «біреу көзді» – делінін, ұғым көмескілігіне мұрындық болса, енді «біреу» орынын «бердің» иеленіп, ұғым нақтылана түсті.

12. Бұрынғыда «иесін» сөзі әрі екінші, әрі төртінші жол соңында орын алса, енді алғашқы «иесін» сөзін «ісін» алмастырып, ұғым нақтылығына жол ашылды.

13. Біріншіде 22 – шумақтың үшінші жолы «бір теңге» сөздерімен басталса, енді оның орынына «әңгіме» сөзі қоныс тепті.

Назымбек пен Күлше қыз (екінші нұсқа)

Бұл дастанның бірінші нұсқасы Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі (1-папка, 321-332 б.) бойынша 13-томға (154-169 б.) енгізілсе, екінші нұсқасы Мәшһүр-Жүсіп мұрасын жинаушылардың енді бірі – Әзмұхаммед Жанқошқарұлы жазбасынан (29-40 б.) алынып, осы 16 томға ұсынылып отыр. Алғашқының жалпы көлемі – 115 шумақ болса, кейінгінікі – 155 шумақ, яғни 40 шумақ артық болуының өзі «Неғұрлым кейін жазылып, жетілдірілгені осы Әзмұхаммед жазбасы болар» – деп есептеуге жетелейді.

1. Атап айтқанда, бірінші нұсқа: «Қолыма бейсенбі күн алдым қалам» – тармағын маңдай еткен шумақпен басталса, екіншісі мүлде басқаша: «Бисмилла – сөз келеді әуел бастап».

2. Бастапқыда мүлде жоқ, кейінгіде тыңнан қосылған 40 шумақ (160 тармақ) мәтін бар десек, соның алғашқысы – «Мәселе[н], мен сөйлейін баяғыдан» – тармағын маңдай еткен үшінші шумақ. Осы орайда қалған 39 шумақты екінші нұсқа реті бойынша көрсетіп өтеміз. Ол: «Тыңдамас, Асылбек бай, ешбір жанға» – жолын алға ұстаған 12-шумақ пен оған ілескен 13-14 – шумақтар, сонымен бірге: 16, 34, 45, 53-54, 57 шумақтар; «Жарасар кемші жүген қарагерге» – тармағын ту еткен 79-шумақ пен оған ілескен 80-87 шумақтар, «Біреуі ғашықтардың Ләйлі-Мәжнүн» – деп басталатын 89 – шумақ пен оған жалғасқан 90-97 және 99 – шумақ біріншіде мүлде орын алмаған. Сондай-ақ: «Пайда жоқ бұл қайғыны ойлағанмен» – деп басталатын 103 – шумақ пен оған іргелес 104, 106-110 шумақтар және: «Бір сапар жазған екен әуел бастан» – жолын бетке ұстаған 118 – шумақ және 122 шумақ пен «Өлеңші, өнерпаз, балуан күшті» – тармағын ту еткен 136-137 шумақтар; «Болғанда сен шаһзада Мыңберкеде» – дегенді

мандай еткен 145-146 және 148-150 шумақтар, оған қоса ең соңғы 3 шумақ алғашқыда мүлде ұшыраспауымен ерекшеленеді.

3. Бұдан бұрынғы түрлі нұсқаларды салыстырғанда, жеке әріп, сөз, т.с.с. бәрін тізбей-ақ, тек негізгілеріне ғана токталып өту дәстүрін осы жолы да қолданамыз. Мәселен, бұрынғыдағы «кім біледі» сөздерін бұ жолы «құс алады» ығыстырған.

4. Бұрынғыда алтыншы шумақтың екінші жолы: «Дәулетін артық қылған Хақ тағала» – делінсе, енді оның орнын: «Қатарлап жүз түйеге артқан қарта» – тармағы иеленді.

5. Бастапқыда 9 – шумақтың екінші тармағы: «Мәсемен бұл сөзді айтайын тез» – қалпында өрілсе, енді соған орайлас кейінгі сегізіншінің екіншісі: «Қолыма қара сия алып, жаздым қағаз» – түрінде алмастырылған.

6. Әуелгіде 15-шумақ басы: «Он алты, екі бала жасқа жетті, // Бір құдай Назымбекті жетім етті» – деп берілсе, енді соған орайлас 17-шумақ басына мүлде басқа мәтін: «Жетімдік қайғы сал[ған] Құдірет-ті, // Жаныс бай енді ойлайды қасіретті» – орын алған.

7. Алғашқыда 17-шумақтың екінші жолы: «Жаныс бай өзі бұзды қылған сертті» – делінсе, бұ жолғыда, соған орайлас 18-шумақтың екіншісінде: «Елінен, қызын бермей, Жаныс кетті» – деп өзгертілген.

8. Біріншіде 18-шумақтың екінші жолы: «Уақытында құрбысы жоқ өзіне тең» – делінсе, енді соған орайлас 19 – шумақтың бастапқысы: «Болғанда қайғы[сы] дария адамзаттын» – деген белгілі бір топшылау енгізіліп, мәтін өрісі кеңейтілген.

9. Әдепкіде 20-шумақтың екіншісі: «Салсаңыз, біраз құлақ, не қылды енді» – делінсе, соңғыда соған орайлас 21 – шумақтың екіншісі: «Жігіттер, көріп пе едің мұндай жанды» – деп ауыстырылған.

10. Кейінгідегі 25-шумақтың 2-4 жолдарының: «Кигені аяғына – лағыл етік. // Керуеннен [сүйген] жарын білейін деп, // Күлше қыз жетіп келді өлендетін» – бұрынғыда мүлде орын алмауы да авторы бір ғана адам (Мәшһүр-Жүсіп) болса да, екі нұсқаның әр кезде жазылғанын дәлелдей түседі.

11. Бірінші нұсқадағы 29-шумақ пен екіншідегі соған орайлас 31 – шумақты салыстырсақ та, нұсқалар түрлішелігін көреміз. Мәселен, бастапқыдағы «адам» сөзі аяққыда «надан» – деп алмастырылған. Әдепкіде: «Ер құты – әуелгі әйел» – делінсе, енді оны: «Тас ауыр – түскен жерге» – ығыстырған.

12. «Болғанда ашу – пышақ, ақыл – таяқ, // Кемиді, сол таяғын, жонған сайын» – жолдары да XI-XII ғасырдағы әлем әдебиетінің ең биік шыңы саналатын түркі ақындары: Жүсіп Баласағұн (XI ғ.) мен Қожа Ахмет Иассауи (XII ғ.) дәстүрін жалғастырып, дамыта білген Мәшһүр-Жүсіптің суреткерлік шеберлігін танытады. Сонымен бірге осы жолдарға жалғас берілген бастапқыда мүлде жоқ: «Болғанда ғақыл-дария, ашу – биік жар» және «Болғанда ғақыл-дария, ашу-қайық» (54 – шумақтың басы) – жолдары тұсындағы өрілген ойлар да ақынның суреткерлік өрісі кеңдігін дәлелдесе керек.

13. Алғашқыда: «Алдымнан-Күн, артымнан туып тұр Ай», – делінсе, кейінгіде мүлде басқаша: «Артында – Күн, алдымызда туып тұр Ай». Біздіңше, осы жолғысы дұрыс. Біріншіде, яғни Жолмұрат көшірмесінде қате кету себебін түпнұсқа ұшыраспай, оған жеткен көшірмеде орын алған жетіспеушілік нәтижесі болуы мүмкін деп шамалаймыз.

14. Әуелгіде шумақ (88 – шумақ) соңы: «Білезік бес мың сомдық қолына ұстап» – делінсе, енді ол «Етегін шаһи көйлек көлеңдетіп» – тармағымен алмастырылған.

15. Бұрынғыдағы 104 – шумақтың үшінші жолы: «Арасын бұл Қырымның түгел кезіп» – болса, кейінгідегі соған орайлас 139 – шумақтағысы: «Әр елді Бұлғыр менен түгел кезіп» – делінін, жер өрісі кеңейтілген.

16. Біріншіде 111-шумақтың соңғы жолдары: «Жасымда Құдай қосқан жарым екен, // Мойнымда Назымбектің хақы кетер» – деген қалыпта өрілсе, екіншіде соған орайлас 147 – шумақта біраз өзгеріс бар: «Қосылған кішкентайдан, қарағым-ай, // Мойнымда қияметлік хақы кетер!».

17. Соңғыдағы 151 – шумақтың: «Сырының ішіндегі бәрін айтып, // Дос болды, Назымбекке құшақтасып» – жолдарының әдепкіде ұшыраспауы да екі нұсқа түрлішелігін аша түседі.

Шыңғыс хан шежіресі

Осы аталыммен берілген Әзмұхаммед Жанқошқарұлы жазбасында (88-93 б.) Шыңғыс ханның тікелей өзі емес, оның ұрпақтарына т.с.с. қатысты тарихи деректер топтастырылған.

Қазақ шежіресі (он бірінші нұсқа)

Қазақ шежіресінің бұдан бұрынғы нұсқалары кімдерден алынып, қай томдарға енгізіліп келгені осы 16-том түсініктері бас жағында, оныншы нұсқаға берілген түсінікте толық қамтылған. Бұдан бұрын әр кездерде әр адамдардан жазып алынғандықтан да, түрліше сипатқа ие болған Мәшһүр-Жүсіп жазбасының алты нұсқасы 10-томда (3-319 б.) басылғаны белгілі. Мәшһүр-Жүсіптен көшірілсе де, ішінде алғашқы автордың бізге жетпеген жазбаларынан алынғандары бар екені ескеріліп, Жолмұрат пен Фазыл көшірмелері 7, 8-нұсқалар ретінде 10-том аяғында (319-436 б.), тоғызыншы нұсқасы кейін қолға тиген Алматыдағы ОҒКҚК-да сақталып, Мәшһүр-Жүсіп туындылары жинақталған 1171-папкадан алынып, II-томда (207-208, 210-211 б.) жарияланғаны мәлім. Ал, оныншы нұсқа Иманғали Маненов жазбасы (3-папка, 136-157 б.) бойынша, он біріншісі Әзмұхаммед Жанқошқарұлы көшірмесі (94-109 б.) негізінде осы томға ұсынылып отыр. Басқа нұсқалармен салыстырғанда, осы он біріншіде Бегендік (Қозған) шежіресі неғұрлым қомақты болуымен де ерекшеленеді.

Төрт асыл, бес береке (екінші нұсқа)

Бұл өлеңнің бірінші толық нұсқасының бастапқы бөлімі әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (2-папка, 240-249 б.) бойынша бұдан бұрынғы 4-томда (203-204 б.) жарық көргені мәлім. Өлеңнің екінші бөлімі, яғни «Төрт асыл, бес берекенің шешуі» – аталымына сұранып тұрғаны әулеттіктегі Жолмұрат Жүсіпұлы (2-папка, 133-137 б.) жазбасынан алынып, сол томда (4-том, 204-206 б.) басылғаны белгілі. Бұ жолы осы екінші бөлімді Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын қағазға түсіріп, жинаушылардың бірі, Павлодар облысы Екібастұз қаласы тұрғыны Әшім Қарақызұлы (1893-1989 жж.) көшірмесінен (84-90 б.) келтіріліп отыр. Енді бұ жолғы нұсқаның мына ерекшеліктеріне назар аудартқымыз келеді:

1. Бұрынғыда, яғни Жолмұрат бойынша берілген нұсқада (4-том, 204 б.): «Бұл үшеуін жүргізсе қара жолмен» – делінсе, бұ жолғыда, Әшім Қарақызұлы жазбасында (93 б.) «үшеуін» сөзінің орынын «төртеуін» сөзі иеленген.

2. Бастапқыда «дініңмен» орын алса, қазіргіде – «діліңмен».

3. «Улайкал әнғам илаһим иннакаса билон» жұмысынан болсын» сөздері әуелгіде жоқ, осы жолы қамтылды.

4. Алғашқыдағы: «Бойыңа келер мұнан бір береке» – тармағындағы «бір» сөзін «мол» алмастырып, береке ауқымы кеңейе түсті.

5. Біріншіде: «Кем емес кейбір сөзім халуа балдан» – делінсе, екіншіде «халуа» сөзін «хиуа» ығыстырды.

6. Әдепкідегі: «Адамға келер мұнан мол береке» – жолындағы «адамға» сөзін «тағы да» ауыстырумен бірге «мереке» – дегенді «береке» сөзі алмастырды. Біздіңше, кейінгідегі «береке» мағынасы кең болуымен де түпнұсқаға жақынырақ тәрізді.

7. Бұрынғыдағы «тоқталса» сөзі орынын енді «тұрса» иеленуі де нұсқа түрлішелігін аша түседі.

8. «Егер сен түсінбесең осы сөзге» – тармағы да әрі осы жолы қосылып, әрі төрт тармақты шумақты ең соңында бес тармақтыға айналдыруымен ерекшеленеді.

9. «Бір жаратқан Алланы – «Бір» – деп білмек тілменен» – деп басталған және көбінесе өлең емес, қара сөз үлгісімен жазылған туындының аяққы бөлімі бастапқыда мүлде болмай, тек осы жолы кіргізілуімен ерекшеленеді.

Жүдей хан әнгімесі

Әулеттік мұрағаттағы Әшім Қарақызұлы көшірмесінен (135-141 б.) алынды.

Мәшһүр-Жүсіптің «Жүдей хан және Ақсақ Темір» өлеңі

Бұл да сол жазбаға (Әшім Қарақызұлы 141-147 б.) сүйеніп әзірленді.

Мәшһүр-Жүсіптің «Жүдей хан және Ақсақ Темір» өлеңі

Бұ да Әшім Қарақызұлы жазбасы (141-147 б.) негізінде ұсынылып отыр.

Ғалының тағылымы (екінші нұсқа)

Бұл туындының бірінші нұсқасы әулеттік мұрағатта сақталған Сұлтанмахмұт Иманмәдіұлы жазбасы (40-46 б.) бойынша бұдан бұрын 4-томға (311-315 б.) енгізілгені мәлім. Бұл жолы Әшім Қарақызұлы көшірмесінде (154-159 б.) айырмашылықтар бар екенін ескеріп, соны

екінші нұсқа ретінде ұсынуды жөн көрдік. Тағы да жеке әріп, сөз өзгешеліктерін тізе бермей, тек басты-бастыларын сөз етеміз:

1. Бұрынғыда: «кетіпті» сөзі тұрса, бұ жолы оның орынын «кетті ұзап» иеленін, қашықтық сипаты ашыла түскен.

2. Алғашқыда: «Ұрғаны білінбеді» – сөздері тұрса, енді «ұрғанын елемеді» – делініп, өгіз шыдамдылығын баса көрсету алға шыққан.

3. Әуелгіде: «Сөз айтады оған налып» – делінсе, кейінгісі тағы да белгілі бір сезімнің неғұрлым нақты көрінуімен ерекшеленеді: «ренжіді назаланып».

4. Біріншіде шумақтың соңғы жолы: «Қалды ғой алақандай талыстан да» – болса, екіншіде тағы да белгілі бір ұғымның нақтылана түсуі басым: «Күш жетпеді кішкене бір талысқа».

5. Әдепкідегі: «Еш пенде жыға алмаған арыстанды, // Ғалы ер мынау іске намыстанды» – деген тармақтар бұ жолы: «Жан қарсы келе алмаған арыстан-ды, // Ер Ғалы бұған қатты намыстанды» – деп өзгерген.

6. Бастапқыдағы: «Бар күшімен аямай тартқанында, // Дүлдүлі жерге кіріп жатып алды» – жолдары да осы жолы белгілі бір іс-әрекет нақтылығына қызмет етуімен ерекшеленген: «Бар күшімен шіреніп тартып еді, // Дүлдүл шөгіп, тізерлеп жатып алды».

7. «Нәзір айтты» (біріншідегі) «नियाз айтты» (екіншіде) – деп алмастырылған.

8. «Қараса, оң жағында бір шар аяқ тұр, // Су-тұзды тағам бар толып жатқан» – жолдары да соңғыда өзгеріске ұшыраған: «Қараса, оң жағында бір шарбақ тұр, // Пісулі түрлі тағам толып жатқан».

9. «Аш-арық келе жатыр қадам басып, // Бұралып өле жаздап, қаны қашып» – тармақтарында да нақтылық белең алуы (кейінгіде) жүзеге асқан: «Әлгі шал келе жатыр қадам басып, // Бұралып, әлсіреген, қаны қашып».

10. «Тамақты неше жақсы жемей барып» – тармағы да екіншіде өзгерген: «Тағамды қош иіслі етпей несін».

11. «Жөнелді Ғалы арыстан қапаланып» – жолы да соңғыда басқаша: «Жөнелді ердің көңілі қайғы басып».

12. «Күшігі ішіндегі тумай үрген, // Бабаңыз, міне, осындай іс көріпті» – тармақтары да бұ жолы өзгеріске түскен: «Күшігі ішіндегі үріп жатыр, // Осындай оқиғаны көз көріпті».

13. «Ақырында» сөзін «ұстауға» – деп ауыстыру да (екіншіде) мәтіндер айырмашылығы баршылық екенін дәлелдей түседі.

14. «Жаһанда сансыз қамал бұзса-дағы» – дегенді «Сан қиын қамалдарды бұзған саба[з]» – деген жаңарту (аякқыдағы) да көңіл бөлерлік.

15. «Көреді» мен (біріншідегі) «жолықты» сөзін салыстырсақ та, бұ жолғыда нақтылық басым екенін көреміз.

16. «Менменшілдік» сөзін «тәкаппарлық» – деп алмастыру (екіншіде) да ел арасына белгілі бір нұсқаның түрліше тарау мүмкіндігіне жарық түсіреді.

17. «Қанбақтай болар маған бар нұсқасы» – дегендегіден (әуелгідегі) де «Қаңбақтай болар еді жаһан осы» – нұсқасында (бұ жолғыда) ұғым нақтылығы белең алғаны анық.

18. «Көтеруге» – дегеннен де «қозғауға да» – сөзі көмегімен (соңғыда) күш жетімсіздігі ашыла түскен.

19. «Ұста болар» сөздерін «сондай құмар» – деп ауыстыру (аякқыда) да – түрлішелік жемісі.

20. «Тиген сайын» – дегенді «сіліккен сайын» алмастыруы (бұ жолғыда) тұсында да нақтылық ұта түскен.

21. «Адамның баласына үлгі үшін» – тармағының аякқыда: «Менмендік, астамшылық – шайтан ісі» – түрінде жаңалануы да нұсқалардың түрлішелігі – автордың әр кездегі іздену барысын, демек мәтіндердің әрқайсысын ескеріп отыру қажеттігін дәлелдей түседі.

22. «Байқасаң, осы күнде қазақ халқын» – деп басталатын соңғы сегіз жолдық мәтіннің бұрынғыда орын алмай, тек осы жолғыда ұшырасуы және бұған дейінгі өзгешеліктер сипаты, – бәрі алғашқы нұсқаны Мәшһүр-Жүсіптің неғұрлым жас кезінде, ал соңғыны кейінірек жазғанын дәлелдей алады. Демек өзгешелік атаулыны ел арасында айтушылардың жаттап алып, ұмыту нәтижесі дей бермей, арасында оның да орын алу мүмкіндігін ескере отырып, көбінесе автордың әр кезде белгілі бір шығармасын жетілдіруі нәтижесі ретінде қарастыру орындылығын дәлелдейді.

Имам Мағзұм айтқаны

Бұл да Әшім Қарақызулы көшірмесіне (162-163 б.) сүйеніп әзірленді.

Ғылым туралы он сұраққа жауап

Бұл да Әшім Қарақызұлы жазбасынан (165 б.) алынды.

Пайғамбар айтқандары

Бұл да Әшім Қарақызұлы көшірмесі (167-170 б.) бойынша ұсынылды.

Мәшһүр-Жүсіп деректері

Бұл да Әшім Қарақызұлы жазбасы негізінде (181-182 б.) кіргізілді.

Пайғамбарлар шежіресі (екінші нұсқа)

Бұған дейін орын алған пайғамбарларға қатысты деректерді топтап, бірінші нұсқа деп санап, бұл жолғы неғұрлым толық мәтінді (192-205 б.) екінші нұсқа ретінде келтіріп отырмыз.

Қазақ шежіресі (он екінші нұсқа)

Бұл да Әшім Қарақызұлы көшірмесі (205-217 б.) бойынша әзірленді. Бұған дейін «Қазақ шежіресі» 11 нұсқа болып жарияланса, бұ жолғысы 12-нұсқа ретінде ұсынылып отыр. Біздіңше, бұл үлгі Мәшһүр-Жүсіптің бізге жетпеген тағы бір жазбасынан алынған, мәтін аумағы неғұрлым кең болуымен ерекшелінеді. Осы орайда қазақ шежіресі мәліметтері сонымен бірге бұған дейін «Қазақтың үш жүзге бөлінуі» – деген тақырыппен берілген мәтіндер ішінде де орын алатынын ескерткіміз келеді.

Тұрлыбек және Үкібай (екінші нұсқа)

Бұл мәтіннің алғашқы нұсқасы «Тұрлыбек ұлықтың істері» – деген аталыммен 13-томға енгізілгені белгілі. Ол үлгі әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат Жүсіпұлы жазбасы бойынша дайындалса, бұ жолғысы екінші нұсқа ретінде әулеттіктегі Әшім Қарақызұлы көшірмесі (241 б.) негізінде ұсынылып отыр. Екі нұсқада жеке бір сөз ұқсастықтары орын алуымен бірге мүлде басқа сөз орамдары т.с.с. болуы – бәрі де Мәшһүр-Жүсіп атамыздың түрлі адамдардан түрліше жазып алуына, немесе тарап кеткен ол үлгілердің басқаша көшірілуі мүмкіндігіне жарық түсіреді деп есептейміз.

Осы орайда Әшімдегі деректердің неғұрлым мол екенін де ескерткіміз келеді.

Жақсыдан жаман тумайды

Бұл мәтіннің бастапқы бөлімі осы аталыммен сөз болып отырған Әшім Қарақызұлы жазбасы (243-244 б.) бойынша бұдан бұрын 6-том-

да (87 б.) орын алғаны мәлім. Сол 6-томға енбей қалған мәтіннің жалғасы ретінде санарлық түсінікті осы жолы кіргізіп отырмыз.

Дәулет би мен Мырза би әңгімесі

Бұл әңгіме бұдан бұрын Жолмұрат көшірмесі бойынша 6-томда (207-208 б.) басылған «Нұрман сөзі» мәтініне ұқсас болуымен ерекшеленеді. Жеке сөздер сәйкестігі орын алуы қазақтың дәстүрлі баламаларына сүйену нәтижесі деп санап, ал, негізінен алғанда, қатысушы адамдар да, сөз түйіндері де түрліше екені ескеріліп, бөлек мәтін ретінде ұсынылып отыр.

«Абылай аспаған сары бел» (жетінші нұсқа)

Бұл мәтіннің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (2-папка, 275-283 б.) бойынша 8-томда (196-201 б.) жарияланса, екіншісі – әулеттіктегі Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (II папка (113-122 б.) негізінде 9-томда (50-53 б.) басылғаны белгілі. Мәтіннің 3-6 нұсқалары да Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбаларынан (Алматыдағы ОҒКҚК, 1170, 1177, 1176, 1178 папкаларынан) алынып, 9-томда (54-71 б.) берілді. Сонымен бірге бұл мәтінге қатысты деректер ОҒКҚК, 1645-папка (75 б.) бойынша 11-томда (176 б.) орын алғаны белгілі.

Біз бұл жолы сол мәтіннің жетінші нұсқасын Өшім Қарақызұлы жазбасы негізінде ұсынып отырмыз. Бұған дейін де ескертілгендей, Мәшһүр-Жүсіп жазбасы не сақталмаған, не бізге әлі жете қоймаған жағдайда көшірмеге сүйену үрдісін жалғастырамыз. Осы орайда бұл мәтіндегі әрекет-іс нақтылығы, сөз ыңғайы – бәрі Мәшһүр-Жүсіптің осыны ертерек жас кезінде жазғанын, ерте қағазға түскендіктен, түпнұсқа күйінде бізге жетпегенін аңғаруға болады. Әсіресе, «Абылай аспаған сары бел» – деген сөз белгілі бір жер атына емес, жеңілін көрмеген Абылайдың кімдерден жеңілгенін мойындау белгісі екені бұл нұсқада неғұрлым нақты, қонымды көрсетілгенін атап өткіміз келеді.

Олжабай өмірінің ақырғы кезі

«Олжабай батыр» мәтінінің бірінші нұсқасы белгілі ғалым Ә. Марғұлан жазбасы бойынша 8-томда (170-173 б.) берілсе, екінші нұсқасы Мәшһүр-Жүсіптің Алматыдағы ОҒКҚК-да сақталған өз жазбасынан (1170-папка, 1017-1028 б.), үшіншісі де сол қордағыдан

(1177-папка, 222-226 б.), төртіншісі де сондағыдан (1177-папка, 215-216 б.) алынып, 9-томда (116-124 б.) орын алғаны мәлім. Ал, «Олжабай өмірінің ақырғы кезі» – деуге лайық мәтіннің жалғасы осы Әшім Қарақызұлы жазбасы (261-264 б.) негізінде сол тоғызыншы томда (131-133 б.) басылғанын еске сала отырып, мәтін басталымының (259-261 б.) осы жолы ғана ұсынылып отырғанын еске саламыз.

Жақып қажы тілегі

Әулеттік мұрағаттағы Әшім Қарақызұлы жазбасы (265 б.) бойынша кіргізілді.

Қазыбектің Балаби жұмбағын шешуі

Бұл мәтіннің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағатта сақталған Жолмұрат Жүсіпұлы (2-папка, 349-350 б.) жазбасы бойынша бұған дейін 13-томда «Жұмбақ – он сан шешуі» – деген аталыммен (194-195 б.) жарияланғаны белгілі. Бұл жолғы әулеттіктегі Әшім Қарақызұлы жазбасынан (266-267 б.) алынған екінші нұсқа алдыңғыдан кеңірек болуымен ерекшеленеді.

Қожабергеннің Едігеге айтқаны

Бұл мәтін де Әшім Қарақызұлы көшірмесі (355-360 б.) бойынша кіргізілді.

Қожабергеннің Шоңға берген батасы

Бұл да сол көшірмеден (361-364 б.) алынды.

Молдалар туралы (екінші нұсқа)

Мәшһүр-Жүсіптің бұл өлеңі әулеттік мұрағатта сақталған, қазір Павлодар облысы, Баян селосында тұратын Төлепберген Алдабергеннов (1932 ж. туған) көшірмесі (1-папка, 5-7 б.) бойынша ұсынылды. Төлепбергеннің көшірмелері – кезінде Мәшһүр-Жүсіптің атқосшысы болып, оның көп шығармаларын жинап, сақтап келген Иманғали Маненов (1903-1993 жж.) жазбаларынан алынғаны белгілі.

Қайырдың пайдасы

Бұл да Төлепберген (1-папка, 8 б.) жазбасынан алынды.

Дұға, намаз тәртібі

Бұл да Төлепберген (1-папка, 12-17 б.) бойынша енгізілді.

Мәшһүр-Жүсіптің «Намаз туралы» өлеңі

Бұ да Төлепбергеннен (1-папка, 17-18 б.) көшірілді.

Қожаларға

Мәшһүр-Жүсіптің бұл өлеңі Төлепберген көшірмесі (1-папка, 25 б.) бойынша берілді.

Жалған дүние туралы

Бұл өлең де Төлепбергеннен (1-папка, 26-27 б.) алынды.

Өлім алдындағы хал

Мәшһүр-Жүсіптің бұл өлеңінің бастапқы бөлімі (27 шумағы), ақынның өз жазбасы (II-папка, 102-104 б.) бойынша 4-томда (Павлодар, ЭКО, 2004 ж., 338-341 б.) жарық көргені, II-папкада оның аяғы сақталмағаны ескертілгені мәлім. Бұ жолы: «Алдынан қырық күн бұрын түсер дейді» – деп басталатын 28 – шумағынан кейінгілері Төлепберген бойынша (1-папка, 38-50 б.) тұңғыш рет енгізілді.

Жұма күнінің қасиеті

Бұл да Төлепбергеннен (1-папка, 52 б.) келтірілді.

Болжам өлең

Бұл да – Төлепбергенге (1-папка, 53-54 б.) иек арту жемісі.

Қаржас шежіресі

Мәшһүр-Жүсіптің бұдан бұрын «Қазақ шежіресі» (1-11 нұсқа) үлгілері берілгенін ескере отырып, Төлепберген жазбасынан (1-папка, 56-58 б.) осы тұста жеке ұсынғанды жөн көрдік.

Сауалдар және олардың шешуі

Бұ да Төлепбергеннен (1-папка, 57-58 б.) келтірілді.

Абылай және Халден хан

Төлепберген жазбасынан (1-папка, 58-59 б.) берілді.

Қанатты сөздер

Бұ да Төлепбергеннен (1-папка, 58-59 б.) келтірілді. «Бағынба, казак, орысқа» – дегеннен кейінгілері «Бұқар жырау сөзі» – деген болжам да бар

Сүлейменұлы Сейіл әңгімесі

Төлепберген көшірмесі (1-папка, 60-61 б.) негізінде әзірленді.

Аттың сыны

Төлепбергеннен (1-папка, 66-67 б.) алынды.

Мұса мен қожа

Төлепберген көшірмесі (1-папка, 67 б.) бойынша кіргізілді.

Мұқыш сауалына жауап

Төлепбергеннен (1-папка, 67 б.) келтірілді.

Алла жарлығы

Төлепберген жазбасы (1-папка, 68 б.) негізінде әзірленді.

Зинахор туралы

Бұл да Төлепберген көшірмесі (1-папка, 71-75 б.) бойынша кіргізілді.

Ел ішінде

Төлепберген жазбасына (1-папка, 76 б.) сүйеніп ұсынылды.

Пайғамбардың хадисі

Бұл да Төлепбергеннен (1-папка, 81-82 б.) алынды.

Садақа туралы

Бұл да Төлепберген жазбасы (1-папка, 84 б.) бойынша берілді.

Шежіре өлең (екінші нұсқа)

Төлепберген көшірмесі (1-папка, 88 б.) негізінде дайындалды.

Ақтамақ пен Қанай шешен

Төлепберген жазбасына (1-папка, 101 б.) сүйеніп берілді.

Алланың Адамға жауабы

Бұл да Төлепберген көшірмесі (1-папка, 102 б.) негізінде ұсынылды.

Ізбасты шешен сөзі

Төлепберген жазбасы (1-папка, 103 б.) негізінде дайындалды.

Ақайдың Хасенінің Олжабаймен кездесуі

Бұл да Төлепбергеннен (1-папка, 103-104 б.) алынды.

Үгіт өлең

Төлепберген жазбасы (1-папка, 104 б.) бойынша енгізілді.

Мәшһүр-Жүсіп пен Зілқара

Төлепберген Алдабергенов жазбасы (2-папка, 91-92 б.) бойынша әзірленді.

Мәшһүр-Жүсіптің келініне көңіл айтуы

Бұ да содан (Төлепберген, 2-папка, 92 б.) алынды.

Құран туралы

Бұ да Төлепбергеннен (2-папка, 93 б.) келтірілді.

Дінді бұрмалаушыларға (екінші нұсқа)

Бұ да содан (Төлепберген, 2-папка, 94 б.) берілді.

Дұға туралы

Бұ да Төлепберген жазбасы (2-папка, 95-96 б.) бойынша кіргізілді.

Зекет, иман туралы

Төлепберген көшірмесіне (2-папка, 139-140 б.) сүйеніп ұсынылды.

Он парыз туралы

Бұ да Төлепбергеннен (2-папка, 142-143 б.) алынды.

Періштелерге Алла сөзі

Бұ да Төлепберген жазбасы (2-папка, 144 б.) бойынша басылды.

Тілектің қабыл болмау себептері

Бұл да Төлепбергеннен (2-папка, 147-149 б.) келтірілді.

Қазақтың ырымдары

Бұ да Төлепбергеннен (2-папка, 149 б.) кіргізілді.

Лұқман хәкім ғибраты

Бұл да Төлепберген жазбасына (3-папка, 28 б.) сүйеніп ұсынылды.

Молдалар туралы (үшінші нұсқа)

Бұл да Төлепбергеннен (3-папка, 39 б.) алынды.

Арақтың залалы

Бұл да Төлепбергеннен (3-папка, 44 б.) келтірілді.

Қазақ шежіресі (он үшінші нұсқа)

Төлепберген көшірмесі (4-папка, 1-11 б.) бойынша ұсынылды. Төлепберген бұл мәтінді Сапабекұлы Садық жазбасынан алғанын ескерткен.

Мұса Шорманов талабы және Мәшһүр-Жүсіп

Әулеттік мұрағаттағы Жұқаш Кәрібайұлы (1916-2007) естелігі (2-папка, 31 б.) бойынша ұсынылды.

Мазмұны

Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (үшінші нұсқа)	3
Шоң бидің қар кетуіне орай айтқаны.....	9
Мәшһүр-Жүсіптің «Нәпсінің айдауында» өлеңі	11
Мәшһүр-Жүсіп сыны	13
Хұсайынның тапқырлығы.....	14
Пайғамбарлар туралы	14
Қазақ шежіресі (оныншы нұсқа)	18
Мақал-мәтел, қанатты сөздер.....	33
Абылай өкініші	37
Көтеш пен Күмпейе айтысы (екінші нұсқа)	37
Бұхар, Самарқанды қазақ шапқанда (екінші нұсқа)	38
Насихат толғауы	39
Қазақ түбі (үшінші нұсқа).....	41
Халық өлеңі	44
«Қырық парыз» мәнісі.....	47
Пайғамбарлар туралы	49
Жириенше шешен әңгімелері	55
Мәшһүр-Жүсіптің «Миғраж» дастаны (төртінші нұсқа)	60
Аллатаңу сабағы	71
«Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабындағы өлеңдер шоғыры (екінші нұсқа)	77
Жұлдызнама	88
Уағыз	96
Пайғамбардың бала кезі.....	105
Әбубәкір мен Нұрым айтысы.....	130
Мәшһүр-Жүсіптің «Қыншымыш» дастаны.....	137
Алғашқы пайғамбарлар өмірінен ғибрат	151
Әділшенің тапқырлығы	152
Көне мағлұматтар	153
Мәшһүр-Жүсіптің «Ташкент сапары» өлеңі(екінші нұсқа).....	155
Назымбек пен Күлше қыз (екінші нұсқа)	158
Шыңғыс хан шежіресі.....	177
Қазақ шежіресі (он бірінші нұсқа)	181
Мәшһүр-Жүсіптің «Төрт асыл, бес береке» өлеңі (екінші нұсқа)..	193
Жүдей хан әңгімесі	195
Мәшһүр-Жүсіптің «Жүдей хан және Ақсақ Темір» өлеңі	199
Мәшһүр-Жүсіптің «Ғалының тағылымы» өлеңі (екінші нұсқа) ...	204

Имам Мағзұм айтқаны.....	208
Ғылым туралы он сұраққа жауап	209
Пайғамбардың айтқандары	210
Мәшһүр-Жүсін деректері	212
Пайғамбарлар шежіресі (екінші нұсқа)	213
Қазақ шежіресі (он екінші нұсқа).....	220
Тұрлыбек және Үкібай (екінші нұсқа).....	227
Жақсыдан жаман тумайды	229
Дәулет би мен Мырза би әңгімесі.....	229
Абылай аспаған сары бел(жетіпші нұсқа).....	230
Олжабай өмірінің ақырғы кезі	234
Жақып қажы тілегі	236
Қазыбектің Балаби жұмбағын шешуі (екінші нұсқа).....	236
Қожабергеннің Едігеге айтқаны	238
Қожабергеннің Шоңға берген батасы	241
Молдалар туралы (екінші нұсқа)	244
Қайырдың пайдасы.....	248
Дұға, намаз тәртібі	249
Мәшһүр-Жүсіптің «Намаз туралы» өлеңі.....	254
Қожаларға	256
Жалған дүние туралы	257
Өлім алдындағы хал.....	260
Отқа май құю күнәсы.....	272
Жұма күнінің қасиеті.....	274
Болжам өлең	276
Қаржас шежіресі	278
Сауалдар және олардың шешулері	280
Абылай және Қалдан хан	281
Қанатты сөздер	282
Сүлейменұлы Сейіл әңгімесі	283
Аттың сыны.....	284
Мұса мен қожа	286
Мұқыш сауалына жауап	286
Алла жарлығы.....	287
Зинақор туралы.....	287
Ел ішінде.....	293
Пайғамбардың хадисі.....	294
Садақа туралы	296
Шежіре өлең (екінші нұсқа).....	297

Ақтамақ пен Қанай шешен	298
Алланың адамға жауабы.....	299
Ізбасты шешен сөзі	300
Ақайдың Хасенінің Олжабаймен кездесуі	300
Үгіт өлең.....	301
Мәшһүр-Жүсіп пен Зілқара.....	302
Мәшһүр-Жүсіптің келініне көңіл айтуы	303
Құран туралы	303
Дінді бұрмалаушыларға (екінші нұсқа).	305
Дұға туралы	306
Зекет, иман туралы	307
Он парыз туралы.....	308
Періштелерге Алла сөзі	310
Тілектің қабыл болмау себептері.....	311
Қазақтың ырымдары	314
Лұқман хәкім ғибраты	314
Молдалар туралы (үшінші нұсқа).....	315
Арақтың залалы	316
Қазақ шежіресі (он үшінші нұсқа)	317
Мұса Шорманов талабы және Мәшһүр-Жүсіп	329
Түсініктер.....	330

Мәшһүр Жүсіп

Шығармалары. 16 том

16.08.2013 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі Times.
Шартты баспа табағы 20,7. Есептік баспа табағы 17,8.
Таралымы 1000 дана.

«ЭКО» ЖШС-та басылған.
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 8 (7182) 61-82-18